

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

# БЕЛ-БЕЛЕСТЕРІМНІҢ БІРАЗЫ



Тоғанай Т  
Алматы  
2015

ӘОЖ 821.512.122.3  
КБЖ 84 (5 Қаз) 7-44  
Қ 13

Қабышұлы Ғ.  
Қ 13 Бел-белестерімнің біразы/Ғаббас Қабышұлы. –  
Алматы: «Тоғанай Т», 2015. – 288 бет.

ISBN 978-601-7409-86-9

*Бұл жинақта әұмырымның кейбір кө-  
ріністері бар.*

Ғаббас.

ӘОЖ 821.512.122.3  
КБЖ 84 (5 Қаз) 7-44

ISBN 978-601-7409-86-9

© Қабышұлы Ғ., 2015  
© «Тоғанай Т», 2015

## КӨЗ ЖҮГІРТТІМ ЖОЛЫМА ЖҮРІП ӨТКЕН

«Бұл жасқа келгенше жақсы  
өткіздік пе, жаман өткіздік пе,  
әйтеуір, бірталай өмірімізді  
өткіздік...

АБАЙ. Бірінші сөз».

АБАЙ.

Әкем Қабыштың (Қабдырахманның): «Үлкен ақын болған Абай Құнанбайұлы «Сегізаяқ» деген өлеңінде былай депті» дегенін естігенімде 6 жаста едім. Біздің үйге іңірде: бір шал, бір кемпір және екі жігіт келіп, солармен әңгімелесіп отырғанында айтты.

«Сегізаяқ» әкемнің сөзтүздығы сияқты екенін кейін аңғардым. Абай өлеңдері мен Қарасөздерінен нәр алуым да кештеу басталды. Бүгінде менің ұлы атамыз бір ағам, Совет Одағының Батыры Ізғұтты Құрманбайұлы Айтықов атындағы «Тарғын» орта мектебін бітіріп, 1956-жылы Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевигі» гәзетінің (бертінгі «Коммунизм туы», қазіргі «Дидар») редакциясына орналасқанға дейін басқалардан Абай хақында әңгіме естіген де, Ұлы ақынымыздың кітабын көрген де емеспін. Мектеп кітапханасында Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») ро-

маны және бес-алты жұқа кітап, ал үйдегі рухани байлығымыз латын әріпті: «Тоғыз батыр жыры» деген қалың қоңыр кітап және «Айтыс» деген жалпақ ақшыл кітап болды. Үйімізге келетін гәзеттер: мәскеулік «Правда», алматылық «Социалистік Қазақстан», аудандық «Социалистік майдан». Оларда Абай жайында ештеңе жазылмады-ау деймін, есімде жоқ.

Өскеменде басталған журналшы жолым он жылға (1956-1966) созылып, Алматыны түпкілікті тұрақ еткен соң (1966-жылы) жазушылық жолға жалғасты. Кітапқа да, гәзет-журналға да кенелдім. Абайдың көкшілдеу түсті мұқабалы екі томын, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын сатып алдым. Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін қажеттігі бола қалғанда қайталап оқыған сайын құнды алғаш оқи бастаған сияктанып жүрдім. «Апырым-ау, «Самородный сары алтын» деп өзі айтқандай, Абекеңді құдай ақыл-санадан тұтас жаратып бере салған ғой!» деп сүйіне таңданып: «Абайдай ақыны бар қазақта арман жоқ шығар!» деп ой түйдім.

Әзіл-сықақ әңгімелерім, мақалаларым, аудармаларым республикалық гәзет-журналдарда жарияланып, радиодан оқылып, кітабым шығып, ай-хой десеңші, қаламдас інілеріме, тіпті құрдастарыма ағыл-тегіл ақыл айтуға кірістім. Алыс-жақындағы кейбір таныс-бейтаныс әдебиетшілермен қалайда байланыс жасап, хат жазысудың реті де келіп жүрді... Жә, барына енді өздеріңіз куә болыңыздар, оқып байқаңыздар.



# ХАТТАР



«Ғабансың, сол баяғы бір Ғабансың,  
Мен жазған, мен жазбаған жырда барсың».

Тоқтарбек Әбдірахманұлы ҚЫЗЫҚБАЙ.

*Өскемен қаласы. Облыстық «Коммунизм туы» газеті  
редакциясының мәдениет бөлімі. Кеңес ЮСУПОВКЕ*

## Қадірлі КЕҢЕС!

Сау-сәлеметсіңдер ме? Үй-ішің есен бе? Өміріңдегі жаңалығыңды естіп жатырмын, құс құтты болсын! Ғұмырлы, бақытты болыңдар!

Біз жақта айтарлықтай жаңалықтар жоқ. Барынан хабардар шығарсың. Алматылық болып кеттік.

## Кеңес!

Мен «Коммунизм туын» оқып тұрам. Өзімді тәрбиелеп өсірген ол коллектив маған әрқашан ыстық, жетістігіне қуанам, кемістігіне өкінем. Газет бетінде жастардың қаламынан туған дүниелер жылт ете қалса, дереу оқимын. Өз түсінігімше іштей баға беретінім бар. Бірақ бәріне ашық ештеңе дей алмаймын, себебі: бірі құп алар, бірі құп алмас, алыста жатып көсемсіген лайық-

сыз сияқты. Оның үстіне менің пікірім әбден дұрыс деуден де аулақпын. Өзімнің қаламым қалыптаспай тұрып, басқаның қаламын қалыптастыру қолымнан келмес. Дегенмен, кейде ойымды айтқым келеді.

Ал газеттің көркі туралы Өмірбекке бір хат жазғанмын, нендей әсері болғанын білу қиын. Әйтеуір, макетте өзгеріс бар, ол басқа газеттерді көріп барып еліктеу шығар деймін. Жарайды, бұл тұрғыда басқа қосып айтарым жоқ.

Саған осы хатты жазып отырғаным мынадан: сенің «Бейуақта шыққан әніңді» оқыдым. Әуелде артық сөздері көбірек тәрізденген. Екінші рет оқып ойлансам: ол артықтау сөздер керек те екен. Ол бізге үйреншікті еместіктен солай көрінеді-ау. Әйтпесе, атақты жазушылардың (орыс, қазақ, т.б.) шығармаларында оқиғаны мол баяндау, тәптіштеп суреттеу соншама артық болып та жатпайды. Мәселе әркімнің тәсілінде, шеберлігінде. Өз басым қазақта дәл қазір Әуезов Мұхтардан асқан жазушы бар деп ойламаймын. Мүмкін, келешек берер. Әзірше жоқ! Сол ағамыздың көңіл-күйді, табиғатты суреттеуі қандай әсем, қандай ғажап! Басы артық бір сөз тауып көр!

Мұханның барлық еңбектерін ғұмыр бойы қайталап оқып жүрермін деген ойым бар. Ғажап қой! Тіл шебері сол алыптай-ақ болар! Қазіргі қалам иелеріміздің көбі Мұхаң сый еткен сара сөздерден айырылып қалғандай. Әрине, жалпылауым емес, негізінен дегенім ғой.

Ғабит Мүсіреповтың соңғы «Кездеспей кеткен бір бейнесі» Мұхаңды еске түсіреді. Екеуінің тілдерінде ұқсастық, үндестік бар. Дегенмен, Мұхаң – әрқашан ұстаз қалпында құрметтелетін болар. Бұл да оқушы адам ретіндегі топшылауым, болмаса – оларды салыстырып, төрелік жасар тіл маманы мен емес!

Иә, «Бейуақта шыққан әнің» маған ұнады. Әрқашан кең толғанып, мол суреттеп жаза бер. Сөз қолданыстарыңа талғампаз талапшы өзің бол. Ағылшын, француз классиктерінің шығармаларын оқы (орысша нұсқасын

оқуға мәжбүрміз ғой). Олардың сөз-сөйлем иірімдерінде, аудармасының өзінде, майда леп бар, мәдениеттілік шырыны болар. Жұмсақ, жарасымды, келісті (орысшаға аударушылар да осалдар емес қой!) Орыс классиктерінің біразы солардан үйренген, соларға еліктеген ғой. Шама келгенінше біз де үйренейік, еліктейік. «Болмасаң да, ұқсап бақ!»

Ал сенің «Өлең – ұзақ, қиын жол» шолуың маған онша ұнаған жоқ. Ойынды тым шолақ қайырып отырғаның. Сөйтп, айтпағың оқушы көкейіне онша құйылмаған. Шолуға хаттардан құтылудың жолы деп қарамаған жөн, оны да көркем жазып үйренген дұрыс. Сөз қолданыстарыңда мәдениеттіліктің нышаны аз. «Шимай күйінде», «егер автордың өзі жазғанын өлең санайтын болса», «тасбақаның жүрісіндей (шабытының шабандығы белгілі болды ғой) жылдамдықпен жүргені дұрыс секілді», «жасық қара сөз ғана» тәрізді үйлесімсіз сөздердің қажеті не еді? Сол өлең жолдаған жандардың бәрі өз жазғандарын дайын дүние, газетке басуы ғана жетпей тұр деп санайды. Бергі жақтары болмаса да, арғы пікірлері солай. Ендеше оларға жаңсақтығын жұмсақ тілмен, шынайы жанашырлық раймен айтып түсіндіру шарт. Кім не жазам, қалай жазам десе – еркі. Оған мынауың шимай, мынауың өлең емес, мынауың тасбақа шабыт, мынауың жасық деудің реті бар ма? Немесе сен жаза бер, сенен бірдеңе шығады; сен жазба, сенен ештеңе шықпайды дегенді астарлап аңғартудың жөні бар ма? Жоқ! Бұл жағын сүйкемеу керек, бас еркіне жұғыспау керек. Оның жазғаны қаншалықты жаман болғанмен, оны тіке айтып үкім шығармай, жаймашуақтап сөйлеу керек. «Бұлай жауап қайтаруға қандай хақың бар?!» деп ажырайып шыға келулеріне себеп ұсынбаған дұрыс емес пе? Өлеңінде көркемдік, мазмұн, суреттеу немесе теңеу жағынан мынандай олқылықтар бар деген секілді кәдімгі үйреншікті жауап беру жөн. Әрине, әрбір өлеңге талдау жасап жазу, барлық кемістігін түсіндіріп беру газет бетінде мүмкін

емес, сондықтан мәдениетті түрде шығарып салған жөн. Ешқашан адамның арына нұқсан келмеуін байқап, өте сақ болған дұрыс. Сол шолуынды өзің тағы бір оқып шықшы: қалай екен, әлде мен түсінбей бекер сөйлепмін бе, әлде өзің сәл-пәл артық сөйлеп қойыппысың? Ерінбей әдейі тағы оқып көргейсің. Және бір айтарым (бұл негізгі сөзім) мынау: сен әлі жассың. Өмірдің қаншалықты қымбат екенін, уақыттың қаншалықты асыл екенін жете біліп үлгірген жоқсың. Әрбір минутты пайдалы жұмсай аласың ба, әлде қайсыбір қажетсіз сөз таласына, шахмат пен дойбы, тағы басқасына жұмсап жүрсің бе? Әрине, сөз таласы да, шахмат пен дойбы, т.б. да керек. Бірақ біз соларға тиісті уақыттан артық уақыт жұмсап аламыз. Онымыз дәл сол сәтінде түкке тұрғысыз, елеусіз бірер минут сияқтанып көрінеді де, өзімізді-өзіміз жұбатып жүре береміз. Мұның сырын кейін, бес-он жыл өткен соң ғана түсініп, өкінеді екенсің. Сонша жыл қызмет істеп, сонша жыл әдебиетпен шұғылданып келем, ал бітіргенім не, жемісі қане деп өзіңе-өзің риза болмай, іштей қиналады екенсің. Сонда Н.Островскийдің «Өмір адамға бір-ақ рет беріледісі» тым-тым ыстық сезіліп, өмірінді дәмді етуге асығады екенсің. Ал асығыстық аяғы жақсылыққа көп-көп қиындықтан соң ғана апарады екен. Мұны өз басымнан өткендіктен айтып отырмын. «Коммунизм туында» он жыл істедім. Он жыл да жанталас, қарбаласпен өтті. Портфель ұстаумен өтті. Творчестволық өсу жағым әлдеқайда баяулап, көп дүниеден мақұрым қалдым. Әсіресе секретариатта өткен уақыттарым қатты өкінтеді. Соны түсінгеннен кейін ғой, бәрін тастап кеткенім. Енді оқуды тәмәмдап болып, әдебиетке біржола берілсем дей беремін.

Отбасыңда жан көбейгенде тек өзіңе жұмсар уақытың азаяды екен. Дегенмен, табылады. Соны дұрыс жұмсау керек. Сен осыларға ой жіберші. Әлі жассың. Күш-қайрат барда қандай жұмысты болсын істеген де жақсы. Бірақ әдебиетші үшін осы үрдіс кейде орынсыз сияқта-



нады. Қашан қалыптасып алғанша әдебиетшіге лауазым, портфель керек емес-ау. Бір ғұлама айтқан ғой: «дәреже-лауазым адамға ақыл бермейді, ақылдыға ұқсаған кейіп береді» деп. Тегі, рас шығар. Демек, шама келгенше портфель атаулыдан алысырақ жүруге тырысқан жөн. Портфель үшін жаралған жандар болады, олар сол портфельді ұстағаннан басқа ештеңеге зейін қоймайды. Жақсы басқаруы, жақсы ұйымдастыруы бар, бірақ ол басқа іске, әсіресе әдебиет мәселесіне қабілетсіз (редакция, баспа жағдайында) келеді. Әдебиетпен шұғылданып, өлең-әңгіме және басқаны жазатындар басшылыққа ілінгенде творчество жайы білінбей тежеліп, жазуы қиындап, бар уақыты күнделікті қарбаласпен өтеді де кетеді. Әрине, үйінде кешкілікте алаңсыз отырып жазуға мүмкіндігі болса, ол да жақсы. Болмаса, сорлағаны. Меніңше, осылай. Өз басымнан өткен соң осылай ойлауым да мүмкін ғой. Басқалар әлде басқаша кешуі, оларда басқаша болуы да ықтимал.

Сосын: жазғанда со жазып отырған дүниенің келешегін ойлап жазған жөн екен. Әйтпесе ол ертең басқа тұрсын, өзіңе де ұнамай қалады. Ондайлар көбінесе әлгі әрбір жартыдағы қаламақы үшін жазылғандар болатыны бар. Мен, мысалы, бірсыпыра сықақ әңгіме, очерк жазыппын. Бірақ көбі сол кезіндегі қаламақы үшін асығыс, бір қайнауы жетпей қалған екен, қазір соларды мүлде қайта жазу керек. Көпсөзділік, жеңіл-желпілік деген болып кетіпті. Демек, аз жазсақ та, дәмді һәм ғұмырлы етіп жазу дұрыс. Мұны өзің де түсінетін боларсың. Осы талаппен жаз. Сосын жинаққа ұсынуды ойла. Негізгі мақсаттың өзі де сол ғой бізде.

Сен қазір секретариатта істейді екенсің, секретарьдың орнында қалыпсың. Әйтеуір: ұстамды, салмақты, кешірімді, кішіпейіл бол. Кейде шымшып қалып сөйлейтін, ештеңе білмегендей бұғып сөйлейтін, кекеп-шалып күнелтетін ағайындар бар ғой бізде, ондайларға сол секундтыңда жауап беруге асықпа, шарбаяқтаспа, ұс-

тамдылық көрсет. Кейінірек бір реті келгенде көптің алдында сыпайылап айтып, кінәсін көп алдына жайып таста, сонда ғана сенің мәдениеттілігің үстем болып, беделің артады. Әйтпесе кез келген сәтте, кез келген жерде сөзге келісіп, жауаптасып жату тым қызбалық болады ғой. Солай емес пе? Ал қызбалық қателікке ұрындырады. Мен мұның бірсыпырасын көрдім де, сездім де. Қателікке ұрындым да, сол қызбалықтан. Ұстамдылықтың да артықшылығын сан көрдім.

Соңғы сөз: маған үй адресіңді жазарсың, хабарласып тұрғанымыз жөн болар. Сенің келешегіңнен үміттенгендіктен осы ниеттемін. Келешегің дегенде болашақ жазушылардың бірі болар деп үміттенем, болашақ редактор деп үміттенбеймін. Әрине, әрі мықты редактор, әрі жақсы жазушы болу қолыңнан келер болса, оған қуанудан басқа райым жоқ дер едік. Ең алдымен сенің жақсы жазушы болуыңды тілеймін! Адамның тағдыры лауазыммен көркеймей, творчестволық қырымен көркейе бергей! Адам лауазыммен мың жасай алмақ емес, өнерімен мың жасамақ! Өнер өріне ұмтылудан тәнба! Қолдан келгенінше көмекті біз де аямаспыз. Әңгімелеріңді бізге жіберіп тұр (үй адресіме). Бірнешеуін жібер, көрелік, редакция көп қой мұнда. Өзім мына мысқылдарды жіберіп отырмын, оқып көрерсіңдер. Мұқанға, тағы басқа сұрағандарға сәлем!

Хат күтем.

*Адресім: Алматы қаласы, Розыбақиев көшесі, 204, 37-пәтер.*

Ұмытып барады екенмін: «Ком. туының» биылғы 16-февральдағы бір данасын тауып жібере аласың ба? Тапай Изғұтты жатқан жердің суреттерін Ақшабикеден алып (болса) жіберетін уақыт табар ма екен?

Оқу жайың қалай, нендей ойың бар?

Сәлеммен, – **ҒАББАС.**

*7 май, 1968 ж.*

*Лениногор қаласы. Көкей САҚАБАЕВҚА***КӨКЕЙ!**

Сау-сәлеметсіңдер ме?

Үй-ішіңе, таныстарға, жолдастарға, туыстарға көп сәлем!

Хатыңды алдым, жылы лебізің үшін және көп рахмет!

Хабарласқаның жақсы болды. Қазір коньяк ішіп, карта ойнау бір мода болып кетті, Көкең де содан бос уақыт таба алмай жүр ме екен деп ойлап қоюшы едім, «творчестволық жұмыспен шұғылданудамын» дегеніңе шын қуанып қалдым.

Романыңның көркем, сапалы, маңызды болуына тілектеспін! Асықпа, бауырым, асықпай жаз. Іліп алуға тұрмайтын «романды» жыл сайын шығарып жүрген «классиктер» аз емес, олар – қаламақыға құныққандар, оларға ертеңгі әдебиетші ұрпақ, ертеңгі жас оқырман ұрпақ алғыс айта қоймас, ол «классиктердің» аты өздері өлген соң бірге өшер! Тағдыр сондай сорлылықтан сақтасын. Сондай сорлылыққа душар болмау үшін көп-көп іздену, үйрену керек бізге. Көркемдік әлемінен мол нәр тата білейік. Ол үшін ең әуелі мысқалдай ғана талант, сосын Алтай тауындай зор еңбек керек екенін өзің білесің ғой. Жаныммен жақын тартқан жас теңдестеріме, інілерге (қай жақтың ұлы болса да) осындай тілекті жиі айтқым келе беретін «ауруым» бар: асықпа, біреу жазсаң да бірегей жаз! Кейінгі ұрпақ ұмытып кетпейтіндей етіп. Өзімнің ұстанған принципім – осы, бірақ, әлі дұрыстап ештеңе жазу қолымнан келмей жүр, тәжірибе тапшы, оған қоса уақыт шіркін де қалайда табылмай қалады. Газеттің күнделікті шаруасы іштей дайындық жасауыма, сөйтіп барып кірісуіме мұрша бермейді-ақ.

Хабарласып тұралық.

Әрқашан аман-есен болуларыңа тілектес – **ҒАББАС.**

*28.01.1974 жыл.*

## **МОҢҒОЛИЯДАН СӘЛЕМ!**

### **Ассалаумағалейкүм, қадірлі ҒАБЕКЕ!**

Ел-жұрт, үй-іші, балалар тегіс аман болар. Һәманда солай болғай! Мен ел-жұрт, отбасымның қасында дегендей, аман-сау жүріп жатырмын. Хатыңызды алып, қатты қуанған едім. Іле жауап жазуға квартира ауыстырып жүріп хатты қайда қойғанымды білмей, ақыры әлі тапқам жоқ. Онан соң «Қ/әдебиетінен» «12 арманданы» оқып, тіптен разы хош болдым». Ал хатты түрлі бәкүр-шүкір себеппен кеш жазуға тура келді. Кітабымды 76-жылғы планға деген екенсіз, әрі жүргіз депсіз. Мен өзіңізге ауылымызда шыққан жаңа кітаптар мен өз кітабымды реттеп жүргізуге әзірлеп жүрмін. Өздеріңізге қарай қолайлы адам жүрсе, беріп жіберемін. Пошталатуға (кітапты) бізден рұхсат етпейді. (Сіздер жақтан келе береді). Өзіңіз де ойға алғаныңыз болса жазыңыз. Үй-іші, бала-шағаға бізден көп сәлем. Денсаулығыңыз әбден түзелген болар. Хал-жай білдіріп, жиі хат жазыңыз. Әгар әкім, семьяңызбен суреттеріңізді жіберсеңіз, тіптен жақсы болар еді. Бұл тілекті біздің «республикамыз» түгелдей тілеп отыр.

Сау-сәлемет болыңыздар!

Қаламдас достарыңызға сәлем!

«Лен/жас», «Қ. әдебиеттегі» бірнеше мақалаңызды оқып шықтым, қатты ұнады.

Сәлеммен, **ҚАБИДАШЫҢЫЗ.**

*Адрес: МНР, г. Ольгий.*

*Главпоста. п/я 23,*

*10.11.73 ж.*

**ҚАЗАҚСТАННАН СӘЛЕМ!****Қадірлі ҚАБИДАШ!**

Сау-сәлеметсіңдер ме? Үй-іші, жолдастарың есен бе?

Біз де есен-сау жүріп жатырмыз.

Хатыңды алдым, көп рахмет, жылы лебізіңе! Жана пәтерің құтты болсын!

Менің хатымды жоғалтып алған болсаң, ондағы ұсынысты есіңе салайын: мен мұндағы, «Жазушы» баспасындағы жолдастарға сені сырттай таныстырдым, кітаптарың туралы айттым. Олар 1976 жылы сенің кітабыңды шығаруға келісіп отыр. Көлемі шамамен 20 баспа табаққа дейін қабылдауы мүмкін, яғни машинкамен 500 бет. Оны бұрынғы шыққан кітаптарыңнан өзің іріктеп алып құрастыруың керек. Ертедегі ауыз әдебиеті мен бүгінгі әдебиет дегендей, екі бөлім болатын шығар. Бастан-аяқ реттеп, машинкаға бастырып, оның бірінші данасына сия-қарындаш тигізбей, тек екінші данасын ғана жөндеп (жөндейтін жері болғанда) алып келуің керек. Бір жыл уақытың бар, ал одан бері бітірсең – тіпті жақсы. Машинка жағы қиын болса, қолжазба дайындалып бітісімен бізге алып келсең, 10-15 күнде бастырып береміз.

Ал ол жақтағы кітаптарды беріп жіберуге асықпа, кейін өзің ала келерсің, аса қажет, танысуларың керек дейтін кітаптар болса.

Бұл жақтан өте тез қажет кітап болса айтарсың, мен салып жіберейін.

Монгол ағайындарға, бауырларға көп сәлем!

Сау-сәлемет болуларыңа тілектес, – **ҒАББАС**.

*28.01.74 жыл.*

**Дорогой ГАББАС!**

Я получил книгу рассказов Остапа Вишни, переведенную Вами на казахский язык и Ваше милое письмо.

Спасибо!

Вы сделали хорошее дело!

Я, понятно, не только ничего не имею против того, что Вы в качестве послесловия к книге взяли мои воспоминания о Павло Михайловиче и весьма рад этому.

Мы очень любили друг друга, я перевел на русский несколько его рассказов, он переводил меня на украинский. Это был замечательный человек и великолепный писатель-юморист, украинец – с головы до ног!

В январе я еду в Турцию, где выходит на турецком языке моя книжка с предисловием Азиза Несина и по возвращении сообщу Вам его точный адрес. Азиз – так же мой большой друг.

Если Ангель сатирик и юмора подсказал Вам желание перевести на казахский язык Вашего покорного слугу, – последний будет очень рад.

4 мая в 1977 г. вышла книжка рассказов «Оказывается существует!» в издании «Современник», – она как бы дополняет мой однотомник Гослита (1975 г.) и на выходе небольшая (12 п. л.) книжка новых рассказов, очерков, рассуждений о нашей жизни. Ее выпускает «Советский писатель». Есть ли у Вас эти книги? Если нет, – сообщите, я Вам их пришлю.

Поздравляю Вас с минувшими праздниками! Поклон Вашей семье!

**Ваш Леонид ЛЕНЧ.**

*Москва. 9.XI.77г.*

**Здравствуйте, уважаемый ЛЕОНИД СЕРГЕЕВИЧ!**

Извините, пожалуйста, я отвечаю на Ваше письмо с большим опозданием: дело в том, что я получил новую квартиру, и пока навели полный порядок, время прошло как-то незаметно и слишком быстро.

Леонид Сергеевич, я должен снова, с особой радостью поблагодарить Вас за воспоминания «Батько Остап»! Варвара Алексеевна, оказывается, жива! Боже мой! Как я обрадовался! Павло Михайловичу было бы 88 лет, думал я, когда высылал книгу-перевод в Союз писателей Украины, наверное, и Варвара Алексеевна уже ушла. Она ведь пережила столько... и вдруг получаю письмо от нее! В какое-то мгновение мне подумалось, что и Павло Михайлович жив, – как будто я вижу их: они стоят рядом, он – «в полушубке армейском, овчинном, она – в стареньком пальтишке»! И живой лентой прошли перед моими глазами детали из Ваших воспоминаний...

Разумеется, я сразу же написал письмо Варваре Алексеевне.

Леонид Сергеевич, как хорошо, что Ваша книга выходит на турецком языке с предисловием Азиза Несина! Очень хорошо! Передайте, пожалуйста, Азизу Несину большой привет, когда будете у него! Может быть, он получил мои посылочки-книги, если нет, то могу прислать еще одну (у меня остались последние два экземпляра).

А из Ваших книг у меня есть только «От и до».

На этом остановлюсь, а то и сам чувствую, что разбежался.

Всего доброго Вам и Вашей семье!

С искренним уважением, – **Габбас КАБЫШЕВ.**

*Алма-Ата,*

*10.XII.1977 г.*

**Многоуважаемый друг украинской литературы –  
Габбас КАБЫШЕВ!**

Ваш подарок – книга, перевод писателя Остапе Вишни на казахский язык, пришла в наш дом на кануне дня рождения Павел Михайловича и явилась огромной радостью для нашей семьи.

Прошел двадцать один год со дня смерти Остапа Вишни, а его литературные труды все больше и больше завоюывают поклонников и выходят за пределы Украины и Советского Союза. Совсем недавно я получила книгу из Болгарии, из Грузии, а вот теперь от братьев казахов.

Большое Вам спасибо за память и этот дорогой подарок.

Он украсит стенд переводной Остаповской литературы.

Примите наши сердечные пожелания добра, счастья и творческих успехов Вам и близким Вашим.

С глубоким уважением, – **Варвара ГУБЕНКО.**

P.S. Книгу переслали мне из Союза писателей, куда Вы ее направили.

12. 11. 1977 г.

*252004. Киев-4, Красноармейская, д.6, кв.16. ГУБЕНКО  
Варвара Алексеевна.*

**Многоуважаемый тов. КАБЫШЕВ!**

Отослала Вам письмо с благодарностью за полученную книгу моего мужа Остапа Вишни в Вашем переводе.

Этот подарок так взволновал меня, что я забыла в первом своем письме к Вам просьбу мою: Будьте так любезны переписать по русский содержание книги, а так же полностью ли вошло Ленчевское «Батько Остап» или в сокращенном варианте.



Примите мою сердечную благодарность за этот Ваш труд, за память и любезность.

С уважением, **Варвара ГУБЕНКО.**

22. 11. 1977 г. Телефон: 25-75-42.

**Здравствуйте, уважаемая ВАРВАРА АЛЕКСЕЕВНА!**

Как я рад, что книгу Павло Михайловича на казахском языке получили именно Вы! Сто лет жизни Вам!

Знаю я Вас по воспоминаниям Леонида Сергеевича Ленча «Батько Остап». Как хорошо, что Леонид Сергеевич написал это воспоминания, они для меня лучше любой научно-исследовательской работы! Потому и использовал их вместо послесловия. Кстати, воспоминания вошли (и переведены мною) полностью, при верстке в типографии было сокращено только 14 строк из четвертой встречи, так как технически не вошли на страницу 190-ую.

На счет содержания книги.

У меня есть Избранное Остапа Вишни в трех томах, выпущенное издательством «Правда» Москвы в 1967 году. Поскольку наше издательство пока не имеет возможности дать большой объем перевода и согласилось на 10 печатных листов, я выбрал из трехтомника 28 рассказов, 14 фельетонов и памфлетов, а также взял сокращенный вариант повести «Ни пуха, ни пера».

На казахский язык переведены следующие рассказы, фельетоны и памфлеты (в порядке, указанном в содержании сборника на казахском языке):

*Моя автобиография*

*Чудак, ей – богу!*

*Дорожные впечатления*

*Мед*

*Как я рыбу ловил*

Так ни черта и не вышло  
 Кандидатурия  
 Берегите леса!  
 Как управиться с землей  
 Земля – Луна – Марс  
 Вот задача!  
 Днепром  
 До каких же пор?  
 Как меня печать подвела  
 «Перестрах»  
 Железный характер  
 «Чудило»  
 Дылда  
 Говорила – балакала  
 Брехология  
 «В воскресенье пью, пью...»  
 Кочевники  
 «Птицеводство»  
 Матч начинается в шесть ноль-ноль  
 Мечтатели  
 Р-р-раз!  
 Какдохнет, так и соврет  
 Ой, гадюка!  
 Демократические реформы Деникина  
 Антанта  
 Мы выправим!  
 С царями нехорошо  
 Ну и куда его?  
 «Пожалуйте!»  
 Когда-то и теперь  
 Как от головного атамана одна «могила» осталась  
 «Блиц-криг»  
 Прямой наводкой  
 Самая нужная артиллерия  
 Зенитка  
 Одни тебе румыны  
 Брехней свет пройдешь, да назад не вернешься.

Все это я дал тремя разделами, а четвертый раздел – «Ни пуха, ни пера». Сборнику дал название «Мед – сладкая штука», имея в виду рассказ «Мед». Конечно, я в силу своих возможностей писателя-переводчика постарался максимально понять и придерживаться манеры и стиля незабвенного Остапа Вишни. Отзывы рецензентов перевода положительные (в печати).

Уважаемая Варвара Алексеевна, большое спасибо Вам за Ваши теплые письма! Желаем Вам и всем Вашим близким и родным доброго здоровья, много радостей – большого счастья!!!

С искренним уважением, **Габбас КАБЫШЕВ.**

*30.XI.1977 г.*

*480008. Алма-Ата, 8, ул.Джамбула, 165, кв. 36.*

P.S. Не имея своей книги на русском языке, высылаю Вам книгу алма-атинца Н.А.Раевского «Портреты заговорили», – думаю, она Вам понравится!

### **ГАБЕКЕ!**

Хал жақсы, үй-іш аманшылық па? Сенің маған сырттай жасап жатқан қамқорлығыңа, көмек-жәрдеміңе мың да бір рахмет! Жағың түспей жаманшылық көрме. Сенің бойыңдағы азаматтық, кісілік қасиетті аса қадірлеймін. Сыйлауға, сыйласуға лайық азаматсың. Сен сияқты адамдар ғой, адамның рухын көтеретін, еңсесін жазатын. Адал, шын пікірім осы.

Маған берген үйлерің «жазушылар ауылына» жақын жерде екен. Исаев пен Комсомолдың бұрышы. Адрес: Комсомол көшесі, 150, кв.7. Ерулік беруге асықпа. Бірақ өзің аяндай келіп, көңіл сұрап, әңгімелесіп кетуіңе болады. Сендерге де шақырып шай берсек дейміз, бірақ жара жазылмай жағдай келетін емес. Мен үйдемін.

Бауырың – **Жүсіп ҚЫДЫРОВ.**

*22. IX .81ж.*

**Дорогой ГАББАС!**

Вот и отгремели дни казахской литературы, в летней теплой душой. Твои рассказы тоже участвовали в них.

Мы думаем, что на этом творческие связи не прервем.

Говорят, вроде сатирой заправляете. Может, придет якутский юмор?

Я, Габышев Николай Алексеевич, тоже сатирик, три книги на этом жанре издал, до Алдара Косе далеко, но все же... Может, послать юморесон?

У нас летом нынче жара до +32 градус. Пыхтим... Вот с твоим переводчиком Иваном Егоровым решили организовать еще почтовое подношение.

Не забывайте нас!

**Ваш Николай ГАБЫШЕВ-брат.**

*21 июля, 1982 г.*

**Дорогой ГАББАС!**

Извини, что беспокою.

Нельзя ли найти подстрочник моего рассказа об Улле? У меня нет копии, вторично переводить – лень! Там поворошите.

Летом этого года ждем казахов-убаев (убай старших братьев в нашем таежном крае).

Я нынче юбилейничал, Брежнев и Георгадзе успели мне орден дать «Знак почета» – 60 стукнуло. Стареем, друг. Книга вышла «100 рассказов», хочу по-русски, то-то собираю подстрочники...

Не сердись, черкни пару слов.

**Нюкюлай ХАБЫСОВ – Николай ГАБЫШЕВ.**

*9 декабря, 1982 года. -52 градус мороза.*

Мой адрес: 677000 г.Якутск, д.12, кв.51, ГАБЫШЕВУ Николаю Алексеевичу.

**Многоуважаемый ГАББАС!**

Перевел Ваших рассказов на якутском языке. Рассказ «На даче» опубликован на страницах журнала «Хин-тругу сулуе», и «Черные туфли» напечатала республиканская молодежная газета «Эдэр коммунист». Была передача по радио.

До скорой встречи! **ЕГОРОВ Иван Иннокентьевич.**

*9.VIII.83 г.*

*677008, г.Якутск-8, ул. Каландарашвили 40/1, кв. 2*

**Дорогой брат ГАББАС!**

Поздравляю с Днем Красной Армии!

Давно не писал...

Наш друг Иван Иннокентьевич Егоров очень сильно болеет и лежит в больнице. Чуть лучше ему. Будут оперировать нервы в Москве, вызов есть.

Вот он спрашивал: мы в «Ара» посылали наши рассказы. Как там их? Хотели узнать.

Я все работаю в правлений консультантом, Егоров сидел в отделе очерков журнала.

В прошлом году тут издали сборник моих юмора и сатиры – всего 253 рассказа в «Веселом кюндаляе», это третья моя книга юмора. В Москве рассказы печатает «Советский писатель». Так что цветом, жизни радуемся.

Пиши, друг! Николай Габышев, по якутский – Хабысап.

*10. 02. 1984 г.*

«ПРАВДА», Отдел партийной жизни.

**Уважаемый тов. Г. КАБЫШЕВ!**

Ваше письмо проверим. **А. ШИНКИН.**  
*10920, сн. 26. 02. 88 г.*

Редакция газеты «ПРАВДА». Отдел партжизни.

**Тов. А. ШИНКИНУ**

26 февраля с.г. я получил Ваш ответ под номером 10920/9 сн на мое письмо от 26. 02. 1988 г.

«Ваше письмо проверим» – так Вы писали. И я жду.

К сожалению, мое увольнение «по собственному желанию» не было последним случаем у нас. Также «по собственному желанию» освобожден от занимаемой должности главный редактор республиканского журнала «Билим жане енбек» – «Знание и труд» – Акселеу Сейдимбеков, журналист-писатель. Да, таких примеров у нас достаточно.

С уважением, **Г.КАБЫШЕВ.**

*31 марта, 1988 года.*

*Тел. 64-48-04.*

**Редакция газеты «ПРАВДА». Тов. В. КОЖЕМЯКО**

Откликаюсь на Вашу статью «Зачем тебе партбилет?» («Правда», 24.04.1989 г.)

1. Все честные коммунисты ответят Вам, что они хотят всегда быть в первых рядах борьбы за идеи и дела В.И.Ленина. Конечно, объяснят это со всеми подробностями, примерами.

2. Никто из нечестных коммунистов (к сожалению, их немало!) никогда не скажет, что партбилет ему нужен был и еще нужен ради личной выгоды.

Я не осуждаю тех, кто действительно боролся и борет-

ся за справедливость, за общее дело, потерпел и потерпит поражение, после чего вышлет свой партбилет в ЦК КПСС. Чтобы понять их, нужно побыть в том «аду», где они долго были и находятся не по своей воле, нужно испытать все, что они испытали на себе, – этого, пожалуй, никому не пожелаешь!

Со мною тоже произошло неожиданное, невероятно. Я не захотел служить, угождать «конторским крысам», которые стояли выше меня, у которых: в кармане – партбилеты; в руках – рычаги правления; сами – в номенклатуре ЦК КПСС. Боролся я больше года и никаких изменений в пользу справедливости, перестройки. «Сильные и неприкасаемые», как в прошлом, торжествуют.

Об этом, о силе и о бессилии партбилета, я мог бы написать статью, но ее и «Правда» не напечатает. Если не поверите этому моему утверждению, то можете познакомиться с моими письмами на имя главного редактора газеты «Правда» тов.Афанасьева В.Г., оставшимися вообще без ответа (Они написаны: 5.01.1988 г.; 18.09.1988 г.; 16.02.1989 года. Еще одно письмо я отправил 31.03.1988 г. работнику отдела партжизни редакции тов.А.Шинкину). Когда «Правда» поступает так, то какой же спрос может быть с других?!

Как мы порою на собраниях, в печати, по радио и телевидению умно, красиво, солидно, звучно заливаемся соловьями насчет правды, справедливости, требованиям совести и времени, перестройки, гласности и т.д., а на самом деле остаемся непревзойденными болтунами, трепачами, причем, абсолютно глухими и слепыми! Таким образом, доводили и доводим многих честных коммунистов до крайнего шага!

С уважением, – **Габбас КАБЫШЕВ,**  
**коммунист, писатель-журналист.**

*480051, г.Алма-Ата, мкр.«Самал-1», дом 10, кв. 60.  
27. 04. 1989 г.*

«ПРАВДА». Отдел партийной жизни».

**Уважаемый тов. Г. КАБЫШЕВ!**

Большое спасибо за отклик на статью «Зачем тебе партбилет».

Писем пришло очень много. Буду готовить их обзор для газеты, в котором постараюсь учесть разные мнения, в том числе и ваше.

Всего самого доброго!

**В. КОЖЕМЯКО.**

*18. 05.1989 г.*

*Наш № 32430/9-ка*

**РЕДКОЛЛЕГИИ газеты «ПРАВДА»**

Ответы на Вашу анкету:

1. Главный недостаток у газеты – это отталкивание от себя своих читателей-подписчиков своим загадочным молчанием на их просьбы и пустословием в ответе некоторым из них. Например: а) я трижды обращался с письмом лично к бывшему главному редактору В.Афанасьеву: 5 января, 18 сентября 1988 года и 16 февраля 1989 года, а также к работнику отдела партжизни А.Шинкину. Никакого ответа; б) 27 апреля 1989 года я отправил отклик на статью В.Кожемяко «Зачем тебе партбилет?». Спустя почти четыре месяца меня приглашают в отдел ЦК КП Казахстана и выясняется, что мой отклик направлен в ЦК на проверку. Ведь я же писал отклик, а не жалобу на кого-то здесь?! в) В номере газеты от 24 апреля 1988 года в интервью Ваших собкорров с Колбиным Г., тогдашним первым секретарем ЦК КПК, был упомянуто имя молодого коммуниста А.Тажибаева – жертвы группы карьеристов. Колбин обещал, что рас-



следуют причины гонения на Тажибаева, что он пока не знает страдальца. Колбин тем самым дважды обманул читателей газеты: он заочно знал Тажибаева, я сам был свидетелем, как на встрече в клубе писателей Тажибаев лично вручил ему письмо с убедительной просьбой принять его, однако, как и другие письма и телеграммы до этого, оно тоже было предано забвению. Второй обман Колбина в том, что после интервью никаких расследований по жалобе Тажибаева не последовало. Ваши собкорры тоже забыли о своем интервью, хотя они прекрасно знали, что Тажибаев ни в чем не виновен, что с 1986 года он ищет себе защиту в борьбе против зажимщиков критики; г) 19 сентября с.г. я послал еще одно письмо к Вам по поводу кощунственной статьи Н.Кузьмина в журнале «Молодая гвардия», – но тоже осталось без ответа.

Всем ясно, что когда газета (любая!) часто остается глухой к крику души своего читателя-подписчика, то какое удовольствие ему каждый день вынимать из своего почтового ящика холодную, бездушную газету?! В этом году я оказался в числе упомянутых «свыше 3 миллионов» именно по этой причине.

2. «Правда-90» должна, обязана быть очень чувствительным, отзывчивым другом каждого своего читателя. Тогда только будет у нее живое, приятное, доброе лицо, что крайне необходимо сейчас.

С уважением, – **Г.КАБЫШЕВ,**  
**журналист.**

*16. 11. 1989 г.*

*480051, г. Алма-Ата,*

*мкр. «Самал1», дом 10, кв.60.*

**Уважаемый тов. Габбас КАБЫШЕВ!**

Благодарим за мужественное и честное письмо, защищающее доброе имя «ЛГ» и ее представителя в Алматы. Редакция получила очень много писем по поводу публикации «ЛГ» и «Правды». К счастью большинство читателей солидарны в своих оценках с Вами.

Мы не намерены вступать в полемику с «Правдой», потому что глухой все равно никогда не услышит крика.

Еще раз спасибо за поддержку, желаем всего самого доброго!

**В.ЯНЕЛИС,**

**зам. редактора отдела общественно-политической жизни редакции газеты «Литературная газета».**

*06. 03. 1991 г.*

*Якутское отделение Союза писателей РФ, г. Якутск.  
Руффову С. М.*

**Глубокоуважаемый т. СЕМЕН МИТОВИЧ!**

С радостью высылая Вам, как договорились, подстрочные переводы стихотворения Абая Кунанбайулы и словарь, мы выражаем свою готовность подписать с Вами договор о литературном переводе на язык саха этот объем и оплатить Ваш нелегкий, но благородный труд.

150-летие Абая в 1995 году, летом. Бог даст мы пригласим Вас в Алматы на торжества, тогда же подпишем договор и выплатим Вам гонорар. Но необходима одна формальность: нужна рецензия поэта или литературного критика на Ваш перевод.

До свидания! Желаю Вам удачи!

**Габбас КАБЫШЕВ,**  
**секретарь правления СПК,**  
**председатель Коллегии переводов.**

Алматы, Казахстан.

24. 01. 1994 г.

*(Орысшага жолма-жол аударманың 301 бетін және «Қазақша-орысша сөздікті» поштамен аттандырып жібердім. 25.01.1994 ж.)*

**Дорогой ГАББАС, добрый день!**

Я собирался Вам писать и отправить почтой, но хорошо, что приехала Турсунай и я передал ей записку на теплоходе.

Я специально для перевода Абая попросил комнату в нашем хорошем профилактории «Тэбдик» прожил там 40 дней в прекрасных условиях. Я сперва думал сделать около 1000 строк и издать тоненькую книжку к юбилею, но прочитав подстрочники Абая, я восхитился – как все великие люди, его стихи меня захватили. Поэтому решил сделать побольше, выбрал всего около 2800 строк. Из них сделал к сегодняшнему дню 1100 строк. Остальное решил в оставшееся время перевести и издать спокойно где-то в середине будущего. Мы хотим войти с ходатайством в правительство, надеемся, что издадут. Конечно, к юбилею бы хорошо, но Абай всегда останется Абаем и в послеюбилейное время. Перевод очень трудный ибо я решил следовать оригиналу – придерживаться размера и рифмов, в том числе и труднейшие сквозные рифмы. Так что работы будет хоть отбавляй. Я не служу, живу на пенсии, поэтому временем располагаю. У меня по тексту будут вопросы – я потом напишу. В восьмистишиях нехватит одного в подстрочниках, сейчас под рукой нет, по моему – было 20-е восьмистишке, потом уточню. По радио мои переводы примерно на полчаса. Еще в 2-3 газеты там, Вам пришлю.

Как там мои друзья – Рахманкул, Калаубек, Куандык, Сабырхан, Саттар, Иранбек и т.д.? Всем передайте мой сердечный привет!

С самыми наилучшими пожеланиями, –

**Ваш Семен РУФОВ.**

*19 июня, 1994 г.*

*677000, Якутск, Чернышевского, 8, кв. 1.*

*480091, Алматы, пр. Абылай хана, 105, Союз писателей РК. Секретарю Габбасу КАБЫШЕВУ.*

**Дорогой ГАББАС, добрый день!**

Надеюсь, что Вы получили записку, посланную мною Турсунай Оразбаевой. Повторяю свое желание при ближайшем знакомстве. Поэзия великого Абая захватила мою душу целиком и я решил перевести лирику его в более полном виде, насколько это будет мне возможно. Тогда, не торопясь, благословясь да богу помолясь, можно издать книгу в более приличном виде. Смеею надеяться, что наше правительство возьмет на себя расходы. Если заварится канитель, то нужна будет помощь с казахской стороны в виде ходатайства.

Это письмо доставит мой земляк Павел Иванович Васильев – его жена горноалтайка, он едет к ней в свой отпуск. Ответ можете прислать через него. Она – ученая, живет в Алматы.

Хочу задать свои вопросы в смешанном порядке, как я их записал. Если у Вас не окажется времени, то, надеюсь, ответит Рахманкул. Пожалуйста, передайте ему, моему другу, мой улкэн салам и сердечную благодарность за его постраничный указатель страниц подстрочников с оригиналом (он мне прислал I том академического издания стихотворений Абая 1977 года). Плюс к этому присланный Вами казахско-русский словарь здорово помогают мне.

1. В «Книжном обозрении» (№33 от 1990 г.) был напечатан этюд русского поэта Евгения Курдакова «Смерть Абая», по которому выходит, что Абай и его сыновья скончались от злоупотребления наркотиками. Правда ли это? В стихах последних лет это чувствуется. Впрочем, такая трагедия в жизни Абая несколько не умаляет вели-

чие его личности – злоеющая эта болезнь нынче еще более усиливается.

2. Насколько тождественна с жизнью Абая «Путь Абая» М.Ауэзова?

3. Оспан – родной брат Абая? В примечаниях мне показалось, что они конфликтовали, когда Оспан был волостным (пользовался словарем).

4. «Волость» нынче у нас чему равняется – области, району, округу, наслегу?

5. Какова иерархия снизу вверх – волость, округ, уезд, губерния? Биев и волостных избирали выборщики – значит, они были казахами? На сколько лет?

6. Семипалатинск – столица волости или чего? Абай и его сородичи в какой волости жили?

7. Расстояние (приблизительное) в км от зимовки Абая до его джайляу.

8. У Кунанбая, как я понял из примечаний, четыре жены, сам писал стихи, был каким-то служебным лицом: султаном – это что? Выше волостного? Или до прихода русских в те края?

9. Джуз или жуз – что такое? Роды, племена?

10. Какая разница между богом и аллахом?

11. Шопан – покровитель овец – бог или дух? Языческий или исламский?

12. Какие есть охотничьи (прирученные) птицы – беркут, ястреб?

13. Переводы Абая из русских поэтов отдельно – во втором томе изданы? Хотелось бы иметь подстрочный перевод знаменитого перевода «Письма Татьяны».

14. В книге на стр. 124 в стихотворении «Сәулең болса кеуденде» что означают следующие слова (в контексте):

*Отправлять намаз без имама,  
Дорога, проложенная кзылбасами.*

15. В книге на стр. 251 в стихотворении «Бір сұлу қыз...» в конце такие строки:

*Расстояние между двумя душами –  
это дорога длиною в год,  
Как может соединить их этот проклятый?*

Как понимать это в контексте? Проклятый – богатый муж (бай)?

16. В книге на стр. 268 в стихотв. «Алла деген сөз жеңіл» строки последние непонятны:

*И зря болтают те,  
Кто старается им таинство (т.е. мистику)...*

В контексте это как понять? Что за «таинство» и что с ним делают?

17. В книге на стр. 308 в стихотв. «Соңғы жылдарда табылған өлеңдер» предпоследняя 5-ая строфа непонятна:

*Многие простятся раненной душой,  
Если приласкаешь нежной рукой.  
Прояснят ее разные мысли,  
Какую бы глубь ни укажи.*

Может – «Многое простится раненой душе?» «Прясят ее» – кого «ее» – душу? Кто указывает и какую «глубь»? «Глубь» чего?

18. В книге на 117 в стихов. «Сегіз аяқ» в подстрочниках пропущен перевод 20-го восьмистишия:

*Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос.  
Талаптың дәмін татуға,  
Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр,  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім – күн емес.*

Прошу прислать подстрочный перевод.

19. Как рекомендуете назвать книгу? По моему лучше просто назвать: Абай Кунанбаев. Лирика. Или: Из лирики.

20. Если не найду в здешних библиотеках, то для будущего предисловия нужна будет хорошая биография Абая на русском языке. Но об этом потом – договоримся зимой, к концу работы.

Вот ПОКА и все вопросы с моей стороны. Они, конечно, еще будут. Передача по радио пойдет 20-го июля, уже записали с моего чтения. Для пяти якутских газет все приготовлено и отнесу завтра. Если пораньше напечатают (да хоть и позже – все равно) – вышлю. Труден перевод тем, что я стараюсь придерживаться размеров и рифмовки оригинала. Но и тем заманчивей.

Ну вот и все. Желаю Вам и всем казахским якутам только самого наилучшего. Уверен, что великий юбилей Абая проведете на самом высшем уровне!

**Ваш: Семен РУФОВ.**

*11 июля, 1995 г.*

*677000, Якутск, Чернышевского 8, кв.1. Руфову Семену Митовичу. Дом.тел.: 3-48-92. Или: 677000, Як., Орджаникидзе 31, Дом печати, 102- кабинет. Союз писателей Республики Саха.Тел.: 2-55-19.*

P.S. **Габбас**, мы предполагаем, а Аллах располагает: П.И.Васильев летит к вам позже – где-то в середине августа. Газеты со стихами Абая я пришлю с ним, а вот это письмо доставит совершенно другой человек – даже и сам не знаю, кто. Я сам с женой с 2-го по 11 августа еду теплоходом до Ледовитого океана в числе ветеранов войны и тыла по даровым талонам.

Сегодня переводы Абая читало по радио, а 4 или пять газет опубликуют их (всего свыше 1000 строк) чуть позже.

### **Дорогой ГАББАС!**

Высылаю газеты, где напечатаны стихи Абая в моих переводах. Я плыву с женой по Лене вместе с ветеранами до Ледовитого океана – до арктического порта Тикси (с 1 по 11 августа), так что если еще будут напечатаны мои переводы в газете «Сахаада», то Павел Иванович купит и присоединит к высылаемым экземпляром. Еще четыре перевода стихотворения Абая приняла газеты «Кыым» («Искра»), но издание ее задерживается из-за отсутствия финансирования. Туда взяли стихотворения о временах года: «Весна», «Лето», «Осень», «Зима».

Покажите газеты Рахманкулу – может он заинтересуется, сравнивая наш язык с казахским. Ему и всем моим друзьям улы (үлкен) салам!

**Ваш Семен РУФОВ.**

*18/VII-1995 г.*

### ***Союз писателей Республики Саха, РУФОВУ С.Т.***

#### **Здравствуйте, уважаемый СЕМЕН ТИТОВИЧ!**

Благодарю Вас за теплое письмо и за искренний интерес к жизни и творчеству Абая Кунанбайулы (а не Кунанбаева!)

Постараюсь ответить на Ваши вопросы:

1. То, что, якобы, Абай и его сыновья скончались от злоупотребления наркотиками – это выдумка одного «современного» врага старого рода Оскенбаевых (деда Абая). Я переговорил с Е.Курдаковым (мы с ним – земляки и приятели) по поводу его статьи. Оказывается, ему было заманчиво сказать что-то такое, чтобы это было «новостью» для читателей. Он когда-то побывал в музее Абая и директор музея, старик, который за «обиды» своих предков ненавидел Кунанбаевых, рассказывал ему



всякую чушь о жизни Абая. Директор был бывшим пар-  
работником, тестем одного чиновника из облисполкома,  
и, когда пришлось уйти на пенсию, зять устроил его туда.  
Услышав от него небылицы про Абая и его сыновей, се-  
мипалатинцы потребовали убрать бессовестного болтуна,  
что было сделано до публикации Курдакова. Я сам не-  
однократно беседовал с земляками Абая, старцами из его  
аула, района, внучками, которые ныне живут в Алматы,  
никто ни слова не сказал о «роли» наркотиков, потому  
что такого не было. Абай был верующим, это ясно из его  
стихотворений, а верующий казах никогда не прикасался  
и не прикаснется к зельям. В то время казахов косил ту-  
беркулез, в том числе сыновей Абая.

Нет сведений и о том, что М.О.Ауэзов хотя бы намек-  
нул когда-то о злоупотреблениях Кунанбаевыми нарко-  
тиками. Чего не было, того не было!

2. События тождественны, как говорят старцы-земляки  
Абая. То есть, жизнь Абая отражена в эпопеях Мухтара  
Ауэзова, а художественное оформление их великолепно.

3. Оспан – младший в семье, был любимцем Абая,  
они никогда не конфликтовали между собой.

4. Области.

5. Волость, округ, уезд, губерния. Бии были казахами,  
избирались, если не ошибаюсь, на четыре года.

6. Семипалатинск – центр уезда. Династия Кунанбая  
жила в волости Карауыл.

7. Приблизительно 25 км.

8. Кунанбай был строгим, справедливым аға сул-  
таном (старшим правителем) волостей в составе уез-  
да. Он стихов не писал (Абай боготворил своего отца.  
Взгляните на его стихотворение «К смерти Абдрахма-  
на»). Да, было у него четыре жены, что разрешено ша-  
риатом (мусульманским кодексом).

9. Джуз, точнее, жуз является объединением родов

из одного древа. У казахов три жуза: старший, средний, младший. Как гласит история, три жуза – потомки трех родных братьев.

10. Аллах – Бог мусульман. Бог – Аллах христиан. Каждый считает своего единым.

11. Шопан Ата – покровитель овец.

12. Охотничьи птицы: беркут, ястреб, сокол.

13. Да, переводы на русский язык вышли из отдельных издательств дважды. К сожалению, их у меня нет, найти лишние экземпляры у нас невозможно. Обращайтесь в СП СССР, думаю – поможет. Насчет писем Татьяны – постараюсь. Но чуть позже отдельным письмом. Вообще, как мне кажется, на русском языке Абая пока нет.

14. «Кызылбасы» – это персы (фарсы-иранцы), у них, оказывается, имамы – чины выше муллы – сами не проводят чтения намаза в мечети, а контролируют.

15. Это значит: без взаимной любви нет нормальной жизни. «Проклятый» богатый болван, взявший (купивший) в жены молодую девушку в жены без ее согласия.

16. Не постигнув суть и веры, нельзя заниматься лишними выводами.

17. «Многое просится раненной душой». «Глубь» – это нежный, успокаивающий душу звук струн домбыры. Домбыра – национальный древний музыкальный инструмент казахов.

18. Пошлю потом. Пока переводчик-подстрочник отсутствует.

19. Книгу назовите: «Абай Кунанбайұлы. Стихотворения».

20. Ответ в книгах, где предисловия самого М.О.Ауэзова. Конечно, фразы партийной советской идеологии придется откорректировать.

На этом заканчиваю.

Желаю Вам и Вашей семье всего наилучшего! Ждем книгу Абая на языке саха.

До свидания, Семен Титович! **Габбас.**

P.S. Никакую записку Турсынай мне не передавала. Также нет вестей от П. Васильева.

*480091, г.Алматы, Казахстан, Микрорайон «Самал-1», дом 10, кв. 60. Домашний телефон – 64-48-04, служебный – 62-51-62.*

24. 07. 1995 год.

*(Осыдан кейін С. Руфовтан да, П. Васильевтен де ешбір хабар болмай кетті. Ізден хат жаздым, жауап келмеді. Неге? Не себепті?.. Біле алмай тындым. Габбас. 10. 08. 1995.)*

## **Әлжаппар ӘБІШЕВКЕ**

### **Әлжеке!**

Сіздің ойыңызда болатын, Сіз арқылы жүзеге асатын екі мәселе бар:

1. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпты ерекше құштарлықпен, құрметпен игерген, тұмшаланып жатқан дүниені батыл ашып жазып, кейінгілерімізге үлгі-өнеге берген, мол мұра-қазына қалдырған классик жазушымыз Илияс Есенберлиннің туғанына 1995 жылы 80 жыл толып еді, неге екенін білмеймін, сол халықтық мерейтойды өткізуге біздің үкімет те, Ақмола облысының әкімі А.Браун мен оның орынбасары С.Жалмағамбетова да мүлде құлықсыз болды. Мен Жазушылар одағының екінші хатшысы ретінде олармен сөйлестім де, хат та жазыстым. Өне-міне деді, аудандағы мұражай салынып бітсін деді, ақыры өткізбей қойды. Одақтың бірінші хатшысы Қ.Найманбаевқа да айта-айта шаршадым. Сірә, Ілекеңнің

көзі тірісінде жұлқысқан жаулары одан өлісінде өш алу-ды мықтап ұйымдастырды-ау деп ойлаймын. Менің хаттарым одақтың, облыстың, үкіметтің канцелярияларында жатты да қала берді. Енді бұл қателікті түзету қажет. Ілекеңнің аруағын шын ардақтар болсақ, 2000 жылы 85 жасын жоғары деңгейде атау керек. Ол ешбір заңға да, дәстүрге де қайшы болмайды. Президентіміз Ә.Назарбаев «Кочевникидің» қайта басылымына алғысөз жазыпты, яғни Нұрекең бұл тілекті қабылдайды деп сенем.

2. Шындыққа шын жүгініп айтар болсақ, кешегі Әнуар Әлімжанов – қазақ әдебиетінің дүние жүзіне танылуына аса мол еңбек сіңірген көрнекті тұлға. Азия, Африка жазушыларының V конференциясын ұйымдастырған үшеудің (Ғ.Мүсірепов, Ә.Шәріпов) бірі (Анығында ең біріншісі, Мәскеумен жұмыс істеген, барлық ауыртпалықты атқарғанның өзі!) және қазақ қаламгерлеріне шетелдік әріптестерінен көп дос, аудармашы тауып берген дәнекердің бірден-бірі өзі. Қазақ даласындағы тарихи жер-су аттарын қалпына келтіру, қанқұйлы Ермакты жазбаша әшкерелеу, Йассауи, Айша Бибі және басқалардың ескерткіштерін күту, қорғау мәселелерін бірінші болып көтерген – Әнуар. Ал ұлы Мұхтар Әуезовті 1953 жылдың көктемінде түрмеге қамаудан құтқаруды астыртын ұйымдастырғаны ғажап ерлік емес пе және осы үшін де қалай құрметтесек те лайықты емес пе? Әнекеңнің туғанына 2000 жылғы мамырда 70 жыл толады. Оны мемлекеттік дәрежеде арнаулы қаулымен атап өту – бүгінгі бізге парыз. Барлық республикалардан, Азия мен Африка, Латын Америкасы елдеріндегі достарынан өкіл шақырылса, Қазақстанға абырой болмақ. Оның Азия мен Африка жазушыларын топтастыру, достастыру, бірлестіру жолында кешегі СССР атынан дипломаттық қызмет атқарғаны – өз алдына үлкен әңгіме.

Демек, Әнуардің мерейтойына арнап оның 2 томдық жинағын басып шығару, ол туралы Естелік кітап шығару өте дұрыс болар еді. Сондай-ақ, қабірінің басына

Әнекеңнің бет бейнесі салынған құлпытас орнату керек-ақ. Құлпытасы бар, бірақ өте солғын: жадағай ғана етіліп тас төселген де, бетіне жазу жазылған, бейне-суреті жоқ. Меймандар барар болса, көрсетуге ыңғайсыз. Тік тұғырға бюстін орнатса, не қара габбро тақтаға гравьюрамен бейнесін салдырса, өте дұрыс болар еді. Меніңше, балалары жас болды да, олай жасатуға қаржы таба алмаған тәрізді. Мұсылмандықта қабір басын жаңартпайды дейміз, ал Әнекеңнің аруағы үшін жаңартылса, Құдай қабыл етеді деп ойлаймын. Ә.Әлімжанов – халықаралық деңгейдегі тұлғаларымыздың бірі деп бағаланады ғой.

Астана қаласында Илияс Есенберлин мен Әнуар Әлімжанов атындағы жаңа көшелер болса, ол қазаққа абырой болары және хаһ!

Әлжеке, осыны ойыңызда қорытып, бұл мәселелердің оң шешімін табуына қол ұшын беріңіз. Бұл – көпшіліктің тілегі екенін өзіңіз жақсы білесіз дей аламын.

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

*30.IX.1998 жыл.*

(Телефон шалып: «Айтқандарың есімде болады» деді, бірақ ешбір нәтиже болмады).

*Президент әкімшілігі  
Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі  
А. БИЖАНОВ мырзаға*

**Құрметті АҚА!**

Менің бірер пікір түйіп жолдаған хатыма (Елбасының атына) Сіздің сергектікпен екі жауап қайтарғаныңызға бек риза болып, «алдын шыққан жерді белден қаз» дегендей, осы жазбамды және жолдап отырмын. Бұл – әдіресі ресми болғанмен өзара айтылған әңгіме деп біліңіз де, маған жауап беруге асықпай және өйтуді міндет те

санамай, әйтеуір мені түсініп бағыңыз. Ал, бірақ, қоса жолдаған ресми хатымды Нұрекене табыс етпейсіз – бұндағы мәселелер дәл қазіргі алас-күлес кезеңде, егер ресми құжатқа айналып жариялана қалса, Нұрекеннің абыройына аз да болса әр болып қосылары шәксіз, өйткені бұл екі мәселенің іске асуына нақ адал көңілмен үміт артып отырған адам көп.

«Өзара әңгіме» десем: мен Өскеменнің қазағымын. Еңбек жолымның он жылы сондағы облыстық газет редакциясында өтті, одан кейінгі отыз бір жылы Жазушылар одағының құзырында болды да, оның екінші хатшылығынан зейнеткерлікке аяндап қойдым. Өмірімде ешбір басшыдан қызмет, атақ, орден-медаль, т.б. сұраған емеспін. Әзіл-сықақ әңгімелерімнің он шақты жинағы, аудармаларым шықты. Бүгінгі хал-ахуалымыз жайында мақала жазып жүрмін, білетін боларсыз. Менің ойымда әрқашан басқалар – құрметтелуге тиісті зиялылар (тірісі де, өлісі де) жүреді. Алдыңғы хатымдағы үшеуден Қаям Мұхаметхановқа қайта оралсам, ол – халқымызға, көркем әдебиетімізге, абайтану мен мұхтартануға ең көп еңбек сіңірген, әлі де сіңіретін қаламгер. Оған материалдық көмек аса қажет, жасы сексеннен асты, бәйбішесі жоқ, қазірде Алматыда, қазақылығы шамалы берекесіз-деу баласының қолында. Денсаулығы нашар, тағдырдың тауқыметін көп көрген ғой. Оған анда-санда берілген 3000, немесе 5000 теңге (жылына бір, немесе екі рет) айтарлықтай көмек емес, зейнетақысы 7000 теңге, оның жартысы пәтерақыға кетеді екен, айына 2-3 мың теңгенің дәрі-дәрмегін алуға мәжбүр. Айына бір кіріп-шығып жүргендіктен нақты біліп айтып отырмын. Жағдайын өзіңіз де түсінген шығарсыз. Мұқтаж жан аз емес десек, Қаям Мұхаметханов көп емес, мыңнан біреу. Осындай ғұлама адамға Елбасының стипендиясы әу бастан-ақ берілгені жөн еді, ол туралы мен II хатшы кезімде

хат жазғанмын да, бірақ сол кездегілер оны Елбасына жеткізген жоқ, әйтпесе, Елбасымыз Қакеннің кім екенін жақсы біледі, қолдар еді. Жарайды, өтті-кетті. Десек те, Қ.Мұхаметхановты Елбасының стипендиясына, мысалы, Ә.Тәжібаевтың орнына, әлі де болса іліктіруге болмас па екен? Қанша ғұмыры қалды дейсіз?!

2. Сіздің қоластыңызда деді ме, Әнуар Әлімжановтың ұлы Асқар Әлімжанов қызмет істейді. Әнуар Тұрлыбекұлы (жаны жәннатта болсын!) халқымыздың шын мәніндегі біртуар перзенті еді. Республиканың, халқының ар-намысы, абыройы жолында сөзімен де, шығармасымен де күресіп өтті. Мұхтар Әуезовті 1953 жылы түрмеге қамалудан құтқарып жіберген ақиқат азаматтық ерлігі үшін-ақ есімі тарихымызға алтын әріппен жазылуға тиіс (мен осы оқиға жөнінде хикая жазып шықтым, басы былтыр «ЕҚ» газетінде жарияланған, ал толық нұсқасы әзірше қолымда). Бұл жайындағы мағлұматтарды Әбіш Кекілбайұлы жақсы білетін тәрізді. Ал сол Әнуардың мерейтойы – 70 жылдығы 2000 жылда. Оны мемлекеттік деңгейде өткізу – бүгінгілерге парыз. Осы ретте Сізден өтінірім: Әнуар туралы Естеліктер жинағын шығаруымыз керек, бұл үшін Асқардың күшті әрекет жасауы қажет. Мен Асқармен екі мәрте сөйлескенмін, телефонмен. «Әнекең – халықаралық дәрежедегі жазушы-дипломат, достары көп, Мәскеуге барып, достарынан естелік жаздырып ал, көзі тірілерінде. Әнеки, Роберт Рождественский қайтыс боп кетті, үлкен досы еді, соны ойлан, Ресей Жазушылар одағы арқылы ТМД бойынша, шет елдердегі де достарынан естелік алуды ұйымдастырған жөн болады» дегендей ойларымды айттым, амал не, ол баладан қимыл байқалмайды. Асқарды шақырып алып, осыны қаталырақ ескертсеңіз дұрыс болар еді, Мәскеуге командировкаға жіберуге құқыңыз да жетеді деп ойлаймын. Ал Қазақстан Жа-

зушылар одағының Мәскеудегі өкілі Тұрсынайдың қолында мен жасап берген тізім бар, естелікті кімдерден алу керектігін ауызша да айтқанмын, Тұрсынай Асқарға сөзсіз жәрдемдесер еді.

Осымен тәмәмдайын. Сау-сәлемет болыңыздар!

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

22.X.98.

Алматы.

(22. X1. 98. Жауап жоқ.)

### **ӘЛІМЖАНОВ Асқар Әнуарбекұлына**

#### **Құрметті інім Асқар!**

Бұл хатымның мазмұны өзіңе таныс, бұдан екі жыл бұрын телефонмен айтқан едім, бірақ екеуміз кездесе алмадық, сөзіміз аяқталмады. Онда ойымды Флюра жеңешеде де білдіргенмін, Әнекеңнің біз шығарған «Познание» повесінің 50 данасын үйлеріңе апарып отырып айтқанмын, сонда да нақты жауап ала алмадым. Енді саған жасар өтінішім мынау:

1. 2000-шы жылы Әнекеңнің туғанына 70 жыл толады ғой, соны ойлап, қолға ал. Мерейтойды мемлекеттік дәрежеде өткізуіміз керек. Әнекең ірі жазушы, қоғам қайраткері, шетелдік жазушылармен байланысы күшті дипломат болды. Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде, басқа жақтарда да достары көп еді. Солардың естеліктерін жинауың қажет. Қазірде аман-есен жүргендерімен байланыс жасауды ойла, Мәскеуге барып, ондағы Жазушылар одағы арқылы ізде. Андрей Вознесенский, Евгений Евтушенко, т.б. басқаларымен сөйлес, ақылдас. Роберт Рождественскиймен дос еді, ол да қайтыс болып кетті, бірақ оның архивінде хат-



тары болуы мүмкін. Расул Ғамзатов қайда екен? Мен Москвадағы Халықаралық Жазушылар одағында істейтін Қазақстан Жазушылар одағының өкілі, ақын Тұрсынаймен сөйлескенмін, Әнекең туралы естелік жаздырып, ал деп, жиырма шақты жазушының тізімін табыс еткенмін, соны сұрап біл, бірлесіп әрекет жаса. Бұл үшін бір-екі аптаға командировка алуыңа болатын шығар? Уақыт өтіп барады. Мен мұны Президент әкімшілігіндегі А.Бижанов мырзаға айтып, Нұрсұлтан Әбішұлына Әнекеңнің 70 жылдығы жайында хатымды қоса жолдағанмын, сол кісіден біліп, Нұрекеңе өзің де кіріп, ақыл-кеңес, көмек сұрауыңа болар еді. Нұрекең Әнекеңді құрметтеген, жақсы білген, көмегін аямас. Мерейтойына шығармаларының 2-3 томдығын басып шығарса, тіпті дұрыс болар еді.

2. Әнекеңнің халық ұмытпауға тиіс бір ерлігі, тарихи ерлігі – Мұхтар Омарханұлы Әуезовті 1953 жылдың көктемінде КГБ-ның тұтқындауынан құтқарып, Мәскеуге жасырын аттандырып жіберуді ұйымдастырғаны. Бұл – шындық. Мен оны Әнекеңнің өзінен естігенмін. Сол туралы былтыр «Егемен Қазақстан» газетінде «Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай...» деген хикаямының бас жағы жарияланды, ал жақында оны толықтырып, соңын жазып бітірдім, тек спонсор табылмай, кітап етіп шығара алмай отырмын. Әнекеңнің ол ерлігін Әбіш Кекілбайұлы жақсы білетін сияқты, сол ағаңмен кездесіп, барлық жағдайды ақылдассаң, өте орынды болар еді.

3. Әнекеңнің 70 жылдығы жоғары деңгейде ресми өтетін болады, Президентіміз жарлық шығарады деп ойлаймын. Ал ондай болғанда шеттен Әнекеңнің қазір бар достарыф шақырылар, келер, сонда қабіріне барар, бас иер. Осы туралы ойлағанда қабірі басында Әнекеңнің бет бейнесі жоғы ыңғайсыз. Ислам тәртібімен жадағай тас төсеп қойғандарың жараспаған. Маңайында

Д.А.Қонаев бастаған үлкендердің бәрінің бет бейнелері бар, мұсылмандыққа қайшы ештеңесі жоқ, яғни Әнекеңнің бюстін, немесе гравюрамен портретін салған тік тас қойса, жақсы болар еді. Меніңше, солай істеу керек. Нұрекеңе кірсең, Әбішпен алдын ала ақылдасып алып, қабір басына құлпытас орнатуды қаулының бір тармағы етіп көрсетсе, қаржы бөлінеді, мөлшері 2-3 мың доллар қажет. Ол жетпей жатса, мұндағы жолдастары, достары, ауылдастары қосуға әзір, оны біз ұйымдастырамыз. Мұны мамаммен, туысқандарыңмен бірлесіп сөйлесіңдер. Менің осы хатымды Әбішке оқып та берші, менің хатым оған жетпей, бергі бір жерде қалатын сияқты, бұдан көп бұрын бір хат жолдап едім, жауап жоқ.

Сонымен, құрметті інім Асқар, сен жақсылап ойлан. Әкең Әнуар – бүкіл қазақтың перзенті болды, ондай әке – кімге болсын мақтаныш. Менің мына айтқандарымды қазақ үшін істелуге тиіс жұмыс деп түсінетініне шүбәланбаймын, яғни ашық көңілмен қабылдап, орындауға кірісуің керек. Мен Әнекеңнің адамгершілігін, қаламгерлігін, патриоттық ғажап сезімін қадір тұтқан қазақтардың бірімін. Сол үшін де біздей інілеріне, сендей балаларына, соңғы бүкіл ұрпағына аруағы риза болса екен деймін. Басқа ешқандай бөтен ойым да, есебім де жоқ.

Жауабыңды күтемін, іс-қимылыңды күтемін, інім!

Тек жақсылық тілеуші ағаң – **Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

03. XI. 1998 жыл.

480051, Алматы, «I Самал», 10-үй, 60-пәтер. Телефон:  
64-48-04.

(Өкінішке қарай, хабарласпай қойды. Әкесінің қадір-қасиетін білмегені ме?!)

*Председателю Международного Сообщества  
Писательских Союзов г.Тимуру ПУЛАТОВУ –*

*Главному редактору газеты «ЛЕ» –  
«Литературная Евразия»*

**Уважаемый ПРЕДСЕДАТЕЛЬ и ГЛАВНЫЙ РЕ-  
ДАКТОР!**

Настоящим обращаюсь к Вам со следующими прось-  
бами:

1. 12 мая 2000 года исполняется 70 лет со дня рож-  
дения выдающегося писателя, общественного деятеля  
Ануара Турлыбековича АЛИМЖАНОВА. Имя его хо-  
рошо известно почти каждому писателю СНГ и стран  
Азии, Африки и Латинской Америки. Прекрасные про-  
изведения Ануара на современные и исторические темы  
переведены на многие языки.

В связи с этой датой мы обратились к Президенту  
своей республики г.Назарбаеву Н.А. с просьбой прове-  
сти юбилей писателя на высшем уровне. Наш Союз пи-  
сателей, разумеется, предусматривает соответствующие  
мероприятия. Мы твердо надеемся и на Ваше активное  
участие, ведь литературное наследие А.Т.Алимжанова  
достояние не только казахского народа, но и русского и  
других народов бывшего Советского Союза. А его дея-  
тельность как писателя-дипломата особенно весома в  
жизни тружеников пера Азии, Африки, Латинской Аме-  
рики, где было у него много друзей.

Мы считаем, что признаком уважения МСПС аруа-  
ха – духа Ануара было бы присуждение ему в 2000 году,  
к юбилею (к большому огорчению – посмертно), медали  
имени А.А.Фадеева. Мы не знаем, есть ли более высокая  
награда у МСПС?

Я употребляю местоимение «мы» потому, что эту просьбу выражаю по поручению наших аксакалов: Касыма Кайсенова – писателя, Народного героя Казахстана; Азильхана Нуршаихова – Народного писателя Казахстана, Лауреата премии им. Абая, лауреата премии СП СССР, награжденного медалью им. А.А.Фадеева; Турсынбека Какишева – академика-критика; Естая Мырзахметова – писателя, заслуженного работника культуры Казахстана; Мориса Симашко – Народного писателя Казахстана, и других (всего 32 писателя).

Мы думаем, что нашу просьбу поддержат все, кто знал Ануара Турлыбековича. Присудить в 2000 году премию МСПС другому писателю, наградить медалью им. А.А.Фадеева другого писателя будет несправедливо и неуважением аруаха А.Т.Алимжанова.

2. Накануне юбилея Ануара (осталось-то всего 8 месяцев) было бы очень желательно опубликовать мою статью «Кем был Ануар?», которая высылается мною Вам вместе с настоящим письмом. Моя статья, конечно, нуждается в обработке, потому что я не имею навыков письма на русском языке, к моему сожалению. Надеюсь, Вы понимаете меня.

Желаю Вам всяческих успехов!

**Г. КАБЫШУЛЫ.**

*09.08.1999 г.*

*480051, Алматы, Казахстан, м/р «Самал-1», дом 10,  
кв.60. Телефон: 64-48-04*

(Жауап жоқ)

**ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ СЕКРЕТАРИАТЫНА**  
**ТІЛЕК ХАТ**

Біздің кейбір қаламдастарымыз соңғы кезде Мәскеуге барып, кездесу, шығармашылық кеш өткізіп, Халықаралық Жазушылар одақтары қауымдастығынан өздеріне баршамызға белгілі А.Фадеев медалін, М.Шолохов атындағы сыйлықты сұрап та, сұраттырып та жүр. Ол әрекеттерін теріс деуге болмас та, шығармашылық еңбектері қай наградаға да лайықты делік. Бірақ Қазақстан Жазушылар одағының келісімінсіз, секретариаттың ресми шешімінсіз бет-бетімізбен сұранып, тіленіп кете берсек, ол қазақ әдебиетіне, Жазушылар одағымызға абырой әпере ме? Одақ орнында емес пе? Адымымыз жетеді деп аттап кете берсек, не болғанымыз? Осыны ойлаңдар.

Бұл ыңғайда Секретариат қатты ескерер бір жәйт бар. Ол – марқұм Әнуар Әлімжановтың алдағы жылдың мамыр айында 70 жылдық мерейтойы өткізілуге тиістігі. Осыған алдын ала дайындықтарыңның бір шарасы – Халықаралық Жазушылар одақтары қауымдастығына (Тимур Пулатовқа) А.Фадеев медалін 2000-жылы Әнуар Әлімжановқа беру туралы ұсыныс жасау және берілуіне қол жеткізу. Өздері сұранып, тіленіп жүрген біреуімізге берілер болса, ол – Әнуардай асыл азаматтың аруағынан аттап кету деп білем.

2. Әнуардың қабір басында болып жүрсеңдер (амал не, Кеңсайға баруымыз жиі ғой!), қазіргі құлпытасы – жерге төңкере салған табаққа ұқсас, мүлде көрнексіз нәрсе. Соны сәл жаңалап, бір тұсына Әнуардың бет бейнесі салынған суретті тас орнатсақ, жөн болар еді. Мұны әйелінің рұхсатынсыз істеуге болмайды, яғни ресми ұжым Одақ атынан сөйлесіп, келісімін алып беріңдер, арғы жағын жора-жолдастары болып көре жатармыз. Ресми ұжымнан басқаның сөзі жүрмейтін болып тұрған соң жазып отырмын. Қаражатты қарастырамыз. Ал бір томдық жинағын, естеліктер кітәбін шығаруға

үкіметтен көмек сұрауға мәжбүр болдық, ол жақ иілігінкірегендей, ақырында айнып кетіп жүрмесе. Екі кітәбін де құрастыруды мен мойныма алып, Әнуардің баласы Асқарға хат жаздым: не өзін құрастыр, не бірігіп атқарайық, не маған келісімінді бер деп. Одан әзірше жауап жоқ. Әйтсе де, мен қолға алдым.

3. Әнуардың 70 жылдығына дайындық комиссиясын құруды, баяндамашы етіп Әбіш Кекілбаевты немесе Герольд Бельгерді белгілеуді өтінемін. Жол, әрине, Әбіштікі.

Сәлеммен – Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.

28.X.1999 жыл.

(Одақтың басшы-қосшыларының ешқайсысынан қылағы ауызша жауап болмады. Аруақты ардақтаудан қалғандары ма?!.)

*Председателю МСПС  
г. Тимуру ПУЛАТОВУ*

**Уважаемый господин ПРЕДСЕДАТЕЛЬ!**

9 августа 1999 г. нами было отправлено на Ваше имя письмо, в котором аксакалы казахской литературы просили МСПС отметить 70-летие признанного миром Ануара Турлыбековича АЛИМЖАНОВА. В письме была конкретная просьба посмертно наградить А.Т.Алимжанова медалью имени А.А.Фадеева. Если есть другая высшая награда, более чем эта медаль, имя Ануара Турлыбековича достойно и ее!

День рождения Ануара – 12 мая.

Просим обратить внимание и на указанное наше первое письмо от 09. 08. 1999 года.

Желаем Вам всяческих успехов!

**Ғаббас КАБЫШҰЛЫ.**

Алматы, 3.04.2000 г.

*Жауап келмеді. Арада сегіз ай өткенде «Литературная Россия» газетінен, 08. 12. 2000 ж., мынаны оқыдым:*

«Наш корреспондент встретился в «Доме Ростовых» на Поварской, 52, с Шавкатом Ниязи. Более сорока лет он работает в этом Доме – консультантом по национальным литературам, советником, секретарём Исполкома и в настоящее время – заместителем председателя Исполкома МСПС. В «Дом Ростовых» его принимал ещё Александр Фадеев...

Шавкат Ниязи – известный таджикский писатель, профессор, доктор филологических наук. Благороднейший, честнейший человек и защитник духовного и культурного пространства бывшего СССР.

**– Как вы оцениваете результаты IV, внеочередного съезда МСПС?**

– Только положительно. Нам удалось сохранить Международное Сообщество Писательских Союзов и наказать Зло, каким явился в последние годы Тимур Пулатов, бывший председатель Исполкома МСПС.

Теперь есть все условия дружно, сплочённо работать творческому коллективу, новому руководству МСПС совместно о Союзах писателей СНГ и дальше бороться за развитие духовного единства народов, разрушенного в последнее десятилетие.

**– Вас не смутило, что Пулатов не пришёл на съезд?**

– Видимо, даже ему стало стыдно от того, что он сделал. Он не мог смотреть в глаза товарищам-писателям. Тут уж не до вежливости восточной. Подлог, ложь, обман, самодурство, амбициозность – нетерпимое явление для любой национальности – воспринимаются позором и у нас на Востоке, так же как в России и в любой цивилизованной стране. Этическая философия – основа исламской религии, основа персидско-таджикской поэзии, на чём держится испокон веков восточная мораль, – для

руководителя такой организации, как МСПС, была чуждой. В этом была трагедия Пулатова. Восточная мудрость гласит: жажда к наживе – явная смерть.

– **А заявление от него было с просьбой «освободить»?**

– Конечно, мы ведь – люди законопослушные. Получили заявление, собрали съезд, чтобы удовлетворить его непомерные амбиции. Но голосование по всем вопросам повестки дня было единогласным. Даже те немногие, кто ещё защищал его, приняли общую точку зрения.

*Ал интернеттегі «ЦДЛ\* изнутри: рассказ главного инженера» деген материалда (17. 01. 2009 ж.) былай делініпті:*

«Читатели почитывают, писатели пописывают... примерно такой существовал фразеологизм в прежние годы. Сейчас те писатели, о которых когда-то шла речь, уже ничего не пописывают, сменился и круг любителей чтения. Да и сама писательская организация фактически прекратила свое существование. Об этом много раз уже писали – о том, что была разрушена инфраструктура бывшего СП СССР.

Сначала народный писатель Узбекской ССР Тимур Пулатов стащил и перепродал одну часть имущества (два здания на Поварской и служебную квартиру на Новом Арбате. Его поставил возглавлять Союз писателей «певец демократии» Евгений Евтушенко), потом исчезла новая поликлиника Литфонда, построенная на писательские средства, да и сам Литфонд со своими Домами творчества тоже почти канул в лету; дачи писательские стали растаскиваться письменниками, созданная писателями «Литературная газета», ее типография, писательские из-

---

\* «ЦДЛ» (Центральный дом литераторов) – КСРО Жазушылар одагының ғимаратында негізделген «Әдебиетшілердің орталық үйі».



дательства «Московский рабочий» (с прекрасным зданием на Чистых прудах) и «Советский писатель» на Поварской...»

Т. Пулатов Жазушылар одағына еге болған құрылтайда мен де оны құттықтадым және марқұм қаламгерлерге беріліп жатқан А.Фадеев медалімен немесе М.Шолохов медалімен Әнуар Әлімжановты марапаттауларын өтіндім, ол құптады: «Қазақстан Жазушылар одағынан хат болсын, береміз!» деді. Одақ басқармасының хатшысы Қалаубек Тұрсынқұлов қол қойып жазған хатқа Пулатовтан жауап болмады. Жоғарыдағы үзінділер мәлім еткендей, «қызу саудасынан» қолы тимеген екен ғой!

...Демек, «жол тапқыш» Т. Пулатовтың билігі кезінде көзі тірі жазушыларға берген медальдарда арам қолдың кірі бар екені сөзсіз!

## ***ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ХАТТАРЫ***

**Құрметті бауырларыма.**

**Ғаббас пен Зада!**

Сіздерге шынайы сүйіспеншілікпен достық сәлем жолдаймыз. Әрқашанда тілектес, ниеттес екенімізді білдіреміз.

Сәлем соңында айтарымыз: Өздеріңізді құрметтеп, Өзгелерге бас ие жүріп, біз де 70-ке келіп қалыппыз. Елмен бірге талай-талай қиыншылықтар кешіп өткен жасымыз, тырмысып шыққан биігіміз ғой бұл. Тәуба дейміз!

Осыған орай, үлкенді-кішілі бір топ замандастарымызды үйімізге шақырып, құрақ ұшып қызмет еткіміз – дастарханымыздан дәм татырғымыз келеді. Ардақты

ағайындар аз уақыт болса да (үш-төрт сағат) бас қосып бірге отырса, жүз көрісіп, жүрек сырларын шертиссе дейміз. Сіз(дер)ді сол алқалы топтың ортасынан орын алуға шақырамыз. (Асықсаңыз: ертерек қайтып кетуіңізге де болады – жігіттер жеткізіп салады).

Қонағасы осы жылғы 28 қарашада, Құрманғазы көшесі, 88 үйде (Алматы темір жол инженерлері институтының асханасында), сағат 15.00-де басталады.

Келіңіздер: өтінеміз, күтеміз!

Сіздерді әрқашан құрметтеуші –

**Халима мен Әз. НҰРШАЙЫҚОВТАР.**

28.X.1992 ж.

*Әдіресіміз: 480072, г.Алма-Ата, ул. Қурманғазы, 90, кв. 28. Тел.: 63-94-10. А.Нуршаихов.*

Әз-ағаның шақыруын қабыл алып, сый-сияпатымызға қоса мына өлеңді оқып бердім:

### **ТОЙЛАРЫҢЫЗ ТОЙҒА ҰЛАССЫН!**

**Әулетімізге аяулы ӘЗ-АҒА мен ХАЛИМА АПАЙ!**

Егер мен ақын болсам, бүгінгі торқалы той иелері – Сіздерге арнап мынадай бірер шумақ құттықтау өлең жазар едім:

Қатардағы көптің бірі, түзу тірлік пендемін,  
Қанағатпен қабыл алғын Тәңірінің бергенін.  
Қашан болсын қарт пен жасқа тілейтінім – тазалық,  
Қарапайым адал еңбек етіп жүрсе кім де кім.

«Қарапайым!..» осы бір сөз қасиетті маған да,  
Қалай да мен осы сөзден бір тиянақ табам да.  
Қарап жүрем жан-жағыма көзіменен жүректің,  
Қатарынан озған, қалған алыс-жақын адамға.

Қай мезетте, қайда болсын көретінім қос бейне:  
Қатар тұрған қос қайындай сыр ұғысып төскейде.  
Қатар жүзген қос аққудай айдынында Ертістің,  
Қатар ұшқан қос көгершін «күбірлесіп» кей-кейде.

Қатар жүрген қос құлыншақ, қос бота да тәрізді...  
Қай жағыма көз салсам да көре алмаймын жалғызды.  
Қуанамын: сол қос бейне – ХАЛ-Апай мен ӘЗ-АҒА,  
Құдай қосқан қос тағдырға тұтас жатыр жан ізгі.

Қиқуы жоқ, қаңқуы жоқ, жұлындырған жыны жоқ,  
Қулық саумас, сұмдық саумас –  
аталмаққа «жақсы» боп.

Қасиеті: дос іздейді өзіне де, басқаға,  
Қасиетсіз болған емес екіараға жағып от.

Қос бейненің –  
ХАЛ-АПАЙ мен ӘЗ-АҒАНЫҢ осы бір,  
Қазекемде көп кездеспес көркемдігін тұтып пір.  
Қуаныш шын, қалтарыссыз тілейтінім бұл сәтте:  
Қос ғажайып! Енді отыз жыл ғажайып боп жүре тұр!

**Іні-бауырларыңыз – Ғаббас Қабышұлы. «Жазшы!»**  
деген – **Әзиз Ғаббасұлы. Қол қойып бекіткен – Зада**  
**Әзиз шешесі.**

*1992 жылғы қарашаның 28-інші күні. Алматы.*

**Ғ. ҚАБЫШЕВҚА**

*Қазақстан Жазушылар одағы,  
Абылай хан даңғылы, 105-үй.*

**Қымбатты ҒАББАС!**

Жіберген кітаптарды («Последняя любовь Нельсона») ауруханада оқып, бітірдім.

Азаптанып іздеп, ақыры тауып бергеніңе рахмет!

Осы кітаптың бірінші бетіне жазған тілегіңді (ендігі жастарға арнап, махаббат жайында жаңа роман жазып беру туралы), амандық болса, орындауға тырысамын.

Бірақ одан бұрын «Боздақтар» деген (100-дербес атқыштар бригадасы туралы) бір әскери роман бітіруім керек.

Зор құрмет, ризалықпен, ағаң **ӘЗ.НҮРШАЙЫҚОВ.**

P.S. Кітапқа жазып берген бұл автографыңды да үйдегі қолтаңбалар картотекасына кіргізіп қойдық. Бұл маған жұрт сыйлаған алты жүзден аса автографтың қатарына қосылған (бұрын берген автографтарың тағы бар ғой).

P.S. Зада келін мен Әзекең мырзаға сәлем айт!

15.03.1994 жыл.

Республикалық кардиология орталығының ауруханасы, II кардиология (аритмия) бөлімі, №17 палата.

**Ғаббас ҚАБЫШЕВҚА**

Күлкі – адам өмірін ұзартатын ғажайып дәрі дейді. Ал жер жүзі аптекасында жоқ осы керемет дүние Қазақстанда тек сенде ғана бар, қымбатты Ғаббас. Өзіңнің осы ересен қуатыңмен халқыңды күлдіріп, өмірін ұзарта бер.

Мерейтойың құтты болсын!

Зада екеуің қол ұстасып, ұзақ өмір сүріңдер. Өзекеңнен немере иіскеп, шөбере сүйіңдер!

Қолдарыңды қысып, құшақтап, беттеріңнен сүйдік.

**Аға-жеңгелерің – Әзілхан мен Халима  
НҮРШАЙЫҚОВТАР.**

*9.05.1995 ж.*

**Қымбатты ҒАББАС – ҒАБЕКЕ!**

Өзіңнің, одан кейін Майя Ивановнаның өтініші бойынша Михаил Иванович Есенәлиев туралы естелікті жазып, машинкаға басып, қарап, жаңа ғана бітірдім. Жарай ма, жарамай ма – білмеймін. Оның үстіне көлемі көбірек болып (36 бет) кетті. Оқып көрерсің. Қол-айыңа келмеген жерің бәрін қысқарт. Жинақтың көлемінің шағындығына байланысты отыз бетін қысқартып, алты бетін қалдырсаң да ренжімеймін. Менің міндетім өтінішті орындау ғана.

Осы қолжазбаны Өзіңе тапсыратын Сәкен деген жиен-немеремнен қолыңдағы Әнуар (Әлімжанов) марқұм туралы Өзің ұйымдастырып шығарған естеліктер жинағының бір данасын беріп жібергейсің. Ол кітаптың байғазысына мына бір қалың блокнотты жіберіп отырмын. Қабыл ал. Көңіл ғой.

Ағалық құрметпен, **Әз.НҮРШАЙЫҚОВ.**

Р. С. Егер білсең, Майя Ивановнаның әдірісі мен телефонын жазып жібере салшы, айналайын. **Әз. Н.**

### Қымбатты ҒАБЕКЕ!

Өзің құрастырған Есенәлиев туралы естеліктер кітабын алған бойда оқуға кірісіп, бүгін бітірдім. Қатардағы қарапайым кітаптарды оқығандай емес. Адам туралы, Азамат туралы әсем ән тыңдап, ғажайып күй естігендей болдым. Ән мен күйдің әсерлі болмағы Объектіге байланысты екені өз алдына ғой. Ал сол Объектіні аялап, әлпештеп, инемен құдық қазғандай немесе шыңыраудан шөмішпен су тартқандай болып, ел аузынан естеліктер жинап, ала-құла жазылған ол естеліктерді ерінбей елеп, елеуіштен өткізгендей болған құрастырушының қызметін айтсаңшы! Бұл кітапта 4-5 жазушының ғана жазғандары жүр. Жазушылар жаза біледі ғой, әрине. Ал жазуға жаттықпаған қырық шақты автордың әр сөзін түзеп, әр сөйлемін «күзеп», абзацтарын азайтып, көркемдеп, көркейтуге қаншама қажыр-қайратың жұмсалған десеңші Сенің!

Қазіргі жұрттың бәрі пайда көздеп, ақша аулайды: алсам екен, асасам екен деп жанталасады. Білімді, білікті, атақты, ардагер деген адамдардың көбі, сол сияқты ширенген шенеуніктердің бәрі шетінен қамқор емес, жемқор болып алды. Олар тіріні қадірлемейді, өліні ардақтамайды, өздерін ғана аялайды.

Ал, Сен болсаң: «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» демей, өшкенді тұтатып, өлген асылды ардақтауға аянбай қызмет етесің. Бір тиын ақы тілемейсің, жаным қиналды деп жабырқамайсың. Мінеки, мына ардақты Азамат Есенәлиев туралы Сен құрастырып шығарған әсем естеліктер жинағы соның айғағы!

Жалғыз бұл кітап қана ма? Қазақтың ардагер асылдары Әнуар Әлімжанов, Сағат Әшімбаев, Әди Шәріпов туралы естеліктер жинақтарын да құрастырып шығардың. Сен болмасаң олар жайындағы тамаша естеліктер шығар ма еді, шықпас па еді? Бәлкім, кейбірінің шықпай қалуы да ғажап емес еді. Әдебиет пен мәдениетті мансұқ еткен мына заманда кімді кім елеп, ескергендей?!

Міне, осы адамгершілігің үшін, азаматтығың үшін, ақылдылығың үшін мың рақмет, бауырым, Саған!

Үй ішіне – қымбатты Задаға, ардақты Әзекеңе ағалық, аталық сәлем!

Зор құрметпен, – **Әз.Н.**

*21. IV. 2001 жыл.*

***Қытай Халық Республикасы, Шыңжан-ұйғыр автономиялы ауданы, Майтау қаласы, 3-қазақ орта мектебі  
Талғат ӘРІНҰЛЫНА***

### **Құрметті ТӘКЕ!**

«Егемен Қазақстан» газетінің бетінен Сіздің хұснихаттарыңыз туралы мақаланы оқып, Сізді дереу іздестіріп, ақырында мақала авторы Қайнар Олжайдан әдірісіңізді алып, осы хатты жазып отырмын.

Хұснихаттарыңыз маған ғажап ұнады! Ендігі айтарым: Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап сол хұснихаттарыңызды жеке кітапша етіп шығарайық, жаңадан қосқаныңыз, әлі де қосарыңыз болса, бәрін де бізге поштамен салып жіберіңіз. Немесе, бұл жаққа жолыңыз түссе, алып келіңіз.

Кітапшаңызды шығарған соң қаламақысын қолма-қол төлеп береміз.

Жауабыңызды тезірек жіберіңіз, күтеміз.

**Ізгі тілек жолдаушы – Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,  
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, Аударма алқасының төрағасы.**

*22.06.1994 ж.*

(Хаттың көшірмесін Шыңжанмен жиі байланысып тұратын ақын Нүкеш Бәдіғұловқа табыс еттім, ол жақын арада жеткізетінін айтты).

## Құрметті ҒАБА!

Мені іздестіріп, арнап жазған хатыңызды тапсырып алдым. Рахмет! Қолжазба 12-айдың 19-күні алматылық Аблез Рахымбайұлы арқылы Сіздің атыңызға жолданды. Табыс еткен де болар. Әлі де кем жерлері көп. Аманшылық болса, тезірек барсам бірлікте толықтырсақ деп ойлаймын. Тезірек шақыртсаңыздар. Мен 1942 жыл 3-айдың 18-күні туғанмын. Туған үйімнің әдірісі: Шиңжан, Қарамайлы қаласы, оқу-ағарту мәлесы, 19-22 үй. Қызмет орным: Қарамайлы қалалық 2-орта мектеп. Хатты мектепке жазсаңыздар тез тиеді. Паспорт нөмірінің көшірмесін жібердім. Сізге денсаулық тілеп: құрметпен, – **Төкен АҚБАЕВ.**

*19. 01. 95 ж.*

### *Семей қаласы. Медеу СӘРСЕКЕЕВКЕ*

#### **МЕДЕУ!**

Хал-ахуал қалай? Үй-ішіне мың да бір сәлем! Біз – құдай деп жүрген жұртпыз. Реті келді-ау деп саған мына бір жәйтті айтқым келді:

«Қуғындалған «Сәтбаев» шықты. Дұрыс. Оқырман пікірі онды. Бүгінде Д.Қонаевты періште етіп көрсету деген мақсат барын аңғарып жүрміз. Ағайын-туғандары атсалысып-ақ келеді. Ол ақсақалдың халық алдындағы жақсы еңбегі ешбір насихатсыз да көпке мәлім, өшпейді, Қазақстанның тарихында қалады. Ал Қанекен мен Сәкен Сейфуллинге қалайда қабағы жібімей өткені – және ақиқат. Қанекенге қатыстысын өзің айттың, 100% болмаса да, жақындаттың – жалпы түсінікті. Сол себепті кітәбінің қолжазбасын редактордан кейін өзім мұқият



оқыдым. Бәріміз де пендеміз, оның үстіне жас шіркін 60-ты маңайлаған соң өзіңнен де ептеп лепіріңкіреп, мақтау тілеңкіреп кететін кездерің болады екен, бастан кеше бастады бірақ мен ол пәлені еркіне жібермеспін деп ойлаймын, кім білсін. Ал сен еркіне жіберіп алыпсың. Мына эссеңде. Қанекеннің жолымен жүргенде, көзкөргендермен кездескенде өзіңе көрсетілген құрмет – Қанекен аруағына көрсетілген құрмет екенін ұға тұра жасыңқырап, не ішіп, не жегенінді, не дегенінді тәптіштеп кете беріпсің, сөйтіп негізгі тақырыптың жүгін жеңілдетіңкіреп алыпсың, мен қолжазбадан тек сондай тұстарды қысқарттым. Бір ғана ыңғайсыздығы – түсіп қалған 171-211-бет аралығы сенің еңбегіңе қиянат, кәдімгі иттік екендігі. Өзің ренжіген соң түпнұсқаны алдырып тексертсем, баспаханаға жіберілмейтін 2-дананың арасында жатыр! Редакторға да, басқасына да айтарымды айттым, бірі жұмыстан кетті, бірі енді қайтып менімен бірлесіп кітәп шығара алмайтын болды. Тиын-тебендерінен де қақтым. Амал не, «жау кеткен соң...» Осы иттігіміз үшін өзіңнен тағы бір мәрте кешірім сұраймын. Сол қалып қалғанның түпнұсқасын, міне, өзіңе жолдап отырмын. Әрі көзің жетсін, дүдәмәлің азайып, әрі қайта бастырар сәт келсе, бұл керегіңе жарар. Менің қысқартқан тұстарымда кінә-күнәм жоқ сияқты.

Әзірше хабар-ошарым осы.

Отбасың аман, денсаулығың мықты болсын!

**ҒАББАС.**

*Алматы, 30. III. 95.*

**Уважаемый тов. Г. КАБЫШЕВ!**

Очень признательны Вам за отклик на статью С.С.Смирнова «Великое недавнее». При первой же возможности постараемся познакомить Сергея Сергеевича с содержанием Вашего письма. Редакция намерена продолжать разговор об Отечестве, начатый В.Песковым. Будем иметь в виду и Ваши размышления по этому поводу.

**В. ЧИКИН,**  
редактор отдела пропаганды  
и публицистики редакции  
газеты «Комсомольская правда».

*11. 04. 1996 г.*

***СЕЙІТ КЕНЖЕАХМЕТОВТІҢ ХАТТАРЫ*****Қадірлі ҒАБЕКЕ!**

Сау-саламат жүрсіз бе? Жаңа жыл құтты болсын! Бұл хатты жазып отырған хабар-шарсыз кеткен ініңіз Сейіт деген болады. Оның себептері көп. 94 мен үшін ауыр жыл болды. Машинадан аударылып омыртқаны сындырып 5-6 ай жатып қалдым. Құдай сақтап аман қалдым. Ерік-жігердің арқасында тұрып кеттім, таяқты тастадым.

Жоғары білімді офицер (милиция) ұлымның пистолеті абайсызда кабинетінде атылып, адам өліп, одан тағы 5-6 ай азап шектім. Баламның ауруы анау ауруымнан басым болды. Бірақ катеден болғаны, жігіттің жақсылығы арқасында аман-сау құтылды. Егер өзі талап етсе, жұмысына да қайтарылатын сияқты.

Өткен жылы салт-дәстүр туралы кітапшам (4 б.т.) («Ана тілі» б.) шықты. Жеке мектеп аштым. Салт-дәстүр, ел тарихы, араб, латын жазуы, тіл өнері, ислам діні,

т.б. оқытамын. Өзіммен 3 ұстазым бар. Бұған ел ризалық білдіріп отыр.

Ит етектен алмай жүрмейді, өзім жатқанда дұшпандар арыз ұйымдастырды. Бірнеше жерде жұмыс істейді, мектеп ашты, т.б. дегендей. Сосын облыстық «Қазақ тілі» қоғамын өзім тапсырдым. Қазір институтқа оқытушы болып орналастым. Жалақысы аз. Өз мектебімде де жалақы аз.

Арқалыққа келгенде Қалдарбекке жолықтым. Егер жазушыларға Одақтан стипендия берілетін болса, естеріңізде болар. Былтыр көп жақсы кітабымды сатып жібердім. Үйде 3 студент оқиды, олардың 3 сәбіі бар. Әржағы түсінікті ғой.

Денсаулық, көңіл-күй қалыптасып келеді.

Сәлеммен, – **ініңіз СЕЙІТ.**

*459830. Арқалық. Ленин көш. 82-29*

*27. 02. 1995 ж.*

### **Аса ардақты ҒАБЕКЕ!**

Сізге мың сәлем!

Хатыңызды алып, қуанып қалдым. «Осы тіршілік жарайды ғой» деп отырмай, зор жұмыс жасап жатқаныңыз – бек жақсы іс. Сәттілік, табыс тілеймін!

Осекеңнің жинақтарын шығаруыңыз – үлкен азаматтық. Көзі тірісінде де шыққан жоқ. Тиражы қандай болар екен?

«Қожанасырыңыз» сол Қожекең атамдай өмірі ұзақ болғай. Біздің жаққа ондай газет түгілі, құдайдың бұйрықты газетінің өзі (жазылған газет дегенім ғой) зорға жетеді. «Қ.Ә.» газеті бір жетіден кейін келеді. Шыққасын хабарласамыз ғой.

«Ана тіліндегі» дүниеге назар аударғаныңыз маған да жақсы болды. Биыл «Ана тілі» баспасынан жеке кітап болып шығады. Жалауға қайталап жіті қара деп айттым.

Сосын маған ғылыми атақ беру жөнінде әуреленбей-ақ қоюыңыз керек еді. Мен оны іздеп және оған талаптанып жүргенім жоқ. Және қазіргі алған атақ күлкілі болып кетті ғой. Бәрі академик, доктор, т.б. Этнографияны мен атақ үшін емес, кейінгі жастар білсін, үйренсін деген ниетпен ғана жазып жүрмін. Адақты маған өз институтын алып беруі немесе ізденуі керек еді, олар қозғала қоймады. Бірақ осы институтта менен басқа ғылыми еңбек немесе ғылыми жинақ, кітап шығаратын адам жоқ. Маған еңбектерім жарық көрсе болды. Және ол еңбектерім құдайға шүкір, жарияланып жатыр.

6-7/VII-ден бастап демалыс алғалы отырмын. Астанада боламын біраз уақыт. Балалар сонда ғой. Демалысқа шаршап жеттім. Жұмыс ауырлау болды. Жұмыс деген қолды босатпайды. Енді жеңілдетемін-ау деп отырмын. Сәті біледі.

Үш ұлым Астанада тұрады. Жақсы үй салып, биыл толық бітіреді. Ойым сол – Астанаға көшу. Достарым бәрі де сонда барды ғой. Жазушыларды айтамын. Ақселеу, Қойшығара, Фариза, Қайрат, Тұрсын, Серік, Қонысбай, Жомарт... бәрі сонда. Арқалықта институттан басқа ештеңе қалған жоқ. Достардың бәрі жан-жаққа тарап кетті.

Шамам келгенше жазып жатырмын.

Сіздің «Қожанасырыңызға» әңгіме, өлеңдер іріктеп жібердім, ескісі, жаңасы, жақсысы, жаманы бар дегендей, өлеңдерін қоса.

Осекеңмен (Нұрсұлу) үшеуіміз түскен суретіміз бар еді, іздеп жатырмын (1963 жылы). Естелікті де жазамын. Өзім немерелі болып Астанаға бара жатырмын. Сонда біраз боламын.

Хабарласамын.

Үмбетбайға көрсеңіз мың сәлем. Ол жақсы ғой!

**Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ.**

06.05.01.

Адрес: Арқалық, Абай даңғылы, 82, 17 пәтер. Үй тел.: (831430)7-05-88.

**Қымбатты ҒАБЕКЕ!**

Ассалаумағалейкүм!

Өзіңіздің, жеңгейдің денсаулықтарыңыз жақсы ма?  
Және соған тілектеспін!

Мен де Арқалықта арқырап жүретін едім, қазір жарқырап жүретін болдым. Өйткені осыдан 2-3 күн бұрын ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері» деген атақ алып, оның белгісін тағып алдым. Сөйтіп бұрынғы 32 жыл тұрған қалаға сыймай, алдағы декабрь айы басында Астанаға көшемін деп қанатымды қомдап отырмын.

Мұның бәрін айнытпай айтып отырған себебім: жоғарыда аталған награданың бас иесі Сіздің өзіңізсіз. Ағалық, шығармашылық қамқорлығыңыз үшін екі мың да бір рахмет айтамын. Рахмет Сізге, жан аға! Мұнымен қоймай, Құрмет грамотасын (бұл да сол министрліктікі) қосып алдым. Сол күні 5-6 күншілдердің әкелері «өліп», денесіз «жерленді». Сөйтіп менің бақталастарыма біреуі де тимей жатқанда мен екеуін бірдей алып дұшпандардың көзіне де, аузына да құм құйылды. Біздің институттың құрылғанына 30 жыл толу салтанаты болған. Әлгі наградалар сонда тапсырылды. Театрда өткізіліп, жұрт қатты қол шапалақтады. Ана сорлылардың беті, көзі қып-қызыл болып шықты. Сөйтсе әлгі көп шапалақтар солардың беттеріне соққы болып тиген екен-ау...

Ғабеке, Сізге риза болып жазып отырғаным ғой. Мен ғылыми атақ, медаль дегенге мүлде қызықпаймын. Осы уақытқа дейін бір медаль, орден алып көргенім жоқ. Мынау менің бірінші наградам. Менің мақсатым – денсаулық және кітап жазу ғой. Жақында «Ана тілі» баспасынан «Жеті қазына» деген этнографиялық еңбегім екі кітап болып басылып шықты. Баспа директоры Жақау Дәуренбеков деген жігіт азаматтық жасап, менің дүниелерімді шығарып жүр. Мен бұл азаматқа өте ризамын.

Биыл зейнеткерлікке шыққанмын. Астанадан балаларым маған арнап өз қолдарымен үй салып шықты. Жеке үй. Көлемі 150 шаршы метр. Жақында көшемін. Соғымға қарап отырмын.

Жалпы денсаулығым жақсы. Бұйырғанын жазып жатырмын. Әлі жарық көрмеген сықақтарым мен этнографиялық дүниелерім бар. Кейін бәрін жинақтаймын.

Институт жұмысын декабрьде тапсырамын. Мұндағы үйім де жақсы еді. Оны осында жұмыс істейтін балама қалдырдым. 100 ш.метр ортада, жылы, көркем үй. Жақында 30 жылдыққа Қостанай, Көкшетау университеттерінің ректорлары келіп, маған лекция оқыңыз деп шақырып кетті. Барамын дедім.

Алматыдағы біздің Үмбетбай дәу қалай? Әлі сол асықпайтын қалпы ма? Бұрыш қосса жылдамдық қоспас па екен, сұраңызшы. Біздің түк жоқ Арқалықта бұрыштың түр-түрі көп.

Сон-а-ау, Шалқардағы Төкеңмен төтелей сөйлесіп тұрамын. Қарызға хат жазысып та тұрамыз.

Міне, Ғабеке, ініңіздің жайы осындай. Осы отчетымды қабыл алуыңызды өтінемін. Осы жазғаным шаршатса дамыл алуыңызды өтінемін.

Сағынған және дұғай-дұғай сәлеммен, **СЕЙІТ** деген ініңіз ғой.

*11.11.02.*

### **ҒАББАС АҒА!**

Амансыз ба, үй-іші, бала-шаға, немерелер қалай?

Балам – Саят бір себептермен кешігіп, беріп жіберіп отырмын. Жүкеннің кітапқа өзі қойған аты «Мен таныған шындық» болатын. Берік Садыров жинақтауға көмектескен-ді. Күнделігінің бір жеріне Жұматай: «Мен

таныған шындық» деп атауым астамшылық болар. Шындықты танып-білу мүмкін емес қой» деп айныған екен. Бірақ, өмірінің соңғы күндерінде: «Кітаптың атын, бөлімдерін тегіс жазып қойдым, солай шығарарсың» деген еді. Беріктің қолайлағаны мына алғашқы бөлімінің тақырыбы. Тым шұбырыңқы көрінеді маған, әрі жадағай «Мен таныған шындық» айғайлап тұр, әрі жинақы. Сіз осы тақырып туралы не айтасыз?

Аға, Жүкең бір жазғанын қайта-қайта шиырып үш жазушы еді, дерті жанына батып, мына дүниелерге орала алмады. Кей жерлерін ұштаймын десеңіз, қарсылық жоқ.

Жүкең мінез жағынан Сізге сәл-пәл ұқсайды. Сондықтан да кітабына пікірді Сіз жазсын деген шешімге келген едік. Жүкеңмен бір-ақ рет кездесіп, сол әсеріңізді мөлдіретіп бере қойған екенсіз. Үлкен рахмет. Сізге қайрат, денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін.

Алыстан тілегіңізді тілеуші келініңіз – **ӘМИНА.**

*18.02.04.*

Аға, мына қаламды Жүкеңнің 55 жасқа толған туған күніне сыйлап еді, Сізге ескерткіш болсын.

\* \* \*

Алдым. 22.02.2004.

Ақмоладан – Сабыржанұлы Жұматайдың зайыбы – Әминаның хаты.

Жинағын «Мен таныған шындық» деп атау дұрыс, Жұматай өзі құп көрген екен деп біліп (ұсынып), алғы-сөз жазып бердім. **ҒАББАС.**

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитеті**

*Алматы қаласы, «1-Самал», 10-үй, 60-пәтер  
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА*

**Құрметті ҒАББАС АҒА!**

Сіздің ұлтжанды азамат, үлкен ағамыз ретінде қазақ спортына, оның болашағы елден шыққан жастардың аяқ алысына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетіп жүргеніңізге ризамыз. Сіздің Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің атына 26.10.2004 ж. жолдаған хатыңызда сұраған спортшыңыз Ержан Шегенов расында да, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 1995 және 2001 ж.ж. екі дүркін әлем чемпионы, әлем Кубогының иегері, 1994 және 1998 ж.ж. Еуропа чемпионы және 1998 ж. Азия чемпионы, болашағы зор әрі еліміздің намысын ірі жарыстарда қорғап жүрген азамат. Біздің тарапымыздан оған жоғарыдағы табысы үшін 2001 жылы кик-боксингтен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» атағы берілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Т.Ж.Абайділдинге Е.Шегеновтің материалдық жағдайын жақсартуға қолдау көрсету жөнінде хат жолдады. Облыс Әкімі біздің ұсынысымызға сәйкес, оған Өскемен қаласы, Өтепов көшесі 20 үйден, 64-ші пәтердің ордерін тапсырды. Қазір оны өскемендік бапкер К.Мусин жарыстарға жаттықтырып жүр.

Спорт істері комитетінің басшысы ретінде елден шыққан талантты жастарға қашанда назар салып, оларға қолдан келгенше жәрдем көрсетеміз деп сендіремін.



Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілеймін.

Құрметпен, Комитеттің Төрағасы –

**Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ.**

*03. 12. 2004 ж.*

### **Құрметті ҒАБЕКЕ!**

Алдағы наурыз айының 18 күні жерлес, сатирик жазушымыз Төрежан МӘНДІБАЙ 60 жасқа толады. Ол ауданымыз бойынша атап өтілмек. Осыған орай жазушы туралы төмендегі сұрақтар бойынша өз ой-пікіріңізді жазып жіберуіңізді сұраймыз.

1. Сіз Төрежан Мәндібай деген сықақшыны білесіз бе?

2. Оның қандай шығармасын білесіз, ұнады ма? Негімен ұнады?

3. Сіз оны қай деңгейдегі сықақшы деп ойлайсыз?

**Аудандық «Шалқар» газетінің редакциясы.**

*04.03.97 ж.*

### **«ШАЛҚАР» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА**

#### **Құрметті Редакция!**

Хатыңызды бүгін, наурыздың 4-і күні алып, дереу жауап жазып, почтаға тұра жүгіргенімді осы хатыммен куәландырамын.

Ал енді үш сұрағыңызға үш шақты жауап берейін:

1. Әзіл-сықақтың жағын айырып, имансыздарды ит қылып жүрген Төрежан Мәндібай баласын атамзаманнан бері білем. Дәл қай жылдың қай айында, қайсы кү-

нінде, қай жерде, қандай жағдайда кездесіп, қалай, қайтіп танысқанымыз жадымда жоқ, сол себепті ешбір цифр-мифрды көлденеңдетіп әуре-сарсаң жасамауды жөн көрдім. Әйтеуір, Төкеңмен қаламдас еткен тәңірге өле-өлгенімше ризамын!

2. Барлық шығармасын білемін. Кітәп болғанын да, гәзет-журналдардың бетінде жатқандарын да, тіпті осы мерейтойынан кейін жазатындарын да жақсы білемін. Біздің – сатириктердің – тіліміз сөйлеуге келмей қалғанынша, қолымыз қалам ұстауға жарамай қалғанынша қырқысатын, жүлқысатын «достарымыз» біреу, олар – арысыздар! Төкеңнің сол «достарымызды» басында бар ма, жоқ па деп «қатты сыйлайтынына» сүйінемін.

3. «Деңгей» дегенді дәл бұл мерейтойда ұмыта тұралық. Бәріміз жиылып анау Арал теңізінің деңгейін көтеріп алуға құлшынсақ – сол да жетер. Төрежанның деңгейі – қалың оқырманының қошеметі. Жасы АЛ-ПЫСҚА толуын тойлауды ұйғарғандарыңыз – қошеметтің көкесі. Осындай қошеметтің алақанына салып аялап, Төкеңді шаршатпай, шалдықтармай ЖҮЗ жасқа алып барсаңыздар, Сіздерге Қазақ Сатирасы әбден риза боларына бек сенемін.

Тойларыңыз, тойыст, Тойларымыз құтты болсын!

Төке, қаламың мұқалмасын!

Ескеріп назар аударған, сауал жолдаған «Шалқарға» һәманда тек жақсылық тілеймін!

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

*Алматы, 09. 03. 97 ж.*

*Әбділда аға ТӘЖІБАЕВҚА***Ассалаумағалейкүм, ӘБЕКЕ!**

Хал-ахуалыңыз жақсы ма? Балалар есмен-сау ма?

Әбе-аға, Сізге осы хатты жазу себебім мынау еді: Мұхтар Әуезовтің мерейтойына арнап «Сайыңнан сай-ғақ құрлы сая таппай...» деп Мәди әуенімен мақала-хикая жаздым. Биылғы 20-қыркүйектегі санында. Онда Мұханның 1953 жылы Мәскеуге кетіп қалуы қалай ұйымдастырылғанын айттым, ұмытып барады екенмін – «Егемен Қазақстан» газетіне. Неге сүйсініп әңгімелегенім ашық баяндалды. Енді «Мұханды Әнуардың тобы емес, Әбілда Тәжібаев аттандырған» деушілер; «Жоқ, Ысқақ Дүйсенбаев құтқарып жіберген» деушілер шығып жатыр. Әнуардың айтқанын «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының сол кездегі қызметкерлері түгел тыңдағанбыз. Ол аэропортқа жасырын жеткізген мәшине иесінің аты-жөніне дейін айтқан. Бұл жәйтті білетіндер, құптаушылар біраз кісі; бірі осында, бірі басқа облыстарда тұрады, хабарласпын. Менің Әлімжановқа сенбес себебім жоқ, өйткені оның біреуді алдағанын, өтірік айтқанын ешкімнен естіген емеспін. Ал Сіз құтқарды деп жүрген – Дүкенбай Досжанов. Мен оған сенбеймін, өйтуіме негіз бар. 1990 жылы мен Жазушылар одағында партком хатшысы болып тұрғанымда Дүкенбайдың үстінен үш шағым түсті: бірі – Республикалық ұлттық кітәпханадан, бірі – милициядан, бірі – Дүкенбайдың көршісінен. Үшеуі де анық фактілі, Ұлттық кітәпхананың «Жаңа кітәптар» сөресіне қойылған кейбір кітәп жоғалып кете беріпті де, ақырында оған жасырын күзет қойылыпты. Сөйтіп, бір күні Дүкенбай сөреден Сафуан Шәймерденовтің, Қабдеш Жұмаділовтің, Кәдірбек

Сегізбаевтың жаңа романдарын қойнына тығып алып дәретханаға кіріп кетіпті, аңдаушылар жетіп барса – Дүкенбай әлгі кітәптарды жыртып тұр! Дереву милиция шақырылған, акт жасалған. Ал көршісі: «Маған келген 90 сом ақшалай переводты одақтың доверенносімен алып қойыпты» деп шағыныпты. Рас болып шықты. Дүкенбай – доверенності өзі бланкіге жазып, хатшы Ұлықбек Есдәулетовтің қолын сыртынан қойып, барып 90 сомды алыпты. Осы жәйтті парткомда қарап, Дүкенбай мойындап, есеп карточкасына жазып қатаң сөгіс бергенбіз. Ұлықбек Есдәулетов кешірім жасамағанда «за подлог подписи» деп сотты болуы сөзсіз еді. Осындайдан кейін қалайша сенуге болады?

Сонымен, Әбе-аға, өзіңізге жүгініп отырмын. Мұхаңның, Әнуардың аруағы мен Мұхаңның Мәскеуге кеткен сапары жайында ақиқатты білуді талап етеді. Хикаямның екінші бөлігі бар, жартылай ғана жазып қойдым, өйткені кешегі СССР Жазушылар одағына Мұхаңның онда нақты қанша уақыт болғаны, нендей мәселелерді әңгімелегені жөнінде запрос жасадым, көмектесер деп ойлаймын.

Сізден, құрметті Әбе-аға, ақиқатты айтуыңызды өтінемін.

Сізге денсаушылық, творчестволық жаңа табыс тілеймін!

Дұғай сәлем жолдаушы інііз –

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

Әдресім: Алматы, 51, «Самал-1» шағын ауданы, 10-үй, 60-пәтер.

*24.X.1997 жыл.*

*Қадірлі Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА***Қарағым ҒАББАС!**

Сенің осы жылғы қазанның 24-де маған жолдаған хатыңды балалар кешіктіріңкіреп қолыма тигізді. Бастан-аяқ зейін қойып тыңдадым (көзім көрмегенсін хат, газет-журналдарды маған оқып беріп отырады).

Хатыңда 1953 ж. мен Мұханды құпия жағдайда Мәскеуге ұшатын самолетке шығарып салуға қатыстым ба деп сұраған екенсің. Оның барлық бүге-шігесін ұмытып қалдым. Бірақ, Әнуэр Әлімжановтың менің паспортымды алып билет алғаны, Мұханды шығарып салуға белсенді қатысқаны есімде. Ол кассирге менің аяғымның кемістігін айтып сылтауратқан болар. Мен де аэропортта болып, Мұхаңмен қош айтыстық.

Мен Мұхаңмен өмір бойы силасып өткен адаммын. Ондай қиындықта оған қол ұшын беруді мен өзімнің парызым деп санадым. Оған батылдығым да жететін. Ал марқұм Әнуэр біреуге істеген жақсылығын жағыну үшін емес, азаматтық борышым деп істейтін, бауырмал еді.

Сәлеммен, – ағаң **Әбділда ТӘЖІБАЕВ**.

*4.11.97 ж.*

\* \* \*

Ә.ТӘЖІБАЕВТЫҢ жауап хатын алдым.

Гәп бар.

1. Әбекең Мұханның кетуіне қатысы болмағанын мойындамайды. Әнуэрдің ұйымдастырғанын жасыра да алмайды.

2. Драматургиядағы қателіктерін сынаған Мұхана тіл тигізіп, әкесінен түсіп боқтағаны, біраз жыл өштесіп жүргенін бекерге шығармақ ниетте. Әбділхамит Нарымбетов ол жәйтті жақсы білетінін айтты маған. Ә.Тәжібаев

біреулерді салып жүріп, Мұханды әрең жібітіпті. «Өмір бойы силасып...»?

3. ҚЖО сол тұстағы басшысы Ә.Жаймурзиннің «ҚӘ» гәзетінде шыққан мақаласын оқысаң (1993 ж. ғой деймін), Мұхаң Мәскеуге кетіп қалмаған сияқты; ондай ештеңе болмады деп жалған сөйлепті. **ҒАББАС.**

*08.XI. 97 ж.*

### ***Әбділда аға ТӘЖІБАЕВҚА***

#### **Ассалаумағалейкүм, ӘБ-АҒА!**

Хал-ахуалыңыздың әрқашан шүкіршілікте болуына тілектестігімді білдіре отырып, Сізге мына екінші хатты жазуға тиіс болдым (бұдан кейін, әлбетте, мазаңызды алмаспын).

Мұханның Мәскеуге кетуіне байланысты хатыма жауабыңызды алғанмын, тек уақтылы рахметімді айта алмадым. Көп-көп рахмет, Әб-Аға! Бір жағдаймен Көк-шетауға кетіп едім, келсем И.Шәмшатов дегеннің мені жазғырып жазған мақаласы жарияланғанын естідім. «Заман-Қазақстан» гәзетінің өткен жылғы 51-санында. Оқыған боларсыз? Ол Сізге де, Дүкенбайға да адвокат болып, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин үшеуімізге «парасаттылық» туралы лекция оқыпты. Білімдарлыққа не дауа десеңізші! «Парасат» деген сөздің мағынасын түсініп, өзім, әйтеуір, адам болып қалдым. Шәмшатовтай ғұламаның табылғаны қандай жақсы! Осы пікірімді айтып, мен оған сол гәзет бетінде жауап бердім. Биылғы 9-қаңтардағы санында. Екі мақаланы да балаларыңызға оқытып тыңдарсыз. Ал менің бір ғана айтарым, Әб-Аға, мынау: Мен Сізге гәзет-журнал беті арқылы ашық хат жазған жоқпын, ақиқатты білу үшін өзіңізден ақыл-кеңес

сұрай жеке хат жаздым. Оны үшінші біреудің бассалып, мазмұнын баспасөзге беруі қалай? Кім рұқсат берді? Хат иесі менмін, мен ғана рұқсат ете аламын ғой? Заңда екі адамның, көздері тірі адамдардың арасындағы хат-пікірді жұртшылыққа жария ету үшін сол хат-пікір иесінен жаз-баша рұқсат қажет. Адам правосының сақталуы дегеннің бір нышаны ол. «Хат алмасу құпиясы» делінеді («тайна переписки»). Мұны профессордың білмегені ме, профессор басымен? Әлде оған басқалардың правосын аяқасты етуге право беріліп пе? Мен мұны одан заң жолымен, заң күшімен сұрамаққа оқталдым да, Әб-Аға, Сізді сыйлағандығымнан алдыңыздан өтуді ұйғардым. Егер ол профессор мақаласы шыққан гәзет бетінде «жеке мәнді хатының мазмұнын баспасөзге бергенім үшін кешірім сұраймын» дегенді айтпаса, онда мәселе заңға барып тірелуі әбден мүмкін.

Құрметті Әб-Аға, Сізге айтпағым осы еді. Есен-сау болыңыз!

Ініңіз – **Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

*16.01.1998 ж.*

\* \* \*

Арада апта өткенде Әбекеңді ЖО-да көріп, осы хаттағы жәйтті айттым. Ол «хатты алған жоқпын ғой?!» деп тандана жымыды да: Мұхаң, Мұхтар аға айтқан: – «Қапқан итті қаба деп аузымды былғар жайым жоқ», – деп, сен де сөйдей сал! – деп күлді. **ҒАББАС.**

### *Орал қаласынан хат*

#### **Құрметті інім, ҒАББАС!**

Алаштың азаматтары шоғырында аяқты нық басып дегендей, жемісті еңбек етіп жатырсыз ба? Солай да солай бола бергей. Отбасыңызға, әулиетіңізге аман-саулық тілеп, алыс аймақтан хабарласып отырған кәрия, апаңыз – Айсұлу. Біз де жүріп жатырмыз ғой.

Қарағым, Ғаббас! Жақында жазушы (ініміз) Қазыхан Әшенов деген ініміз: – Ғаббас Қабышевтың қайта-қайта қайталап тапсыруымен апай, сізге «Сөзстан» баспасынан жарық көрген «Мұқаңның мысқылы» атты 5 кітап жіберіп отырмын», – деп хабарлаған болатын. Міне, сол кітап қолыма тиіп, беттерін парақтап отырсам, төрт бірдей аруақты да арқалы талант иелері есімдері қатарында менің де аты-жөнім аталып, жинақ авторының бірі болыппын. Кездейсоқ уақиғадай, таңданарлық тамаша осы дағы. Апаңызды көкке көтеріп, білмегендерге білгізіп, таныстырып тастапсыз. Осыншама рақымшылдық істегеніңіз үшін менің айтарым: – Тәңірі аруақтарыңды қолдап, қолыңыздағы Қыдыр атаның киелі аса таяғындай қаламыңыз, творчестволық серігіңіз болып, жүйіткі берсін... Аналық жүрегіммен қол жайып, ақ батамды жолдадым:

Сырласқандай болдым ғой өмірменен,  
Екі айналып келсінші, сізге елу деген!  
Тағдырдың сізге берген тартуындай,  
Өткізші бір ғасырды келінменен!

Апаңыз ақын да, жазушы да, ғалым да емес, бірақ Құдай деген адаммын ғой. Тілегім қабыл болар, екі елу тілеген.

Қарағым, Ғаббас! 50 жыл жидашылықпен айналыс-



қан еңбегімді түсінер бір азамат болсайшы? Қазағымның ақыл-ой, парасатын айқындайтын көркем сөз үлгілерін – бабалар мұрасы десем де бес тиынға бағалар адам болмады. Мүмкін, өзімнің қарапайым, бұйығылығымнан да болар.

Менің 350-400 беттік тамаша, тың жинағымды қандай баспаға ұсынуға кеңес берер едіңіз?

Өнеге, өмір шежіре,  
Аталардың сөзінде.  
Оқысын деп кейінгі,  
Тірнектеп жидым кезінде, –

деп, жүріп жатқан жайым бар.

Құрметті інім! Бәр-бәріне кешірім сұрап, тілек тілеуші апаңыз –

**Айсұлу БИСЕНҒАЛИЕВА.**

*19.V.98 ж.*

### ***ХАСАН ОРАЛТАЙДЫҢ ХАТТАРЫ***

12. 03. 2000, Германия.

**Уағалайқумассалам, қадірлі ҒАББАС бауырым!**

Шынайы туыстық – қазақтың ықылас сезіммен жазған хатыңызды және жіберген кітаптарыңызды алып, Мюнхен қаласына жақын немістің бір ауылында отырған жалғыз үй қазақтың шалы ретінде қуандым. Иә, қуандым! Өйткені бүкіл өмірін шамасы келгенінше қазағым деген арпалыспен өткізген маған бұрын да, қазір де, өзім «Түрікшілдік дегеніміз – Қазақшылдық» деп сипаттап сенетін ұғым ең ардақты да, қасиетті мақсат-мұрат болды. Сіздің хатыңыздан да, кітаптарыңыздан да сол киелі мұрат-мақсат байқалуда... «Кадр мәселесін...

Мәселе шешеді» деген кітабыңызда келтірілген сонау коммунистік қызыл түнек айыға қоймаған 1988 жылы жазылған «Алматы Қазақстанның астанасы ма?» деген мақалаңыз соның куәлерінің бірі іспетті көрінді маған. Кітабыңыздың сол беттерін оқығанда, осы өткен 1999 жылы интернетте (Internette) (23.11.99) Қазақстандағы бір келімсектің ағылшын тіліндегі сандырағында баяғы озбырлық үйреншігінің әсерімен: «...Мен Алматыда Kirova мен Kalilina көшесінде тұрушы едім. Кеңсем де Dachnaya-да еді. Қазір менің көршілерім Бөгенбай Батыр мен Қабанбай Батыр деген қазақтардың өздері де білмейтін белгісіз біреулердің аты берілген көшелерде отыр. Дачная көшесі де кітаптары онша оқылмайтын Бегалин деген бір қазақтың атымен аталатын болған...» деп жазған арсыздығын ойға оралттым.

Менің естелігім «Елім-айлап өткен өмір» жөніндегі адал көзқарасыңызға рахмет. Онда баяндалғанындай, біздің осынау азап-ауыртпалықтары мол өмірді бастан өткізіп, талай өлімнен тірі қалып, өзіміз қаңғырып барған шет елдерде халық қатарына ілігуіміз және сол трагедиялардың деректерін шет елдерде жүріп қағаз бетіне түсіруіміз, оңай іс саналмаса керек...

Мен сізбен Қазақстанға барған он екі сапарым кезінде бет көрісіп таныспағаным өкінемін. Бұрын «халық жауы» делініп қаралған бір елге (өз елім болса да) барғанда, ондағылардың шеңберінен шыға алмай, солардың ықпалына орай жүруге мәжбүр болғаным да шындық. Мен қазақтың бұрынғы қаймағы бұзылмаған кезінде елден (Шығыс Түркістаннан) он алты жасымда кеткенмін. Қайран қазақтың сол бұрынғы ұлттық мінез-құлық адалдығын, арадан 35 жыл өткеннен кейін Шығыс Түркістанға барған үш сапарымда және Қазақстанда болған 12 сапарым кезінде өте жұтаңқы көрдім...

Қазақтың қайтадан ұлттық дәстүр, мінез-құлқына иеленуі, кем-кетігін толықтандыруы үшін, тарих бетіндегі

қазақ деген атының өшпеуі үшін, мына ҚҰДАЙ БЕРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БЕРІК ИЕ БОЛУ КЕРЕК. Барлық қиыншылық, ауыртпалыққа сол үшін төзуіміз тиіс. Енді бұдан айырылсақ, тарих бетінен өшіп кететін жағдайларға тап боламыз.

Шетте, қыста Германияда, жазда Түркияда отырып әлемдегі түрлі құбылыстарға назар аударғанда тәуелсіздікті берік сақтау барысында жалпы қазақтың, әсіресе ұлттық сана-сезім иесі азаматтардың кең ойлануы керек екені аңғарылады. Қазақ елінің жан-жағы бақталас халықтармен қоршалған. «Көк көзді жын ұясы...» батыстан, Оспан Батыр және серіктерін құртқан «сары қауіп...» шығыстан аранын ашып отырса, кешегі Кене ханның ата-бабасы мен өзіне жасалған санасыздықтың да «жау жағадан алғанда... етектен» дегендейін жасалуы ықтимал.

Осының бәріне назар аударғанда Қазақстанға «толық демократия» және басқалардан гөрі қазір елін, жерін, ұлттық тәуелсіздігін аянбай қорғай алатын ұрпақ тәрбиелеу ісі кезек күттірмейтін ұлттық міндет деп ойлаймын.

Басқаның бәрінің орыны толады, бірақ тәуелсіздіктен айырылып қалсақ, оған қайта иелену қиын.

Марқұм Әнуар Әлімжанмен кезінде кең отырып әңгімелесе алмағаныма армандамын. Естелігімде де ескертілгендей, ол кісінің «Қарасұңқар көпірі» және «Жазушы» деген еңбектерін мен өзім «Азаттық» радиосынан талдап тізбекті программа-бағдарлама берген едім. Ол кісі қазір Қазақстанда қайшыласып жүрген көп Мұстафа Шоқайшылар ауызын аша алмаған кезеңде ол туралы да ұлттық сана және батылдық байқатқан-ды. Иә! Енді қазір марқұм Міржақып Дулаттың «Қайда Едіндер?» дейтін әйгілі толғауын еске түсіретін істер көп... Өнекең жөнінде жинақ шығарып, еске алу ісіне мұрындық болуға тырысып жүргеніңіз құттықтарлық, азаматтық.

Жазда Түркияда боламын, қыста да осында, мүмкіншілік тапсаңыз келіңіз, әңгіме-дүкенін құрамыз.

*Түркиядағы мекен-жайым: 52 Sokak Nu.22 Ozdere-Izmir.*

*Telefon: 0090232-7974855;*

*Германия. Тел.: 00498106 23791.*

Туыстық сәлеммен, – **Хасан ОРАЛТАЙ.**

22.05.2000, Алмания

### **Қадірлі ҒАББАС!**

Соңғы хатыңызды алғаным бірталай болды. Олай-былай жүріп, біраз қыдырып жауапты кешіктіріп алдым. Кешіретсіңіз. Әлгі «коммунизммен» жалғасқан өмірде, мына іргемізде тұрған Парижге барып аралауға уақыт болмаған-ды. Таяуда сол жаққа барып келдім. Енді жаз жайлауға Түркияға кеткелі жатырмыз. Алдағы айдың оны күні осы жерден солай ұшамыз. Алла бұйырса, қазан айында қайтамыз.

«Жас Алаш» газетінен жіберген қиындығыз және туыстық сезіммен жазған хатыңыз үшін көп рахмет. Мен мына жазудың қолжазбасын жақсы оқи алмаймын. Келер хатта үлкен әріппен жазғайсыз.

Тоқтарға және басқа таныс-біліс туыстарға, сондай-ақ үй-іші, бала-шағаға дұғай сәлем.

Сәлеммен, – **Хасан ОРАЛТАЙ.**

Turkiye mekencay: HASAN ORALTAY.

53 Sok Nu.22. OZDERE – IZMIR. TURKIYE.

TEL.: 0090232-797 4855.

**Түркия. Хасан ОРАЛТАЙҒА****ХАСКЕ, ассалаумағалейкүм!**

Хал-ахуалыңыз жақсы ма? Денсаулығыңыз мықты ма? Жеңешеміз, іні-қарындастарымыз, немере-шөберелеріңіз есендікте ме? Ол маңдағы ағайындарымыз қуатты ма? Баршаңызға игі тілектестікпен хат жолдаушы ініңіз Ғаббас деген бір қазақпын ғой. Бұл жақтағы-елдегі біз Алла-тағаланың ризығын татып, орынша, қалыпша тіршілік етіп жүрміз. Алматыдағы таныс-туыстар аман-сау. Күніміз жылынуға бет алып, көктемнің төбесі көріне бастады. Шүкіршілік.

Сізбен хабарласуды ертерек ойласам да, оны-мұны күйбеңмен, эне-міне деп уақыттың жетегінде жүріп қалдым. Онда-мұнда жолаушылауым да болды және мына жолдаған кітәптәрімнің кешігіңкіреп шығуы да бір себеп, бұл шіркін екі-үш бөлініп басылды, алғашқыларын Әнекеңнің мерейтойы өтер өңірге жеткізіп бердім, одан соңғысын Мұханның өлкесіне деп буып-түйіп едім, дүние-ай, Семейде Мұханның аруағына сиынар әкім қалмағаны ма, күттіріп-күттіріп, ақырында жауап та бермей тынды. Оларға әуелде бағасы 150 теңгеден дедім, кейінде халықтың жағдайына қарай біразын текке бермек ниетіммен сәлем жолдадым, сонда да үнсіз. Е, мейілдері...

Өзімнің хикаяттарым да, Әнекең туралы жинақ та нашар шықпаған сияқты. Бұл – жолдас-жораларымның пікірі, ал гәзет-жорнал басшыларына ұсынбадым, бағалау тілеген болмайын деп. Өйтіп «жол іздейтін» әдетім жоқ-ты. Егер өздері дүкеннен сатып алып оқыса, не десе де еріктері білер. Бірақ алмас, – бізде кімнің қай ауылдан екенін байғызша бағып отыратын «дәстүр» әлі бар, амал не! Сондай рухани сырқаттың кесірінен Әнекеңнің 70 жылдығы жетім қыздың тойындай болып өтті: аудан басы «Абылай, ауыл басы «Абай» шығып, кей жуан

ортада аламан бәйге басына 1 миллион теңге тігіліп, ақар-шақар болып келе жатса, Әнекеңнің мерейтойында не бәйге, не айтыс, не күрес ауызға да алынған жоқ. Алматыда өткізілген жиналысына қылаяғы қаланың әкімі де қатыспады. Е, Хасеке, ішке симаған соң «зарлап» отырмын да. Мұнда орынды-ау деп айтқаныңды естір құлақ та қалмауға айналды. Тұлпарға мініп, тоқ портфель қолтықтап жүргенімде аузыма қараумен күн кешкендер енді «мақұл, көрейік, хабарласамызбен» сырғи береді-ақ. Бір-екі ескертемін де, одан арыда сөйлесуге зауқым соқпайды. Заманның өзгергенін көз көрді.

Осымен «өсекті» тоқтатайын, ә?

Кітәптардың қандай дәрежеде екенін өзіңіз бажайларсыз. Менің шүкіршілігім: 1. Мұханның тағдырына қауіп төнгенде қол ұшын беруге жараған шәкірті Әнекең болғанын халқымызға алғаш рет жазбаша жеткізіп бергенім. 2. Әнекеңді әлем танығанын мына естеліктермен және бір дәлелдегенім. Екеуінің аруағы риза болса екен!

Естелік жинақтан бүгінде өздерін өздері, немесе әлгі шашбаулаушылары «классик» деп жүргендердің ешбірін көре алмайсыз, себебі: мен ондайларды жолатпадым. Өтініш жасағандарымнан Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов қатыспады. Кезінде бір жолбикелер Әнекең мен Шыңғысты араздастырған еді, Әнекең кешірімділік көрсетсе де, Шыңғыс илікпеді деп естігенмін. Соны тілге тиек ете отырып, аруақпен есептеспегейсіз, жинаққа лебіз қосқайсыз десем де, Шыңғыс аға-екем жауап қатпады да, ал сол елде елшіміз болып отырған Шаханов оның қас-қабағын бағып қалса керек. Осындай да «ғажаптарымыз» бар.

Хасеке, ендігі бір ойым: «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппайды» сондағы қаламгер бауырларымыздың бірі түрік тіліне аударып, мүмкін екінші хикаятты да қосып, жеке кітап етіп шығара алмас па екен? Мен қаламақы іздеушілердің бірі емеспін, маған ондағы қазақ пен түрік ағайындарымыз күні кеше ұлы Мұхтар Әуездің өміріндегі ең бір қиын кезеңінде нендей күй кешкенін, Әне-

кеңнің ерлігін біле жүрсе екен деймін. Тың деректің көп-ке мағлұм болғаны жөн деген пайым ғой.

Енді «жырымды» тәмәмдайын.

Әрқашан аман-саушылықтарыңызға тілектеспін!

**ҒАББАС.**

*Алматы, 26.02.2001.*

### **Уағалейкүмассалам, ҒАББАС!**

Хатыңызды және кітаптарды алып өте қуандым. Қыста Мюнхен қаласының іргесіндегі шағын бір ауылда тұратын, жұма күндері ғана Жұма намазын оқу үшін қаладағы мешітке барып, басқа күндері уақыттың көбін ұлтыма қатысы бар кітаптар оқу, интернеттен бірдемелер іздеу және орман аралап елді-жерді қиялдаумен өткізетін жалғыз шалға, туған елінен, ондағы сіз секілді ұлтжанды үлкен азаматтан хат пен кітаптар алу расында зор қуаныш. Хатыңыздан сонымен бірге отбасыңыздың амандығын, өзіңіздің халқыңыз үшін ерен еңбек етіп жүргеніңізді аңғарып сүйіне отырып алғыс айттым.

Марқұм Мұқаң мен Әнекеңнің көзі тірісінде олардың алды-артынан жүгіріп жағымпазданған екіаяқтылар аз болмағаны анық. Ондайлардың онда, адамгершілік пен қазақтық қан жігерден көрі жеке бастарының пайдасын ойлағаны да түсінікті. Ал сіз бүгін, фаниден бақиға көшкен Қазақтың осынау ардагер тұлғаларын еске алып, олардың көмес қалған тарихи мән-маңызы өте зор істерін ортаға салып, ертеңгі ұрпаққа жалғастырып отырсыз. Бұл қызметіңізді таңда тарих, келер ұрпақ бағалайды. Сіз келтірген мәліметтер, марқұм Мұқаң мен марқұм Әнекеңнің аттары аталғанда ертең дереу ойға оралатын маңызды дерек болып тарих бетінен орын алары хақ.

«Әлем Таныған Әнуар» кітабын оқып шықтым. «Екі хикаятты» да оқып жатырмын. Азаттық радиосындағы Мерхат Шарыпжан мен Смағұл Елубайға телефон беріп, осы екі кітапты тыңдаушыларға таныстырыңыздар

деген өтініш айттым. Екеуі де «болады» – деді. Бірақ қызметтен кеткен шалдың өтінішін олардың орындап орындамайтындығын уақыт көрсетер.

Мен естелігімде де елестеткенімдей шеттегі қазақтардың жалпы кітаппен әуесі аз. Тіпті жоқ деуге де болады. Олардың кітап оқитындары жоқтың қасы. Ал олардың басым көпшілігі қазақша кітапты мүлдем оқи алмайды. Дегені кирилица жазуын олар танымайды және әдеби еңбектерді оқып түсінуге қазақшалары да жеткіліксіз. Ұрпақ алмасты. Шетелдіктердің көбі шет елдерде туып өскендерден тұрады.

Мен Қазақстандағы басқа достарыма да талай айтқан бір шағымымды сізге де айтайын. Көңіліңізге алып, тек маған айтылған сын екен деп қате түсінбеуіңізді өтінемін. Бұл жеке сізге ғана қаратылып сын үшін айтылып отырылған іс емес. Өзіңіз де байқайтын шығарсыз, Қазақстандағы үлкенді-кішілі барлық жазушылар мен журналистер, орысшадан бір үзінді алғанда, қазақша мақалалары мен хабарлары және еңбектеріне оны сол орыс тіліндегі күйінде қосады. Сөйтіп олар, әлемде орысша білмейтін қазақтар да бар екенін ескермейді. Басқа елдерде өзге тілдерден ондай үзінді алынғанда, қажет саналса оның оригиналы тек төменде ғана (post note-да) көрсетіледі.

Қазақстандағы жазушылар арасындағы ұнамсыз қылықтар Қабдеш Жұмаділдің естелігінде біршама әңгімеге арқау етілген. Сіз де елестетіпсіз. Соның бәрі отаршылық озбырлық астындағы өмір әкелген сұмдық сияқты. Оның сарқыншақтарының зардабын мен де аз тартқаным жоқ.

Мамырдың аяғында Түркияға барамыз. Алла бұйырса қазан айына дейін сонда боламыз. Ондағы Қазақстаннан келіп оқып жүрген жігіттердің ішінен ыңғайлы біреу тапсам, кітапты түрікшеге аудару туралы тапсырма беремін. Болмаса, бір мақала жаздыруға тырысамын.

Өзіңізге, отбасыңызға және барлық Ұлтжанды туыстарға да сәлем ұсынушы, – **ХАСАН**.

*12. 03. 2001 ж.*



**Құрметті ГАББАС аға!**

Ең басты сізге шын жүрегімнен рахмет айтқым келеді!

Сіздердің хаттарыңыз біздің отбасымыз үшін, әсіресе абақтыда отырған Ғалымжан үшін, ауадай қажет. Сіздерден келген әрбір хат, жылы сөз Ғалымжан үшін үлкен тірек, рухани дем береді. Бүгінгі күнде Ғалымжанның хат алуға мүмкіндігі бар, ал хатқа жауап қайтаруға мүмкіншілігі жоқ. Өйткені барлық хатқа жауап жазып жіберсе де, түрмеде сіздердің хаттарыңызды ұстап, «цензор» деген бәле қарағанша көпке созып, бермеуге тырысады.

Тым болмаса, он жастағы ұлы Ележанына жазған хаттарын да бүгін «бұлар» көп көріп отырғаны ғой... Сіздердің хаттарыңызды жинап, оқып мен барғанда сақтап қой деп маған беріп жібереді. Сіздердің хаттарыңызды үйге келген соң оқып отырып, өзімнің де көңілім босап, сіздерге хат жолдауды жөн көрдім.

Қол шоқпар болған, әділетсіз сотпен бас бостандығынан айырылған Ғалымжан үшін, сіздердің хаттарыңыз аса зор қажет.

Осындай заманда аға-іні, әпке, қарындас болып иықтарыңызды тіреп, жұбаныш жылы сөз айтып, уақыт тауып, Ғалымжанға хат жолдағандарыңызға мың да бір рахмет!

Сіздерге деген ризашылық ізгі ниетпен, Ғалымжанның жұбайы – **Қарлығаш ЖАҚИЯНОВА.**

*29 февраль, 2004 жыл.*

### Қадірлі ҒАБЕКЕ!

Ассалаумағалейкүм! Ғабеке, жетпіс жасыңыз құтты, берекелі, мерекелі болсын. Басыңызға амандық, асыңызға адалдық, отбасы бақытыңыз арта берсін!

Сізге хат жазушы сонау Маңғыстаудағы тілектес Әзірбайжан деген ініңіз. Сізбен бала күнімнен сырттай таныспын. Көптен бері әзіл-әжуа төңірегінде ат шалдырып жүрген жанмын. Көп жылғы еңбегімнің қорытындысы ретінде 2003 жылы «Ойбай – ғана құдай-ай» атты кітабым жарық көрді. Биыл соңғы жылдары жазған «Күлеміз-ау, күлеміз» атты кітабымды дайындап, баспаға жіберіп отырмын. Қаржы мәселесі шешілер деп отырмын.

Ғабеке, мен сіздің кітаптарыңызды көп жылдан бері жинап, төрімде сақтап келе жатқан жайым бар. Сіздің менде «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Бұл әлгі кім ғой», «Тарихта қалғың келе ме?», «Мысықта сақал неге жоқ?», «Көлденең кітап», «Сағыныш сазы», «Арыңның сөзін айта біл», «Халіңіз қалай?», Ә.Несин «Футбол королі», Ә.Несин «Әңгімелесе отырыңыз» деген кітаптарыңыз бар. Ғабекеңнің жаңа кітаптары болса мына балама ала кел деп отырмын.

Ғабеке, егер уақытыңыз болып, мүмкіндік болса, менің мына болашақ дүниеме тілегіңізді айтып, ақ батаңызды өте қысқа түрде жазуды өтінемін. Бұл дүниелер негізінен республикалық баспасөз беттерінде жарияланғандар.

Мазалағаным үшін, ғафу етіңіз!

Сәлеммен, – **Әзірбайжан ҚОНАРБАЕВ,**  
**Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы,**  
**Шетпе кенті, аудандық «Жаңа өмір»**  
**газеті бас редакторының орынбасары.**

*Тел.: № 8132939 2-13-58,*

*11 мамыр, 2005 жыл.*

\* \* \*

Хатты баласы Аллаберген алып келді.

Әзекеңнің лебізіне рахметімді айттым. Тілегін орындадым. **Ғ.**

## САДЫҚБЕК АДАМБЕКОВТИҢ ХАТТАРЫ

### «Құпия хаттар» кітабынан

#### СЕН СЫРЛАС ҒАББАС ЕДІҢ ҒОЙ...

Біз, екеуміз қандай сырлас едік, адам үшін де, заман үшін де қанша ауыр күрсініп сөйлеспедік. Соның бәрі күндердің күнінде көрген түстей болды. Жабық есіктің ішінде маған жабылған қара шапан көңілге қара дақ қалдырды. «Япыр-ай, мына сұмдықты кім ойлап тапты, Ғаббас қалай білмеді» деген күдік менің ашық көңіліме күнде қара бұлт боп орала берді...

...Өмірде көрген жалғыз бақытым, ауылда той дүрілдеп жатқанда, бір топ адамның ішінде:

– Бұл тойға Қалдарбек емес, Ғаббас келуі керек еді, бұл жігіт сараңдық істеді, – деп қасымдағы Тұтқабайға қарадым. Ол жымысқы күлкімен бір мырс етті де:

– Сіз де, Сәке, адам танымайды екенсіз. Ғаббастан бір шапан жамылып едіңіз ғой. Сізге арнап мақала жазып бермеді Ғаббас. Содан кейін Серікке, Зейнуллаға арнап адам жіберген жоқпыз ба, – деп шекесінің терін сүртті. Дәл осы сәтте Серік пен Зейнулла біздің топқа жақындап келіп қалды да:

– Жалғасы келесі санда, – деп соларға бұрылдым, мен.

– О, Сәке, ненің жалғасы, бізден де сыр жасырады екенсіз ғой, – деп Зейнулла кәдімгі өзінің өнеріне сап күлді...

...Сонымен осы сөздің жалғасы аяқталмай қалды. Алматыға келдім де, оқ тиген сұңқардай қанатымнан қайырылып түстім. Содан бері аурудан ауру. Тойға құтты болсын айта алмай, өлгенге топырақ сала алмай, өзім де тірі өліктер қатарына қосылдым. Сен, алыстай бердің, алыстай бердің. Алматыда сегіз ай сергелдеңге түсіп

жүргенде бір қал-жай сұрамадың. Осының бәрі онсыз да бар досынан айырылып, қара жамылған жүрекке қасірет болып төне берді.

Мен «похоронный бюроның» бір көрқауы өлгенде сол марқұмды жерлеуге араластым. Сырбайдың басына құран оқып, төмен жаяу түсіп келе жатыр едім, бірінен соң бірі шығып, жұлқына сөйлеп жатқан топқа еріксіз назар аудардым. Бұл марқұм Кеңсайға жөнелуге-жерленуге жолдама алған себебі: өзіміздің Заманбектің бір жолдасының әкесі екен. Әрине, Заманбек сияқты жауапты адам емес, Балтабайда бірге оқыған кластас, рулас жігіт болып шықты. Мен, солардың сөйлеген сөздерінің екпінінен ұшып кететін ебелектей әсерде тұрдым. Бірлік, ынтымақ, байлық, қолтықты кеулеген мақтаныштың не екенін сезіп, таңдандым, әрі осы кезде қасымда сөз түсінер бір адам болмағанына өкіндім. Мен тоқтатқан таксист үнсіз қолындағы сағатын көрсетті. Бұл сурет саған да, маған да сахнада ой тастайтын мылқау көрініс болғандықтан айтып тұрмын, саған. Қорадан қотыр ешкі жоғалса да, иесі кешке қораға мал қамар алдында іздейді ғой. Ал, сендер бір жыл ауырғанда, мені өлі-тіріңмен жұмысың болмай, «Үйіңізге телефон соғып, таба алмай жүрсек, елге кетіп қалған екен» деген сөзіңе жылағым да, күлкім де келеді.

Ендігі бір толқынның басы-төрағасы сен болдың, көргенді ауылда өсіп, көргенді адамдармен дос-жолдас болдың, осы сөзді сенің аузыңнан есітпегенім жөн еді...

Сен сырлас Ғаббас едің ғой... Мен достан да, дұшпаннан да сыр жасырмайтын адаммын. Әдебиет әлеміне, от ұстап келіп едім, отқа оранып өлетініме кәміл сенетін шығарсың. Менің айтар өкпе, назым жоқ. Құдайдың салғанын көріп жатырмын. Арыс азаматтарының арқасында жоқшылық көріп, жалғыздық көріп жатқаным жоқ. Бірақ, мына «Шылбыр сүйреткен» пасық ауру арыма да, намысыма да тиіп, көз алдым күңгірт тарта береді.

...«Мен өлсем Қалдарбек пен Дулат маған топырақ салмасын» деген аманатты жазып қалдырып барамын. Әрі жиен, әрі дос адам Мыңбайдан берген сәлемдемеді алдым. Рахмет. Бұдан былай да қалған-құтқан қайыр-садақа, атақ-матақтан қалдырмай, есіңе алып отырарсың. Мыңбай арқылы, ерінбесең өзің маған хабарласып тұр.

Тіріге бақыт, өлгенге иман тілеймін!

Қаламдасың – САДЫҚБЕК.

24. 07. 95 ж.

*Садықбек АДАМБЕКОВКЕ*

### **ИӘ, СӘКЕ, БІЗ СЫРЛАС ЕДІК...**

«Күпия хаттар» кітабынан...» деп жазған хатыңызды алдым. Ондай кітабыңыз болса, онда маған «бағышталған» бірер бет болса, сол беттерден соң менің осы жауабымды орналастырғайсыз, өйтпесеңіз ертеңгі оқырмандарымыз: «Қабышев қатыгез, безбүйрек болған екен» деп жүрер. Бірақ ондай бағадан маған келіп-кетер не бар? Менің бұл дүниеде тірі жанға жамандық жасамағанымды мені шын білетіндер, білгендер айтар; айтпаса – маған одан да келіп-кетер дәнене болмас.

Енді, Сәке, Сіздің хатыңызға жауап қайтарайын.

1. Рас айтасыз, біз – бірсыдырғы сырлас жандармыз. Менің адал көңілім Өзіңізге аян дей аламын. 70 жасыңызды тойлауға қуана, құлшына кірістім. Жаз деген хатыңызды, бер деген телеграммаңызды, соқ деген телефоныңызды қалт жіберген жоқпын, Өзіңіз куәсіз. Амал не, облысыңыз солардың біріне де жауап бермей қойды емес пе? «Шақырады, сөзсіз шақырады, ал мен Темірбек екеуіңсіз бармаймын, дайындала беріңдер!» деп Сіз әлденеше рет ескертіп едіңіз, ақырында Сіздің

елге аттанып кеткеніңізді бір-ақ естідім. Маған: «барасың ба?» деместен жүре бергеніңізге ренжіген жоқпын, оған құдай куә. Сіздің жаныңызда академик, қажы, 1-хатшы дегендей атақтылар болғанына қайта қуандым, Сіз үшін жоғары мәртебелі топ барғаны абырой емес пе еді?! «Сараңдық жасаған Ғаббас» болмады, «шақырылмаған қонақ татардан да жаман» деп көксоққандар шығарған «мәтелді» мен де білемін ғой. Ал Тұтқабай маған Сіз туралы жазуға заказ берген емес, рас, Еркін Жаппасов айтты, ал менің уақытым да, дайындығым да болмады жазуға, әйтпесе Сіз туралы аз жазған мен жоқпын, оны да Өзіңіз білесіз.

2. Сіздің ауруханада жатқаныңызды білмегеніміз рас. Үмбетбай екеуіміз іздеп-іздеп қоямыз. Сөйтіп жүрдім. «Білмейсіңдер» деген наразылыққа бірде, Жазушылар одағының мәжіліс залында болған жиналыста: «Айналайын ағайындар-ау! Ауруханаға жатып қалғандарыңызды үй-іштеріңізден, жақын-жақыбайларыңыздан, көршілеріңіздер, палаталас боп кіріп-шығып жүргендерден біреу бізге айта салса қайтеді? Не өздеріңіз, не кезекші медсестра телефон шалуға болады ғой?» дегенім бар. Өзім приемный покойға бірнеше рет телефон соқтым, сондағы алған жауабым: «Біз кім жазушы, кім инженер, т.б. екенін жатқа білмейміз. Сізге кім керек және бізге қай күні түскенін айтыңыз! деу болды. Жөн айтады, оларды кінәлау қиын. Ал біздің ағалар барып тым-тырыс жатып алады да: «Білмедің, келмедің!» деп жазғырады. Сіз де: «Шырағым, Жазушылар одағына, пәленбай телефонға хабарлай салшы!» – десеңіз, медсестра да, басқалар да тілегіңізді орындар еді. Біз барып тұратын едік.

3. Сіздің 70 жылдығыңызды өткізуге құлшынғанның бірімін. Секретариат шешімі болды. Қалдарбек: – туған күнінен кешіктірмей иығына шапан жабалық, ал Алматыдағы ресми тойын ауылына барып келген соң

жасайық! – деді. Құп көрдік. Бұл жерде менде қандай кінә бар?.. «Мұнда ресми той өткізуге өзі келісім бермеді» дегенді және естідім. Өзіңден бір ауыз сөз де болмады.

4. Мыңбайдан беріп жіберген 7,5 мың теңге – Одақтың «қалған-құтқан қайыр-садақасы» емес, Президенттің стипендиясы, II тоқсандағы өсімімен.

Сәке, «жаны кейіген тәңірін қарғайды» деген қазақпыз. Хал-ахуалыңызды білемін, түсінемін. Бірақ, хат арқылы жолдаған ренішіңіздің ешбірін қабылдай алмаймын, өйткені Сізге бұл дүниеде кесір-кесепаттық жасаған, теріс тілеу тілеген Ғаббас Қабышев жоқ. Құдайдан басқаға құл болып көрмеген, көрмейтін де Қабышев құдайдың бірде-бір құлына жамандық жасамай өтеді, бұл дүниеден!

«Сөзге сөз келгеннен соң» айта кетейін: «Мен бас редактор болмай қалдым!» деген өкініш ішін жалап, тіпті жыртып тасталған бір актіні қоқыс кәрзеңкесінен теріп алып, желімдеп-жапсырып, маған оқ қылып атқан «әрі жиен, әрі досыңызға» да тым құрыса бір ауыз сөз айтып көрмедім, оны Өзіңіз жақсы білесіз. Оның қылығын естігеніңізде маған келіп: «Анау адам емес екен ғой! Подлец екен ғой!» деп жағаңызды ұстағаныңыз есіңізде шығар? Мен сөйткен кісіге де сыртынан қамқорлық жасап, ЦК-дағы дөкейлерге: «Оны сатираға салып қинамандар, бала-шағалы адам, жалақысы бұдан молырақ қызмет тауып беріңдер, «Казправдаға» бас редактор етсеңдер де өкінбейсіңдер!» деп тілек еткенмін. Түсінгенге – табиғатым осындай.

Бейнетіңізден құтылып, ағайын арасында аунап-қунап келіңіз, Сәке! 80 жылдығыңызды бірге тойлайық! 90-ды да бірге тосалық!

Қаламдас ініңіз – ҒАББАС.

15. 08. 1995 ж.

## ҒАББАСҚА БІРІНШІ ХАТ

### «Құпия хаттар» кітабынан

Жасың кіші болса да, – жолың үлкен, аға баласысың ғой. Ассалаумағалейкүм, Ғаббас жан!

Ұлы тойлар, кіші тойлар шаршатқан шығар, сені... Біреу тізім жасап, кезекке қойғандай, бірінен соң бірі кетіп жатқан азамат қазасы қабырғанды қайыстырды ғой. Менің сатира – от ұстаған ұл сияқты, лирика – гүл көтерген қыз сияқты дегенімнің сыры осында ғой... Сырбай «Осы қанатты сөзінді Мұзаффарға сат» деп мазақ-таушы еді, мені.

«Қазақ әдебиетінен» шалдардың хатын оқып, «Парасаттан» жігіттердің сөзін тыңдап, жағамды ұстадым. Құдай-ау, бұл қағынған заманда, қағыса-қағыса, жұлқыса-жұлқыса жұрнағымыз да қалмайтын шығар. Басқа кез табылмағандай, осы салмақтың бәрін сенің көтергеніңе қатты қиналамын.

..Ғаббас жан! Мен үш сағат өліп-тіріліп жатқанымда жиенім Мыңбай келіп кеткен. Бұл жайында саған мен де, Мыңбай да айтқан шығар. Сол өлістен кейін көңілім көтеріліп, қабағым ашылмай-ақ қойды. Жақында, Шымкент ауруханасында бір ай жатып, өз мекеніме қайта оралдым.

Мен ауруханада жатқанда Мархабат Байғұтовтың 50 жылдығын өткізуге Қалдарбек, Шерхан бастаған топ келді. Сонда, мен тура екі жүз елу метр жерде, Теміржол больницасында жаттым. Шіркіндер-ай, осындай мейірімсіз болар ма, келіп көңілімді сұрауға жарамады, әлде менсінбеді... Қалдарбектің жайы мәлім, менің айтқанымды ол есітіп жүр. Ал, Шерханға не жаздым? Ол дегенде ішкен асымды жерге қоюшы едім ғой. Шерхан, Серік, Сарбас, тағы кімдер, құдай-ау, елге шыққанда мен



жайында әңгіме айтып, ду-ду күлкімен таң атыратын жігіттер емес пе?

...Осы жолы маған ерекше мейірімі түскен Салықбаев Әуесхан Қажының жұбайы Рэтай Қажы дүниеден өтіп, сол қадірлі келінді жер қойнына бергелі тұрғанымызда Дулат жан келді. Қасында Арыстың әкімі бар, бір топ адам маған қарай бұрылды. Соңымнан ерген жалғыз інім Дулат жан құшағын жайып арсалақтап келгенде, мен оның көкірегінен итеріп жібердім. Ол таңданған жоқ, таңданбаған себебі: менің алдымда аса кінәлі адам екенін өзі біледі ғой. Басқалар таңданды. Мен «Сол керек оған, қасымнан кетпесе, жағын жандырамын!» дедім. Менің қасымда тұрған азаматтар да, оның қасындағы топ та тарап кетті, сол жерде ол біраз желкесін қасып жалғыз тұрды. Тарап кеткен жігіттер де көп нәрсені сезді. Сол жігіттердің бір де бірі кейіннен маған: «Сәке, қаталдық болды ғой, бұл қалай?» деп сұраған жоқ.

...Алматыда шалдардың көз жасын көлдетіп келіп, енді бұл жақта депутат болмақ боп дауысқа түсіп жүр, бетінен жарылқасын.

...Мен інімді Алматыға пенсиямды алуға жібергелі отырып көк книжкаларды қарағанымда қолыма Жазушылар одағының билеті түсті. Онда Жазушылар одағына енген жылы бір мың тоғыз жүз қырық бес деп жазылыпты. Таң қалдым, әрі толғандым. Сен, уақытыңды бөліп, тізімдерді қаратсайшы. Елу жыл бір азаматтың өмірі ғой. Сол, қырық бесінші жылы Жазушылар одағына мүше болғандардың өлі-тірісін анықтап, өлгеніне құран оқытып, тірісінің маңдайынан сипайтын жөнің бар екен. Әрине, «Үлкен торғай үлкен қақтан су ішеді, кішкентай торғай кішкентай қақтан су ішеді» деп менің бір жақыным мас болғанда ыңылдап, ән салып отыратын. Тау алыстаған сайын биіктейді дегендей, өліні де, тіріні де сағындым. Елу жыл өмір сүріп сайраңдаған, қайраңдаған, сүрінген, жығылған, әйтеуір,

адам қатарына қосылған кезімдегі ақ отауым – Алатау маған сағымдана береді. Сырбай түсіме көп кіретін болды. Өзіңе Гүлжамал мені талай ысқыртып жамандаған шығар. Екеуміздің арамыз Сталин мен Гитлердей, өлмей-беріспейтін жағдайға келіп еді. Асқақтаған қатын ақыры ақылға келді. Алтынның сынығы екенін дәлелдеді. Сол долы қатынды да көп сағындым. Балаларын маңдайынан сүйгім келеді... Мұнда шақыруға шамам жоқ, өзімді ел асырап жатыр. Онда баруға жалғыз жүре алмаймын. Кез келген жерде «шылбырымды» сүйретіп, қызыл-ала қанға батуым мүмкін. Алматыда үйім қаңырап тұр. Барған сайын інілерім жалақысын төлеп кетеді. Ішінде жоқ-жұқа, бір құдаларымыздың баласы тұрады.

...Ғаббас-ау, «Жазушы» баспасында сөз тыңдар адам қалды ма? Басқаны оқымаса да, біз екеумізді оқиды ғой ел. Бұл не сұмдық?

...Академик Серік «Бар өлеңдеріңізді, күлкілі кезеңдеріңізді маған бастырып беріңіз, екі айда шығарып беремін» деп еді. Бір уақыт тауып, сол Серікпен хабарласып қойшы. Мен бастырып, түсініктерін жазып қойдым. Жан тірі болса, Жаңа жылдан кейін Алматыны бір көруге барамын ғой.

Сағынышты сәлеммен, тілеулесің – **САДЫҚБЕК.**  
*22 қараша, 1995 жыл. Арыс қаласы.*

## ҒАББАСҚА ЕКІНШІ ХАТ

### *«Құпия хаттар» кітабынан*

Саған бір ақтарайын, сыр сандықты...

...«Көңіл кірі айтса кетеді» деген осы. Бірінші хатта саған өкпемді айтып, жеңілдеп қалдым. Енді кәдімгі бас редактор Ғаббастың кабинетінде отырып, сырласқандай сөйлесейін, сенімен. Екеуміз көріспегелі бұл дүниеге кім

келіп, кім кетпеді. Сенде бәрі бар: талант та, бала-шаға да, еңселі дос-жаран да. Қусаң жетесің, қашсаң құтыласың. Ал, мен:

*Сен мендей бақытты болсаң,  
Халыққа қатер боп төнер ең.  
Сен мендей бақытсыз болсаң,  
Бір түнде асылып өлер ең, –*

деп Тахауиға айтқанымдай, таланттың жалында, азаптың отында отырмын. Жалғыздық дегеннің не екенін, ел енді менен сұрасын. Бір тумак бар, бір өлмек жоқ, ал менің көріп жүрген азабым мен қорлығымды дұшпанның дұшпанына бермес едім.

...Сол, «Қара шапан қайғысы» менен басқа бір жанға білінген жоқ. Астыртын жау әрекетін, дұшпан қақпанын, дос алақанын, талай-талай көрсем де, мынандай, жымысқы кулықты көрген жоқ едім. Осының азабы өтті. Сондықтан, Ғылым Академиясының академиктерінің ұсынысымен менің жетпіс жылдығыма қайтадан комиссия құрылғанын сен білмейсің. Ол комиссияның ішінде менің жанашырларым Қалдарбек те, Дулат та, Әшірбек те болмайтын. Бұрынғы құрған комиссияда осылар дүрілдеп тұрған, осылар ақыр аяғында құмға сигендей, әңгіменің бәрін жоққа шығарған.

...Сыр сапары жайында елдің айтып жүрген ертегісі дұрыс емес. Профессор Темірбек босқа тулап, менен «Сардар атағын жаулап» жүргені бекершілік. Біздің самолет Қызылордаға кешкі сағат жетіде қонатын болса, таңертеңгі сағат тоғызда Қалтайжан, қасына Халифа Алтай қажыны ертіп, Сыр еліне құрметті қонақ болып барған. Облыстың әкімінен бастап, барлық жауапты жолдастар соларды қарсы алып, бір жағы Тереңөзек, Арал, бір жағы Шиелі, Жаңақорғанға өзінің атақты жерлесін серуендетуге алып кеткен. Осы хабарды мен самолетка шықпай тұрып естідім.

Қомшабай түнімен қайта-қайта звондап, «басшылар сізді жиырмасында болатын сабан той қарсаңына шақырып жатыр» деген.

Мені самолеттен бір жан қарсы алған жоқ, автобуспен ескі аэропортқа келіп, енді қонақ үйіне жетейін деп тұрғанымда, баяғы Қасымның он аунап тұрған Москвичіндей жамау-жамау мәшинемен Қомшабай көлеңкеде жасырынып тұр екен. Ол аэропортта осы мәшинені көлденең тартуға ұялып, соңымнан қуып келіпті. Міні, мені Қызылорда осылай қарсы алды. Егер, Темірбекті дер кезінде ескертпегенімде, екеуміз де нағыз күлкі болып, Темірбек намыстан жарылып кетер еді. Осыдан кейін Темірбекпен хабарласқан жоқпын. Ол да маған дәл өздеріңдей қаталдық жасап, көзіме көрінген емес. Егер, осыдан көріспей, пышақ үстінде кетер болсам, бұл шындықты сен айта жүрерсің...

Бүгінгі менің хәлім жайында алғашқы хатта айттым ғой. Академик Жарбосыновтан бастап, Шымкенттегі профессор Смолкин, емдеуші дәрігер Бибажарға дейін енді мені екінші рет пышаққа түсірмеу үшін, түрлі әрекеттер жасап, әр түрлі дәрілер ішкізіп, байқаудан өткізіп жатыр. Бір байқау сәтсіз болып, үш сағат өліп жатып, тірілдім. Өлі көретін жарық дүние, тататын дәм-тұзым таусылмағанның белгісі осы шығар.

...Енді не істеу керек дегенде, саған айтар жалғыз тілек бар. Осы күзде, салқын түскен соң Шымкентте екінші рет операцияға алу керек. Ләжі болса (егер, шын мені керек адам деп ойласандар), осы операцияға Жарбосыновты шақыртса, азаптан да, ажалдан да әуелі құдай, осы адам себепкер бола ма деп ойлаймын. Ал осыған өзің бас боп, бір амал табу керек сияқты.

...Мен, неге «Өлсем, Қалдарбек пен Дулат топырақ салмасын» деп аманаттарға жазып отырмын. Бармағымды шайнай-шайнай жеп қойдым. Тілім де байланады, жүрегім де сыздайды. Жеті жыл... Жеті жылдың ішінде

кімнің кітабы шықпады. Бұл жүгермектің өздері қалай том-томдарын шығарып, масайрап жүр. «Таңдамалысы» тартпада жатқан сорлы шалдар, оның ішінде мен, мына құтырған ит қапқан заманда қайыршы болуға айналдық қой. Қалдарбекті де, Дулатты да әлдеқашан сотқа беріп, кітап қақысын алған болар едім, құдайдан бір, адамнан екі ұялып жүріп, ақырында Алматыны тастап, елге кетуге мәжбүр болдым...

Қос-қос шапан жамылып, бір атты мініп, бір ат жетектеп, қалтасын ақшаға толтырып кеткен Қалдарбек бір жыл ауырғанда, бір рет келіп көңіл сұрауға жарамаса, мен түңілмегенде кім түңіледі. Қолынан жетектеп жүріп, ел қатарына қосып, қонғанына, ұшқанына қуана қарап жүретін Дулат, бір келіп көңіл сұрамаса, сонау «Қалдарбек заманынан» жатқан кітабымды шығарып бермесе, бұл қандай адамгершілік, енді бұларға қандай кешірім сұрауға болады. Бұл қатыгездік пен қаталдықты, мына ел-жұрт білуі керек пе, жоқ па? Мен неге жасырынып жылап жүріп өлуім керек? Бұрынғы заманның билері болса, бұларды керіп тастап, үстінен қой айдап өтер еді. Міне, осы себепті мен олардан тірімде де, өлімде де безген адаммын.

...Арыс азаматтарының алақанында жоқшылық көрмей жатырмын, жыл аяғына дейін аудан әкімшілігі санаторияға ақша аударып қойды. Саған бір өтініш, менің әлгі Президент беретін «қайыр-садағамды» мына шот бойынша келесі жылға арнап, осы санаторияның есебіне факс арқылы тез аудартып жібер. Квитанцияның бір данасын Мыңбайға тапсырғайсың. «Жазушылар одағынан, Литфондыдан аударыпты. Олар да Сәкенді ұмытпаған екен» деп қалсын ел. Басқа мәселені жаным тірі болса, операция алдында бір барып кетуге ынтызармын. Сонда айтармын.

Көріскенше күн жақсы!

**САДЫҚБЕК.**

*Арыс. 1 август, 1995.*

## ҒАББАСҚА ҮШІНШІ ХАТ

*«Құпия хаттар» кітабынан*

Ғаббас! Мен талай елді аралап жүргенде, төркінін сағынған қыздан басқа мұңлық көрмейтін едім. Дәл сол төркінін сағынған қыздай сағындым. Елу жыл. Алматы астанам деген сөз қай бір ұран сияқты естілсе де, жас көкірекке тігілген жалау екен. Төркінін сағынған қыздай аңсап келуші едім, алыстан. Сонда:

*ОЛАР ТӨРТЕУ, МЕН ЖАЛҒЫЗ...*

*Олар төртеу, мен жалғыз,  
Сағынып та тонайды,  
Қағынып та тонайды,  
Жалынып та тонайды,  
Жабылып та тонайды.  
Екеуін ғана өзім жеп,  
Соларға берем он айды.*

Ылғи арыз арқалап келіп, арыз арқалап кетіп, сыртым жеңіл болса да, ішім ауыр мен жазған Алматыға шаршап оралғанымда, осы төртеудің ортасына түсіп, төбем көкке жететін. Әсіресе, соңғы, он-он бес жылда, күлкі азайып, қасірет молайған шақта осы төртеудің ортасында ауырлықты ұмытып кетуші едім. Ал, ұшқанымызға, қонғанымызға қуанышпен қарайтын – Қасиетті төрт шал алдымызда асқар бел болып тұратын. Әрине, сол шалдардың бірінен соң бірі өмірден өткені саған да оңай тиген жоқ, ішкі сырынды сыртқа көп таратпайтын сен де талай айлар мен жылдарды ауыр күрсініп, ауыр ойға оранып келе жатқаныңды мен жақсы білемін. Сонда да өмір шіркін бізді дастархан басында көп сырласуға тартқан емес. Оқасы жоқ, бүгін ойласам, аңқаулық пен өкініш бар.

Мен, осылай мүсәпір болып қалам деген үш ұйықта-сам ойымда бар ма еді. Тағдыр көк тіліп жүрген көк қаршығаны топшысынан атып түсіргендей болды. Осы себепті мен «Шылбырымды сүйретіп» көзге түсе бермей, алыстап кеттім, алыстап барып, азап шегудемін.

*Жалғыз түп қана тал елдің,  
Кеттің орман өсіріп.  
Сол орманға ел көшіріп,  
Мен үйімді жыға бастадым,  
Ошақтың отын өшіріп, –*

деген жолдар Сырбай қазасында газетке басылған өлеңнен үзінді ғой. Жұбан дүние салғанда жүрегім қанша сыздаса да, «Жұбан болып тудың да, Махамбет болып өлдің сен» – деп, өзіме тоқтау салып ем.

Сырбай қазасы мені сансыратып кетті, қан жылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сезіндім. Мені бір үрей басты...

...Мына бір сырды саған айта кетейін. Алматыдағы тойды мүлде елден ерекше өткіземіз деп, менің Арыстағы Қуаныш бастаған Азаматтарым қол ұстасып уәде байласты да, алты аудан он бір миллион рубль Литфондыға ақша аударғаны бар емес пе. Тойға барып келген Қалдарбек, Серік, Зейноллалар аңыз етіп жүргенде, мен осы ақшалардың Литфондыға түсуін тышқан андыған мысықтай андып жаттым. Біз, бірімізбен хабарласып, наурыз айын күтіп жатқанымызда, бір түнде төбемізден жай түсіп, ақша ауысып кетті де, той қаржысы Алматыға жетпей, жолда «қайтыс» болды. Литфондыға Қараспан совхозының бір жарым миллион ақшасынан бір мың бес жүз сомы күйіп, жанып болған соң жетті, әйтеуір. Осы оқиға жаумай өткен бұлттай, алыстап кеткен сағымдай тірі өлтіріп кетті ғой, мені. Квитанцияны өз көзімен көрген Сырбай менен жаман күйініп, түтігіп: «...Әкеңнің аузы... маған неге көрсеттің, ішімнен қан өтті ғой» деп,

мені күрсіне кеп соққаны есімнен кетпейді. Қырсық осылай шалды да, Сырбай қазасы сандалтып жіберіп барып, бүкіл нерв жүйелері қозғала-қозғала ақыры жанды жерден ұстады. Міне, «шылбыр сүйретудің» сыры осылай басталған. Осы қасірет – ішкі дүние соғысы, сыртқы өмірдің азабы – заман қасіретіне араласып, ел көзінен таса қасірет шегіп жүрмін ғой, досым!

...Сенің хатың кешіккен кезде тағы да Алматыны сағындым, тағы да аңқылдаған достарымды іздеп келіп – бұл хатыңды көз жасымды сүртіп барып, аяқтадым. Айтты-айтпады, терең тексеріп келсем, Алматыда тебіреніп сыр айтатын досым қалмаған екен. Сенің бар болғаныңа шүкіршілік. Бірінші хатыңды бастырып, сол бірінші хатыңның соңына тіркеп қойдым. Осылай мына хатыңды да хат соңына тіркедім.

## **ҚАСИЕТТІ ТӨРТ ШАЛ ЖӘНЕ СЕГІЗ АҒА ТУРАЛЫ СЫР**

Ұлы Мұхаң алыс сапарға жол жүрерде сәулетті сарайына жиырма бес адам шақырар болса, біз төртеумізді қоса шақыратын. Жеңілтегіміз бар, ішетініміз бар, бір сөйлесе тоқтамайтын бөспеміз бар, бізге, бұл жағынан сын көзімен қарап, сезіктенбейтін. Мұхаң «Қазақ әдебиетіндегі» бір қызу тартыста: «Әдебиетке еркін келген ерке балалар, әдебиет көгіне пайда болған жеті жұлдыз» деп мақтап еді-ау бізді. Осы сөзді Жұмекең – Жұмағали Саин марқұм бізді көрген сайын көп алдында айтушы еді. Кейбір ағаларымыз бұл сөзді Мұхаң асыға айтты-ау дегендей, желкесін қасып қалатын. Бұл сөзді мен саған неге айтып отырмын. Оның себебі бар. Артындағы жеткіншектерге үлкен үмітпен қараған, көкірегіне қызғаныш жоламаған қасиетті сол төрт шал Жұбанның,



Сырбайдың, Тахауидың, Тәкеннің, Қуандықтың әр мекемеде белгілі, беделді, ықпалы зор қызмет атқаруына білек сыбанып кірісті. Ал, қалай мөр ұстап, қалай «қара қарға» үстінде керіліп отырғанын іштей сезінген жігіттер, шалдарға да, өз қатарына да, арттағы жеткіншектеріне де опасыздық жасаған жоқ. Обалына не керек, қызыл танау комсомолдан келген Қайнекей де арамызға тез сіңісіп, ойға-ой, күлкіге-күлкі қосып, күресе кетсек, жеңілген жоқ. Сен, әрине, бұл жігіттердің сәл жалыны басылып, кейбіреулерінің төбесінен түтін шыққан кезіне тап болдың. Бірақ, бұл топтың ағысы қатты бір өзен екенін жақсы білесің.

Осы, қасиетті шалдар жайында, замандастарым жайында көркем сипаттама берем деп, ой тоқып жүрген армандарыма мынау қасірет от түсірді. «Қайта соққан боран» арқылы көп нәрсені шешемін ғой деп едім, енді оған оралатын уақыт жоқ... Мен бір қуаныштың үстінде отырмын. Осы қызығы мол, ашық-жабық жолдары көп бір кезенді саған жазылатын хат арқылы айтып кетемін ғой деген жарық сәуле түсулі көңіліме.

## САУЫСҚАН КҮЛКІ, БАЙҒЫЗ ҮНДІ БІР ӘЗІЛ ЖАЙЫНДА

*Қырда жауы көрінсе,  
Қираңдатқан сауысқан.  
Ойда жауы көрінсе,  
Ойбайлатқан сауысқан, –*

деген өлеңді жас кезімізде айтушы едік. Осы өлеңді мен «Қазақ әдебиетіндегі» қаламдас достарымның көпшілік дауыспен айтқанына таң қалдым. «Алтайбаевтің сасқаны, Садықбектің қашқаны» деген қазақы қалжың басыл-

ған санды Арыстағы азаматтар маған көрсеткен жоқ, сөз де еткен жоқ. Жақында мен Шымкентке бір дәрігер мен профессорға көрінуге барғанда, емделіп жатқан бір таныс жігіт маған сол газетті қолыма ұстатып, қаламдас достарымды сыбап тұрып, қазақша боқтады. Арысқа, санаторийге келген соң оқып, оқығаныма қатты өкіндім. Айтты-айтпады, әзіл сияғы жоқ, дөрекі күлкі, дөрекі теңеу, сауысқан күлкі екен. Әсіресе, Жөкене обал-ақ. Осы сойқанда Жүсіп Алтайбаев табан тіреп отырмағанда, одақта – Ғабең, Москвада – Семенов болмағанда бұл оқиғаны ұйымдастырған қасқыр топ – мені таласатармаса жеп, басқа адамдарға қатты жара салатын еді. Сұмдық-ай, мынау Мыңбай құтырған ешкінің етін жеген шығар, өзінен басқа тірі жан қалмағандай өтірікті көзін жұмып соғады. Бұл сойқан басталардан талай бұрын, Жөкең Мыңбайды редакциядан айдап салып, оның орнына Шонаны Таластан шақыртып алған. Сол кезде редакцияда жұмыс істеген Күлтай, өзің білетін Шолпан осы спектакльдің бас-аяғында жүрді ғой. Сол кездегі Совет ауданының прокуроры Ғайса Досболов, аудандық соттың председателі Жұмабек Жексенбиндер орталық комитетке дейін барып, бізді қорғады. Көрінбейтін жау қолындағы қуыршақ қатынның құшағындағы екі егіз нәрестені суырып алып, детяслиге берген де сол прокурор, сол кездегі мен, сотқа шақырып барған жігіттер жасанды куәлердің «қызығына» батып, жағасын ұстаған. Бірақ, біз ол жайында газеттерде фельетон жазуды жөн көрген жоқпыз. Бұл қасиетті Ғабеңнің, ақылды Жөкеңнің бізге салған тиымы болды.

Жылдардан жылдар өткенде, осы оқиғаны қайта жаңғыртып, сауысқанша күлгенде Мыңбай не мұратқа жетті, ал редакциядағы жігіттер кімнен қандай сыйлық алды? Менің түсінгенім: сол кезде, соттан, партиялық жазадан қашып, тарап кеткен жауларымыз, мен қасірет ше-

гіп жатқанда, жаралы жерімнен бір қауып қалғаны ғой. Осы қазақы қалжыңды сен оқыдың ба, осындай да қалжың бола ма? Әсіресе, тірі жүрген мен сілейте бір жауап жазармын-ау, көрде жатқан Жөкеңді осынша күніренткеніне қатты ызаландым. Сатириктер болған соң менен сатираша бір сәлем алғысы келген шығар...

...Ғаббас! Оспанәлінің кітабын шығарған бағаң есіме түскенде төсектен шошып оянамын. Айналайын-ау, ондай ақшаны маған кім береді? Алақанға салып асырап жатқан халқыма не бетіммен енді кітабымды шығарып бер деймін? Сонда, бұл мемлекеттің қарамағында бір баспа қалмағаны ма, онда несіне мемлекетпіз деп отырмыз? Қасыма серік алып, осы кітапты қолтығыма қысып, жердің тоңы кеткен соң саған барамын, әйтеуір. Өзіңдегі бар әкімшілік ықпалын пайдаланып, қазынаның бір баспасына ұсынарсың, мені. Басқа жақтан спонсор іздеп, масқара болмаймын. Менің әзіл өлеңдерімді таң атқанша айтатын академик Серік, әңгімемнің майын тамызатын Шерхан, Сарыбас сияқты менің беделді жырауларыма дұғай-дұғай сәлем айт. Енді, мен күнде кітап жазып, күнде өткен өмірімнің ізімен жүрер дейсің бе?! Кеудесінде жаны бар жауапты жігіттерді сапқа тұрғыз, бұл жолы. «Жазушы» баспасы қайда, ондағы біздің кітаптарымызды өртеп жіберген бе, қалай? Шынында өмірдің соңғы сағатында, ұзақ ауырған азапты кезінде мендей тарыққан жазушы жоқ шығар. Өзің білесің ғой, әркімнің есігін қаққанша, өлгенім артық. Саған сенім артып, көп сөз айттым, кешірерсің, Ғаббасжан.

Сәлеммен: жетім шалың – САДЫҚБЕК.

9.02.1996 жыл. Арыс.

**ҒАББАСҚА ТӨРТІНШІ ХАТ****«Құпия хаттар» кітабынан**

Бүгін түнде сенің қатынды тағы да оқып шықтым. Себебі: осы хат маған ерекше бір жылы ұшырады. Сенің әрі батыр, әрі биязы мінезінді айнамен қарағандай анық көрсетті маған. Хатты оқып отырып, өзімнің үш қатемді таптым. Дастархан басында көп дәмдес болмағанның салдары ғой, осы уақытқа дейін келіннің атын білмеймін. «Келінге дұғай-дұғай сәлем» деуге тағы ыңғайсыз. Осы қатемді өзім тапқандықтан келінге алыста азап шеккен қайнағасының атынан дұғай-дұғай сәлем айт. Алла жазса, отбасымыз араласып, балаларымыз тату жолдас, сырлас, замандас болып кетер.

...Елге барып, алдағы апаңның дүние салғанын естіп отырып, ол кісіге иман, сендерге өмір тілеп, көңіл айтағаныма қатты өкіндім. Осы хат жазуыма да, өзімнің қатемді өзім тапқаным себеп болды. Әрине, «Сәкеннің мұнысы қалай, бір ауыз көңіл айтуға жарампағаны несі» деген ой да бір оралып өтті ғой.

...Кімдермен бірге өмір сүріп, кімнің – кім екенін білгеніңе қатты қуандым. Бұл тәуекелдің ісі емес, терең толқынды сыр астындағы жұмбақ. Қарашы енді, дәл от болып ойнар шағында осындай түлкілердің алды, артыңнан шығып жүргені әрі күлкілі, әрі қауіпті... Амал жоқ, көп ішінен бір азамат шығып, мына құлаған үйді қайта тіктірмесе болмайды. Қанша қиын да болса, бұл енді сенің үлесіңе тиді.

...Еліңе барып, тек өз ауданыңнан, өз ауылыңнан қайтқаныңды мен бір газеттен оқыдым. Бұл енді сенің момындығың емес, нағыз ақылды, өзін-өзі әрі таза, әрі тәкаппар ұстап жүретін сыпайы жігіттердің белгісі. Әрине, сенің алпыс жасқа келгенің үлкен өмір белесі, сол белеске сені қолтығыңнан сүйеп шығатын ағайынның аздығы көңілге көлеңке түсіреді... Осыдан, мына

қағынған заманды қара ешкінің терісімен қағатын күн туса, сенің мерекелі күндерің алда ғой. Бұл жөнінде өкініш айту ағалық та, достық та болмас еді. Менің «Қазақ әдебиеті» газетінің орнынан түскен редакторлары жайында сипаттама бере келіп, Зейноллаға тоқтағанда – «Қиқулап ат оздырған, Атырау болып жиылып» деген жолдарым есіме түсіп, езу тартып отырмын. Құдай салмасын, Әулие ата, Шымкент, Алматы маңайында да «Қиқулап ат оздырғандар» үзеңгі қағысып, жабыла жарысып, елу жылдықтарын өткізіп, әдеби кештер жасап, масайрап жатыр.

Маған облыстық газеттің редакциясында кездесу сияқты кішкентай бір бас қосу өткенде:

– Сәке, сіздің алдыңыздағы, артыңыздағы ақын, жазушылар шетінен атақ алып, орден тағып жатыр, сізге осындай құрмет неге жасалынбайды? Біз осыған таң қаламыз, – деді Анар Аспан деген журналист қыз.

– Қарағым-ау, ондай атақ, орденді көтеретін менің еңбегім жоқ болса, өкімет құрметті марапаттарды үлестіре бере ме? – деп, жан-жағыма қарадым. Кейбір жігіттердің бет-әлпетінде «Өзіңе де сол керек», – дегендей белгіні сезіндім. Әрине, бұл сұрауды маған әр жерде қояды. Дәл, осындай қиын кезеңде қойылған сұрау менің шымбайыма батып кетті. Арыста менің атыма бір мектеп-интернатты Қуаныштың құдіретімен, «Адамбеков атындағы мектеп-интернат аталсын» деген екен. Осы интернаттың директоры «Сәкеңнің ешқандай атағы жоқ, қалай осындай үлкен мектепті ол кісінің атына қиямыз деп, кейде өшіріп, кейде қайта жазып, көзімше қорлық көрсетіп жүр.

Айтты-айтпады, әдебиетті ру-руына, ата-анасына бөлсе де, сатира сорлының бір-екі орынға ие болатын жөні бар емес пе? Құдай бізді осынша неге қор етіп жаратты? Кейде осындай да пендешілік ойыңа түседі...

...Арыс санаториясы толық жөндеуге жабылып, мен

жеті жасымда түскен детдомға жетпіс төртінде қайта оралдым. Бірі ұлдарға, бірі қыздарға арнап салынған екі қонақ бөлмесі бар. Мен соның бірінде жатырмын. «Шылбырыма оралып қалсам» аурухана жанында, күнде екі рет байлап-матап жүретін медсестра қасымда. Санаторий шілдеге дейін жөнделіп бітпейтін шығар...

Ғаббасжан, сен айтқан стипендия Арысқа келген жоқ, бір-екі почта бөлімдерінен сұрастырып көрдік. Енді маған хат-хабар жіберсендер «Южный Казахстан, город Арысь, Главпочтамт до востребования Адамбекову Садыкбеку» деп жазу есінде болсын.

Тағы да кейінгі күндерде көкірегіме қара бұлт қонып, күн көзін көре алмай жүрмін. Бұл қасірет менімен молаға бірге түсетін шығар.

Күн жылып, тоң кетіп, табан таймайтын кезде барамын. Өзім де Алматыны бір көруге асығып, түсімде ылғи Сырбаймен төбелесіп жүремін.

...Арыстың азаматтары маған бір творчестволық кеш ұйымдастырамыз деп жатыр. Шамасы, сәуір айының орта шенін белгілеп отыр-ау. Көңілдегідей, көзге түсетіндей болса, сені мен Темірбекті шақыртамын ғой. Оған дейін Алматыға барып қайтуға бел буып отырмын. Өзіңе айтқан кітапты алып бармақшымын.

Тілеулесің – САДЫҚБЕК.

*14 ақпан, 1996 жыл. Арыс қаласы.*

## ҒАББАСҚА БЕСІНШІ ХАТ

### «Құпия хаттар» кітабынан

Ғаббасжан, өткен-кеткен мерекелер кезінде сені, сенің отбасыңды мерекелермен құттықтай алмадым. Бұл кездерде ауруханаға қайта түсіп қалдым, әрі сондай көңілсіз, қара бұлт басқан көңілден бір жұлдыз көрінбей түнекте қалған кезім еді. Бұл шақта «әңгіменің аяғын»

күтіп жаттым. Қазір қан кету сәттері тоқталып, «шылбырымды» сүйретіп жүрмін. Осындай кезде саған хат жазып, салмақ салған жоқпын.

...Құдай басқа салмасын, өз қасіретім аздай-ақ, мына Жазушылар одағында өткен жиналысты газеттен оқып, екі көзім тас төбемде ойнады. Япыр-ай, қандай заман, қандай адамдардың ортасында жұмыс істеп жүрсің, шырағым-ау... Мынау молдаторғайдай моп-момын Бейбіт Қойшыбаев жыланның жұмыртқасынан шыққан ба?..

...Съезд шақырылса барамын ғой, бар азабымның бір сәтін, халқымның қасіретінің бір қас-қағымын, зиялылардың қор болғанын айтамын ғой. Менің тірі екенімді ел трибунадан көреді ғой деп жүруші едім. Қайта-қайта қан кетіп, қан қысымы көтеріліп, жүрек соғысы жиілегелі бері бұл арманым алыстағы сағымдай бұлдырайды маған. Бір арманым елу жыл өмір сүрген Алматыны көріп кетсем деуші едім, қайран қасиетті қара шалдардың басына құран оқып, қоштасып кету де бұйырмайды-ау маған, шамасы. Бүгінгі түңіліс осындай. «Ворошилов он бес жыл жүрген, Петров он жыл жүрген, Қаратаев сегіз жыл жүрген... бұл «шылбырмен» жүріп перзент көріп, әлі талай романдар жазасың» деген профессорлар қазір басын шайқап, күзде «тәуекел» деп операцияның екінші кезегіне баруға резеңке қолғаптарын киіп отыр.

Ғаббасжан, бұл аурудан дүниелі, дәулетті адамның құтылуы оңай екен. Ташкентте, Стамбулда, Анкарада, Джакартада он мың доллары бар адам күн сәулесі-луч арқылы сыздырып өтіп, екі сағаттан кейін ауруханадан шығып, футбол алаңында доп тебе береді екен. Ондай дүние менің түсіме де кірмейді ғой. Ал, маған тірі қалудың бір-ақ жолы бар. Ол – өзің білетін Алматыдағы пәтерімді сату. Бұрын тарыққанымда екі рет Нұрахметке осы сырды айтып едім. Тауық фермасына түлкіні бастық еткендей, бұл әңгімем жылтылдап жүріп жоқ болған. Досқа таба, дұшпанға күлкі болмас үшін, бұл үйді

дос-жаранның біріне аманат арқылы сатсам «қасқыр да тоқ, қой да аман» ешнәрсе білінбей кетер еді. Өйткені аманатта ауыстыруға, сатуға, басқа қалаға көшуге өмір бақи қақысы бар деген жазу жазылады ғой. Әрі менің үй қақысын төлеуге жеңілдіктерім бар ғой. Отырған адам екі жылда маған берген ақшасын қайтарып алар еді. Содан кейін-ақ үй тіркеуінен шығып кетер едім. Мұндай адамды іздейтін менде жанашыр іні болмай тұр ғой. Ал, сіз-біз десіп сыйласып жүрген сыйлас дос-жаранға әлі де сыр білдірмей сіресіп келемін. Жан қысылғанда енді саған айтып отырмын. Мен білетін азаматтардың ішінде сенен адалы болмай тұр ғой. Осыны бір ауыр жұмыстың есебіне жатқызып қолға алсаң жақсы болар еді. Стамбулға жетуге жарамаса да мені іздеген адам адаспайтындай басыма бір мола салып қоюға жетеді ғой. Бұрынғылар көзінің тірісінде неге мола салдырып қояды десем, жан-жағына қарап, сенетін адамы болмағандықтан көзінің тірісінде өзінің қолға алатынына енді көзім жетті. Аманат арқылы алатын жанашырымыз болмаса сатып алатын адамды таптыр. Бағасы «Караванда» жазулы ғой. Сол адам долларын алып маған келсе: «бар документті қолына ұстатып, үйімді осы адамға саттым, документін қолына бердім. Алматыға баруға шамам жоқ. Сенімхатым мынау» деп, қол алысқан болар едік.

...Өмірі сауда-саттықпен араласып, қолымдағы қаламның қанша сом тұратынын білмейтін сырбаздардың бірі саған осы жұмысты тапсырып отырып, біресе күлкім келеді, біресе жылап аламын. Амал жоқ, сенің жалынды қайратың мен адал азаматтығыңа сеніп айтпасқа шарам қалған жоқ...

...Бұл жақта сыбанып шығатын былқыған бай азаматтар бар ғой. Бірақ, олар менің «тірі салмағымды өлшеп көріп» мұндай үлкен шығынға жиналып, бас қосып белсеніп шыға қоймайды. Ал, менің күніме жарап отырған дос-жарандарымның доллар ұстап, додаға түсіп жүргендері жоқ. Ал, сол себепті бір жылдан асып



барады, маған үй сатып әпереміз деген әңгіме де, біресе құйындай көтеріліп, біресе толқып-толқып басылған теңіз бетіндей жым болады. Сондықтан да мен сорлы жеті жасымда өскен детдомға жетпіс төрт жасымда қайтып келген жоқпын ба...

...Маған берілген тоғайдың да соры жетіп жатыр. «Тумағанның түбі шикі» деген осы. Ну орман болып кететін тоғай қазір жын ойнағы. Құдай бермеген соң, адамның бергені ешнәрсе болмайды екен. Көрем деп барып, Арысқа әрең жеттім.

«Нар жолында жүк қалмайды» деп, бәрін көтер енді. Бір үйді сатқызу саған сатиралық роман жазудан қиын емес шығар, қысылып көр. Келінге, отбасыңа дұғай-дұғай сәлем айт! Тілеулестеріңмін!

P.S. Сенің жіберген стипендияң көзім қарайғанда тап болып, бір көтеріп тастады. Қыздарға рахмет айтуға жарамай ауруханаға түстім. Кейін ұзап кеткен соң үнсіз қоя қойдым. Әрине, саған айтар рахметімді өзің сезесің ғой.

Менің тұрағым сол Арыс. Детдом. Гостиная. Орталық почтаға до востребоования деп жіберсең, қыздар қағазын әкеп бере қояды екен.

Бүгiнiне, ертеңiне тiлеулес ағаң –

**Садықбек АДАМБЕКОВ.**

*16 мамыр, 1996 жыл.*

P.S. Құдайдан безгендер-ай! «ҚӘ» газетінде иттің итақайының суретін беріп, «Бұл пәленшекең!» деп ма сайрап жазады... Еш болмаса сатириктердің жиналыстарында бірі аузына алмайды. Енді әдебиетті бұл кеудемсоқтар Үмбетбайдан бастайтын шығар.

Он алтыншы бетіне «Қазақы қалжың» дегенді шығарып алды. Бүгінгі қасірет жайлы ауыз ашпайды. Отқа оранған сатирадан өздері қашады. Мына қым-қуат сұмдық кезеңнен бір елес жоқ. Кейбір «классиктердің» етектей-етектей әңгімелерін оқып отырып, ұйықтап қаламын.

Ғаббас-ау, «Жазушы» баспасынан қыруар кітап шығып жатыр ғой. Біздің Таңдамалыларымызды өртеп жіберген бе, қайда? Осыны бір іздеп, жоқтатып көрсейші. 8 жыл тым-тырыс... Бұл не масқара?!

Басқа республикада ғалымдардың, жазушылардың, суретшілердің өртенген ақшасын қайтарып беріпті.

«...Мыңмен жалғыз айтыстым, кінә қойма».

Абай бабаңды сен қайталайсың.

Амалың жоқ, Алмас бол! С. А.

*16 мамыр, 96.*

### СӘКЕ, АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ!

16-мамырдағы хатыңызды алдым. Сіздің денсаулығыңыз мені де алаңдатады ғой, кейбірде дәрігерлермен сөйлесіп те қоямын, ал олардың көбі: «Ол сырқат соншама қауіпті емес, екінші операциядан соң сауығып кетуге әбден болады, тек уайымнан алысырақ жүрген жақсы» деседі. Ташкентте, Стамбулда... айықтырып жібереді екен дегенді әлдекімдер айта салатын шығар, ондағылардың қолдарынан келген біздің дәрігерлер үшін де қиын көрінбейтін тәрізді, сәтін тілейік те, екінші кезегіне келісуді ойлайық. Атақты Жарбосыновты ұстай алмай жүрмін, онымен сөйлескен соң хабарласармын.

Өзімнен жаңалық: жазушылар съезі осы айдың 28-інде болады. Қаражат жинап жатыр. Облыстардан келетіндерге қиын, әр облыс өзі көтермесе. Съезде өзім бәрінен құтылып, оны-мұнымды жазуға бірыңғай отырсам деймін. Жазар көп, уақыт аз сияқты. Басқаларға қызмет істеумен-ақ келемін, бірақ соны жөн деп жүргендер сирек. Жақында одақта жиналыс өткіздік, 1995 әдеби жыл қорытындысын. Жанр кеңестерінің төрағаларының көбі «классиктер», сонау жылдары құлшына сайланып алған.

Солардың проза, поэзия, драматургия кеңестері жыл бойы бір қолжазба талқылап көрген жоқ, әрқайсысымен қанша рет сөйлестім, жарайдымен шығарып сап келді. Енді жиналыста «одақта жұмыс жоқ» деп көкекшіледі. О, бейбақтар! Қ.Найманбаев пен Б.Қойшыбаевқа кіжіне сөйлегендер, мысалы: Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Тынымбай Нұрмағамбетов, олардың аты-жөндерін атамай өркөкіректеніп: хатшыларда ұят жоқ, анау да мынау деп тартты баяғы. Сайын дегенің тіпті: хатшылардың бәрі топас, ұятсыз! – деп кәдімгідей көкіді. Жиналысты мен басқардым. Өздеріне жарасса, оттап бақсын деп біраз отырдым. Бір әредікте кезекті сөйлеушіні сәл бөгедім де, залға арнап: Ағайындар, осы отырған барлықтарыңыз мәдениеттің ең шыңына болмаса да иығына шығып алған керемет мәдениетті адамсыздар, бірақ мәдениетті сөйлеуді ұмытасыздар, бұл қалай? Жалпыламай, аттарын атап айту деген қайда? Басқа хатшыларда жұмысым жоқ, ал өзімді айтсам: жанағы сөйлегендердің ұятсыздығынан менің ұятсыздығым асып кеткен жоқ, олардың топастығынан менің топастығым асып кеткен жоқ, осы естеріңізде болсын, дедім. Мұхтар Әуезов айтқан екен: «Өзімді қапқан итті мен де қадам деп ауызымды былғағым келмейді», – деп. Сол жадымда болды да, одан арыға бармадым. Ал біреуден ұят талап етіп тұрған солардың бірі Шығармашылық үйімізге біреудің қатынын апарып, қолға түсіп қалып, жылап-еңіреп әрең құтылған-ды. Екіншісі – жасы алпысқа келгенде «свежая» қатын іздеп (партияның жол болғанына күніне 1 қой айтып жүрген шығар-ау!), «ұяттылықтың» үлгісін көрсетті емес пе?!»

Жиналысқа анау ініңіз (бірінші) қатысқан жоқ.

Ал қазір де 1-інші боламын деп аласұрып, астыртын жиналыс жасап, қол жинап жатқандар жеткілікті, бүгінге дейін оншақтысының аты-жөні белгілі. Мейлі, одақты түзесе болды да, қайсысы келсе де.

Президент стипендиясында барсыз, хатыңызды алысымен әдіресіңізге оны – 19,500 теңгені аударттырдым, барып қалған да болар. Ал, үйіңізді сату дегенді қоя тұрғайсыз, алдыңызда әлі талай жылдарға жеткізер ғұмырыңыз бар. Екінші операциядан соң футбол алаңында жүгірмесеңіз де, Алматы мен ауыл арасында талай сайраңдайсыз, астанадағы баспананыздың рахатын көресіз. Солай, Сәке, «жаңбырдан үш күн бұрын су болмайық!».

Баспада 2 томдығыңыздың жатқанын білемін, министрліктегілерге айттым. Олар: биыл екінші жартыжылдықта үкімет қаржы беріп қалар, көреміз, қазір тек оқулықтарға беріп отыр дегенді айтты. Ол да алыс болмас.

Бұрын машинкам жоқ еді, портативка екі машинкамды көңілдері қымбат екі жолдасыма, ауылда тұратын, сыйлап жіберіп, өзім «жаяу» қалып едім, міне, үшіншісін сатып алдым да и поехал деп сілтеп кеттім.

Сонымен, Сәке, еңсеңізді тік ұстаңыз! Әдебиет генералына уайым-сайым жарасқан емес, жараспайды да!

Қолыңызды қыстық!

**ҒАББАС.**

*1. VI. 1996. Алматы.*

\* \* \*

*Сәкеңе жазған жауап хаттарымының көшірмелері өзімде түгел сақталмапты. Мәшіңкеге бағынған заман еді ғой: кейде көшірер қағаз (копировка) табылмай да қалатын. Ал ол хаттарым Сәкеңнің мұрағатында (архивінде) жатқан шығар, бірақ кімде қалды, қалай алуға болады, – оны біле алмадым.*

*Сәкеңнің бір сөзіне де тиіспедім. Жаңа жолдарын (абзацтарын) көп нүктемен бастауының мәні не екенін біле алмадым да, оларына да қалам оқтамадым.*

*Дұрыс-бұрыс ойлары болса да, екшеуге дәтім бармады.  
Жасы егде тартқанда аурудың, жалғыздықтың уы-  
сына түскен Ағаның көңіл күйін түсінерміз.*

*Сәкең жеделхат та жолдап тұрған еді. Солардың  
сақталып қалғандары:*

Ғаббасжан, ақжарқын келінімді қарындас қыздарым-  
ды күлімдеген көктем 8 март мерекесімен құттықтаймын  
бастарыңа бақ қонып өркен жая беріңдер!

Ағаң Садықбек.

07. 03. 1994.

Айналайын Ғаббас, келінжан, күлкі күні құтты бол-  
сын, стипендияны қашан, қайда жібергенін қыздардан  
тексертші, тағы да емханадан алыстамай қалдым. Арыс  
детдом гостиная Адамбекову деп жедел жөнелтсін.

Тілектесің Садықбек.

31. 03. 1995.

Айналайын Ғаббасжан, хатыңды бүгін тапсырды.  
Шымкентте ауруханада жатырмын, операция тас алды,  
бұл қуаныштың басы. Арысқа барған соң хат жазамын.

Тілеулесің Садықбек ағаң.

20. 06. 1995.

Айналайын Ғаббасжан, ақпейіл келінім, сендерді ұлы  
Шығыстың ұлы мерекесі – күн көтеріп гүл құшақтаған  
Наурызбен құттықтаймын, отбасыңның, туған халқың-  
ның амандығын тілеймін Алладан!

Ағаң Садықбек Адамбеков.

21.03. 1996.

*10. 01. 2003-жыл.*

### Ғаббас қарағым!

Бүгін 8.1V.09. «Дат-Тасжарғанды» алып, содан туғаны 9.1V.09 деген хабарды оқып, кештеу болса да, Сізге ағалық ақ ниетпен құттықтау хатымды жолдауды міндетім, борышым деп есептеп жазып отырмын.

Ғаббас, Сіздің туған күніңіз шаңырақтың, ұрпақтың, елдің, халықтың, адамгершіліктің, әділ, ашық ой-пікірдің, таймайтынның, тайсалмайтынның туған күні деп, өзіңізбен, үй-ішіңізбен бірге қуанудамын.

Туған күніңіз қайырлы, құтты болсын, берекелі бірлік, асыл-таза адамгершіліктің ұйтқысы болып, үй-іші, бала-шаға, халықтың ортасында ұзақ жасауыңызға тілеулеспін!

Егемен ел болып көтерген шаңырақтың биік, берік болып, бақытты халық болуымызға қосып жүрген еңбегіңіздің жемісті болуына тілеулестігімді қабыл ал.

Қулардың қолдан жасаған тоқырауынан тайсалмай, қысылмай, қымтырылмай, ата-бабамыздың аманат етіп кеткен мол байлығын шашпай, төкпей, ұрыларға ұрлатпай дұрыс пайдаланып, іргелі ел болып өркендей берулеріңе тілеулестікпен бірге сенудемін.

Зор құрметпен өзіңді құшақтап, бауырыма бастым.

**Баян ЖАНҒАЛОВ.**

*12. 1V. 2009 ж. Көкшетау.*

*(14. 04. 2009 ж. рахметімді айтып жауап жаздым. Баян ақсақал соғыс және еңбек ардагері еді. Ұлы Отан соғысын бастан-аяқ қатысып, Сталинград майданында болған. Республикамыздың ауыл шаруашылығына зор еңбек сіңірген нағыз адал, әділ, іскер басшы. Еңбегі жоғары бағаланып, «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілген. Көкшетауғы жолым түскен сайын барып сәлем беретін едім. Естай Мырзахметұлының үйінде де кездесіп, шүйіркелесіп жүрдік. 2013-жылы 99 жасында көз жұмды. Ғаббас.)*



---

# 50 мен 80 арасы



Қадірлі халайық, ендігі сөз басқа. Бабаларымыз: «Ер жасы – 50», деген екен. Солай ма, жоқ па, оған төрелік жасай алмаймын, жасау ойым да жоқ, тіпті ойымда болса да, қолымнан келмейлі. Мен аралап жүргелі 49 жыл болған Әдебиет ауылындағылар, әлгі «Ердің жасынан» бастап, бәрі дерлік әрбір 10 жыл сайын, біразы әрбір 5 жыл сайын өзінің мерейтойын өткізетінін көрдім де, сол дәстүр көшіне ілесіп жөнелдім. Жақсы екен. Құрмет-қошемет көріп, жоғары сортты ыстық лебіз естіп, ақмоншада отырғандай рахаттанады екенсің. Яғни, менің қолымнан келгені Сіздерге бүгінге – 80 жасқа – дейінгі «ақмоншамнан» ақпарат беру болды.

СОНЫМЕН,

**50 келді елпілден...**

**ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ****Ғаббас ҚАБЫШЕВ жолдас!**

Совет әдебиеті саласында сіңірген еңбегіңіз үшін және елу жасқа толуыңызға байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1985 жылғы Указы бойынша Сізді Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградтады.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі  
Президиумының Председателі Байкен ӘШІМОВ**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі  
Президиумының Секретары Зәуре ҚАДЫРОВА**

*08.09.1985 жыл.*

**ГАББАС!**

Поздравляю юбилеем здоровья счастья успехов труде и творчестве! **Ануар АЛИМЖАНОВ.**

*Москва. 8/4. 85.*

**Құрметті ҒАБЕКЕ!**

Өзіңіз түлеп ұшқан ыстық ұяңыз – Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» гәзеті редакциясының коллективі Сізді 50 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Біз Сізді бүгінгі қазақ совет әдебиетінің көрнекті сатирик жазушысы ретінде заңды түрде мақтаныш етеміз. Сіздің: «Мысықта сақал неге жоқ?», «Күлеміз бе, қайтеміз...», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой...» атты кітаптарыңыз жұртшылық жоғары бағалаған шы-



ғармалар қатарында тұр. Сіз Өзиз Несинді қазақ оқырмандарына жеткізіп, үлкен іс тындырып жүрсіз.

Қадірлі ҒАБЕКЕ! «Елу – ердің жасы». Сіз қазір нағыз кемелді шағыңыздасыз. Осынау торқалы тойыңыз күні алда творчестволық шабытыңыздың Кенді Алтайдай шынар биікке самғап, ерке Ертістей кең көсіле беруіне, ұзақ жасауыңызға шын жүректен тілек білдіреміз!

**Шығыс Қазақстан облыстық  
«Коммунизм туы» гәзеті  
редакциясының коллективі.**

*08. 04. 1985 жыл.*

**Ғаба!** 50 деген Ер жасы етегіңе оралды. Иә, оралғаны керек. Еркелетіп көтеріп, қолыңа ал. Ол саған аянбай адал қызмет етеді. Ақылыңа ақыл қосып, қаламыңды ұстасады, қағазыңды сайлайды, машинканды майлайды. Қызығын көріп, 60-қа қарай тарта бер! Тойың құтты болсын! Алла бас амандығын берсін, бауырым!

**Естай.**

*08. 04. 1985. Көкшетау.*

*(Естай – Мырзахметұлы Ес-ағамыз. Белгілі жазушы-тарихшы. Гүлжәмила атты бәйбішесі, Алтай, Асқар, Зәмзәгүл, Абай атты балалары, бес-алты немересі бар. Менің Өскеменде тұратын геофизик ағам Қадестің ұлдарының аттары да – Алтай, Асқар, Абай. Қызық, ә? Тек Зәмзәгүлдің орнында Қадесте – Әлия. Соны айтқанымда Ес-аға жымыып: «Кімнен кім көшіріп алды екен?.. Қадес менен төрт жас кіші болса, әй, сол ағаң көшіріп алды-ау!» деп әзілдеді. Біз 1976-жылдан ағам інідей аралас-құраласпыз. – Ғаббас.)*

**Ғабке!**

Кеше ғана 40-та едің, бүгін 50-ге келдің, ә?! Бұл сен жүріп өтер жолдың түп-тура ортасы болсын! Сабырлы, сау-сәлемет қалпыңда асықпай аяндап 100-ге жет! Мұндағы бәріміздің атымыздан құттықтап отырмын. Аман бол! Балаларға сәлем айт.

**Тоқан.**

Өскемен.

08. 04. 1985 жыл.

*(Тоқан Хамзаұлы БЕРҒАЛИЕВ – шәкірт шақтан бергі досым. Журналишы. Жан-жақты білімпаз. Ақжарқын. Ашық, батыл сөйлейді. Өскеменде тұрады, – Ғаббас.)*

**ПО-ЗДРАВ-ЛЯ-ЕМ!!!**

Хороших слов не пряча, не жалея,  
Мы поздравляем Вас от всей души!  
И пусть же сразу после юбилея  
Шальное время больше не спешит!

Не тронут годы душу человека  
Когда она у человека есть,  
И пусть пройдет как минимум полвека,  
Чтоб строки эти снова Вам прочесть!

**Коллектив «Ара-Шмеля»:**

*С. МАЛОЗЕМОВ, В. КАРАКА, Н. КАЗАНЦЕВ,  
М. ТІЛЕСОВ, Ш. МУСИНА, А. ЖАНАЕВА,  
Қ. ІЛИЯСОВ, Т. ДАВЫДОВ, З. САПАРХАНОВА,  
В. МУН.*

09.04.1985 з.

**Қадірлі ҒАББАС!**

Сізді Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы, барша қаламдас достарыңыз 50 жасқа толған торқалы тойыңызбен құттықтайды!

Қадірлі Ғаббас! Сіз ұзақ жылдар бойына Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, кейінгі жылдары «Ара – Шмель» сықақ журналында қызмет істеп, өзіңіздің қалам қуатыңызды, жазушылық дарыныңызды сықақ жанрына жұмсап келесіз. Бұл саладағы табыстарыңыз ауыз толтырып айтарлықтай қомақты. Сәулетті қоғамымызда көлеңкедей ілесіп қалмай келе жатқан жағымсыз мінез, оғаш қылықтарды дер кезінде уытты әзілмен түйрейсіз. Қаламаңыздан туған талантты әзіл-оспақ әңгімелер, повестер, фельетондар, скетчтер бұл күнде өзіңізді республикамыздың сатирик жазушыларының алдыңғы сапына қосқаны кәміл.

Ең алғашқы әзіл-сықақ әңгімелер жинағыңыз – «Мінездемеден» бастап, «Мысықта сақал неге жоқ?», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой...» деп аталатын кітаптарыңыз отты әзіл, риясыз күлкіні сүйетін оқушы қауымының көңілінен шықты.

Сіз аударма ісімен де үзбей шұғылданып келесіз. Орыс әдебиетінің классигі А.П.Чеховтың, серб классигі Б.Нушичтің, украин классигі О.Вишнянің, түрік жазушысы Ә.Несиннің, сондай-ақ С.Михалковтің, Л.Ленчтің, И.Друцэнің, А.Бусуйоктың повесть-әңгімелерін қазақ тіліне келістіріп, кестелеп аударып білдіңіз. Бұл шығармалар қазақтың төл туындысы секілді оқылары анық.

«Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, СССР Әдебиет қоры Қазақ бөлімшесінің директоры болып қызмет істеген жылдарыңызда жас жазушылардың өсіп-жетілуіне, шеберлік мектебінен үйренуіне көп көмектестіңіз, төл әдебиетіміздің жанашыр қамқоры бола білдіңіз.

Сіз тынымсыз журналистік-жазушылық еңбегіңіз үшін «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медалі-

мен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Құрмет грамотасымен наградталдыңыз.

Қадірлі Ғаббас! Бұл күнде кемеліңізге келіп, қалам қуатыңыздың молайған шағы. Шабытыңыз шарықтай түсіп жазарыңыздың көбейетін кезі. Осынау қуанышты тойыңызда республикамыздың қаламгерлері, әдеби қауым сізге мықты денсаулық, творчестволық жаңа табыс, ұзақ ғұмыр тілейді!»

*Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ, Қалмұхан ИСАБАЕВ, Леонид КРИВОЩЕКОВ, Қалдарбек НАЙМАНБАЕВ, Шерхан МҰРТАЗАЕВ, Ахат ЖАҚСЫБАЕВ, Төлен ӘБДІКОВ, Хизмет АБДУЛЛИН, Әубәкір НІЛБАЕВ, Шаим ШАБАЕВ, Нұрахмет ТӨЛЕУПОВ, Баққожа МҰҚАЕВ, Кәрібай АХМЕТБЕКОВ, Қабдем ЖҰМАДІЛОВ.*

*09.04.1985 жс.*

### **БАСЫҢДЫ ҚАСЫМА!**

Ой, «сүмдық-ай», Ғаббас та  
Келеді екен Елуге!  
Мұндай «уыз қыз жасқа»  
Болмайды сені телуге!  
Бос «бақырғыш» Қобыланды,  
«Байшұбарлы» Алпамыс:  
«Келдім, – десе, – елуге»,  
Бола ма соған сенуге?!  
Сен Елуге келсең, келе бер,  
Дегенменен, түбінде  
Жет Жамбылдың жасына, –  
Осы түссін басыңа!  
Ал енді сол 100-ге дейін  
Басыңды сен қасыма!

**«Бастығын» ОСПАНХАН (ӘУБӘКІРОВ).**

*1985. Көкек. Тоғызы.*

*Аяулы ҒАБА!*

Уақытпен күдірет жоқ таласардай,  
Заңы бар тіршіліктің, аға, сондай.  
Елудің сарайына еркін кірдің,  
Іркілмей, асқақтамай, аласармай.

Бағына қонып едің бұлбұл болып,  
Қазақтың сатирасы тұр гүлденіп.  
Туыстық ыстық жүрек лүпілімен,  
Асығам құшағыңа кіргім келіп.

Көп әлі бергеніңнен бермегенің,  
Хас жүрек алмақ емес өрде демін.  
Алтайдың түлеп ұшқан тастүлегі,  
Көрейін шынға қанат сермегенің.

Жарқылдап көңілінің күйі кіріп,  
Қасыңда достарың жүр үйіріліп.  
Ешқашан ақ жүзіңді мұң шалмасын,  
Әлдилеп абзал арман, биік үміт.

Ғабаңсың, сол баяғы бір Ғабаңсың,  
Мен жазған, мен жазбаған жырда барсың.  
Кеудеме бәйтерек боп орнап едің,  
Кеудемде бәйтерек боп ырғаласың!

**Тоқтарбек ҚЫЗЫҚБАЕВ,  
ақын ініңіз.**

*09.04.1985 жыл.  
Алматы.*

## САТИРАНЫҢ САРДАРЫ

Ардақты «Ара» журналы ұшқыр жебелі, өткір қылышты, ұзын найзалы сатира сарбаздарын ізгілік жорығына бастаса, сол ұлы-жіңгір майданның қолбасшысы Ғабаң екеніне марқайып қаламыз. Бала атқа шапса, әкесі тақымын қысады. Алтайдай алыптың түлегі өнер додасына түсіп ағарып алдан көрініп жүргенде заңғар тауың аспанмен таласқан шың-құздары да перзентімен бірге сілкінетіндей көрінеді. Өйткені Ғаббастың мақсаты – өр Алтайдай асқақ.

Біріншіден, Ғабаң сатираны сайқымазақтықтан бөліп қарауға үйретіп келеді.

Екіншіден, езу жимас юморды арзан ыржақойлықтан ажырата білуді көкейіңе қондырады.

Үшіншіден, жығылғанға жұдырық деп, өзге әріптесі түйреп кеткен кеселдерді төмпештемей, аузы алты қарыс айдаһар сұмдықтармен, көзге көлгірісіп, іштен жейтін жегі құрт кеселдермен айқасып, найзасын айға сермейді.

Төртіншіден, жылтыр да жылмақ сөзбен жалтақтамай, адамгершілік асқақ белден үн қатып оқырманын дегеніне нандыра біледі. Біз сол үшін Ғабаңды сарбаз емес, сардар дейміз.

Бесіншіден, пәлен жылы атаң Қаратауда қалды деген езбедей езулемей, бір сөзбен айтқанда, уақыт көшінің соңында қалмай, ұшқыр қиял, алғыр оймен замана лебімен бірге тыныстайды. Сәулелі өмірімізге түсе қалған көлеңкеге мірдің оғын атады.

Алтыншыдан, шыққан тауым биік болсын деп, шабыт тұлпарын жеке өз туын көтеру үшін шаңдатпай, оқырмандарына өзімен өнер бәйгесіне бірге қосылған саңлақтардың сыр сипатын айтып, танымдық, ғибрат аларлық көшелі, жетелі, ойлары мен пікірлерін білдіреді. Жаны жомарт адам ғана сөйтсе керек.

Жетіншіден, «жалғыз жүріп жұмаққа барғанша, еліммен отқа түсейін» деген ата толғауын ту етіп, соңына қара нөпір сатира сарбаздарын ертіп, әдебиетіміздің көшін көркейтті. Арман-мақсат биіктігі болса керек.

Сегізіншіден, оқырманын әлемнің төрт бұрышына көз салудға үйретіп жүр. Өзге елдің дүл-дүлі мен жұлдызын бізге тонның ішкі бауындай жақындатты.

Тоғызыншы... Жоқ, тұра тұрайық. Атам қазақ сегіз қырлы, бір сырлы деп жігіттің жігітіне ғана баға берген. Көптеген қырлары бар болса да, қаламы өткір сатирик санай бергенді қаламайтын шығар.

...Ғаббас Қабышев еңбек жолын қиындығы мен қызығы көп журналистіктен бастады. Әлі күнге дейін мамандығына адал. Өз естелігінде жазғандай, асыл арман ұландық бозбаланы облыстық «Коммунизм туы» газетінің табалдырығынан аттатты. Корректорлықтан бастап газеттің барлық қара жұмысын атқарып, жауапты хатшылыққа дейін жоғарылады. Қазір де сол сүйген мамандығында.

Қаламгердің өнерге деген ғашық жүрегінің лүпілі сол лүпіл күйінде. Оны қазіргі көптеген әсерлі кітаптарының алғашқы баспалдағы – тұңғыш хабары үшін қалай толғанғанын оқырмандар газетіміздің мүшелік номеріне байланысты Ғабанның естелігінен аңғарған шығар. Соған қарап Ғабанның әр кітабы емес, әр сөйлемі үшін түн ұйқысын төрт бөлген абзал ана күйін кешерін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Өйткені әр әңгімесі тіршіліктің қағаз бетіне түскен бір әлемі сияқты. Әр эпизодта тіршіліктің қаны ойнайды. Кітапқұмарлардың алдын орап жазушының жаңа шығармасы – «Құда – мың сомдық, күйеу – жүз сомдық» новелласының әлхиссасын алайық: «Ақтас ауылы дүмп-дүмп... сөз. Сөз барабанына күні-түні дамыл да жоқ, тыйым да жоқ. Ауылдың басынан аяғына қарай, аяғынан басына қарай ағылған ақпар – кәуесет те қарақұрым...». Міне, көріп отырсыздар, жай сөз тізбегі емес, Абай айтқандай:

*«Тас бұлақтың суындай*

*Сылдырап өңкей келісім», – емес пе?*

Рас, тіршіліктің қаны ойнап тұрған тірі сөздер! Біз бұл арада оқырмандарға етене таныс қаламгер жерлесіміздің көптеген кітаптарын санауды мақсат тұтпаймыз. Өйткені бәрі өзімізге қолдың бес саусағындай белгілі. Біз осы арада оқырманмыздың көзі мен құлағы үйренген сатирик Қабышев емес, туған әдебиетімізді зерттеуші Қабышев деген тақырыпты қозғағымыз келеді. Зерттеуші ғалым емес, сатираның ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген Ғабәз зерттеулерінен қазіргі сатира әлемінің тынысынан мол мағлұмат алып жүрміз.

Ғабәз арқылы О.Әубәкіровтің қадір-қасиетін таныдық. Бұдан бұрынғы баспасөз сыны сыңар езулеп келгенін білдік. Басқаны былай қойғанда «Ілекең күле білген» деген зерттеудің танымдық мағнасы қаншама! Қазір көптеген мұғалімдер оны әдебиет сабағында пайдаланады. Би-аға – Бейімбет Майлин туралы айтқан аталы сөздері ше! Қазіргі сатириктер жөніндегі ақтарылған адал пікірлерін айтсаңшы! Бүгін елуге келіп отырған жерлесіміз Ғаббас Қабышев қазақ сатирасымен бар болмысы, тіршілік-тынысы, арман-мақсатымен бірге. Бірге қайнайды. Бөліп ала алмайсың.

Қаламгердің жақсылыққа құштар пейілі мен кеселді сылып тастар шеберлігі халқымызға қызмет ете берсін. Өсіп-өркендеуімізге шапағаты мен шуағын түсіре берсін.

Шырқа, аға, қияға, жарқылдашы,  
Алатауды ұя ғып саңқылдашы.  
Батырлардың ұрпағы – болат кеуде,  
Жауласуға сұмдықпен тартынбашы.

Самға, аға, жан жетпейтін Мұзтауға,  
Нағыз қанат керек оған шырқауға.  
Сіздің қанат – талмас ұшар қанат қой,  
Сол қанаттан деп тілейміз: – Нұр саула!



Саулай берсін, саулай берсін ағып нұр,  
Ғаба, Сізді туған елің танып тұр.  
Шабытыңыз Ертіс сынды шапақпен,  
Әрбір үйге әкелгендей жарық нұр.

**Ғалым БАЙБАТЫРОВ,  
ақын.**

*Шығыс Қазақстан облысы,  
«Коммунизм туы», 09.04.1985 жыл.*

### **СЫНДАРЛЫ СӨЗДІҢ САЛМАҒЫ**

Елуінші жылдары Асқар Тоқмағамбетов бастаған сатира керуеніне О.Әубәкіров, Ш.Смаханұлы, Б.Қыдырбекұлы, Ү.Уайдин, О.Иманәлиев сияқты сықақшылар келіп қосылды. Осы топтың ішінде салауатты да салмақты сатиралық шығармаларымен көзге түскен Ғаббас Қабышев биыл елуге толып отыр.

Қалам қарымы, өткір тілмен алымдылығы жағынан сатира сарбаздарын негізінен екі топқа бөлуге болады: біріншісі, шаруашылықтағы, тұрмыстағы міндерді әзіл-күлкімен, «емдеуге» тырысады. Олар ағыл-тегіл қуақы сөздерге көбірек мән береді. Екіншісі, құбылысты, көріністі қарапайым «Бейімбеттік тілмен» көсіле көркемдеп, жинақтай отырып, қоғамға жат міндерді жоюға, оларға соққы беруге қуатты, салмақты сатираның күш-қуатын пайдаланады.

Ғаббас Қабышев – соңғы топтағы сарбаздар шоғырының бір өкілі. Бұлай дейтін себебіміз, автор өзі көрген, түйген, сезінген, білген кемшіліктерімен күресте барынша ымырасыз болды.

Автор өмірді зерттей жүріп, кейбір етектен тартар кемшіліктерді қарапайым тілмен, әдемі бейнелеп бере қояды. Автор Қабышевқа ғана тән образдар жасады.

Мысалы, Дұғай, Жапан, Мысалбек, тағы басқа көптеген кейіпкерлерді күнделікті өмірден кездестіреміз. Кездестіреміз де танимыз. Көрген жерімізде автордың өз тілімен айтқанда «Әй, мынау әлгі кітаптағы әлгі... кім ғой» деп, бір күліп қоямыз.

Олай болса жазушының мақсатына жеткені. «Мысықта сақал неге жоқтағы» – Жапан, «Музейдегі» – Ғұбаш, «Қызық кісідегі» – Сүбеке бейнелері өзінше қызықты. Несімен қызықты? Ол үшін қайталап оқу керек. Қайталап үңіле қараймыз. Сықақшының көреген көзі өз кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, жүрісін, сөйлеу мәнерін сол кейіпкердің жеке өзіне ғана тән, өзіне ғана лайықты «тонмен» береді. Өзіне лайықты «киіндіріп», сөйлетеді...

Бұл жерде әңгіме сатиралық шеберлік жайлы болып отыр. Ердiң жасы елуге келіп отырған Ғаббас Қабышев бұл күнде сол шеберліктің келелі бір биігінде. Өмірде кездесетін қилы-қилы, қиғаш қылықтар, әр түрлі әуенді әумесерлер тірлігі көріністерін екшеп, елеп алып барып қалам ұстау – сықақшы творчествосының тағы бір қыры. Олай болса, жазушы образ сомдауға, сәтті сатиралық бейнелер жасауға іштей дайындық жасап, дамылсыз толғаныс үстінде жүруі әбден заңды. Шын мәнінде сатиралық мінездемелермен портреттер жасауда Қабышев шебер-ак. Бір ғана мысал: «Күлеміз бе, қайтеміз» сықақ кітабында жарияланған «Төрт мінездеме» атты фельетонын оқыған жан келістіріп отырып келеке етудің ұтымды бір тәсіліне тәнті болады. Мұнда кейіпкерге «мінсіз» мінездеме берудің жақсы бір үлгісі ұтымды пайдаланылған.

Өткір тілді сатириктің сан алуан тақырыптарды қамтыған туындылары әріптес сықақшылардың шығармаларына көп жағдайда ұқсай бермейтіндігінің өзі – оның көп ізденіп, жылма-жыл творчествосын жетілдіріп отырғандығының бір көрінісі емес пе! Жазушы өмірлік

материалдарды сұрыптау, іріктеу арқылы сатиралық бейнелер жасай алады.

«Тоғышарлықтың торына» шырмалған «киізкөкірек» пенделерін автор қарапайым баяндау үлгісімен былайша дәл айтып бере алады екен. Мысалы, автордың «Кәсіп» деп аталатын әңгімесінде мынадай бір көрініс бар. «Ұзыны молдау, көлденеңі тапшылау бөлмеде төрт стол тұр. Төрт столдың басында төрт жігіт отыр. Төрт жігіттің алдында: ашық-жабық жатқан кітап, журнал, газет, жазулы-жазусыз ақ қағаз парақтары, ұшталған-ұшталмаған қарындаштар, бір-бірден автоқалам. Төрт жігіттің ешқайсысы да қол қусырып отырған жоқ, әркім өзінің қалаулы қызметін атқарып, сіңбіруге уақыт таба алмай отыр».

Көңіл көзі зерделі оқушыға мұны тәптіштеп түсіндірудің қажеті шамалы болар. Бір ғана сөзбен айтар болсақ, «түк істемей... сіңбіруге уақыт таба алмай отырған» кейбір кейіпкеріміздің «керемет» бейнесін осы бір көріністерден айқын аңғаруға болады. Жазушы о баста мүлде бір басқа көріністі – құбылысты суреттеп отырған сияқты болып көрінеді. Сатириктің түпкі нысанасын кейінірек аңғарамыз. Көркем қарасөзбен суреттеп келген эпизодтың соңында біз төрт жігіттің төрт түрлі пиғылын, бейнесін көреміз.

Сатирик-жазушы жауапкершілігі басқа жазушы жолдастардан кем болмаса керек. Сатирик әдебиетке не әкеледі? Жалпы қазақ сатирасына қосқан үлес-салмағы қандай екен деген сияқты сұрақтар туындауы заңды. Олай болатын себебі – қалам тартып келе жатқан сатира саласына құлай беріліп, өзі еншілеген, өз еншісі бар, өз бағыт-бағдарын айқындап алған жанкешті жазушылар болады. Сол жазушылардың бірі – Ғаббас Қабышев.

Ұлы жазушы Максим Горький В.И.Ленин туралы очерктерінде Ильич айтқан мынадай бір асыл сөздер бар: «...Сықақ деген тамаша сергек қасиет. Мен сықақ деген-

ді жақсы түсінемін, бірақ сықақшы емеспін. Ал өмірде күлкілі оқиғалар қайғылы оқиғалардан аз емес, шынында да солай...» Сол күлкілі оқиғаларды жинақтай қорытып, қоғамдық, рухани мәні бар ой түйю, қалың көпшілік назарын жайшылықта байқала бермейтін өрескелдіктерге аударып, оларды ойландыру, күреске шақыру шын жазушының ғана қолынан келмек. Қабышев творчествосына үңіле қарасақ, бір қарағанда «момақан» ғана көрінетін мәдениетті сатираның ішкі иірімдерінен үлкен адамгершілік күшті сеземіз.

Күлкі – күштілер құралы дейміз. Ол құралды кез-келген қолына ұстай алмаса керек. Ал Ғаббас Қабышев күлкісі жәй күлкі емес. Ол – соншалықты салмақты, соншалықты уытты күлкі.

Сатираны «Үлкейткіш айна» деп жүр. Бұл сөзге әркімдер-ақ тәнті. Сатира тек үлкейтіп қана қоймайды, ол жатыпатарлар мен жегіштерді, алыпсатарлар мен алауыздарды ауыздықтайтын рухани қоғамдық құрал.

«Құмға тары сепкендей боп кіжіндім, өгіз тарта алмас өкініштің астында қалдым». Не болмаса «...Бөлменің орта шенінде ақ жабулы төртбақ стол басында қара қарға кейіпті егделеу әйел жападан жалғыз өзі терлеп-тепшіп тамақ ішіп отыр», – деген тақылеттес сөйлемдерден-ақ жазушы тілінің кейбір шұрайлы белгілерін танимыз.

Ғаббас Қабышев – шебер аудармашы. Әлемге әйгілі түрік сатиригі Әзиз Несиннің шығармаларының көпшілігі-ақ оның аудармасы арқылы қазақ оқырмандарына жетті. Автор Ә.Несин әңгімелерін қазақ тіліне аударып қана қоймай, осы бір сықақ шеберінің төл творчествосынан өзі де көп өнеге алғандығын айқын аңғарамыз.

Жазушыдан біз әлі көп дүниелер күтеміз.

**Бейсебай КІРІСБАЕВ.**

*«Жұлдыз» журналы,*

*№4. 1985 жыл.*

\* \* \*

Қадірлі **Ғаббас!** Сенің 50 жасқа толған мерекенді ағалық адал жүрекпен, достық ақ көңілмен құттықтаймын! Әдебиет майданында сәтті басталған сапарың ұзақ болсын! Өмірлі бол! Жазушылар одағының құттықтауын, Т. Қожакеевтің мақаласын сүйініп оқыдым. Науқастанып жатыр едім, құттықтау хат жазуға бүгін ғана мұршам келіп отыр. Ағалық, достық көңілмен, – **Қайым Мұқаметханов.** Семей. 20. IV. 1985.

### КҮЛКІ ЕЗУІН ЖИМАСЫН

Сатираның «сары тісті» сарбазының бірі Үмбетбай Уайданың өзінің төл құрдасы, жазушы-сатирик Ғаббас Қабышпен жүргізген әңгімесін біз бүгін оқырман назарына ұсынып отырмыз. **Редакция.**

– *Ғабе, біздер бір-бірімізді біршама білсек те, тағдырымыздың кей тұсынан бейхабармыз. Мына мен балаң кезімде жап-жақсы өсіп келе жатыр едім, өмірдің неше түрлі тоқпағы төбемнен үсті-үстіне төмпештеп, бойым да, көлемім де содан орта жолда тоқтап қалды. Сен біз көргелі сорайған ұзын сары жігітсің, соған қарағанда?..*

– Сен өскен Ақтөбедей жап-жазық өңірдің ағашы да, шөбі де жатағандау болатыны сияқты, мен өскен таулы Алтай өңірінің ағашы да, шөбі де сорайыңқы келеді.

– *Балалық, жастық шағыңды сағынасың ба? Біреулер «менде балалық бал дәурен болған жоқ» деп зарлайды...*

– Мектеп есігін алты жасымда ашып, колхоз егістігінің арам шөбін жұлуды да сол жылы бастадым. Одан кейін: шөп шапқышқа, егін орғышқа, шөмеле тасығышқа жегілген өгізге міндім. Сегізінші сыныпты тәмамдаған соң, каникулда колхоздың қой қорасын салысып, одан тапқан ақшаға велосипед сатып алдым.

Менің «сорыма» әкем Қабыш колхоз бастығы болды да, маған: «Балам, құрбыларыңа үлгі-өнеге бол!» деп, мені ылғи алғы шепте ұстады. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеп, шыңдап өсірген әкеме, ыржақтаумен, далақтаумен өтпеген балалық, жастық шағыма әрқашан ризамын.

– *Менің әдебиетке, жазу-сызуға алғаш бой ұруым қызық басталған. Бір сыныптасым қабырға газетіне қисайтып-мисайтып суретімді салып, астына: «Сабақтан екі аласың, екілігіңді жоймасаң, орныңда биыл қаласың» деген өлең жазып қойыпты. Содан «сен жазатын өлеңді мен де жаза аламын» деп қарсы шабуылға шықтым. Әрине, әуелі жұдырықпен. Балалық намыс қой...*

– Жазушылық жолымды өлеңмен бастадым. Мектептің жетінші сыныбында оқып жүргенімде әдебиет үйірмесінің жетекшісі Ақылбек Баймұханов бізді әскер күніне қабырға газетін шығару үшін жинап алып: «Осы ауылда ержеткен Ізғұтты Айтықов кешегі Ұлы Отан соғысында Кенес Одағының Батыры атағын алды, бірақ, амал не, 1944 жылы 22 жасында Балтық бойында қаза тапты», – дегенінде мен: «Ол кісі менің немере ағам!» – деп қалдым. Мұғалім маған жалт қарап: «Бұл сөзің рас болса, ағаңа арнап өлең жаз, қыздарға да жазып жүрсің ғой?!» – деп жымиды. Бір қызға жазған өлеңімді мұғалімнің «ұстап алып», біраз шу шығарғаны бар еді. Ақаңның сөзі намысыма қамшы басты да, сол күні түні бойы отырып өлең жаздым. Ертеңіне алып бардым. Ақаң оқып шықты да, төрт-бес сөзін түзетіп: «Мына өлеңіңнің

бір данасын облыстық газетке салып жібер», деп ақыл айтты. Орындадым. Өлеңімнің жартысы облыстық «Алтай большевигі» газетінде жарияланды. Бірақ, Үмбеке, менен ақын шықпады, ал сатираға неге ауып кеткенімді «Жануар тойы» деген әңгімемнен білген шығарсың.

– *Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты тарлан ағалардан басталған талант тәрбиелеу сияқты бір жақсы үлгі-өнеге бар еді, сол үрдісті үзіп алған жоқпыз ба? Бір кезде Ғабит ағамыздың жас таланттарды қорғап, қалай шыр-пыр болғанын еске түсірейікші. «... Мал баласын бауырында өсіреді, ағаш біткен тұқымын ығына қарай төгеді. Жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы бар, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия басқан жасты дүрелей бастамауымыз керек. Әсіресе жас дарынның жалынын тұншықтыру – қылмыс», – деп еді ол кісі.*

– Жас таланттарға жақсылық жасауға әрқашан әзір жүрдім. Оқуға түсуіне, кітабын шығаруына, оған дұрыстап қаламақы алуына, қызметке орналасуына, пәтер алуына көмегім болған жастар бар. Ал бүгінде жас таланттар өз күнін өзі көруге мәжбүр. Оларды іздеп тауып, қамқорлық жасап жүргендер жоқтың қасы. Алматыға әкім болып келген Иманғали Тасмағамбетов ініміз ғана жас таланттарды елеп-ескеріп, он шақтысына пәтер берді. Өзім жаңа пәтер алғандай қатты қуанып жүрмін!

– *Ғабе, біз осы демократияны айқай-даңғазаға, тәуелсіздікті тәтті сөзге айналдырып жіберген жоқпыз ба?*

– Демократия – халықтың билігі. Бізде мұны түсінбеушілік бар. Күштілер әлсіздерді жәбірлесе, әлсіздер күштілерге наразылығын аузына келгенді айтып білдірер болса, ол – бет алдына кеткен берекесіз тірліктің көрінісі. Демократиялы елде әрбір сөз халықтың ау-

зымен айтылуы керек. «Халық айтса – қалт айтпайды» болып және істелуі керек. Тәуелсіздікті, меніңше, демократиядан бөліп қарауға болмайды. Тәуелсіздік сыртқы бір күшке бодан болмау ғана емес, іштегі тіршілікте халықтың ой мен сөз және іс-қимыл тәуелсіздігі болуы шарт.

– *Талай жыл басшылық қызметте болдың. Талап тұрғысынан басшы біреуге олай, біреуге былай келеді. Ендеше, өзіңнің көңіл түкпіріңнен «соған обал жасадым-ау» деген секілді сауал анда-санда көзін ашып ала ма? Сырбай ағаның мына бір өлең жолдары есіме түсіп отыр:*

*Біреу сәлем бермей кетсе қайырылып,  
Қабағымға ұялайды қайғы-бұлт.  
Қай уақытта өкпелетіп алдым деп,  
Дөңбекшимін түнде, ұйқымнан айырылып.*

– Шығыс Қазақстанның облыстық газеті редакциясында он жыл, «Ара-Шмель» журналы редакциясында бес жыл, Жазушылар одағының құзырындағы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында, Аударма алқасында, Әдеби қорда, т.б. жерлерде қызмет істедім. Ешқашан, ешкімге обал жасаған жоқ шығармын. Егер жасасам, өзіме ғана жасаған болармын: ешбір кітабымды сыйлыққа ұсындырмадым; өзімді марапаттауға келісім бермедім. Оған әсте өкінбеймін. Жолдас-жораларымның, бірге қызмет істеген үлкен-кішінің алдында арым таза.

– *«Сағыныш сазы» атты кітабыңда «71» деген санға үрке қарапсың. Бұдан 21 жыл бұрын «49» деген санға мен де қабағымды түйгенмін. Себебі, әкем сол 49 жасында көз жұмыпты деп естігем. 49 тұрмақ 59, 69-дың да тұсынан салдыр-күлдір өтіп кеттім. Ендеше сен де 71-ге алаңдама.*



*...Ғабе, Ғаббас Қабышев –  
тағдырласым, силасым,  
Қатты шығар даусыңды,  
күлкі езуін жимасын.  
Қатты шығар даусыңды –  
үркіп қашып ажал-ит,  
Күбір-сыбыр кеудесі  
салдыр-күлдір қирасын!*

– Әкемнен кейінгі арқа сүйеген асылым – ағамнан айрылып қалған күндері «71» деген қуға кіжінгенім рас, одан үріккен жоқпын. Онымен ерегескенде 80-90 жасқа жетуді жоспарлап қойдым. Осы жасымда өзімнің 18 жинағымды шығарыппын. Әйгілі Әзиз Несиннің екі кітабын, Остап Вишняның, Аурелиу Бусуйоктың бір-бір туындысын қазақшалап шығардым. Михаил Есенәлиев, Әнуар Әлімжанов туралы бір-бір жинақ естеліктерді құрастырып шығарғаным және бар. Бұған: Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Әди Шәріпов, Сағат Әшімбаев жайында бес естелік жарық көргенін, Михаил Есенәлиев пен Оспанхан Әубәкіров еңбектерінің әрқайсысын 4 том етіп шығаруға кірісіп жүргенімді қосқын. Кебежемде әлі де 3-4 кітап болар қолжазбам жатқанын да айтайын. Яғни, Үмеке, маған да, саған да, жалпы – 1935 жылы іңгәлап келгендердің бәріне 80-90 жасқа жетпей болмайды.

– *Әрине зой!..*

**Әңгімелескен – Үмбетбай УАЙДА.**

*1985 жыл. «Егемен Қазақстан».*

## СЫНДАРЛЫ СЫҚАҚШЫ

Сатирик Ғаббас Қабышевтің есімі оқырман қауымға жақсы таныс.

Алдымен Ғаббас сатираға несімен бейім, қандай қасиеттерімен сатирик болды деген сұрауға жауап берейік. Бүгінгі буржуазиялық эстетика, буржуазиялық әдебиет теоретиктері сатира, юморға бейімділікті адамның характерінен, мінезінен іздейді. Олардың айтуынша: өзінен гөрі басқаның қамын көбірек ойлайтын, адамға деген, болашаққа деген сүйіспеншілігі, жан жылылығы мол, кешірімді, қайырымды адамдар юморист болады. Ал өз-імшіл, қара басының қамын ғана ойлайтын, жақсылығы өзінен артылмайтын эгоист, менмен, тәкаппар адамдар сатирик болады.

Асылы, сатира мен юморға икемділікті басқа жайлардан іздеу керек. Біздіңше, сатира мен юморға өз қадір-қасиетін бағалай отырып, өз бойындағы әлсіздіктерді көре білетін, соларға сын көзімен қарап, өзін-өзі сынап алатын, соған жетесі жететін адамдар бара алады. Яғни, кісінің өзін-өзі сыйлауы мен өз-өзіне сын көзімен қарауы тоғысқанда ғана адамда сатириктік рух, юморлық сезім айқынырақ көрінеді. Өзіне-өзі күле қарап, өзін-өзі түзетіп отыратын адам ғана басқаның мінін көре алады, күлкі ете алады. Ғаббас Қабышевта осы қасиет бар.

Әрі сатира, юморға кемшілік атаулыны, тіпті ұсақ, түкке тұрғысыз ұнамсыз нәрселерді көре қоятын, оларға төзбес, ашуланбай, ызаланбай тұра алмас қасиет-бітімі бар адамдар бейім тұрады. Яғни, сатира, юмор – келеңсіз көріністерді көргенде тепсінбей тұра алмайтын, онымен ымыраға келмейтін, принципшіл, әділ адамдардың үлесі. Сергей Михалковтың неге сатиралық пьесалар жазасыз деген сұраққа: «Менің табиғатым адамдардың өмір сү-

ріп, жасампаздық жасауына, мүмкіндіктерін еркін көрсетуіне кедергі келтіретін, адамшылдыққа жат, кісілікке жатпайтын өнегесіздіктерге, мешандыққа қарсы күресуді қажет етіп тұратын болу керек», – деп жауап беруі – әлгі пікірімізді растайды.

Ілгері дамуымызда балақтан алып, етектен басып кесір-кесапат тигізетін әрбір теріс іс-әрекетке Ғаббас та төзбейді. Соларға ол да табиғатымен тепсініп тұрады. Емделуді қажет етіп отырған адамдарға путевка бөлудегі әділетсіздіктен бастап («Баспалдақ» әңгімесін қараңыз!), жұмыс уақытында қу әңгімеге бой ұрып, еңбек күнін өнімді пайдалана алмауға дейін («Айтайын ба, айтпайын ба» әңгімесін оқыңыз!) әжуалайды.

Сонымен бірге сатира, юмор – батыл, туралықты айтудан тайынбайтын, қорқақтыққа бой алдырмайтын, дертті түйреп тастайтын адамдардың үлесі. Жалтақтық – сатира, юмордың жауы. Әдебиеттің бұл саласы тегеурінді белсенділікті, күрескерлікті, дерт иелеріне қасқайып қарсы баруды қажет етеді. Демек, сатира, юмор – үлкен рухани, идеялық күштіліктің белгісі.

Біз білетін Ғаббаста осы батылдық та, күштілік те бар. Тотиядай көңілшек келіншектердің адамдық арын, тәнін саудалап ақын болу, ғалым болу әрекетін, «ет дегенде етпетінен түссе де» шопан туралы жыр жаза алмай басы мең-зең болған күшеншек ақындарды, біреудің қолымен от көсеп ап, артынан оны тотанаққа тастап кететін екіжүзділерді сықақтау – тек батылдардың ісі, күштілердің белгісі.

Ал енді Ғаббас сатирасының ерекшеліктеріне келсек, ол – ең алдымен беллетрист-сатирик. Шығармаларының бәрін дерлік прозамен жазады. Өмір – тіршіліктің комикалық көріністерін суреттеп баяндауға, оқырман көз алдынан тартымды оқиғалар өткізуге бейім. Бұл орайда автор әрқилы қызықты да күлкілі елестер жа-

сай алады. Мысалы, елуге келмей еңсесі түсіп, еңбектен «қалған», аярлықпен ауырып, жасанды ыңқылдап, осыдан «оңалмаспын» деп өлімге өтірік мойынсынған, курортқа бармайсыз ба десе, «ақша шашар ақымағың мен емеспін» деп, ауруханада жан тыныштық қылуды әдетке айналдырған қуларды әшкерелейтін әңгімесін автор мынадай елеспен бастайды:

**«Есік аз-кем сықырлап ашылды да, ала киімді нән қара кіре берді. Аяғын сүйрете басып, бірталай ыңқыл алып келді. Төрт текше тұрықты басын түсіріп алар ма екем дегендей, әупірімдеп шайқап қойып, ыңқылдайды. Шегір көзін ашып-жұмып, қалың бетін қапталдай тұрған қоңқақ мұрнының жотасынан қарайды... Әне, нән қара қайырылған кемеше теңселе сырғып тоқтады. Сан ұстарадан сыбаға алған көк иегін ұмсына тұрып ыңқылға басты да, «уаһ-уаһлап» қатты есінеді. Оған «мен оңалмаспын!» деп ауыр бір болжам қосып қойды.**

**Ұртын қолп еттіріп ышқына күрсінді». («Мінездеме», А., 1970, 70-бет).**

Ғ.Қабышев сатирасының екінші ерекшелігі – ол үнемі адамтану проблемаларын қозғайды. Қоғамның жеке мүшелерінің іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы адамгершілікке және мораль нормаларына қайшы келетін қылықтарға қарсы бағытталады. Бұл заңды, бұл – уақыт тынысын түсінгендік. Бүгінде біздің қоғам адамның өмірлік, әлеуметтік, еңбек қызметінің барлық жағына сын көзбен қарайтын аса жауапты, мәні зор кезеңді басынан өткізуде. Өйткені, қазіргі социализмнен коммунизмге өтуде, ғылыми-техникалық революция тұсында, технологияның, басқарудың, еңбек жағдайының үздіксіз өзгеру барысында халық шаруашылығының барлық саласында жұмысты жаңаша істеп, еркін істейтін, озат ғылыммен қаруланған,

батыл да белсенді, бесасап, жаңа тұрпатты, биік саналы адамдарды өсіру – замана талабы.

Сондықтан да адамтану проблемалары күн тәртібіне жаңа қырынан, ерекше қатты қойылып отыр. Осыны түсінген Ғаббас сатирасының сын нысаналары – көзіне қара көзілдірік киіп, тек қараны көретін, қалам ұшын қара сияға малып, тек қаралауды білетін, есік-терезені тарс жауып қараңғылап ап, қатын, бала-шағасымен атау-ақиретсіз арыз сүйкейтіндер, бойын биік мансап дерті мендеп, мысық тілеумен біреудің құлауын қалайтындар, креслоға көкесінің көмегімен жетіп, жалбалақтап, қалт-құлт етіп күн көріп жүрген жарқанаттар, еңбек десе, есі кетіп, өтірік ауырып жата қап итке көлеңке бермейтіндер, ауырдың үсті, жеңілдік астымен жүріп күн көрудің, баюдың жеңіл жолын тауып алған ұрттап ішіп, шайқап төгетін пасықтар, қоғам мүлкін шешесінің күбіндегі айранындай тасып тынатын көртышқандар, өз астауы, өз аттақырынан көз алмай, қара басының қамын күйттейтіндер, ақ саусақ, арамтамақ, жетесіз ұлқыздарына шық жуытпайтын парықсыз ата-аналар, екі иығын жұлып жеп, аласұрып тұрған әпербақан шолақ белсенділер, жомға бөгіп, топанға тойған өгіздей пысылдап, зорға қозғалып отырған тоңмойын төрешілер, жүзіп-жалдап ішіп, жалпасынан түсіп батпаққа батып жататын маскүнемдер, тағысын тағылар.

Ғ.Қабышев сатирасының тағы бір ерекшелігі – ол әрі зілді, әрі көңілді, қуаныш-ренішке бірдей суарылған сатира. Оның негізгі күші де осында, ұлы мақсаттарға, елді зор істерге жұмылдыратын, жұрт жүрегіне қайырымды сезімдер туғызатын, жаңа қоғам құруға кесел келтіретін ағаттықтарға қарсы өшпенділік оятатын қасиеті де осында. Мысалы, Ғаббас әдеби кеште бірін-бірі қолпаштап, бірін-бірі жер-көкке тигізбей көтермелеп отыр-

ған «болмаған Белинскийлер мен толмаған Толстойлардың» әрекетін былай елестетеді:

**«Мінбеге шайқала барып бір шикіл сары жігіт шықты. Өзінің басы қызық екен. Тақымға салып сығымдап-сығымдап қойғандай. Қарақұсы үшкіл. Сол басына үрке өскен бір шөкім сұйық шашын сипап тастап жігітіміз аузын ашты... Тұңғыш очеркі бүгін шыққан ол жиналыс ағасы өлшеп берген он минуттың орнына жиырма жеті минутты қалтасына басып алып... мінбеден әрең түсті. Екі қолын мықынына артып тастап, атақазша алшандап қайтып барады. Орындығына жетіп, бір жамбастап жайғасып, көзін жұма желпінгені – бір кішігірім хикая...»**

Міне, осында кекесінді уытты сатира да, жымытар жылы юмор да бар. Бұлар – сарказм, ирония, әзіл-оспақ аралас келген келісті портреттер, иі қанған суреттер, әлгілердің пасық паңдық психологиясын дәл түсірген елестер.

Жанрлық жағынан да Ғаббас сатирасы жұтаң емес. Ол ішкі тақырыптарға сықақтық, юморлық әңгімелер, фельетондар, скетчтер, интермедиялар жазса, халықаралық тақырыптарға памфлеттер жазады. Қазір әлем халқы үшін бейбітшіліктен зор проблема, одан үлкен көкейкесті мәселе жоқ. Бейбітшілік жолындағы дипломатия санаға ғана жетеді, ал әдебиет, сатира, юмор жүрекке жетеді, сүйектен өтеді. Бұлар жалпы жұрттың санасын, жауапкершілігін арттырып, іштей ширатып, етек-жеңін жинақтауға, сақ болуға жұмылдырады. Осы жағынан Ғаббас памфлеттерінің де мән-маңызы үлкен.

Ғ.Қабышев – сатирик ғана емес, сатира жоқшысы, сатира сыншысы. Ол І.Жансүгіровтің, А.Тоқмағамбетовтің, Өзиз Несиннің және О.Әубәкіровтің сықақшылығы жөнінде білікті зерттеулер берді («Күлеміз бе, қайтеміз?», А., 1975, 88-143-беттер). Қазақ совет сатира-

сының жай-күйі туралы ондаған мақала жазды. Бүгінгі сатира деңгейі ол үшін де олқы. Ол да үлкен сатираны, көркем сатираны аңсайды. «Бізге керегі – сүйсінерлік сүйікті дүниелер. Шындыққа жүгінсек, бұл жағына әлі көңіл толмайды. Өнегелі мектептен өтуіміз, өрелі шығармалар беруіміз тым баяу», – деп өкініш білдіреді, ізденіске, серпіліске шақырады.

Сатира аудармашысы деген атақ та Ғаббаста бар. Ол әсіресе Әзиз Несинді қазақша сөйлетуге көп тер төкті. Әлемге әйгілі Әзекеңнің: «Мен оқырмандарымның айызын жылтырақ сөзді арзан күлкімен қандыруды ойламаймын. Аудармашыларымнан тілейтінім: шығармаларымдағы бар күлкіні жоғалтпаса екен, жоқ күлкіні өздері қоспаса екен» деген талабын тапжылтпай орындауға күш салып жүрген де – осы Ғаббас.

Бүгін сындарлы сықақшының қаламының ұшқырлана, тілінің өткірлене түсуін, қаһарлы сөзбен қасиетсіздер қамалын бұза беруін қалаймыз!

**Темірбек ҚОЖАКЕЕВ.**

*«Қазақ әдебиеті» гәзеті,  
12 апрель, 1985 жыл.*

\* \* \*

**Құлаққағыс:** Менің шаңырағымдағы той-думанға елден бұрын қуанып, бір-екі күн бұрын телефон арқылы құттықтайтындар аға-апайларым, жеңге-жезделерім болғаны өзінен өзі түсінікті. Олардың ыстық ықыласты лебіздері жадымда жаттаулы болғандықтан қағаз бетіне түсірмей-ақ қоюды ұйғардым. **Ғаббас.**

## **60 жетті аяндап...**

### **ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

#### **Құрметті Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ!**

Алғашқы еңбек жолын 1956 жылы орта мектепті бітірген бойда Шығыс Қазақстан облыстық газетінде корректорлықтан бастаған Сіз бұл күнде көрнекті қаламгер, қазіргі таңдағы қазақ сатирасының көшбасшыларының бірісіз. Әдебиетіміздегі сықақ жанрын өрістетіп, дамытуға айрықша атсалысып, осы жолда атқарып жүрген еңбегіңіз аса жемісті. «От тілді, орақ ауызды» сықақшы – тезші болумен бірге Сіз қалың оқырманға тамаша аудармашы, әдебиетші ретінде де кеңінен танымалсыз. Күйбеңі мен көлеңкесі мол тыныс-тіршілігіміздегі, сондай-ақ мына өзіміз өмір сүріп жүрген қоғам өміріндегі келеңсіздіктерді тотияйындай уытты тілмен әжуалаған; асауды басқа ұрғандай елең еткізіп, түйсіктіні бәтуалы ойға жетелейтін астарлы да парасатты түйіп-топшылауы мол төл шығармаларыңыздар түзілген «Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ», «Күлеміз бе, қайтеміз?..», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой...» атты, тағы басқа әзіл-сықақ әңгімелерден, фельетон, памфлеттер мен скетчтерден тұратын жеке жинақтарыңызды оқырмандарға ұсынумен бірге әлем әдебиетінің көптеген үздік шығармаларын қазақ тіліне көркемдік кестесін келістіре тәржімалап бердіңіз. Бұл сөзімізге А.Чеховтың, С.Михалковтың, О.Вишняның, И.Друцэнің, Ә.Несиннің, Б.Нушиштің, А.Бубуиоктің Сіз аударған шығармалары айқын дәлел бола алады.

Осындай қыруар шығармашылық еңбектермен қоса баспасөз саласында, Жазушылар одағында ұзақ жылдар жауапты жұмыстар атқара жүріп, қоғамдық өмірімізге



белсене араластыңыз. Көп уақыт бойы қазақ әдебиеті қорының директоры, онан кейін «Ара – Шмель» журналының бас редакторы болып қызмет атқарған тұстарыңызда үлкен ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен турашылдығыңызды байқаттыңыз. Қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы ретінде жемісті жұмыстар атқарып келесіз.

Құрметті Ғаббас Қабышұлы! Осы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтай отырып, алдағы уақытта Өзіңізге зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға амандық тілейміз.

### **ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ СЕКРЕТАРИАТЫ.**

*09. 04. 1995 ж.*

**Ғаба!**

60-қа алқынбай, шаршамай жеткеніңе баршамыз қуанып, «Құтты болсын!» деген ыстық ықыласымызды жолдап отырмыз. Ден сау, бас аман болып, шығармашылық қызуың шалқып, «үш аяғыңды» нық басып, дос-жолдастарыңның, Зада мен бала-немерелеріңнің ортасында таудай болып отыр! Көкшеге уақтылы келуді ұмытпа!

**Естай.**

*Көкше. 08. 04. 1995-жыл.*

**Ғабке,** привет! Валя екеуімізден Зада екеуіңе құттықтау сәлем! Ұзын сирағыңмен бүгінгі 60-тан, алдағы 70-80-90-нан да аттап өтіп, 100-ге жет! Немерешөберелерің, кітабың көп болсын! Біз мұнда облакимаатқа бардық, қызық болды, оны кейін телефонмен айтамын. Давай, Ғабке, только вперед!

**Тоқан.**

*08. 04. 1995 ж.*

## Творческий портрет

### ОТБЛЕСК ВНУТРЕННЕГО СВЕТА

Регионы, как и люди, имеет свои судьбу, и в жизни нередко оправдываются слова из древней поговорки казахов относительно влияния почвы на характера родившегося на этой земле человека.

Уникальным в этом отношении является Рудный Алтай, олицетворяющий собой мини-глобус земного шара – практически все, что имеется на нашей планете, можно найти в Восточном Казахстане. Земля эта также богата своими замечательными людьми, одним из которых справедливо считается Габбас Кабышев. Он родился 9 апреля 1935 года и вырос в селе Уранхай, расположенном в живописном ущелье Калбинского хребта. На территории Уланского района. Кстати, из этого района во время Великой Отечественной войны четыре парня были удостоены звания Героя Советского Союза:

Любая литература берет свое начало из того богатейшего источника, который называется фольклором, и маленький Габбас с детства впитывал в себе народные сказки, легенды, предания и обширные поэтические эпосы и поэтому свои первые шаги в литературе он начинал со стихов. Стихи эти печатались в районной и областной газетах. Я до сих пор хорошо помню его стихотворение, посвященное подвигу Героя Советского Союза Изгутты Айтыкова из села Таргын.

После окончания средней школы Г.Кабышеву предложили работы в редакции областной газеты «Коммунизм туы» (ныне «Дидар»), где он проработал десять лет – с 1956 по 1966 год. Это было временем самоутверждения известного ныне в Казахстане писателя-сатирика. Общения с людьми этого богатейшего края, с ее историей и настоящим, частые встречи с металлургами, шахтерами, земледельцами и скотоводами, дружба с известными литераторами духовно обогатили молодого журналиста,

помогли выработать у него свое видение мира и в Алматы в 1966 году по вызову Союза писателей переезжал уже вполне оформившийся прозаиком. И живя здесь, Габбас Кабышев не переставал интересоваться с людьми, жизнью и историей родного Алтая – работал в редакции республиканской литературной газеты «Казах адабиети» он выпустил книгу о Якове Ушанове, продолжал писать очерки, посвященные замечательными труженикам Восточного Казахстана.

Многое сделал наш земляк для поддержки и роста начинающих писателей и поэтов области, когда с 1966 по 1976 год работал в вышеупомянутой газете и с 1976 по 1983 год занимая пост директора Литературного фонда Союза писателей Казахстана – филиала Литературного фонда СССР. А будучи главным редактором республиканского сатирического журнала «Ара-Шмель» (1983-1987 гг.), успел умело сплотить дружный творческий коллектив этого своеобразного издания из числа видных сатириков-фельетонистов. К сожалению, это издание после него стал переживать глубокий кризис в основном в творческом отношении, а сегодня журнал вообще не выходит.

Настоящее время Габбас Кабышев возглавляет Союз писателей Казахстана в качестве его второго секретаря, занимающегося с творческими вопросами. Много ездит по республике, полон творческих замыслов. Кредо его труда: воззвание к взаимопониманию, терпимости, искоренению зависти и зла, вражды, то-есть, призыв к добропорядочности, дружбе людей, к уважению истории, родник которой лежит в глубине веков, когда, по определению крупнейшего историка-писателя Л.Н.Гумилева, породнились древняя Русь и великая Степь. Это кредо прослеживается во всех книгах и проблемных статьях, написанных Габбасом Кабышевым. Я очень сожалею о том, что на русский язык переведена только одна книга его. Это – сборник юмористических и сатирических расска-

зов: называется «Смех и слезы» (кстати, позволю себе заметить: Габбас Кабышев ведет слишком скромный образ жизни и в творчестве, он ненавидит саморекламу, самопропаганды, даже свои рассказы и статьи дает в редакции газет и журналов, телерадио только по их просьбе, о чем я хорошо знаю по совместной работе в редакции журнала «Ара-Шмель»).

Славно потрудились наш земляк и как переводчик – им переведено на казахский язык два тома всемирно-известного турецкого писателя-юмориста Азиза Несина, том избранных рассказов украинского классика Остапа Вишни, повесть молдавского сатирика Аурелиу Бусуйок «Мой парижский дядя», отдельные рассказы Антона Павловича Чехова, Леонида Ленча.

Рассказы самого Габбаса Кабышева переведены на киргизский, уйгурский, якутский, корейский, китайский языки. У него не мало приятелей среди писателей республики СНГ. Он в июле 1981 года в Москве познакомился и имел две беседы с самим Азизом Несином!

В своем Восточном Казахстане он в хорошем братском отношении с известным крупным поэтом Михаилом Ивановичем Чистяковым. Свой сборник «Лирический дневник» Михаил Иванович подарил ему со следующим автографом:

*Дорогой ты мой Габбас,  
Дружба связывает нас.  
Я без милого Габбаса,  
Не могу прожить и часа!*

«В шестьдесят лет человек наполнен внутренним светом», говорят казахи. Пожелаем же Габеке сегодня, чтобы этот огонь внутреннего света не погас на долгие и долгие годы!

**Токтархан ШАРИПЖАНОВ,  
член Союза акынов-импровизаторов  
и Союза журналистов Казахстана.**

Алматы, 1995 г., февраль.

## КӨЗІМЕ ТАНЫЛАДЫ ДАРА ТҰЛҒАҢ

Иә, сүрінгенде сүйемелдеген, қиналғанда қиналтпаған, мұнайғанда мұқалтпаған алдында ағаң бары қандай жақсы! Өмірде өтеуі еш нәрсемен қайтпайтын бір жақсылық көрсем, Сізден көрген шығармын! Өмірде пір тұтқан бір адамым болса, ол да Сізсіз, тұлғасы асқар Алтай тауларындай асқақтаған, жаны сұлу жеріміздің кәусар бұлағындай мөлдір, талай тамаша туындыларымен қалың оқырман қауымды тәнті еткен, оның ыстық сүйіспеншілігіне бөленген ардақты Ғаба! Сонау елуінші жылдардың аяғынан бері қарай тіні үзілмей жалғасып келе жатқан, айдынына зәредей де қылау түсіп көрмеген туыстығымыздың алтын дінгегі де тек өзіңіз ғана екені мен үшін әбден басы ашық ақиқат. Маған бүгін бүкіл қазақ даласы «Ғабаң!» деп жырлап, аяулы Ел-ана өзінің сүйікті перзентінің торқалы тойын дүрілдетіп тойлап жатқандай сезіледі. Осы шабысыңыздан, қарқыныңыздан танбай, ілгері өрлей беріңіз, дәуірлей беріңіз, Сізге, Сіздің береке-бірлік, шаттық ұялаған шаңырағыңызға жер бетіндегі барлық игілік, бақыт атаулыны тілейтін іні жүрегі былай деп лүпілдейді:

Мұнды да, шаттықты да – бәрін бастан  
Өткіздік, өмірге түк шағынбастан.  
Қимастық арамызда ірге тепті,  
Ет жақын туыстардай бауырласқан.

Бұйырған несібені тере беріп,  
Жеткенді, жетпегенді елемедік.  
Түйткілі таусылмайтын тіршіліктің,  
Қиюын бітеп бақтық шегеленіп.

Домбыра шанағындай күмбірледік,  
Шабыттың қызыл шоғын күнде үрледік.  
Мезгілдің ызғарынан тоңған шақта  
Асықтым құшағыңа кіргім келіп.

Әсерін сезінгендей мол шуақтың,  
Терімді маңдайымнан тамшылаттым.  
Адасқан кездерімде жол сілтедің,  
Жарқырап сәулесіндей шамшырақтың.

Қораштау тындырып та тастағаным,  
Таппадым көрінудің басқа амалын.  
Баяғы балғын кезім сияқтанып,  
Алдыңда сөз сөйлеуге жасқанамын.

Хал-жайым қазір алуан күйде менің,  
Тулаған толқынындай Үйдененің.  
Қойсаң да дастарқанға үйіп-төгіп,  
Шарапқа қол созуға именемін.

Айшықты ай сияқты жаңа туған,  
Көзіме танылады дара тұлғаң.  
Ғұмырда аз жолықтым сендей жанға,  
Әділдік үшін ғана жаратылған.

Қашан да қыран – арман, киік – үміт,  
Қасыңда жүретіндей үйіріліп.  
Жасыл бақ жапырағы сарғаймасын,  
Екеуміз сейілдейтін жиі кіріп.

**Тоқтарбек ҚЫЗЫҚБАЙ,  
ақын ініңіз.**

*09.04.1995. Алматы шаһары.*

**ҚАБЫШҰЛЫ ҒАББАС ІНІМЕ**

Қабышұлы Ғаббасым,  
Қайсар істе жақтасым.  
Кемеліңе жеттің де,  
Кесірлерді дәп бастың.

Жас жігітше сызылып,  
Жасты достай қызынып,  
Жарлық айтсаң өзіңе,  
Жалт қараймыз қызығып.

Сатираның садағын  
Сапта ұстаған сардарым.  
Құдды Асқарша «тарта» бер,  
Құтты болсын қадамың!

**Ағаң: Әдібай ТАБЫЛДЫ.**

24.03.1995 ж.

**АЛПЫСЫҢ – ТАЛТҮСІҢ**

*(Ғ.Қабышұлына ода)*

Үндеместен деуші еді,  
Үйдей пәле шығады.  
Көптен білем мен сені,  
Орның бөлек, шырағым!

Құлығы жоқ қусырар,  
Құрық бойлы Ғаббасым.  
Кезім келді бір сынар,  
Десем... жансың таппас мін!

Адалдығың болмаса  
Жоқ-ау бытық-шытығың.  
Түртсемдағы жармаса,  
Келмес мүлде қытығың.

Жауырыныңнан жеті нар  
Желіп өтсе – басқа сын.  
Қыңқ етпестей қалпың бар,  
Сөзге сараң Ғаббасым.

Бетегеден – беткері,  
Аласасың – жусаннан.  
Жаратпас шен-шекпенді,  
Өзіндей боп туса-ау жан!

Қырықтарда күредің,  
Литфондының папкасын.  
Елулерде тіредің,  
«Ара» – «Шмельге» ат басын.

Өзіңе емес өзгеге  
Болсын дейтін азамат.  
Бір тоға әр кезде де,  
Мінезің-ай ғажап-ақ!

Келсендағы алты онға,  
Алты ғайбат айтпадың.  
Баспадың бос талтаңға,  
Бір қалпыңнан қайтпадың.

Қисықтар мен қыңырды  
Кеңірдектен бауыздар  
Сықақтарың қызулы  
Сазай тартқан жауыздар.

Бұл алпысың – тал түсің,  
Болғай, інім, Ғаббасым.  
Жүз шыңына бақ құсың,  
Қонғай, інім, Ғаббасым!

**Мыңбай РАШЕВ.**

*04.04.1995 жыл.*



## ДОС НИЕТТІ ЖАҚСЫ АҒА!

### Ардақты ҒАБЕКЕ!

Сіз азаматтық асу – 60 жасқа келіпсіз. Бұл бәріміз үшін үлкен қуаныш. Өйткені мұнда еңбектің жемісі, туыс-туған, дос-жолдас алдындағы қызмет те ескеріліп, оның алғашқы үлкен қорытындысы жасалады. Ал, бұл жолдардың қай-қайсысында болсын Сіздің бетіңіз ашық, жұртқа тура қарай алатын жазушының, азаматтың бірі өзіңіз. Бұл өзіңізді білетін әр адамның сөзі деп ойлаймын.

Өмірдің де, әдебиеттің де әр саласында, «ақырын жүріп, анық басқан» ізіңіз бар, ісіңіз бар. Және оны көп адам, көп оқырман біледі және сол үшін өзіңізді құрмет тұтады, қадірлейді, айтып жүреді. Соны алыста жүрсем де білетін інілеріңіздің бірі менмін. Сізді білетіндігіме және тіке өзіңіздің шарапатыңызға ие болғандығыма мақтанамын.

Осы мүшел тойыңыз үстінде Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, өмірде бақыт һәм халық ықыласын тілеймін.

Өзіңізді әрқашан құрметтеуші ініңіз, әріптесіңіз –

**Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ.**

*27 наурыз, 1995 ж.*

**БИІК КІСІ***Ғ.Қабышұлына*

Алтайына ұқсаған биік кісі,  
Қышқыл тілді қазақтың сүйіктісі.  
Майдаланған маналап тастағыңды,  
Ізгіліктің болып бір ұйытқысы.

Адалдықты, шындықты нәсіп еткен,  
Кеуде соқпай көп жерде бәсі кеткен.  
Құдай ұрған қулардың ауруларын,  
Сөз – дәрімен емдеуді кәсіп еткен.

Алдаркөсе, Қожекен туысқаны,  
Тура биді көреді тыныс бәрі.  
Шона менен Оспанхан замандасы,  
Темкең ұстаз жібермес тым ұшқары.

Қадыр, Тұман, Үмбетбай... құрдастары,  
Бас қосқанда қажаспай тұрмас тағы,  
Ұйым құрып үш жүзді біріктіріп,  
Жымдасқаны, жарасқан сырласқаны.

Жалынса да, қойған соң жақындамай,  
Жаны күйіп Жантықтың аһ ұрғаны-ай!  
Жантық үйір жағалы ағаларын,  
Қалары бар тағы да мақұлдамай...

Бұл Ғабекен емес қой, осал кісі,  
Желпіндірген Азиздей дос алғысы.  
Үйінде де бір Азиз келеді өсіп,  
Қырғилардың тобына қосар құсы...

Талант, еңбек, кісілік нарқы сынды,  
Аласартпай арқала алпысыңды.  
Ақ бас шың бар алдыңда...  
Сапар ұзақ,  
Әңгіменді айта бер, ал тұщымды!

**Нүкеш БӘДІҒҰЛОВ.**

«ЖАС АЛАШ»,  
07.09.1995.

### **ҚАШАНДА ЕЛІҢЕ ЖАНЫҢ ҒАШЫҚ**

Өркімнің сыйлап өтер адамы бар,  
Бір көргеннен іштей ой, сананы ұғар.  
Мен сені сонау күннен танып, білгем,  
Қыранның қанатындай қаламы дәл.

Қалайша мен мұны айтпай қаламын жай,  
Мінезің жібек, жайлау самалындай.  
Үлкенді, кішіні де бірдей сыйлап,  
Тұрасың, жаймашуақ, жан, арың бай.

Жанасың халқың десе қаның тасып,  
Айтасың бет-жүз демей барыңды ашып.  
Қызғыштай қорғап тілін, ділін, дінін,  
Қашанда өз еліңе жаның ғашық.

Тілің бар жонып түсер, ойып түсер,  
Шеберсің өз үлгіңмен ойып пішер.  
Сықақтың арда күрең саңлағы,  
Бүкіл ел тойлап отыр толып мүшел.

Ешкімнен өр мінезің бар бұқпайтын,  
Мінейсің кей наданды мәнді ұқпайтын.

Қашанда ат үстінде ардагерсің,  
Жүйріксің шашасына шаң жұқпайтын.

Сұңғыла салмақтанып талғам, сезім,  
Толысқан тал түлексің, тарлан кезің.  
Алтайдың ақиық бір қыранындай,  
Қияндарды көреген шалған көзің.

Жас па екен ер адамға алпыс деген,  
Күтеді қалың қауым нар күш сенен.  
Сілтей бер қаламыңды қайраттана,  
Халқыңнан алған құрмет, алғыспенен.

**Әубәкір ДАСТАНҰЛЫ.**

*«Халық кеңесі»,  
04.07.95.*

## **ҒАБАҢНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНА**

Алпысың – Алтай асқарың,  
Көкшулан тартқан шаштарың.  
Балалық шақ пен жігіттік  
зымырап өтті қас қағым.  
Келетін күннен үміт күт,  
Түспесін мәңгі басқа мұң.  
Халқыңмен жаның жаңарып,  
Ұзара берсін жастарың.  
Кеуденде көктеп даналық,  
Молая берсін дастаның!

Сықақшы Ғаббас ағайға  
сыралғы жырым жарай ма?!  
Сүрінбей сыншы сынына,  
Шығуым керек қалайда.

Жеткенде бақыт шыңына,  
Мадақтау жаздым талайға.  
Ұмтылған күннің нұрына,  
Жазушы жаны – шарайна.  
Ел ырза болса ұлына,  
Шомылар көңіл арайға.

Сөздері мірдің оғындай,  
тілі – электр тоғындай.  
Үрлеген сайын үдеді,  
Сексеуіл, қайың шоғындай.  
Жағымпаз, жампоз жүдеді,  
Қалмады бірі соғылмай.  
Кеудеме келіп түнеді,  
Іздеген менің жоғымдай.  
Сықағы, сыны сүбелі,  
Семіртіп сойған соғымдай.

Шығыстың тау мен даласы,  
Ертістің ерке сағасы,  
Бас иіп құрмет тұтады,  
Еркелеп келсе баласы.  
Жанының жоқ ғой жұтаңы,  
Жүзіне жұрттың қарашы.  
Бойында қуат, құт-әлі,  
Таймайды мұздан тағасы.  
Алтайдың ұрім-бұтағы –  
Алқаның алтын танасы.

Жазушы – елдің шешені,  
Ұлағат айтар – көсемі.  
Батырым деген бір-бірін,  
Баталы ел ұлы өседі.  
Туған жер кескен кіндігін,

Жусанып жібек төседі.  
Мереке қылып мың күнін,  
Тойлаған елі көшелі.  
Жаныңның желпір түндігін,  
Жайылма жұртың осы еді.

Еліңе табан тіредің,  
Сыйлайды халық түлегін.  
Тарғынның тарғыл тасындай,  
Ғабеке, қайта түледің.  
Жауынды күнгі жасындай,  
Ойнасын ойың – тілегім!  
Ардақтап ұстап асылдай,  
Марқайсын туған ұлы Елің.  
Сағынған мауқы басылмай,  
Береді жұлып жүрегін!

Сау болсын ғазиз басыңыз!  
Қосыла берсін жасыңыз.  
Арқауын алтын жіптей қып,  
Күлкіден шашу шашыңыз!  
Қазақтың көкшіл туындай,  
Алтайдың қалың нуындай,  
Ертістің асау суындай,  
Қуатты күшпен тасыңыз!  
Көбейіп жолдас, досыңыз,  
Құрысын тұздай қасыңыз!  
Жүз жасқа әркім келеді,  
Екі жүз жастан асыңыз!!!  
Ізгі тілекпен: ізбасар ініңіз –  
**Серік ҒАБДУЛЛИН** деп білерсіз!

*Өскемен – Бозанбай,  
1995 жыл, 28-шілде.*

**БҰЛ ҚАЙ ҒАББАС?**

*(Сықақшының 60 жылдығына)*

Біз – екеуміз. Әңгімені әдебиет өрісіне айдап салып отырмыз. Бір кезде «жақында Ғаббастың мерейтойы, оны атап өту әдеби органың көптен ойы», деп қалдым. Екіншім елең етті. «Оның қай Ғаббас?» деп білмекке ниет қылды. «Әрине, Ғаббас деген көп қой», – дедім де, оны былай таныстырдым.

– Менің айтып отырғаным, – әзіл-сықақ елінен енші алып, күлкіге көз салып, сатира, юмор ауылына «күйеу бала» болған Ғаббас. Әрбір тісінің түбінде әртүрлі күлкі көлеңкелеп жатқан Ғаббас, тілдесе қалсаң, көмейінен күлкі фонтанша атқан Ғаббас, оқырманы оның ләззатын тұшына татқан Ғаббас. Адамзаттың құдіретті қабілеті – күлкі, күлкі – адам баласының ең қымбат мүлкі. Күлкің – ар-ұятың, қиналғанда қылар қайрат, миятың деп жүрген Ғаббас. «Күлкің көмір болғыр» деген қарғыс атпасын, қалжыраған қарт та, бесіктегі бала да күлкісіз жатпасын. «Күлкісі көмір болғанның өмірі өмір болушы ма еді» деп ұрандап жүрген Ғаббас.

Бұл – «Армысыздар, әзіл-сықақ достары» деп 1970 жылы тұңғыш жинағы «мінездемесімен» сатира сарайына енген Ғаббас, одан кейін мысықтың сақал-мұртын түгендеп ап, екінші жинағымен талай тексіздердің төбесінен төнген Ғаббас. «Үшінші жинағымның беті бері қараған соң ұшырасармыз» деп уәде берген Ғаббас. Араға үш жыл салып, сол уәдеде тұрған Ғаббас. «Күлеміз бе, қайтеміз?» деген жаңа жинағымен талайды тағы ұрған Ғаббас. 1982 жылы «Бұл әлгі кім ғой» деген төртінші жинақ беріп, небір көзбояушы, сөзбояушы, жалақор, жемқор, емқор, маскүнем, пайдакүнемдердің кім екенімен таныстырған Ғаббас. Одан төрт жылдан кейін «Халқыңыз қалай?» деп хал-жай сұрап, бірімізді бірімізбен жанастырған Ғаббас.

Демек, бұл – сын-сықақ ауылына өзі қатарластардан бұрын барған Ғаббас, «қалыңдығы» – күлкіні айттыруға ұрын барған Ғаббас, сатираның «айғырын ұстап мініп», «Би-ағаң, Ілекең, Асекең сияқты «қайынаталарының алдында қырындаған» Ғаббас. Солардың сатирасының поэзиялық жайлауын жайлап, «қымыз ішіп», «бағлан етін жеп» көк ажырық, раңда талай тыраңдаған Ғаббас. «Прозалық қыстауын қыстап, соғымбасын жеп, жалжая, қазы-қартаға қампиып» көп нәрсені аңдаған Ғаббас. Би-ағаңның мақтамен бауыздайтын, Ілекеңнің тәттімен де, қаттымен де ауыздайтын, Асекеңнің ащымен де, тұшымен де тұздықтайтын, Ғабенің астарлап барып тұмсықтайтын» сатирасымен сырласып, жолын таңдаған Ғаббас.

Яғни – бұл шелекке ұйытқан айранын ағызып-тамызып ішіп, уқалаған насыбайын ұртына салып, пырылдап ұйықтап жатқан қатынының қойнына қолын бір жүгіртіп алып, өгізіне мініп, жуан таяқты тақымына қысып, өріске беттеген Ілиястың Батырбегімен беттескен Ғаббас. «Бойын бойжеткенше сылайтын, етігін ет асым тазартатын, жуынуы жүз минөт, тарануы табан бір сағат, жағасын жарты сағат шұқылап, айна алдында бие сауым тұрып алатын, галстугін байлағанша мінген ат суитын» Шалқарбаймен шәй ішкен Ғаббас. «Сатираның су төгілмес жорғасы» Асқармен ауыз ашқан Ғаббас, оның қиыннан қиысып, сорғалап тұрған сықағымен жөн табысқан Ғаббас. Ғабиттің «милығы бар, миы жоқ, жемсауы бар, жаны жоқ, көзін ашып-жұмып, мүлгіп отырған» тірі аруақ Атекеңімен қол алысқан Ғаббас. Күн жылыда да тымақтарын тастамаған бастармен жүздескен Ғаббас, жыртық төбелерінің жұлма-жұлма жүні шығып тұрса да, тәкаппарлық танытып, оқшырая қоқиған тымақтармен тілдескен Ғаббас.

Елінде жүріп Балғабектің сатира – «балғасының» дүмпуін естіп, оның қыңыр сөзіне қызыққан Ғаббас, ақыры Балғабектің Балбағымен бал жаласқан Ғаббас. Әй-



міштің әкесін түйе теуіп, оның добалдай мұрнын құлақтың ылдиына қарай құлатып жібергені туралы қаралы хабар әкелген Үмбетбайдың Дәйдәуімен дидарласқан Ғаббас.

Бұдан кейін елден шығып, Түркияға сапар шегіп, Өзиз Несинмен кездескен Ғаббас, онымен «Здрасти» деп амандаса жаздап, қорқа-қорқа қолын қысқан Ғаббас. Өзиз-бейдің тілін қазақша шығарып, онымен сіз-біз дескен Ғаббас. Әзекеңнің Алматыдағы інісі Оспанханның да артынан ерген Ғаббас. Алғашқы әзіл әңгімесі жарыққа шыққанда адамның жылқы мінездестігін дәлелдеп, оның жата қалып атша аунағанын көрген Ғаббас. «Адам күлуден қалса, адам болудан да қалатынын» білген Ғаббас. Сөйтіп жүріп Оспанханның Көдиімен көңілдес, Сөдиімен сенімдес, Бөденімен «бөтелкелес», Тырдайымен табақтас болған, Мыймыртымен маңайлас қонған Ғаббас. Өзиз-бейдің «Ақыреттен келген хаттарын» Оспанхан аудармасында оқып, о дүниеге барып қайтқан Ғаббас, пейіш, дозақ дегенді көріп қайтқан Ғаббас.

Осындай мектептерден өтіп, сөз сабасын күрп-күрп пісіп жүрген, дерт атаулымен күрес сайысына түсіп жүрген Ғаббас. Туғалы құлағын шалмаған сиқырлы сөзбен қуантқан Ғаббас. Оқу өтіп, түбіне пысықтық жетіп тілтартпай кеткендер мен бір-бір бөтелке ақанды баласындай бауырына басып жылап жатқандарды жұбатқан Ғаббас. Түрткілей берсе, от өшеді, безер боп көрші көшеді, түйе жынын шашады, қатын төркініне қашады деп төгетін Ғаббас.

Бұл – талай түлкінің таңын айырған, талай «тағыны ініне жеткізбей қайырған» Ғаббас. Талай дәйлерді тәубесіне келтіріп, омыртқасын опырған Ғаббас, талай сандыралатып жүрген «сабаздардың» мұрны-басын жапырған Ғаббас. Сынадың деп соңына түсіп, алдынан көлденең өткізбейтін дөкір дәйлерді дөңбекшіткен, ет жемесе де сорпа ішкендей етіп, қан қысымын көтеріп тершіткен Ғаббас.

Бұл – қала кететін, дала кететін, сүйіктісін ала кететін, қоржынына жүздеп, мыңдап сала кететін «игі жақсыларды» оң жамбасына алған Ғаббас. Солардың балағынан кіріп, ышқырынан шығатын, кебісін қойып, табанын жалайтын жағымпаздардың ортасына ойран салған Ғаббас. Біреудің үстінен арыз домалатпаса «ішіне ас тоқтамайтын» іштарларды, бірінің үстінен бірі қызылсу жүргізіп, бірін-бірі құртуға құштарларды аренаға алып шыққан Ғаббас. Жұр грамды тастап жіберсе, көзі жайнап, тілі сайрап жөнелетін шешендерді сауықтыру орындарына салып шыққан Ғаббас. Үнді елінің қасиетті орындарының төріне кебісін шешпей одыраңдап шыға келген, айбынды ассамблеялардың мінберін тоқтатпауға кебісін қойнына тыға келген дәңгеселерге айбат қылған Ғаббас, дерт иелерінің тырнап-тырнап тілгілеп тастаған жаралы жалтыр бастарына тұз сеуіп мөңкітіп, қайрат қылған Ғаббас.

«Ғұлама» мен миғұлаларға да ауыз салған Ғаббас. «Мысықта сақал неге жоқ?» деген ғылыми еңбек жазып, бұрын-соңды әлем білмеген жаңалық ашқан ғалымдарды жүндеген Ғаббас. Сол сорлы мысық бір күні шілтірейген мұртын жұлып тауысып, қызыл тұмсығымен жер шұқып қалмасын, жоқ болып кеткен сақалы сияқты, жоғалмай тұрғанда мысықтың мұртында қанша қыл болатынын санап қалуға ғалымдарды үндеген Ғаббас.

Бұл Ғаббас «жаңашыл» ғалымдармен ғана емес, Бүйенбай бауырларыңызбен де, оның шығармаларының кіндігін кескен Халил Мұхаммед қажымен де қауышқан, Бүйенбай пұшпағын да жайлап тауысқан. Бұл Ғаббас «болмаған Белинскийлермен де, толмаған Толстойлармен» де тізе қағысқан. Ортаңқол очеркі алғаш жарық көрген күні әулетті әдеби жиынға барып, көркем шығарма деген не, оны былай көтеруге болады деп ақыл айтып, атақаздай алшаңдап орнына бара жатқан «ақылманмен» алысқан. Бұл Ғаббас бәзде әдебиет те жоқ, мәдениет те жоқ, бәрі даңғыра, бәрі халтура деп иығынан асыра шырт

түкіріп отырған шикісарымен шабысқан. Самай сақалын ширатып, айналасы атшаптырым бетінің жартысын қара көзілдірікпен көлегейлеп тастаған сықпақара сабазыңмен сайысқан... Яғни, ол көзі тірі «классиктермен» көріскен, олардың тетірімен тебіскен.

Бұл – қыз-келіншектерден де көз қиығын алмаған Ғаббас, олардың қызығынан қалмаған Ғаббас. Башпайлары қып-қызыл шаян секілді Маризадай, өзіне керекті сөз «басқа құйған қатықша жұғатын» Айшадай, «көзі сегіз қанат үйге көтерілген шаңырақтай» бақырайған Зағипадай келіншектердің қолын ұстаған Ғаббас. Шашын жайып жіберіп, шолақ жең көйлек, миниюбка киіп, ашадан төменгі жағын жалт-жұлт еткізіп жүрген Тотыштарға анадайдан аңқаңды құртып тастаған Ғаббас. Осылардай талай сұлуға оқ атқан Ғаббас, сезімдерін селт еткізіп, жүректерін жылытар шоқ атқан Ғаббас.

Сол Ғаббас, міне, алпысты артқа тастады, Пайғамбар жасына қарай қадам бастады. Кемеліне келіп, толықсып толды. Жаратқан оған тоқсанға дейін берсін жолды. Сатира семсерін сілтей берсін оңды-солды. Әркез сатира – мылтығы оқтаулы болсын, оқ-дәрісі орнында сақтаулы болсын, жоғарыда аталған келіншектер тарапынан мақтаулы болсын, ел-жұрты жағынан жақтаулы болсын!

**Темірбек ҚОЖАКЕЕВ,**  
**профессор.**

*«Егемен Қазақстан»,  
04.03.95 ж.*

(Мақаласын оқып шығып, Темкеңе телефон шалып, рахметімді айттым. «Қалай, ұнады ма, дұрыс па екен?» деді ұстазым, қуақы үнмен. «Мұнда мен ризамын ғой, онда марқұм әкем ренжімесе» дедім, күле сөйлеп. «Не дейді? Ол қалай?!» деп тіксініп қалды. «Ол кісінің аты аталмапты, соны мегзегенім ғой» дедім. «Қой, ей! Қап! «Әйткен Ғаббас, бұйткен Ғаббас, сүйткен Ғаббас» деп отырып, сенің Қабекеңнің ұлы екенінді ұмытып кеткен екенмін-ау, ә?» деді Темкең. Екеуіміз жарыса күлдік, – Ғаббас).

## СЫРШЫЛ СЫҚАҚШЫ

Өмірде ақынжанды сықақшы аз. Қазіргі қазақ сықақшыларының арасында сатиралық объектілерді, олардың күзелуге, сыналуға тиісті «қасиеттерін» жан сезімімен жылытып, үлкенді-кішілі шығармаларында өз «батырларын» типтік деңгейдегі қаһарманның эпикалық, психологиялық шыңына Ғаббас Қабышевша көтере білетін аз. Ғаббас кейіпкерлерінің бәрі – өзінің тұла бойы тұңғышындай ерекше күтімді, сезімтал сатиралық тәрбиені көрген персонаждар. Ғаббас – өзінің сұдан шыққан сұр жыландай сүмірейген «кейіпкерлеріне» жан-тәнімен ғашық қаламгер. Оларды сатиралық кекесінмен емес, юморлық пәк сезіммен «сүйеді». Көбіне тырнақшасыз сүйеді. Бұл ғашықтығы сатира ғылымында бар ирониялық парадокс пе, немесе кейіпкерді тура, не жанама мінездеуде пайдаланатын айралы әдіс пе деп қаласыз. Шын мәнінде бұлардың екеуі де емес. Жазушы өзіне ұнаған белгілі бір әдісті қолданғанда өз шеберлігінің қаншалықты ширақ екенін көрсетеді.

Ғаббас Қабышев жер бетіндегі осы жолғы өмірінде жазушы, журналист болатындығын тумай тұрып, шешіп қойған секілді... Ол 1935 жылы 9 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, «Обухов» совхозының Тарғын селосында дүниеге келген. Совет Одағының Батыры Изғұтты Айтықов атындағы «Тарғын» орта мектебін 1956 жылы бітіре салысымен, рухани көңілімнің көзін бірінші кезекте оқумен емес, өндіріспен ашайын деген болу керек, облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясына қызметке тұрады. Тырнақалды өлең, очерк, сықақ әңгімелерінің тұсауын кескен де – осы «Коммунизм туы» газеті.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітір-

ген кезі 1968 жыл. Кәсіби мамандықты игерудің тылсымды теориялары енді Ғаббасқа ауылда қалмай, астанаға бару қажеттігін ұсынады. Корректорлықтан жауапты хатшыға дейін өскен Ғаббас кресло қарауылдайтын әдетінің жоқтығын көрсетіп, Алматыға келеді. 1966 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі болады. Жазушылықпен қатар ұйымдастыру жұмысына да қабілетінің барлығын байқатқан ол 1974-1983 жылдары СССР Әдебиет қоры Қазақ бөлімінің директоры болып істейді. Жазушы, журналист ретінде сатирик, юморист боп қалыптасқан Ғаббас Қабышев 1983 жылы «Ара» – «Шмель» республикалық сатиралық журналына Бас редактор етіп тағайындалады. Бұл қызметті 1987 жылдың аяғына дейін істейді. Қазақстан Жазушылар одағында жаңадан құрылған Көркем аударма алқасының бөлім меңгерушісі, кейін оның төрағасы болады. Қазір осы қызметпен қатар Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы боп сайланған.

Ғаббас Қабышевтың алғашқы әзіл, сықақ әңгімелері жас жазушылардың «Шұғыла» атты жинағында 1966 жылы жарияланған. Содан бергі аралықта сатириктің оннан астам кітабы жарық көріпті. Олар: «Яков Ушанов», Очерктер (1967), «Мінездеме» (1970), «Мысықта сақал неге жоқ?» (1972), «Күлеміз бе, қайтеміз?» (1975), «Тарихта қалғың келе ме?» (1978), «Бұл әлгі кім ғой» (1982), «Халқыңыз қалай?» (1986), «Смех и слезы» (1990), т.б.

Таңдаулы әңгімелері орыс, ұйғыр, саха («якут») тілдерінде басылған. Ал Ғаббас Қабышевтың өзі де аудармашылық қызметпен тиянақты айналысқан. Орыс әдебиетінің классигі А.П.Чехов, Серб классигі Б.Нушич секілді көптеген сатириктердің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған. С.Михалковтың «Желкөбік» («Пена»), И.Друцэнің «Ең қасиеттіміз» («Святая святых») пьесаларын қазақ сахналары үшін аударды. О.Вишняның «Бал шіркін тәтті ғой», молдован юморисі А.Бубуйок-

тің «Менің париждік нағашым», түрік классигі Әзиз Несиннің «Әңгіме оқи отырыңыз» атты жинақтарын аударып, жеке-жеке кітап етіп жариялапты.

Жазушының өмірімен, қызметімен, шығармашылық еңбектерімен танысқан сайын оның ақынжанды юморлық сезімталдығына, сыршыл, әңгімешіл екеніне көзіміз жете түседі. Оқырман жанына жақын ширатылған әдемі тілді, жатық стильді, анық ойды, бәрімізге таныс, күнде өзіміз қатар жүрген, бірде күйініп, бірде қашатын нақты бейнелерді көріп, «шіркін-ай, мынаның қиюын қалай келістірген» деп таңданамыз.

«Әркімнің бір ауруы бар» әңгімесінде өтірік ауырып, шын бюллетень алатын, соның есебінен өзінің жеке басының шаруасын бітіретін «пысықайларды» сынаған. Сыналғанда, мәселесі күн тәртібіне қойылған айыпты қылмыскердей талқыланбайды. Бюллетень алып дәнiккен Масал Майөкшеновті көк қағаз алуға итермелейтін жағдайларды, олардың себептерін кәрі жездесімен ойнаған балдызша әңгімелесе отырып біліп алады. Сөйтсе, Масалымыз саяжайда гүл өсіріп, сатумен айналысатынын, төрт бөлмелі пәтерінің бір бөлмесіне тоғыз баланы тұрғызып, ақша алатынын анықтайды. «Өлгі бір талы төрт теңге тұратын аргентинский гүлдің» («Тарихта қалғың келе ме?») 1978, 11-бет) Масалда баржоғын сұрайды. Ондай гүлдің өмірде барын естімеген Масал оның қандай екенін, кімдер өсіретінін сұрайды. Дәрігер көшенің бұрылысында гүл сатып отыратын көп кемпірдің бірін көрсетіп, қашып құтылады. Бұл жолы Масал бюллетеньсіз қалады. «Бір талы төрт теңге тұратын» дегенім ақыл болғанын қарашы! Егер «бір талы он теңге тұратын» десем ғой, онда өзімді басып кететін еді, ә?!» деп аяқталатын әңгіме желісі осындай.

Ғаббас Қабышев шығармашылығында тікелей еліктейтін түрік сатирасының ғұлама суреткері Әзиз Несинді көріп, жүздескен, тілдескен. Сол кезде ол өзі шығар-

масы арқылы сырттай білетін қадірлеген адамының шын мәнінде өзін-өзі ұстай алатын, мақтауға басы айналып кетпейтін салмағы таудай, нәзіктігі гүлдей, нұрлана жымиюы – жаңадан шығып келе жатқан күндей аяулы алып тұлғаны көрген, таныған. Шығармалары өзіне, өзі шығармаларына берілер әділ қазылар алқасының бағасындай болатын іштей сәйкестікке, іштей байланыс заңының қаламгерлер дүниесінде сақталғанына не жетсін. Өз басым осындай заңдылықтың дұрыс қалыптасып, дамуын қалаймын. Ғаббас Қабышевты да өзгеден ерекшелендіріп тұратын осындай заңдылықтың рухани жақтары. Олар оның қазіргі қазақ сатирасынан алатын орнының да өзгеше қасиетті екенін танытады. Ғаббас Қабышевтың сатиралық, юморлық, прозалық жанрды поэзиялық жүрекпен жазатын нәзік, сыршыл, сезімтал, зейінді суреткер екенін уақыт әлдеқашан көрсеткен. Тек оны көрер көз, қадірлеп, бағалар әкім болса жетіп жатыр.

**Роза АЛТЫНБЕКОВА,**

**филология ғылымының кандидаты,**

*«Жас Алаш», 12 сәуір, 1995 жыл.*

## **КҮЛКІМЕН «ҰРЫП» ҚЫЛЖИТҚАН**

Қағытпа-қалжың, әзіл-оспақ, әжуа-мысқыл, сын-сықақ атаулы – күлкінің көзі. Ал, күлкіні сүймейтін, екі езудің мазасын алып, кешке дейін ыржақтай беретіндерді ұнатпаса да, орнымен айтылған онды әзілді жылы жымиыспен қабылдап, бір сәт болса да көңіл көтеруді қолдамайтын пенде, әй, кемде-кем шығар-ау. Абай атамыз да ой түбінде жатқан сөзін шер толқытқан кезде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...» деп әдіпті өрнектеген. Күлкі ауылына қоңсы қонған ұлыларымыз бен ойшылдарымыз да, әдебиет сыны тізгінін ұстаған сыншыларымыз да сатираның қоғамдағы, қоғам тудыр-

ған әлеуметтік өмірдегі орны, оның идеологиясы мен саясатына қай деңгейдегі аралас-құраластығы қақында әралуан салиқалы саралаулар жасаған.

Сатира – найзаның ұшы, садақтың жебесі, семсердің жүзі, мылтықтың оғы сияқты көзге көрінетін нәрсе болмағанмен, ашутас араластырылып, тұзбен тұздықталып, тотияйынға тоғытылған тіл, сөз қаруы. Оның күшін, яғни уыттылығын анықтайтын өлшем бірлігі – күлкі десек, мұның жылы жымиатынын, езуді езгілеп, ішегіңді түйдіретін, көзіңнен жас ағыза отырып, қан қақсататын шама-шарқы бар. «Әліне қарай шауып», әртүрлі деңгейдегі осындай күлкі өнімін беріп жүрген сықақшыларымызды оқырман жұртшылық қашанда құлшына қабылдайды. Солардың ішінен бүгінгі «сайысқа» шақырып отырғанымыз – мүйізі қарағайдай санаулы сатира сардарларының бірі – түйреуіш тілді, семсер сөзді, қанжар қаламды Ғаббас Қабышұлы.

Баланы да, үлкенді де, жасты да, кәріні де қыңыр тілді, қисық мінезді әзіл-сықақ әңгімелерімен өз айналасына үйіріп алған жазушы «Мінездеме», «Мысықта неге сақал жоқ?», «Бұл әлгі кім ғой...», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Тарихта қалғың келе ме?», «Халыңыз қалай?» және басқа да бірқанша кітаптарын қолтықтап алып сатириктер еліне сінді де кетті. Бұрқыратып жазған сайын күлкі көрігін қыздыра түседі. Ойпырым-ау, «ары тартсаң арба сынып, бері тартсаң өгіз өліп», қымбатшылық пен жоқшылық қос өкпеден қысып тұрған заманда адам несіне мәз болып күліп, қиналыстан қабағы қыртыстанып жүрген жұртшылықты әзіл-сықағымен қолтықтан қытықтап несі бар екен деп те ойлайсың. Ойлайсың да Ғабекеннің не үшін, қай тұрғыда, қалай күлетініне шығармаларынан жауап аласың.

Шала құрсақ қалпымда мұнға малынып отырғанымда «Мысықта сақал неге жоқ?» деп екі езуі екі құлағында, кіріп келгені. Алғашқыда абыржып қалдым. Сонан соң «Бәсе, неге жоқ?» деп, өзіне шап ете қалдым.



– «Теория һәм практика, әрине, менің өз теориям мен практикама былай дейді: адамның арғы тегі адам тәрізді маймылдардан шыққаны сияқты, мысықтың арғы тегі жолбарыс тәрізді мысықтар болғаны сөзсіз. Жолбарыс тәрізді мысықтарда мұрт та, сақал да болды деу керек. Бұл – бет-аузын жүн басқан адамдар болғаны сияқты дәлелді дүние. Осы салыстырмалы теория негізінде айтарым: жолбарыс тәрізді мысықтар қорек етер жеміне тасадан баспалап барып, жер бауырлап барып атылатын болған. Ол табиғи кәсібін талай ғасыр бойы істеген. Қазіргі жолбарыстардың да, мысықтардың да сөйтетінін көріп жүрміз, иә, көріп жүрміз. Демек, жемін аңдып, жерге жабыса жылжу процесінде жолбарыс тәрізді мысық алдыңғы екі аяғымен өз сақалын өзі басып, яғни өз сақалын өзі санасыз түрде жұлып, тауыса берген. Түп-түқиянымен жұлынған сақал қайта шықпайды, жолдас-тар! Міне, мысықта сақал неге жоқ деген заңды сұраққа, бүгінге дейін дүдәмал болып келген сұраққа қайтарылар негізгі жауап осы., – дейді шімірікпестен. Сөйтсем, бұл қаламгердің Жапан деген кейіпкерінің қорғаған кандидаттық ғылыми диссертациясының сиқы екен. Ашқұрсақтығымды да ұмытып, ал жат та күл. Күліп отырып, шарт та шұрт күйін. Күйінбей қайтерсің, жоқтан өзгенің бәрін тақырып жасап тамыр-таныстықпен, пара беріп жүріп кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, ғылымға қосқан иненің жасуындай үлесі болмаса да даңғарадай атақ алып, айбынды абырой арқалап, кеуде керіп, дүңгіршек қарнын допша соққылап жүргендер аз ба? Ғалымдарымыз мыңдап саналғанымен, көп салалы ұлттық ғылымымыздың көкжиегі әлі де көктей алмай жатқанын кімнен жасырамыз. Күні бүгінге дейін басқа-басқа, өз тарихымызды өзіміз жасай алмай отырғанымыз келешек ұрпақ алдындағы кешірілмес кінәміз емес пе?!

Немесе, Ғабекең күлкі тиегі екен «Тарихта қалудың төте жолы», «Бір тауыққа – бір әтеш», «Арзан қалжа», «Әркімнің бір ауруы бар», «Қарын мен «құмырысқалар»,

«Импортный ит», «Мен бастық болған күні», «Сен де бір ит екенсің» әңгімелерін, тағы басқа да дүниелерін ой елегінен өткізіп көріңіздер. Сөйтсек, сықақшы қоғамда болып жатқан келеңсіз көріністерді, сол қоғам қойнауында туындап жатқан кесепаттарды көріп отырып, оған төзбейді екен. Қарсы шығып, қайырып тастар қауқары болмаған соң, қабырғасы қайыса қамыға отырып, күштілер қаруы – күлкінің объектісіне айналдырады екен.

Міне, Ғабекеннің азу тісін ақситып, күлкі – сатира ауылына қойып кетуінің себебі осындай екен.

Жоқшылықты ойлап жабығып, қымбатшылыққа қарап қамыға бермей, бір мезгіл жантайып жатып жазушының «Жанталасына» құлақ түрелік. Әп дегеннен «сепселдір бурыл шашы жел жұлқыған селеудей, шүңірейген көзі шоқтай,.. әжім басқан алқам-салқам бет-аузы суалған кәрі сиырдың желініндей бытықы-шытықы», сексен алтыдан асып селкілдеген Ашқарақтың бір аудандағы ең үлкен асханаға директор болып, ондағы бұрыннан істеп келе жатқан руы басқа жұмысшы қызметкерлерді торғайға тиген қырғидай бықпырт етіп, орындарынан қуып жатқанының «тірі» куәсі боласың. Басқалар бейнеткерліктен зейнеткерлікке шолақ қамшыдай ғана болса да билігі бар орынға иек артуының «құпиясын» Ашекеннің өзінен сұрап көріңіз. Сөйтсек, асханалар мен ресторандар тресінің бастығы ақсақалдың кемпірінің қайнысының жиені екен. Соған барған да: «Әй, әлгі пәтеріңнен не хабар бар дедім», – дейді Ашекен. Ол үш бөлмелі пәтерін төрт бөлмеліге айырбастай алмай жүрген. «Мәселе әлі шешілмей жатыр» деді. «Егер мені директор етіп алсаң, пәтеріңді бір айдың о жақ, бұ жағында айырбастап берем дедім».

– Шынымен, айырбастап бересің бе? – деп қалдым мен.

– Барымды салам ғой оған. Баяғыда өзім сол жерде алты жыл істедім емес пе? Сонда менің қоластымда бөлім бастығы болған Шіркей – қазір пәтердің құдайы.

Ол да біздің жігіт, Мүжіктау ауылынан. Оған кеше кіріп шықтым. Көндірдім бәлемді. Облыстағы Тақыштың атынан сөйлесіп едім, буыны босап жүре берді ақырында»...

Әнеки, былықтың көкесі қайда жатқанын байқаған шығарсыз. Тарамысша тартылып, шырмауықша шырмалған туыстық, жерлестік, ағайыншылық. Бұл дерт елді әлімсақтан-ақ желкелеп келеді. Жерге кірсең, шашыңнан тартып шығарып, көкке көтерілсең, аяғыңнан тартып түсіріп жабысатын жұқпалы ауру.

Сықақшы «Өң мен түс», «Тотияның тоқсан тарауы», «Суекең», «Шашбаушы», «Менің құным», «Мылқау мәлімет», «Жиналыс үстіндегі жиналыс» сынды бірсыпыра әңгімелерінде аяққа тұсау, етекке оралғы болып келе жатқан сұрақсыз жай, сүреңсіз әрекет, өзек өртер көзбояушылықтар мен әдептен озған әділетсіздіктерге күлкі кездігін қадайды.

Қабышев тоталитарлық жүйенің құдіреті дүрілдеп тұрған кезінде де тікенектің үстінде жалаңаяқ жүргендей тітіркеніп, жоғарыдан қамшы үйірген бюрократтар тобымен жаға жыртқысумен болған. Орталық Комитеттің бұйрыққа бергісіз қатаң да қасаң нұсқауларын халықтық мүддеге жеңдіргені үшін саяси-сатиралық «Ара-Шмель» журналының бас редакторлығынан қудалана «қуылғанын» отыз екі тістен шыққан сыбыс отыз екі елге кешеуілсіз жеткізген.

Азат ел атанып, ерікті, еркін ел болуға екпіндей ұмтылсақ та туған ұлт тілін қорғау күн тәртібінен түсер емес. Кеңестік империяның кешегі боданшыл саясаты республика өңірінен жеті жүзден астам қазақ мектептерін жаптырып, ұлт тілінің тамырына дабыра-бамайсыз балта шаптырып жатқанда да жазушы жанын аялап, жұмсақ орындық, кең кеңсені саялап тыныш тыныстай алмаған. Жер, елдімекен аттарын орыстандыруға, сөйтіп, тілді шұбарлауға шыдамай, қаламымен шабуылға шыққан. 1983 жылдары «Ара» журналын сұхбатқа шақыруы сол «тентектік» әрекетінің дәлеліндей. «Тавылдата» бе-

рейік пе?» атты фельетонындағы «Ара» мен Ғабекеннің «айқасына» айыз қандырып көрейік.

– «Қазақстанның картасына көз салсақ, кейбір газеттерді шолып отырсақ, ернімізді еріксіз шылып еткізіп, басымызды байқамай шайқап қаламыз. Балкашино, Кургальджино, Боровое, Баршино, Медео деген атауларды оқығанда Италияда ма, Португалияда ма, әйтеуір, шет елде саяхатта жүргендей боламыз...

«Ара»: – Е, ол жақсы ғой.

– Ойпырым-ай, әзіл-оспағыңды әзірше қоя тұршы!

«Ара»: – Қойдык.

– Қоңыратты – Коунрад, Шарбақтыны – Шербакта, Жаңақорғанды – Яныкурған деп, ал Көкшетауды – Кокчетав, Синюха, Синьегоре деп қырық құбылтып, аударып-төңкерудің қажеті қанша? «Ойбай, қажеті бар ғой десен, онда мейлің, бәтірекесі, «Кокчетав» қалыбына салып: Алатауды – Алатав, Теміртауды – Темиртав, Қаратауды – Каратав, Ақтауды – Актав деп тағы басқаларын – тағы басқаша «тавылдата» берейік?!

«Араңыз» – әнеки, Ғабекен – мінеки. Өзекжарды өткір «ұсыныс» па? Әрине, өткір. Күлесіз бе? Күлесіз, күліп отырып жылайсыз. Ол кездерде мұндай жас төгулер аз болды ма?! Бірақ... қаламын Қабышевша қанжар ғып қадағандар некен-саяқ-ау.

Жөнсіздік, келеңсіздік, кемшілік атаулыны күлкімен «ұрып» қылжитуға машықтанып алған сатирик өз төлтумаларында күлкі толқынын тасқындата түсуге лайық кейіпкер портретін жасауға да шебер. Әрі сол «сурет» ол адамның өзіне лайық мінезінен де хабар беріп тұрады. Қанеки, Бижік пен Шекешке бір көз тоқтатып көрейікші:

«...Туа егізге жатпайтын, жүре егізге жататын мына екі әйелді бір қалыптан шыққан кірпіштей десек те бір-бірімен шатастыру мүмкін емес. Есінеп тұрған әйел – сопақ бет, ұзын мұрын, шикіл сары да, оның жанына майға бөккен үйрекше теңселе басып келген әйел – жалпақ бет, таңқы мұрын, шойын қараның нақ өзі («Соңғы

хабарлар»). Екеуінің де сөз бағып, өсек соққандар «руынан» екенін жазбай танысың.

Тұрысы «тастың үстіне шығып қылқия қалған кесіртке тәрізді» мұртсыз, сақалдыға назар аударайық: «Майлы шелпектей ерніне еміне төніп тұрған жоталы ұзын мұрнына, тайқия қалған тылсым маңдайды төменнен тіреп тұрған қабақсыз томпақ көзіне қарап: «ауылың толы айғырлардың арғысы болмасаң да, бергі атасы өзің емес пе екенсің?» деп ойладым» («Мұртсыз сақалдым»). Бұл кейіпкерді «жіліктеп» жатудың қажеті де жоқ. Өзіңізге қарап «руың кім?» деп сұрланып тұр ғой.

Сыбанбекпен де сәлемдесе кетуді ұмытпайық. «Көжек пішіндес көлденең танысым ирек сызықтай ұсақ тісін түгел көрсете ыржиып келіп қолын ұсынып еді, уысыма бірер тал сіріңке іліккендей болды. Бұл не сикыры деп қарасам – саусақ сықпыты сол екен. «Қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл» («Менің құным»). Жоғары оқу орнына түсіруге бала жетектеп үйренген Сыбекең, міне, осындай адам. Осы сықпытымен-ақ екі оттаға пара жүргізудің жетік маманы. Кейде өзіңе сес көрсететінін қайтерсің.

Ғ.Қабышев өз күлкісіне өзге жұрттардың да күміс күлкілері келіп қосылып жатуын жанымен жақтаған жан. Басқаларға «Смех и слезысын» таратып қойып қарап отырмаған.

«...Бірде менің еденді «сулап», саусағыммен айғыздап отырғанымды көрген әкем:

– Мынау жазғыш болады екен, – депті.

Ақырында, міне, әкемнің айтқаны келді, – («Менің өмірбаяным») деп, бар шындығын алдымызға жайып салған, бүгінгі украин юмористері мен сатириктері ұстаз тұтатын, аты шетелдерге мәлім сықақшы Остап Вишняны (шын аты-жөні – Павел Михайлович Губенко) «Бал шіркін тәтті ғой» дегізіп тамсандырып, қазақша сөйлеткен Ғабекең. Вишняның жағымсыздық, терісбағушылық тәрізді жат қылықтарды әжуалайтын фельетон, памфлет,

әзіл-сықақ әңгімелерін төл қаламгерлеріміздің шығармасындай қабылдайтынымыз сондықтан.

Ғабекеннің оқырман жұртшылық құптай қабылдаған тағы бір «сыры» бар. Онысы – халықаралық әдеби конкурстарда талай рет жүлделерге ие болған, әзіл-сықақтың әлемге әйгілі шебері, түріктің белгілі жазушысы Әзиз Несинді тәржімамен қазақ күлкіқұмарларына төл қаламгерлеріндей сіңістіруі. Өзекеңнің ол ел мен бұл елге, тұтас қоғамға ортақ, өміршең, таңдамалы туындыларын «Әңгіме оқи отырыңыз» деген атпен оқырмандарға ұсынып, күлкі селін күшейте түсті.

Ал, қос сықақшының бірі «тудырып», екіншісі қазақшалаған «Футбол королі» романының жөні бөлек. Ғабекеннің Әзизге «күліп отырып күрсінеді» деп баға беруінің өзі-ақ Несиннің бүкіл шығармашылығының бет-бейнесін ашып тұрғандай.

Иә, бұл Қабышев та алпыстың асқарына шығыпты, қанеки, тағы да несі бар? Дейсіздер ғой. Бар, жаңа туындылары да, таңдамалылары да қаттаулы жатыр. Бірақ оның бәрін шығаруға қағаз, ақша жоқ. «Басқаларға қалай?..» дейсіз бе? Қолында билігі барлар мен ешкіні апа, текені жезде қыла білетін «түлкілерге» жол ашық болғанымен күлкіге жол жабық. Өткен жылы жетпіске толған Шона Смаханұлы мен алпысқа келген Оспанхан Әубәкіров та осы кепті «киген». Сықақшылар әлі кие де береді.

Ал, Ғабекене «жоқшылықтан жүдеп, қымбатшылықтан ығыр боп, қабағы қыртыстанған халқыңызды күлкімен қуаттандырып қоюдан шаршамаңыз, мерейтойыңызда таңдамалы қос томдық «сыйлау» қолдан келмесе де, ғұмырыңыз ұзақ болсын деген тілек тілеуге ешкім ақша сұрай қоймас» – дегіміз келеді.

**Еркін ЖАППАСҰЛЫ.**

*«Қазақ әдебиеті»,  
№10. 2 мамыр, 1995 жыл.*

## АЛПЫСТЫҢ ӘСЕМ КӨГІНЕ ЕР САЛДЫҢЫЗ, ҒАБА!

### Қадірменді ҒАБА!

Жалпақ жұртқа аты азды-көпті мағлұм адамдармен, әсіресе, мерейтойы тұсында иә немесе басқадай бір атаулы күн, сәті түскен сәттерінде сұхбаттар өткізіліп жатады. Сондайда қайтсе де көлденең тартылмайынша қалмайтын бір сауал: – Сіз адам бойындағы қандай қасиетті жоғары бағалайсыз?

Жауап: – Адамдық, адалдық, әділдік, ізгілік!..

Қысқасы, нұрдан жаралған періштедей пәктік. Иә, Алланың елшісі Пайғамбардай хақтық... Әттең бірақ, асыл қасиеттер тұла бойында тұнып тұрғандай тілінің ұшында оп-оңай ойнап, аузынан автоматтың оғындай тізбек-тізбегімен ағылатын сол сөздерді айтатындардың басым көпшілігі құдай қарғағандай боп шығатыны бар-ау. Ал Сіздің, Ғаба, ондай өзі шанжау, сөзі арзан пенделерден жөніңіз бөлек, бағытыңыз басқа! Мұны біз осындайда көл-көсір боп кететін көлгірліктің көпірмесімен «нем кетіп барады» үшінге айтып отырғаннан аманбыз. Сіз шын мәнінде адамдықты, ар-ұятты ардақ тұтқан АЗАМАТСЫЗ! Қолыңыздан келгенінше адамға тек қана жақсылық жасасам дейсіз. Сіздің қамқорлығыңызға бөленіп, қайырым-шапағатыңыздан жанына қуат алып, көңіліне нұр құйылған жандар көп. Сол себептен де жазушылар қауымы Сізді өз одағының екінші хатшысы етіп сайлағанын жақсы білеміз.

Сіз, қадірмен Ғаба, жақсылықтың жанабына жарағанда, жамандықпен қаныңыз қас екенінен де бек хабардармыз. Сын-сықақ жанрын, терең ойлы, кең мағыналы көсемсөз тақырыбын тандап алғаныңыздың өзі, сол жамандықпен бітпес күресіңіздің ең төте жолы еді. Әйтпесе, қара сөздің қай саласы десе де, тіпті драматургия әлеміне де шамаңыз келмей жатқан жоқ. Сіз адам бойындағы жат қылықтарды, қоғам өміріндегі кесірлі кесел, былық-шылықтарды

жасын оғындай жайратуды мұрат тұтпайсыз. Сіздің шығармалар жинақтарыңыздың: «Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ?», «Күлеміз бе, қайтеміз...», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой», «Халыңыз қалай?» деп аталуының өзі-ақ еріксіз езу тартқызады емес пе. Үйшінің үскісіндей өткір де бәсең бізбен кесте шеккендей шебер тілмен төгілдіре сипаттаған, суреттеген, кергілеген, кескілеген, піскілеген, қызған темірдей шыжылдатып қарыған шығармашылық өнеріңіз тәржімашылық қабілет қуатыңызбен астасып, әсем әрмен мәнерленіп жатқаны, қандай ғанибет, Ғаба! Атақ-даңқы әлемге әйгілі түрік жазушысы хәм үлкен досыңыз Әзиз Несиннің ғажап туындыларынан таңдамалап аударған «Әңгіме оқи отырыңыз», тілі ужапырақ украин классигі Остап Вишняның «Бал шіркін тәтті ғой» кітаптарын күлкіге қарқ болмайынша кім жайбарақат оқи алар екен? А.Чеховтың, серб классигі Б.Нушичтің, басқа да бір алуан сатирик жазушылардың әңгімелері, молдаван «қалжыңқойы» А.Бубуйоктың «Менің Париждегі нағашым» повесінің таңдайы қазақша тақылдағанда, «осыны солар өздері жазды ма екен әлде Ғабаңның шаруасы ма?» деп күмәнданып қалатынымыз анық. Ал С.Михалковтың «Жел көбік», И.Друцэнің «Ең қасиеттіміз» пьесаларының қазақ сахнасындағы тайтаң қағысынан «апырай, осы Ғабаң драматургия саласында неге бақ сынамай жүр?» дейтініміз де бар.

Осындай абыройлы өміріңіз Сізді, қадірменді Ғаба, аты-жөніңізді толық атасақ Қабышев Ғаббас мырза, бүгінде, міне, алпыстың қара көк арғымағына әбзел-тұрмананы әсем-сәнді ер салғызып, тұғырдағы қырандай сипатпен тұлғаландыра қондырып отыр. Әмсе қайырлы, құтты болғай! Осынау қара көкті алп-алп-алп бастыра жетіп жетпістің табаны жалпақ тарлан бозына қаздия қонжиыңыз да, белес белдерін басып, сеңгір биіктерінен асып сексеннің шаңқан бозын бұлтартпай бұйыртқайсыз деген тілек арнаймыз!

**«ОҚЖЕТПЕС» газетінің ұжымы.**

*Көкшетау қаласы, сәуір, 1995 жыл.*



## ЖОЛДАС. СЫРЛАС. ТАҒДЫРЛАС

1980 жылы Қалтай Мұхамеджановтың құрастыруымен «Жалын» баспасынан жарық көрген Әзиз Несиннің «Өзің білесің» атты жинағы көзге түскен сайын, неге екенін, осы өзіміздің Ғабекең, Ғаббас Қабышев тілге оралады.

«Неге екенін» деппіз ғой, жинақта Әзиз Несинге байланысты құрастырушының аузымен айтылатын мынадай жолдар бар:

«...Жүзінде қанша бабына жетсе де көрмеде сұлқ тұратын ұзаққа сілтер бәйге жүйріктің «бәрібір жүлде менікі» дегендей салмақты сабыры, селкеусіз сенімі бар. Шың жартастың ұшарынан бүкіл тірлік қайнарын қас қақпай бағып отырған қырандай төңірегіне де самарқау, сирек қарайды». – Таққа мінсе де, атқа отырса да асыптасуды білмейтін, мақтануды білмейтін, иығына түскен салмақты әманда сабырымен көтеретін сырбаз мінезді құдды Ғаббас жайында жазылған сияқты. Әлгі «тілге ораладының» анықтамасы осы.

Мұхтар Әуезов Түргенов шығармаларына көбірек «іш тартыпты» дегенді естіп жүрміз. Ғабит Мүсірепов Марк Твен шығармаларын басқалардан айрықшалау көріпті деген бар. Максим Горькийді Лев Толстойдың суқаны сүймепті.

Біздің байқауымызда Ғаббас Әзиз Несин мен Оспанханға өзін де, өзгені де тең көрмейді. Содан да болар, Несиннің «Футбол королі» романын шашы қобырап, жатпай-тұрмай аударды. «Ынау эмне?» («Это со?») сықылды толып жатқан әңгімелерін қазақша қызық қып сөйлетті. Қызық болғаны ғой, артист ағайындар «Ынау эмнені» сахнаға шығарып, көрермендерді күлкіге көміп жүр.

Оспанхан марқұм зайыбы Нұрсұлуға ылғи: «Ешкімге жамандық ойлама, жамандық істегенге де жамандық ойлама» дейді екен. Осағанның осы сөзі әр әңгіменің қайырылысында Ғаббеңнің де аузынан шығады. Арғы жағы айтпаса да түсінікті.

Ғаббеңнің кенжесінің есімі – Өзиз. Мұның да арғы жағы айтпаса да түсінікті.

Сол сырбаз қаламдас-тағдырласымыздың жасы – алпыста.

...Анда-санда «анау күшті ме?», «мынау күшті ме?» деген сықылды құйтырқы сұрақтар әркімдердің аузымен алдымызға келіп қалады.

Ғаббастан таратып, Ғаббасқа тіреп айтсақ, бұл құйтырқы сауал-сұрақтардың жауабы мынадай:

Тайбурыл да жүйрік, Құлагер де жүйрік, Абсент те жүйрік. Аманкелдінің ақбоз аты да, Бауыржанның ақбоз аты да жүйріктер. Бірін-бірі қайталамайды, бір-біріне ұқсамайды, – әрқайсысы өз алдына жүйріктер. Бұл жолдарды қаламдастарға қарай, әр деңгейдегі таланттарға қарай бұрсак, жаңағы айтқанымыз: әр жүйрік – өзінше жүйрік. Әр жүйріктің өз жүлдесі, өз бағасы бар. Жабы дейміз, жабының да өз жүйріктері бар ғой. Айналып келгенде бас төреші, бас сарапшы – халық, уақыт.

Әдебиет әлемінде, әлемдік кеңістікте сөз етсек: Марк Твен Өзиз Несин де, Оспанхан Әубәкіров те емес. Мопассан Лев Толстой емес. Немесе: Әбдіжәміл Нұрпейісов Тахауи Ахтанов емес, Қадыр Мырзалиев Мұқағали Мақатаев емес. Ислам Шұғаев анадан... мынадан талантты болмас. Бірақ екінің бірі Әуезов пе? Мүсірепов пе? Ғаббастың алпыс жылдығы үнсіз өтті. Төрге жасы үлкен де шығады, жолы үлкен де шығады. Азды-көпті еңбегін ескеріп, не болмағанда жасын ескеріп, оны бір мезгіл төрге шығарсақ болмас па?!

«Шошқа не жемейді, жұрт не демейді». Ғаббастың

таланты жөнінде де әртүрлі әңгіме құлағымызға тиеді. Айтылған әңгімеге сондай реттермен қайырылды.

Біреулер біреулерді есепсіз жамандайды, есеппен мақтайды. Өз басым, екеуіне де қарсымын. Жылы сөз, шырай шығару әдебінің жөні бір басқа.

Бұл жолдардың түйіні: қазақ әдебиетінде, қазақ сати-расында Ғаббас – жүйріктің орны бөлек.

Алпыс дегеніміз – асу. Асудан асу – той, құдай жолы. Тойдың сәні, екібастан, ән-күй, әзіл-қалжың. Той иесі – сықақшы Ғаббас Қабышевтің бойындағы жақсы қасиеттерді біреу біліп, біреу білмейді. Енді бір сәт, оның бойындағы сол жақсы қасиеттерден оқырмандарға әзіл-қалжың тілімен шамалы мағлұмат бере кетейік.

### ***ҒАББАС ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНЫ МЕН ОРЫНДЫҒЫ***

#### ***Әзіл-шыны аралас***

Адалдардың ұзыны, аңқаулардың қысқасы,  
Қалдарбектен кейінгі Одақтағы көш басы.  
Отырғаны – бір адам, қисайғаны – екі адам,  
Кім білмейді Ғаббасты – күлдіргі сөз ұстасын.

Ғаббең – Ғаббас – Қабышев –  
қорытындысы бір кісі,  
Ұзындығын жаңа айттық, «Нешауалау» түр-түсі.  
Ирек-ирек із тастау шайтандардың жұмысы,  
(Ирек-мирек дегеннен қараңғылау бұл кісі).

Бұл жолдарды таратсақ, талай жерге барады,  
Қыз-қырқынмен, мысалы, біреу сайран салады.  
Осы жайлы сөз етсек, ойбай ғана Құдай-ай,  
«Сол да тірлік пе екен» деп Ғаббең қайран қалады.

Бір шіркіндер қуланып, құбылтады түр неше,  
Аяқталып жатады әлгі «иректер» түрліше.  
Апыр-топыр «қан майдан»... сондай-сондай ретпен  
Астан-кестен әрдайым Қабышевтің бөлмесі.

Атақ. Ақша. Лауазым... Тағы басқа жайды ойлап,  
Бержағымен қамқорсып, аржағымен пайда ойлап,  
Кеше туған кей мыстан зығырданын қайнатып,  
Ғаббең атқа мінеді бақан ұстап айғайлап...

Табамын деп қайткенде күллі жұрттың көңілін,  
Үйге жаяу қайтады әркім мініп көлігін.  
Түр-түсін де білмейді әлгілердің кей кезде,  
(Мұндай Қо-жа-на-сыр-ды бірінші көруім).

Бұл ұзынның о-о, талай қызықтары бар әлі,  
Бір қызықтың дәлелі Әзиз деген сары, әне.  
Үлкен міні: бұл Ғаббең бас пайдасын білмейді,  
Ашуланса, тақты да қайтып бере салады.

Намыс деген мәселе тарап кетіп бойына,  
Алпыс деген мәселе шығып кеткен ойынан.  
Қадірдікі не той деп, иек қағып сұрайды,  
Мұндай «спектакльді» көрген жоқпыз қойылған.

Тоқсан тоғыз процент алғыс алып, бата алып,  
Бір процент келеді «жалпақшешей» атанып.  
Не демейді сырттан жұрт, қайда өспейді арам шөп,  
Ең негізгі мәселе: ойы – семіз, аты – арық.

...Оспанәлі ағамнан бұйымтайлы хат алып,  
Оспанханның мұрасын анда-мұнда апарып,

Өліге де, тіріге жүргені ылғи ышқынып,  
Содан болар, сидиған бәйге атындай ап-арық.

Кеңесханның мұрасын анда-мұнда апарып,  
10 кг.-дай бәтеңке түскен ізі ап-анық.  
Кетіп бара жатады, қайтып келе жатады –  
(Бұл бәтеңке – сол әлгі ұзын кісі ап-арық).

Күрек тісі, айтпақшы, кіші-гірім кетпендей,  
Бітік шашы құнарлы жерге бидай еккендей.  
Егер созып жіберсе екі қолы – екі есік,  
Әлде де әрмен жіберсе екі пар ат жеккендей.

Сыйымдылық жағын да айтсақ... (ұят болмаса),  
Бір цистерна шай ішіп, жейді нан мен колбаса.  
Содан кейін нәр татпай ай-апталап жүреді,  
(Тың тақырып: біздіңше, кандидаттық қорғаса).

Ғаббе-Ғаббас-Қабышев – тағдырласым, сыйласым,  
Қатты шығар даусыңды, күлкі езуің жимасын.  
Қатты шығар даусыңды, үркіп қашып ажал-ит,  
Күбір-сыбыр кеудесі салдыр-күлдір қирасын.

...Біреу қазір біреуді, ...лерінді ұрайын,  
Есеппенен мақтайды, содан сақта Құдайым.  
Бұл да жаудың бір түрі, шабуылға шық, Ғаббе,  
Амбразура аузына кезектесіп тұрайық.

**Үмбетбай УАЙДИН.**

*«Халық кеңесі»,  
04.07.95.*

## ЖАЗУШЫ ПАРАСАТЫ

Айтулы қаламгер Ғаббас Қабышұлы рухани тіршілігімізде өте кең танымал, қалың жұртшылық жақсы көріп, іштартқан жазушы. Бірден айтайық, азаматтық қалпымен де, адамгершілік адалдығымен де, шынайы шығармашылық ортадағы ұстамды кішіпейілділігімен де қадірлі ірі тұлғалардың бірі. Қалың оқырман әманда жанына жақын балап, өзіне жақын санайтын суреткер. Оның жөні де бар. Ең бастысы, ел ішінде кеңінен танылған, қалың қазаққа етжақын мәселелерді қозғаған прозалық шығармалары мен өткір публицистикасы. Сонымен қатар, ширек ғасыр Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарып, әдебиетсүйер қауыммен қоян-қолтық ғұмыр кешсе, аттай бес жыл кез-келген оқырманның үйінен табылатын «Ара» – «Шмель» деген абыройлы-әлді журналдың бас редакторы ретінде сатиралық өмірдің қайнаған ортасында жүрді. Сатира деген көпшіл, бұқарашыл, қарапайым халыққа жақын жанр. Қаншама жыл Шығыс Қазақстанда, кейін астанада баспасөз, мәдениет саласында мәртебелі еңбек етті, баспасөз бен көркемсөздің көркейіп дамуына атсалысты. КСРО Әдебиет қорының Қазақстан бөлімінің директоры, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болып лауазымды қызмет істеді. Әдеби процеске іштей де, сырттай да ақаусыз адалдықпен араласа білді.

Публицистикасы, көркем шығармалары, сатиралық туындылары, сын-сықақ, мысқылдары баспа, баспасөз беттерінде күні бүгінге дейін үздіксіз жарық көріп келеді. Белгілілік, танымалдық жағынан келгенде, Ғабан да «Социалистік Еңбек Ері», «Коммунистік еңбектің екпіндісі» деген секілді даңқ-атаққа қалмады-ау демесек, атақты-атақты ақсақалдардың өкшесін басып келе жатқан қалам иесі. Тырнақалды өлеңдері мен сықақ әңгімелері Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде жариялана бастаған жас жазушы әдеби орта назары-

на тез ілінген секілді, 1966 жылы жас жазушылардың «Шұғыла» атты белгілі жинағында қаламгердің алғашқы әзіл-сықақ әңгімелері оқырманға жол тартты. Ол тұстағы әдеби өмірдің бір әділетті шындығы мен заңдылығы «Жырға сапар», «Шұғыла», «Жас қанат», «Жас керуен» секілді жас ақын-жазушылардың алғашқы тырнақалды шығармаларының басын қосқан кітаптар ерекше танымал болды. Бір жағынан, іріктеп таңдап алғандықтан да шығар, ондай кітаптарға қосылған жас авторлардың басым көпшілігі кейін қанаты қатая келе әдебиеттің беделді белді, талантты толқындарының қатарына тез қосылып кетті. Ғаббас Қабышевтың шығармашылық жолы осы «Шұғыла» жинағынан басталады. Әрине, әуел бастан сатиралық жанрдағы туындыларымен таныла түскен. Содан бергі қырық жыл бойғы қалам ұстаған өмірде жазушы талай-талай талантты ізденістерінің жемісіндей сан-алуан сипатты кітаптарын оқырманға тарту етті. «Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ?!», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой?», «Жетім жиналыс», тағы басқа көптеген талантты жинақтарын жариялатты. Журналистика саласында өзіндік үлесі бар түрлі тақырыптардағы очерктер мен публицистикалық кітаптарын тізбелемей, әңгіме ауанын қаламгердің көркем әдебиет саласындағы толғамдарына бұралық.

Сатиралық жанрдың өзіндік ерекшелігі басым болғандықтан да шығар, сын-сықақ жазып жүрген жазушылар жұртшылыққа жария болғанымен, солардың барлығы бірдей әдеби ортада кеңінен толымды бағалана бермейді. Әдетте күлдіргі әңгіме, әзіл-сықаққа толы туындыларымен мерзімді баспасөзде әжептәуір дуылдатып-дауылдатса да, түптеп келгенде әдебиеттің сатиралық жанрының өкілдері аз. Саусақпен санарлық. Оның ішінде сатиралық ірі жанрларға барып, хикаят, роман қалдырғандардың өзі жоққа тән. Әдетте шағын-шағын көлемді, ұтымды ұтқырлықты қалайтын жанрдың өзіндік ерекшелігі мен қиындығы осыдан да байқа-

лады. Сатираны халық қалап оқиды, жұртшылықтың өзі де әзіл-оспақ, қалжыңға жақын тұрады. Сондықтан да сын-сықақ жазушы әманда оқырман назарында, жұрттың аузында. Барлық ұтысы мен ұтылысы көз алдында. Күлдіре білген сықақшының бәрі сүйекті жазушы болып кетпейтіні тағы мәлім. Тума талант Оспанхан Әубәкіров сын-сықақ өлеңдерін драмалық сипаттармен, эстрада-лық-сахналық нышандармен кұнарландырды, байытты. Сонысымен шығармаларын үлкен әдебиет айдынына шығарды, әдеби жанрды өрістетті, көктетті. Садықбек Адамбеков ақсақал прозаның ірі жанрына ұластырды. Асқар Тоқмағамбетовтың басқа шығармаларын былай қойғанда, саяси памфлеттерінің өзі тақырыптық заманы мен проблематикасы әлдеқашан өтсе де, күні бүгін де көркемдік-эстетикалық әсерін жоғалтпаған, жақсы қабылданып, оқылады. Шын мәніндегі көркемдік мұра. Қазақ әдебиетінде осындай ірі-ірі өкілдері жарқырап көрінген сатиралық саланың өзіндік дәстүрі мен мектебі бар. Сарбаздары аз, табиғаты саз, бітімі бөлек сатираның күрделі «көпсатылы» мектебінде сөзге тиек болып отырған Ғаббас Қабышевтің өз өрнегі мен дүниетанымы басым. Тіл кестесі, психологиялық коллизиялар жазушы шығармаларының айқын байқалатын ерекшеліктері. Сатиралық жанрдың кейіпкерлері де, олардың тілі де өзіндік мінезі, сипатымен дараланып тұруы қажет десек, Ғаббас Қабышев шығармаларының қай-қайсысынан да осы сипат ҚАНЫҚ көрінеді. Кейіпкер тілі, кейіпкер монологы мен диалогтары кесек бітімді мінездерді алға тартады. «Пықаң» атты шағын сықақ әңгімесінде пысық Пықаңның ішкі монологы арқылы-ақ бүкіл пиғыл, жан-дүниесі ашылады. Ол өзі қазақтың «пықаңы». «Қазақ дегенің төсекте жатып, күндіз де емес, түнде жатып ойланғанда ұйқының ауылынан адасып, дөңбекшіп, пысынап есі шығады ғой, ал Пықаң, – о, жаратылыс-ай десеңші! – төсекте түп-тура шегелеп тастағандай-ақ тырп етпей жатып ойлана береді». Әңгіме осылай басталады.



Содан Пықаң ертеңгілік ертесімен әйелі Жырымбике: «Әй! Жұмысыңа кетпейсің бе?!» деп жарықшақ дауысымен «айдап» шыққанға дейін ойланады. Ойлағанда нені ойлайды дейсіз ғой! Нағашы-жиен, құда-жекжат, ағайын-туған, қайын-балдыздарын жұмысқа алғанына жұрттың несіне тулайтындығын түсінбейді. Онда тұрған не бар деп мыйы ашып, басы қатады. Ұйқысы қашады. Жұрттың «найсаптығына», надандығына жаны ауырады. Енді, нағашысын алмағанда жұмысқа басқа кімді алуы керек?! Нағашы жұрты болмаса, мұның, Пықаңның өзі дүниеге келер ме еді, келмес пе еді, осы жұрт соны неге түсінбейді? Құрылысшы дипломымен – товаровед, спортшы дипломымен – қоймашы, зоотехник дипломымен – милиция болып істеп жүрген толып жатқан тумаларын күстаналайтындай не істепті. Малға барғысы келмесе, енді қайтпек, әрине, өзі қалаған жұмысын тауып береді. Осы жұрт қызық! Пықаң тіпті түсінбейді. Пықаң ұқпайды. Өзі білетін, сенетін адамдарды алмағанда, енді кімді алады?! Қазақтың Пықаңы осындай жан. Басқаны ойламайды, жұрттың бұртаңдағанына аң-таң. Осылай ұғатын, осылай ойлайтын пықаңдардың көп екендігіне, ғажайып бір шіркіндер екендігіне танданбайсыз, иланасыз. Солай сеніп, солай ойлап тұрса, басқаша қалай істесін қазақтың Пықаңы?! Мінез бе? Мінез. Таным ба? Таным. Пықаң одан арғыға жоқ, арғы жағын ойлауға «қабілетсіз». Түңілмейсіз, күлесіз. Күлесіз де, көзге елестетесіз. Мейілі, пықаңдап жүре берсін. Қазақта ондай ағайындар да баршылық. Ұлттық мінез, ұлттық бейне. «Әйда, кеттік ауылға!» әңгімесі де шағын бір-ақ тұтам. Өмірдің дүйім шындығын жайып салған. Әнші Мәңтібай мен әйелі Қайшыгүлдің диалогына құрылған шығармада алматылық әнші бүкіл әңгімеде «Айта берсеңші», «Қайда?..», «Ұғып отырмын», «Ой-ба-ай...» деген төрт сөзді айтып, басын изейді де отырады. Қайшылап отырған Қайшыгүл. Мәселе біреу: кешке дейін радио, теледидардан тақпақ оқып, ән салып өзі де жұқарып біт-

кен ішегін үзердей шикылдай бермей, асаба болып, шапан киіп, беташар айтып мал табу, жұқарған ішті майлау. Ойын-той, атақ-абырой, мал-шапан ауылда. «Әйдә, кеттік ауылға!».

«Ұсыныс» әңгімесі «Ұқтым!» деген бір сөзбен аяқталады. Ең ҚЫЗЫҒЫ СОЛ «ҰҚТЫМды» айтқан ауатком төрағасының, аты жоқ. Аты жоқ кейіпкер. Заты бар. Заты таныс әбден белгілі. Ауатком болған жеті айдың ішінде өзінше игілікті істердің ТІЗІМІН жоспар-жобасын жасап облаткомның төрағасы бұйығы Бұқпантаевқа барады, Бұқпантаев та бір жыланның аяғын көрген пысық екен ауданға бір тиын бөлінбейтіндей етіп майдалап-мәпелеп діңкесін құртады. Ұлт аспаптар оркестрі неге керек ауылға. Оған аспап алу, шетінен киіндіру, әрқайсысына ай сайын ақша төлеу, еңбекақы қаражат. Қып-қызыл шығын. Осы күні не көп селкілдеп, аспаптарын шикылдатып, шаңқылдатып сабалап кеп жүргендер көп. Соларды ұстап алып ауылды бір аралатып шықсандар жетеді – бітті! Несін айтасыз, ауылға ештеңенің де керегі жоқ екен ғой. Ең аяғы ауданда қыл аяғы кинотеатр, мәдениет ошағы да жоқ деген өтінішіне: «Қалқам, жаңа мен не дедім? Қазір не көп телевизор көп дедім, Осы үй басы түрлі-түсті телевизор. Сондағы киноларды көріп алсандар да жетеді... ұқтың ба?» – дейді облыстық төраға. «Ұқтым!», – дейді аты жоқ аудан бастығы. Аты жоқ, заты таныс бейне. Кейіпкерді даралау. Кейіпкердің, оқиға, құбылыстың өзіндік табиғатын ашып, өзіне ғана тән жеке ныспысын, аузы-мұрнын түстеп беру. Қазіргі прозаның осы бі кез-келген шығармада кездесе бермейтін ерекшелігі Ғабанның сатиралық әңгімелерінде басым кездеседі. Шеберліктің бір белгісі құбылыстың өзгеге ұқсамайтын, өзіндік сырын танып көрсету. Типтендіру емес, типтік нышан ауыз әдебиетінің еншісі, даралау, жеке қасиеттердің қалтарыстарын ашу. Бұл қазіргі профессионал әдебиеттің белгісі. Бұл өте-мөте сын-сықақ, сатира жанрына тән де секілді сезіліп қалады. Сондықтан да жазушының

кейіпкерлері мен әңгіме желісі, тақырыптары, мәселесі есте ұзақ сақталып қалады. Әлеуметтік толғамдарға бастайды. Әрі қарай ойландыра түседі. Жазушының сатиралық шығармаларының ерекшелігі әдеттегі күлкі, әжуа, ауызекі сықақтау шеңберінен шығып, көркем шығарманың үлкен ауылына ат басын бұрып, «сатирашылдыққа» қамалып қалмай прозалық кесек пайымдауларға, нұсқалы бейне, нысанды туындыларға ден қоюынан көрінеді. Жекелеген мінездер (характерлер), тұтас тұрмыстық-әлеуметтік суреттер, қоғамдық ауқымы терең толғамдар қаламгер қаламына тән әбден қалыптасқан мәнермен сараланып, сомдалып отырады. Суреткерлік дүниетаным кеңдігі мен әдеби жетік тәсілдер, тіл құнары әдеттегі бізді өз ортамызда қалыптасып кеткен «сын-сықақ шығарма» ұғымын бұзып-жарып ірі сүйекті проза нұсқаларын алға тартады. Шындығына келгенде, сатиралық уыт пен мысқылдық сипат үлкен әдебиеттің дәстүрлі классикалық нышандарының біріне саналады. Әрине, ол деңгейдің өрісі кең, өресі биікте. Қабышев шығармаларының өміршеңдігі мен шеберлік бітімі осы тұрғыдан көзге еркін шалынады. Шығарманы құрылымдық (композициялық) жүйесінен, оқиғалық желісінен бастап, бүкіл көркемдік бітімі, поэтикасы келісті өрілген, шебер қолмен құйылған туындылары жазушыны кемел қаламгерлік тұлғасының ерекшелігіне назар аударады. Әр туындысының басталуынан аяқталуына дейін, сөзді өрбітіп, оқиғаны қоюландыра, драмалық сипатты өрістетугіне дейін өз қолтаңбасы айқын аңғарылады. Сондай-ақ қылаудай жасандылық қоспай көркем де келісті өрнек түзу де шеберлік белгісі. «Құда – мың сомдық. Күйеу – жүз сомдық» әңгімесінде ел ішіндегі ерекше бір жағдайды талданады. Оқиға кәдімгі құдалық Қазақ тұрмысының күнделікті жиі кездесетін көріністері. Түйіні жаңа. Өрбіту, жекелік сипат дарыту тәсілі соны. Сөз мәнері, қисын өрнегі тың. Мәселен:

«Бошан: «Мен үш жүз сомның пальтосын киетін студент емеспін» деп, терезеде сыртқа қарап отырып алыпты.

Әйелі: «Піл сүйегінен жасалған қобдишамда алтын сақинаның алтау-жетеуі жатыр» деп, етегін қағып тұрып кетіпті.

Бошан: «Джинси шалбарды менен алындар, ауылдарыңдағы еркек атаулыға екі-екіден берейін», – депті.

Әйелі: «Бізде юбка киетін ақымақ қыз жоқ», – депті. «...Осылай экспрессивті реңкте өрбіген әңгіме барған ширыға береді, ширыға беріп трагикомедиялық фарсқа айналады. Төс табаққа тентек күйеу «жүз сом» тастайды, бас құда алдына келген бастың төбе құйқасын ойып жеп, сол жерге «мың сомдықты» жапсырады... Сөйтіп «Құда – мың сомдық, күйеу – жүз сомдық» болып шыға келіпті! Мағлұм мақал біздің заманда солай өзгерген.

Жазушы кейіпкерлері қанша алуан болып кездессе суреттеу, кейіптеу тәсілдері де соншалықты алуан түрлі, палитрасы бай. Түрленіп, күтпеген тосын көріністермен астасып тартып отырады, «Ақ дастархан басында алтау отыр. «Жалғыздық құдайға ғана жарасқан» дегендей, алтаудың ешқайсысы да жалғыз емес, екеу-екеуден үш жұп. Мойыншағын сүйреткен бұзауша, электр шнурын шұбалтып биік столға шығып кеткен ақ самауырынның бауырындағы ақ шәйнектің «рулін ұстап» ақ кемпір отыр, оның жанында, ары-бері өткен «жолаушы» кеселерге жөн сілтеп, сақал-мұрты әппақ тақыр бас шал отыр. Ақ самауырынның екінші жағында оның шүмекшісі қызметін атқарып аққу кейіпті келіншек отыр, оның жанында түрлі-түрлі бөтелкелер қауымына бас-көз болып қоңырқай өнді жігіт отыр. Ал енді алтаудың қалған екеуі – жалпақ столдың «жайлау» төрінде, бірі – қырықтың қалың орманына кіріп кеткен семіз қара әйел, екіншісі – елудің есігін бүгін-ертең ашып қалатын қапсағай қара еркек...». «Садақа» әңгімесі осылай басталады. Екі қонақ, төрт қызметші. Алты адамның отырысы да, әрқайсысының міндет-қызмет сықпыты да, суреттеудің тәсілі де бір шатақтың басталатынынан хабар бергендей. Тағы сол қазақы әдет пен қазақшылықтың сұмдығына сүңгітіп жіберетін туындының ұтқырлығы найсап-

тықпен надандықтың кісі жыларлық күйкі келбетін тайға таңба басқандай серейтіп шығаруында. Тағы да сол қазекеннің сол бір сорақы әдетті «дұрыс» көріп, «жөн» санап бірі көзі түскенді «қалап», бірі біреудің көзі түскенді «беріп құтылуында». Түйіні психологиялық тартыспен тарқатылып ақтарылып жүре берген шағын әңгіменің көп көкейінде ұялай қалып, әлі талай оқырмандар буынының назарында тұраы анық. Өйткені, ұлт ішіндегі ізі терең түсіп ұзаққа шұбырған бір әдеттің ақиқат көрінісі. Әдепкідегі әжептәуір ұлттық салт-дәстүр нышанының пасықтықтың табалдырығына тапталып сүйкімсіз сұрқия күйге қалай түсіп кеткендігінің анатомиясы.

Жазушы Ғаббас Қабышевтың прозалық әңгімелері, кесек пішімді сатиралық кейіпкерлері әдебиеттің санқырлы бейнелер толқынында өз мінезімен, өзіндік құлқымен дараланады, өзгеше кейпімен есте қалады. Бұл ретте жазушы ұлттық прозамызда айтулы кейіпкерлердің бедерлі бейнесін жасаған. Психологиялық тартысты прозаның келісті желілерін тартып, ой ағымына да ара-тұра тізгін ұстатып, әдеби тәсілдердің өзге де өркенді әдістерімен сатриалық сипатты шығармаларының салмағын арттыра түседі. Көркем де кесек прозалық туындылары суреткерлік келбетінің өзгеше бітімін білдіреді.

Қаламгер шығармашылығының енді бір саласын дәстүрлі прозалық шығармалары, адам тағдырының сан қилы қалтарыстарына, өмір заңдылықтарына, сезім сырларына үңілген тебіреністі дүниелері құрайды. «Төрт хат», «Шыбындыкөлдегі шалық», «Жолаушылар», «Тәлкек тағдыр», «Гүл аңсаған бір ғұмыр», «Сайыңнан саяқ құрлы пана таппай» секілді повесть, хикаяттары тіршіліктің терең сырларына бойлатып, тағдырдың сан түрлі соқпақтарында сынға түскен адам жанының биік те жарқын сәттерін кестелеуге арналған дер едік. Жазушының көркем прозадағы сомдаған кейіпкерлері ойымен де, ісімен де жанға өте жақын, күнделікті көріп, кездесіп қалып жүрген замандастар іспетті әсер қалдырады. **СОНЫСЫМЕН** де оқырман көңілінде жылы із

қалдырып, жақсы әсермен баурап, бірге ойлантып, бірге толғандырады. Байқап бағдарлағанда көптеген оқиғалардың өмірден сол күйі алынғандығы, көптеген тағдырлардың тіршілік ағымдарымен үндестігі аңғарылар еді. Бұл да өзінше бір қаламгерлік ерекшелік. Көзбен көрген, бастан өткізген, әлде танып білген тіршілік-тұрмыс сипаттары мен желілерін көркемдікпен зерлеудің де өзгеше артықшылығы бар. Ол мәнер өмірге етене жақындығымен, барынша шынайылығымен тартады. «Жолаушылар» сондай туынды. Жастық шаққа деген қастерлі сезім, әрі-беріден соң әр адамның басында болатын сол бір тамаша балаң махаббатқа деген қимастық, ностальгиялық елестер көз алдында қайта бір тіріліп, өз суреттерімен тарта түседі. Автор тұрмыстың, өмірдің күнделікті ағымы мен көріністерін боямасыз да көркем жеткізеді. Қарапайым адамның, қатардағы кейіпкерінің аузымен хикаятталған оқиғалар да қарапайым, иланымды көрінеді. Ал, «Гүл аңсаған бір ғұмыр», «Сайыңнан саяқ құрлы пана таппай» атты қос хикаят биік көркем тебіреніс, асқақ сезім нұрымен баурайды. Лирикалық сазбен сыршыл бір сырға бөлейтін «Гүл аңсаған бір ғұмыр» туындысында да нақты жер суреттері, нақты ауыл бейнелері көркем фотокөріністеріндей жетелеп отырады. Жетелеп отырады да замандастарымыздың әдемі бір сезім әлеміне тартады. Шынайы тіршілік тұрмыс сюжеттері сезілсе де, бұл шығарма барынша көркем, сыршыл тебіреністі хикаят. Көркем прозадағы әдемі бір тағдырлар әлемі.

«Сайыңнан саяқ құрлы пана таппай» хикаяты халқымыздың аяулы қаламгері Әнуар Әлімжановтың азаматтық тұлғасын айқара ашып, кісілік келбетін көркем кестелеуімен құнды. Тілі көркем, сезімі терең шығармада қазақ зиялыларының басынан кешкен қилы тағдыр, қиянатты кезеңдердегі ірілік, кісілік поэтикалық биік сазбен суреттелген. Әнуардың Мұхтар Әуезовты сақтап қалғандығы, сотты болып сүргінге түскелі тұрған жерінен құтқарып жіберуі көркем шығармаға негізі арқау болып

тартылған. Тарихта болған бұл оқиға қазақ жұртының рухани мақтанышына айналуға тиісті ерлік әрекет ретінде ұрпақтар санасында сақталмағы ләзім. Сонау қуғын-сүргін заманына қатысты бірін-бірі «көрсеткен-міс», «қазақтың жауы қазақ» деген энеу бір сұрқия лепестің алдын алып, бетін қайтаратын, әрі-беріден соң елдің елдік дәстүрі мен құлқын бекітетін осындай адамгершілікті әрекеттер мен ізгілікті оқиғалар. Иә, шығарманың бітімінен гөрі, мазмұнды материалдың әлеуметтік-азаматтық мәніне бұрылып кеттік. Оның да өзіндік жөні бар. Шынында шығарма шынайы сезім, көркем тілмен кестеленген. Әдемі оқылады, адамды баурап қызықтырып отырады. Әнуар Әлімжановтың тамаша бір азаматтық тұлғасы сомдалған. Сонысымен де тартымды, сонысымен де қымбат толғам. Осы жерде Ғабанның екінші бір «Қоңыр дәптер» шығармасын ауызға алмау мүмкін емес. «Қоңыр дәптерде» қазақ балалар әдебиетінің көрнекті тұлғасы, қазақ әдебиетінің ақсақалдарының бірі Сапарғали Бегалиннің халқымыздың тағы бір ұлы тұлғасы Ілияс Жансүгіров шығармасының қолжазбасын қалай сақтап қалғандығын әңгіме өзегіне айналдырады. Атақты «Құлагер» дастанын Сапарғали ағамыздың жастықтың ішіне тығып сақтап қалып, бүгінгі күнге аман жеткізгені қандай парасаттылық, қазақ әдебиетінің тарихы алдындағы қандай адалдық. Мұндай азаматтық істер қазақ зиялыларының ішінде аз болмаған секілді. Тек, аз еске алынып, сирек айтылады. Есесіне «қазаққа қазақ жау» ұраны басым естіледі. Сондықтан да, бұл шығармалардың ұлттық маңызы аса зор, тәлімді. Жазушының азаматтық танымын да, көркемдік ізденістерін де білдіретін туындылар.

Бұл орайда Ғабанның қаламгерлер, мәдениет қайраткерлеріне қатысты атқарып жүрген қайраткерлігін қаламгерлер ортасы жақсы біліп, бағалайды. Оның Әди Шәріпов, Сағат Әшімбаев, Әнуар Әлімжанов, Михаил Иванович Есенәлиев мұраларына қатысты қамқорлық

істері көп ойды қозғайды. «Әлем таныған Әнуар», «Михаил Иванович. Мәке» секілді Қабышев ұйымдастырып, құрастырып шығарған ол кітаптар ірі тұлғаларға деген ілтипат, ескерткіш әрі жақсы оқылады, тың деректерге бай. Мәриям апайдың әдемі маңызды естеліктерінің кітап болып шығуына да себепші бола білді. Әр қаламгер өз замандастары, қаламдастары хақында осындай істер атқарыла отырса, әдебиет көктемей, жігіттердің мәртебесі биіктемей қалмас. Ал, «Арыңның сөзін айта біл» кітабындағы мақала, эссе, толғаныстар қоғамдық өмірдің келелі мәселелеріне ат салысуымен қадірлі. Мұның барлығы да қаламгер тұлғасының өзгеше бір қырын, азаматтық парасатын танытатын игілікті істері мен жазбалары.

Ғаббас Қабышев әлемге танымал ірі-ірі қалам қайраткерлерінің шығармаларын ана тілімізге аударып, насихаттаушы. Оның қаламынан қазақ тілінде сөйлеп шыққан Әзиз Несиннің «Әңгіме оқи отырыңыз», «Футбол королі», Остап Вишняның «Бал шіркін тәтті ғой», Аурелиук Бусуйоктың «Менің париждік нағашым» кітаптары, А.П.Чеховтың, С.Михалковтың, Л.Ленчтың талантты туындылары аударма өнерінің қазынасына қосылған үлкен үлес.

Көп қырлы талант иесі, қазақ прозасының танымал шебері Ғаббас Қабышев жетпіс жасқа сергек күйде, шығармашылық тіршіліктің қайнаған ортасында жетті. Ұлттың жаңғыру үрдісі, бүгінгі шырғалаң да күрделі әрі үмітті өмір тынысы қаламгер қаламына да қайрат қосқандай. Осындай шабытты шақ үстінде қырық жыл ойы суреткерлік ізденіс үстінде жүрген қаламгердің санқырлы жемісті қызметі мен парасатты азаматтық тұлғасы туралы лебіз білдіру шарт деп санаймыз.

Ардың сөзін айта білген жазушының тұлғасы әманда биік, жүзі жарқын.

**Асқар ЕҒЕУБАЕВ.**

*1995-жыл. «Жұлдыз».*



**100 ЖАСАҢЫЗ!**

Пір тұтып бұл ғаламнан шыншылдықты,  
Іздеп жүріп таптың сыршылдықты.  
Тұсадың талайларды жол-жөнекей,  
Құртам деп түбегейлі күншілдікті.

Қылмыскер шыдамады түйрегенде,  
Құлады талай мықты күймеден де.  
Тайраңдап таптап басып кетер еді,  
Найзаңның оғы оған тімегенде.

Өмірің өтті мықты күреспенен,  
Сыншыдан тиді өзіңе үлес деген.  
Қазақта қара қылды қақ жаратын,  
Өзіңдей ашық айтсам ұл өспеген.

Өзіңнен біз үмітті үзбеп едік,  
Әлі де әділдікті ізденелік.  
Алпыс жас азаматтық толысқан шақ,  
Аман жүр ортамызда жүзге келіп.

**Тоқабай Исабекұлы ТЕНІЗБАЙТЕГІ.**

*1995-жыл, 6-көкек.*

*Панфилов ауданы,*

*Кішішаған ауылы.*

*Талдықорған облысы.*

## ТІЛІ МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ

*Қазақ сатирасына елеулі үлес қосып келе жатқан, кезінде әлемдік классика төрінен орын алған Әзиз Несинді, А.П.Чеховты, Остап Вишняны, Аурелиу Бусуиокты, Леонид Ленчті қазақ тілінде сөйлеткен сатирикпен әзілкеш Жарылқасын ДӘУЛЕТОВ ағаларың сұхбаттасқан еді, енді соны назарларыңа ұсынып отырмыз.*

– Ғаббас аға! Өзіміз кішкентайымыздан оқып, жүзін бір көрсек деп өскен, сықақшымыз – өзіңіздің 60-қа келген мерейтойыңыз құтты болсын.

– Рахмет!

– Бұл күнде өздеріңіздің жолдарыңызды қуып, сатиралық дүниелер жазуға талаптанып жүрген жасөспірімдер аз емес. Енді сол жеткіншектердің көкейіндегі бірер сұрақты көлденең тартуға рұқсат етіңіз. Сіз сонау бала кезіңізде өлең мен әңгіме жаздыңыз ба?

– Жаздым. Өлең жазатынымын. 5-класта бастадым-ау деймін. Ауылдың жас жігіттері ұстап алып, жақсы көретін қызына, немесе қалжыңдасатын жеңгесіне арнап өлең жаздыратын. Сосын ол аз болғандай әлгісін өзіме апартқызып қоюшы еді. Хат иесіне жақсаң, басыңнан сипап, жауабын жазып жібереді, ал, жақпасаң, әсіресе, жеңгелерім: «О, қарақұрт жегір, қарақұрттай болып неғып жүрсің мұнда? Осыны жазған сен ғой шамасы!» деп сықылықтай күліп, құлағымнан бұрап, шымшылап, енді қайтіп жоламастай етіп жіберетін. Әрине, ол жаққа барарда жігіттер өздерінің ойына келген небір сұмдық қалжыңын мені зорлап отырып өлеңменен жаздыртып, қайрап-қайрап діттеген жеріне жіберетін. Сөйтіп жүріп өлеңші болып кеттік.

– Алғашқы өлеңіңіз қай жылы, қай класта оқып жүргенде жарық көрді? Есіңізде қалса, тарихын да айтып берсеңіз.

– Алғашқы өлеңім 7-класта жарық көрген. Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз Ізғұтты Айтықов туралы облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар») газетінде 12 шумақ өлеңім жарық көрді. Балалар таңғалып, қасым-

нан шықпайды. Бәріміз мәз болып жүрміз. Мен өлеңім шықты деп мәз боламын, олар қасымызда ақын бар деп мәз болады. Бір күні мектеп директоры шақырды. Барсам, қасында мойнына галстук таққан біреу отыр. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы екен.

– Мына өлеңді жазған сен бе? – деп, менің бетіме қарады.

Қарасам, қолында – менің газетке шыққан өлеңім.

– Иә, – дедім.

– Сен қайдан өлең шығара қалдың, мүмкін біреу жазып берген шығар, – деді ол маған қадалып.

Менің намысым сілкінді.

– Жоқ, өзім жаздым! Нанбасаңыз, қолжазбамды көріңіз! – деп, шыр ете қалдым. Тұра жөнеліп, үйге жүгіріп барып, шимай-шатпақ бір құшақ қағазды әкеп жайып салдым.

Ол, әрі қарап, бері қарап, әлгі қағаздардың барлығын папкасына салып, ауданға қайтып кетті. Содан қайтып шақыртқан жоқ.

Сөйтсем, Ізғұтты батырдың атасы, колхоз ұстасы Құрманбай ақсақал кезінде «Халық жауы» атанып, жер аударылып кеткен екен. Әлгі өлеңді соның сыбайластарының тірлігі деген долбармен, жіптің бір ұшы осында жатыр деп ойлап, мені жауапқа тартуды жөн көріпті.

– *Алғашқы сатиралық шығармаңыз қалай жарық көрді, жалпы сатираға қалай елдіңіз?*

– Шынымды айтсам, мен сатирик болам деп ойлаған жоқ едім. Бәрі күтпеген жерден басталды. Облыстық газетте, бөлімде істеп жүрген кезім еді. Бірде бірге істейтін қызметкеріміздің үйінде шілдехана бола қалып, бәріміз жиналып бардық. Отырыстың ортасына таман қонақтардың барлығы кеңесе келіп, нәрестеге ат қоюды маған тапсырды. Ол кезде кейін атағы әлемді аралап кеткен «Абай жолы» романының жаңадан шығып жатқан кезі. Мен әрі ойланып, бері ойланып, Әуезовтей ұлы болсын деп, атын Мұхтар қойдым. Сол кезде ортадан масайыңқырап қалған шикіл сары біреу атып тұрды:

– Жоқ, баланың аты Мұхтар болмайды! Онсыз да қа-

лада жеті-сегіз Мұхтар бар. Алтай деп қоямыз, – деді. Мен шыдай алмай кеттім білем:

– Бүкіл қаланың баласының тізімін алатындай қай жерде істейсің өзің? – дедім.

– КГБ-да.

– Немене, КГБ-да бала санаудан басқа жұмыс жоқ па?

Үйдің иесі оны басқа бөлмеге әкетіп қалды.

Мен қайтып кеттім.

Ертесіне жұмысқа келсем, жолдастарымның көздері көкпеңбек-көкпеңбек. «Не болған» деп сұрасам, мен кеткен соң, баланың атын неге Мұхтар қоясындар деп, әлгілерді жатып кеп сабапты.

Көп ұзамай сол «КГБ» туралы «Жануар» деген сықақ әңгіме жаздым. Шикіл сары бетіме қарай алмай жүрді. Ал редактор: «Сықаққа ебің бар екен, осыны өзің қолға ал» деп, маған фельетондар жаздыра бастады.

– *Сізді әділетті, бірбеткей сықақшы деп атайды. Бұл мінез сізге қайдан «жұққан»?*

– Әкемнен. Ол кісі басшыларға жағымпаздандуды білмейтін, ары таза кісі еді. Колхоз басқарған отыз жылының ішінде үйге бір артық мүлік алмапты.

– *Әлем классиктерінен кімді жоғары бағалайсыз?*

– Марк Твен, Карел Чапек.

– *Өзімізден ше?*

– Басқаларының аруағы кешіре жатар, біздің заманың нөмірі бірінші сықақшысы Оспанхан ғой!

– *Өзіңізге еліктейтін жеткіншектеріңізге не айтасыз?*

– Сықақшы болсын, болмасын, ең алдымен Азамат болсын. Сықақшы болу адал, парасатты, әрі аса білімдар болуды қажет етеді. Осы үш қасиет бойынан табылса, қалғанын әзілмен бүркей салуға болады.

– *Әңгімеңізге рақмет, енді сіздің балаларға да арналған шығармалар күтеміз.*

– Орындауға тырысып көрейін.

**Сұхбатты жүргізген – Жарылқасын ДӘУЛЕТОВ.**

*«Ұлан» газеті, 11.05.95 ж.*

## СЫҚАҚТЫҢ СЫНДАРЛЫ САРДАРЫ

Сықақ – шығармашылық қасиет, оны жол-жөнекей тауып алуға немесе таңдап алып, үйреніп шығатын мамандыққа қосуға болмайды. Сондықтан да, бұл қабілеттің қадыр-қасиеті тұрақты болмақ.

Ғаббастың бүкіл туындылары осы қағиданы айқындап беріп отырғандай. Көптеген адамдар сықақты ақыл-ойдың адамды көп азапқа салмайтын жеңіл ойыны деп бағалайды. Жоқ, бұл ойын емес. Әрине, тапқырлық кездеседі, дегенмен, адамның жанын жейтін, әрбір сөз бен сөйлемді қағаз бетіне ойландырып, қиналдырып түсіретін, еңсені басқан, жауапкершілігі мол күрделі еңбек.

Біздің білуімізше, Ғаббастың үлгі-өнеге алатын, бірнеше әңгімелерін аударып, жеке кітап етіп бастырып шығарған түрік халқының ұлы сықақшысы Азиз Несин «Өмір жетілудің, соның ішінде өнегелік жетілудің тұрақты жолы» десе, Ғаббас та осы қасиетті берік тұтынып, әрбір қаламынан шыққан туындысы арқылы өнегелік жетілуге тырысатын іздемпаз еңбекқор жазушы.

Жазушыны адам жанының инженері деп атап жүрміз. Біз осы анықтама қосымша, адам көңіл-күйінің де инженері дер едік. Ғаббастың әрбір әңгімесін оқып отырғанда, осы тұжырымымызға дәлел тапқандай боламыз. Ол адамның жан-дүниесіне үңіліп қоймай, тереңдеп бойлай түседі, себебі, оның мақсаты – көз жасымен араласа шыққан ащы күлкінің бастауын табу.

Қандай да болмасын сықақтың, мысқылдың, әзіл-оспақтың жарып шығар қайнары бар, ол қайнар – жинақталған өмірлік тәжірибе, өзіміз күнде көріп жүрген болмыс-тіршіліктің өзі болмақ. Сықақшы осыны ой арқылы ұшқырлай білуі керек. Ғаббас ұшқырлай біледі.

Біздің ойымызша, сықақ та, мысал да, әзіл-әжуа да өткір деп бағаланғанмен, осы тырнағы аюдай, азуы алты қарыс әдеби жанрдың түп негізінде адамға, адамгершілікке деген үлкен сенім жатпақ. Бұл сенім – адам баласының жақсаруына, дұрыс жолға түсуіне, зұлымдықпен

күресе білуді меңгеруге тигізетін көмегі. Ғаббас әр әңгімесін жазып отырғанда осы түпкі мақсатты әсте естен шығармайтын сияқты. Сондықтан да, оның туындылары оқырмандарға өмір сүруге, қиыншылықтармен ымырасыз күресуге көмектеседі. Сонымен қатар сықақшының шығармаларында суреткерлердің түйсіктік тәжірибесінің көрініс табатынын да ұмытпауымыз керек. Ол өмірде, өзін қоршаған ортада өтіп жатқан құбылысты өзінше жек көреді, өзінше жақсы көреді. Және бұл құбылыстар, міндетті түрде, сықақшы елегінен өтпек. Содан кейін барып нысанға алынбақ. Сықақшы нысанасы жақсы нәрсе емес, жаман нәрсе, залалды нәрсе болмақ. Ал жаман-залалды нәрсеге дәл тигізбеске оның құқы жоқ. Бірақ мерген болмаса қайтесіз? Өкінесіз. Ғаббас көздеген нысанасына дәл тигізе алмай сізді өкіндірмейді. Ол – мерген.

Бойы мен сойын сырыққа да, құрыққа да теңестіруге болғанмен, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын еш адамнан бөлектеуге келмейтін Ғаббас өзін қоршаған ортадан күлкілі, келеңсіз құбылыстарды тап баса білуі арқылы ерекшеленеді. Ол әрбір іс-әрекеттен күлкі іздеумен қатар, сол күлкінің табиғи әрі нанымды болуына атсалысады. Күлкіні жіктеп те, септеп те жүрген кейбір қаламгерлеріміз оған неше түрлі теңеу тапқанмен, «идеялы күлкі» деп атағандарын әлі кездестірген жоқпын (бар болса, кешірім сұраймын – С.Е.). Ғаббастың күлкісі осы идеялы күлкіге жатады. Ал күлкінің өзін идеяландыра білген адам, қалай дегенде де, сықақ жанының зергері болмақ.

Білетіндер өлеңді жеңіл әскерге теңейді ғой, олар шапқылаған шапшаңдығымен, қиқулаған ұранымен, жер қайысқан көптігімен алады. Ал сықақ жұмсай білген адамға шокпар да, найза да, семсер де, қылыш та. Бір сөзбен айтқанда – суық қару.

Алпыстағы Ғаббастың қолындағы суық қарудың аз жұмсалып, мол жайратқанын тілейміз.

**Сайымжан ЕРКЕБАЙ.**

*1995 ж. «Парасат» журналы.*

**65 келді алақтап...****АЛТЫН ШАМ ӘКЕП БЕРДІҢ, АҒА, МАҒАН**

*(2000-жылы ақын інім Тоқтарбек Қызықбайдың жасы 60-қа толғанда үстелге қоятын шам сыйладым. Жалтыраған сары түсті. Сол жылғы көкек айының 9-ы күні Роза келін екеуі менің жасым 65-ке толуын құттықтай келіп, сыйлықтарына қоса мына өлеңдерді табыс етті, – Ғаббас).*

Өмірдің бағын бірге аралаған,  
Інің ем жағалаған, сағалаған.  
Кешімді күңгірттенген байқадың ба,  
Алтын шам әкеп бердің, аға, маған.  
Алтын шам әкеп бердің, аға, маған,  
Тарайтын шапағат көп маған одан.  
Мезгілге қандай кінә тақпақшымын,  
Кенеттен жүрегімді жаралаған?  
Мүсіркеп жағдайыма қарамаған,  
Айтпай тұр бұрынғыдай заман да эн.  
Дұшпаным көгалымда сейілдетіп  
Иттерін үргізеді абалаған.  
Байқаймын жай-жапсарын табалаған,  
Жұққызар жаманатын жаман адам.  
Төмендеп жүрсе, деген, иық түсіп,  
Пиғылын түсінемін шамалаған.  
Жасауым керек қазір жаңа қадам,  
Бұрыннан басқа түк те қаламағам.  
Мәпелеп гүлдерімді өсіремін,  
Бағамын қойларымды қоралаған.  
Көктемде жаңғырғандай қала, далам,  
Мен енді Ертең жакқа қарап ағам.  
Мен енді жұлдызымды көкке қадап,  
Мен енді асқар таудай дараланам.  
Алтын шам әкеп бердің, аға, маған,  
Аумайды сәулесі мол самаладан.  
Ой толғап дана болам, бала болам,  
Көзімнің жасын сүртіп домалаған.

Қолыма қайта-қайта қалам алам,  
Алтын шам әкеп бердің, аға, маған!

## АЛТЫН ЖЕҢГЕМ

*Зада ҚАБЫШКЕЛІНІНЕ*

Ақ жеңгем, алтын жеңгем, жарқын жеңгем,  
Жаралған асылымсың алтын кеннен.  
Қалайда басқалардан орның бөлек,  
Жеңгелер табылады әркімдерден.

Ешкім жоқ саған мұны міндеттеген,  
Емдейсің сырқаттарды «Суджокпенен».  
Айығып кеселінен ем-дом дарып,  
Жұрт қанша қадір тұтып құрметтеген?!

Білінбей тоқтығың да, жоқтығың да,  
Тұрасың ізгіліктің шоқтығында.  
Ұстанбай нарық заңын, қызметіңе,  
Алмайсың ақы пұлдан көк тиын да.

Өзіңе өзің солай серт бергенсің,  
Айқасып жасырынған дерттермен шын.  
Қиналған науқастардың қамын ойлап,  
Алаңдап түн ұйқыңды төрт бөлгенсің.

Бұл, тегі, жай ине емес, алтын ине,  
Білінген қасиеті, паркы күнде.  
Ежелгі сыңарындай қол ұстасып,  
Қуаныш бір кіреді шалқып үйге.

Төрінде көңілдердің таң атырған,  
Танылды топ ішінен дара тұлғаң.  
Шығыстың шуағындай шырайлысың,  
Бағына Ғабағаңның бола туған.

Өзімше мөлдіреген нұрлы айдынмын,  
Тірлікте жырлап келем, жырлай білдім.  
Жасай бер, Ғасырдың бас дәрігері,  
Осындай атақ берген бір қайныңмын!

*Алматы, 2000 жылғы 2-қаңтар.*



**«МЫСЫҚТА САҚАЛ НЕГЕ ЖОҚ?»**

*«Сүзеген сөз» жуырда сатирик Ғаббас Қабышұлының үйіне барып, «өсектесіп» қайтқан еді.*

*Соны назарларыңызға ұсынып отырмыз.*

*– Ағасы, жасыңыз алпыстан асқалы біраз болыпты, иә, сонымен, «Халқыңыз қалай?»*

*– Жасым үшін жауап берер жайым жоқ, келсе – ол келе берсін, ал өзім алпыста екі-үш жыл ат шалдыра тұруды ұйғарғанмын и тұрамын да, тырп етпеймін! Базар нарқымыздың түп-түзу даңғылға түскенін, жекеменшікке ұшақтың түр-түрі шығарылып, кешегі бұзау бағасымен сатыла бастағанын тосамын! Әйтпесе, ауылыма – Өскеменге мемлекеттің ұшағымен барып-қайту, мені қойшы, мемлекеттің өзіне ұяттау болатын сыңайы бар. Мені ары апарып, бері әкелгені үшін менен, теріс қарап отырып, жеті мың теңгені санап алуға «мәжбүр» болады екен. Теріс қарамай қайтсін, екі белетінің құны менің екі айғы маңдай тер, табан ақым екенін іші сезеді ол қудың! Егер «Жазушы» баспасында аяқ-қолы буылып, тіл-ауыздан айрылып жатқанына бес жыл болған «Жетім жиналыс» деген жоғалып кетпегір қолжазбам кітапқа айнала қалса, уәй, дүние-ай, Өскеменге пенжағымды – ұшақпен, шалбарымды – пойызбен, бәтіңкемді – кеменен жөнелтіп, өзім – «Тойота» такси жалдап тартар едім! Менің де, сенің де, оның да... хал-ахуалымыз осылай ғой!*

*– Адамға өзі туралы мақтап та, даттап та айту қиын, дегенмен, өзіңізге «Мінездеме» бере отырсаңыз?*

*– «Дегенмен...» Дәнеңе қиындығы жоқ. Мысалы, мен үшін. Бірақ мынадайы бар. «Қазақ әдебиетінде тұңғыш әзіл-сықақ әңгімені жазған – мына менмін!» дейін десем, Қазақстан Жазушылар одағына сиқымнан айналайын мен шырылдап дүниеге келген жылы-ақ мүше болған сатирик қазақтар бар екен! «Қазақ әдебиетінде тұңғыш жинақ шығарған – мына менмін!» дейін десем, анау аға сұлтан Құнанбайдың Абайының жинағы шыққан жылы менің әкем де әлі тумапты! «Қазақ әдебиетінің қазіргі классигі –*

мына менмін!» дейін десем, «Мен – классикпін!» деп азу тісі ұртын тесіп, төңірегін түкірігімен түйгіштеп, аспан мен асфальт көше арасын көзімен айғыздап жүргендер жыртылып айырылады! Амал не, ештеңенің тұңғышы бола алмайтынымды алжаспай тұрғанымда түсіндім де, «...ден сау болса – болғаны!» деп тынышталдым. Күнделікті шаруамды білем, ептеп жазғанды білем, балашағамның, бүкіл Қазақстан жұртшылығының аман-есен болуын тіледуді білем. Басқа ешқандай мінезім жоқ.

– *Сізше алпыстан...*

– Тоқтай қал! «Сіздің жасыңызша жасы алпыстан» де!

– *Иә, иә, сіздің жасыңызша жасы алпыстан асқан са-тириктиердің бірі... «Бұл әлгі кім зой...», өзіміздің Үмбетбай ағай зой, Сол құрдасыңыз туралы не айтар едіңіз?*

– Ә, Үмбекең бе?.. Кәне, саусағыңды бүге бер: біріншіден, Уәйдекеңнің ұлы Үмбекең – асып-сасудан, төгіліп-тасудан бейхабар кісі. Жер жарықтық Күнді айналмай ақымактанып тұрып алсыншы – Үмбекең алтын тістерін ашып: «Е, ертеңге дейін бір айналар» деп отыра береді. Екіншіден, Үмбекең – ұл боп туған қыз. Өзіміз әлдекімге, әлденеге ашуланғанда қазақ, орыс тілдеріндегі тікенек сөздерді тізіп тауыспай тоқтамаймыз, ал Үмбекеңді бір күн, бір түн түрткілеп ұйықтатпай қойшы, бетіңе бей-жай қарап: «өй, имансыз» деп есінеп алады да, «Мәриәм, сен қайда жатырсың?» деп бөлмелерін аралап кете барады. Үшіншіден, Үмекең – шаруақор жігіт. Жазушылар одағы берген саяжайлық учаскесі – альпинистің альпинісі, чемпионы шығатын қия бет. Онда күректі кіндік тұсыңнан жоғары ұстап тұра алудың өзі – қиямет! Ал Үмбекең жылда мамырда сол жерін жайнатып қояды, екпейтін, шығармайтын пәлесі жоқ. Ол ол ма, төбесінен жаңбыр өтсе де күн өтпейтін күркесі бар, маңайлай қалғанымызды шақырып, төріне шығарып, ыстық шәйімен бусандырып жібереді. Төртіншіден, Үмбекең – ғажап әке, ғажап жар, ғажап ата, ғажап ұстаз... жә, жә, өзім ғана білетіндей өңмеңдемейін. Үмбекеңнің әзіл әңгіме-өлеңдеріндей жұп-жұмсақ, мап-майда, әп-әдемі, сұп-сұлу

келіншегі («кемпірі» деп түзете көрмендер, әлі ерте болып жүрер) Мәриэмнің де пікірін білгейсіңдер. Мәкең, күндізгісін есептемегенде, түні бойы жанында ғой, мен көріп-білмеген қыры мен сырына қанық – ағынан жарылып айтсын. Күйеуінің алпысынан кейігісін айтпағанды, уәй, шалының жетпісінде айта ма?!.

– *Жөн, жөн, ағасы, сөзіңіздің жаны бар. Енді... базар нарқы бақыртып қыса бастады, «Күлеміз бе, қайтеміз...»*

– Бақыру да – күлкінің бір түрі, так что шошитын, шошытатын түк те жоқ. Бақыруға мұршамыз келмей кетсек, қайтар едік?!

– *Ағасы, Фабек, «Тарихта қалғыңыз келе ме?»*

– Зейнеткерлікке шыққан соң штатта қалмадым, енді... тарихта қалғаннан басқа амал бар ма?

– *Шыныңызды айтыңызшы, осы «Мысықта сақал неге жоқ?»*

– Жақында анау әлгі академиямызда философия ғылымдарының бір кандидаты «Қазақтың ақ бас сиырының артқы сол жақ емшегінің ұзындығы голландиялық қоңыр ала сиырдың оң жақ бақайының оң жақтағы бөлігінің ұзындығымен бірдей екендігін Пржевальский мен Колумбтың тарихи тәсілдері арқылы бұлжытпай дәлелдеудің бірден-бір беймәлім теориялық жолдарының айшықты нышандары» деген тақырыпта ғылым докторы атағын алуға диссертация қорғапты...

– *Қорғай алып па?*

– Қорғанбай қорғасаң – бітіп жатыр деседі. Тек артында банкет болатынын қорғататын академиктерге алдында айтып қою керек көрінеді.

– *Ал «Мысықта...»*

– Хайуанаттар паркіне барып, әлгі жолбарыс деген иттің жұлынып отырған тордың есігін ашып қалсаң, привет! – Мысекеннің сақалдан неге жұрдай болғанын сол секундта түсінесің!

**Әбдірайым АЙТБАЙҰЛЫ,**

*«Жас Алаш» гәзеті,  
15.06.199... ж.*

## 70 ЖЕТТІ ЖЫЛМИЫП...

**Ғаба!** «Жетісу» деген желмая пойыздарыңның өздерің бауыр басқан оныншы вагонындағы оңаша купелеріне Зада екеуің жайғасып алыңдар да, «Оқжетпес, қайда-сың?» деп зымыраңдар. 70-ті осында тойлайық! Сендер келгенше Гүлекең екеуіміз құттықтау «жырымызды» құрастырып қоямыз. Сөйт, «үш аяқтым», тіл ал!

**Естай.**

*Коммедж. 05. IV. 2005.*

(«**Ес-аға**, рахмет! Дәм тартса қалмаспыз, тартпаса – бармаспыз. «Үш аяқтының» ресми тойлау таланты жоғын білесіз. Гүлекеңе, балаларға дұғай сәлем!» деп телефон арқылы жауап жолдадым, – Ғаббас.)

### *Алла қолдап, аруақ жебесін!*

Ғаббеке, құтты болсын жетпіс жасың,  
 Бөленді сый-құрметке ғазиз басың.  
 Жұмсадың күш-қайратты елің үшін,  
 Танылған көпшілікке нән тұлғасың!  
 Мерей той мәртебелі жетпіс жылдық,  
 Қазаққа қызмет қылдың етіп құлдық.  
 Сөзің бар алмас қылыш тас кесетін,  
 Тайсалмай айтқаныңның бәрі – шындық.  
 Туғаны жоқ тура бидің өзісің,  
 Қазыбектей данагөйдән сөзісің.  
 Пәниден еңіреп өткен қазағым деп,  
 Ұлылардың артында қалған көзісің!  
 Көргенбіз талайларды еті тірі,  
 Солардың есте қалды қайсы бірі?  
 Болмайды артық, егерде десек біз:  
 Сізді ұлт тағдырының барометрі!  
 Шабытқа дем бергендей зейнеткерлік,  
 Қайтпайтын алған беттен дәтің берік.

Бос мақтан мен атақты тәрік еткен,  
Тұлпарың болдырмайды қайраткерлік!  
Атандың сатираның ғұламасы,  
Жастардың сықақ қуған жолағасы.  
Қашанда тауып айтар тапқырлықты  
Тарланның Құдай берген сыбағасы.  
Қызығып алтынға жолдан таймадың,  
Жалтақтап әкімге алақан жаймадың.  
Оятып қалғыған рухын жұртыңның,  
Ғанибет емес пе өнегені жайғаның!  
Көрмедің мансапқа да бой алдырып,  
Аулына пенделіктің ат шалдырып.  
Пушкиннің көзін көрген литфондыны,  
Жұмсадың қаламгерге үй салдырып.  
Билікке адамсыз ғой неудобный,  
Емессіз тіске жұмсақ съедобный.  
Еменнің қарсы біткен бұтағысыз,  
Сізге жат, болу деген томі подобный.  
Ғаббеке, жетпісте де ажарлысыз,  
Досың көп, сағы сынбас базарлысыз.  
Болғанмен жағаң жайлау кержақтарға,  
Бұқтырар пасықтарды қаһарлысыз!  
Ұстайсыз сырлы таяқ сәндік үшін,  
Символы серіліктің Сәкен үшін.  
Көргенде сұліларды жымың қағып,  
Кетеді көз күлімдеп, жылып түсің.  
Ақылшы, соавтор Сізге бәйбішеңіз,  
Зада келін – бақыт құсы, берекеніз.  
Осылай деп бағалады абысынын,  
Тілектес Тараздағы Қаным жеңгеніз.  
Әлемде тендесі жоқ Алла ұлы,  
Адамзат өмірдегі соның құлы.  
Тілеймін Сізге Тәңір шапағатын,  
Үнемі толастамай жаусын нұры!

*Ағалық ізетпен – Сағат АРЫНҰЛЫ.*

*Тараз қаласы. Сәуірдің 28-і, 2005 ж.*

**Құрметті ҒАБЕКЕ!**

Ассалаумағалаякум!

Сізге арналған мына құттықтауды 70 жылдық мерейтойыңыз өтіп жатқан кезде жазып, «Қазақ әдебиеті» газетіне жолдаған едім. Содан бері бірнеше ай өтті, Ұлықбек мырза мені «танымасын силамасқа» жатқызғанымен асқар таудай ағасы Сізді ескеруі тиіс еді. Амал не... Қасекең ағама айтам ба? Әлде, Таразда Алтайдан ауып келген бір кержәк бар еді, жұдырығы үлкен, соған төмпештетіп алсам ба екен?

Сол құттықтауымды Сізге бұдан бұрын хатпен жолдаған едім. Қолыңызға тимепті. Соны енді өзіңізге апарып беретіндей әрекет жасадым. Бұл жолы жоғала қоймас деген үміттемін. Кешігіп барса да, менің ағалық ізгі ниетімді қабыл алыңыз. Бұған Сіздің жанкүйер оқырманыңыз, біздің үйдегі жеңгеңіз Қаным Есенғалиқызы да қосылады. Бізден бәйбішеңіз Задаға дұғай сәлем! Ол кісі бізге марқа келін ғой!

Сау болыңыз! Алла амандықпен жүз көрісуге жазсын. Сізге өзім туралы жазылған бірер мақаланы салып жібердім. Ағасы туралы аз да болса хабардар еткім келді.

**С. А.**

*Ақпанның 1-і, 2006 ж.*

*Тұрағым: Тараз қаласы, Төле би даңғылы,  
40 үй, 19 пәтер. Тел. 45-42-43.*

*(Көптен таныс-біліс Сәкең – ақиқат үшін туған, тәуекелге белін бекем бұған, айтқанынан айнымайтын қайсар, қайратты қаламдасым. Шибөрілердің ортасында жалғыз жортып жүрген жолбарыс!*

*Сәкеңнің алғашқы құттықтауы маған келмеді. Ұлықбек те, «Жұлдыз» журналы мен Жазушылар одағы да 70 жылдығымды елеп-ескерген жоқ. Менің «оппозиционер» деген атым бар, оларға, сірә, «опық жегізер» болып естіліп, бассауғалап жүретін шығар. Е, мейілдері. «Тауықсыз да таң атады» ғой, – Ғаббас).*

*ТАҒДЫРДАН КІМ ҚҰТЫЛАР  
БЕЗЕ ҚАШЫП?!*

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА**

Алайын алдыменен амандасып,  
Кілті сол – сөйлесудің көңіл ашып.  
Келесіз туын ұстап әділеттің,  
Қарымды қаламгер боп жұрттан асып.  
Әуелден тура бисіз – туғаны жоқ,  
Ешкімнен сескенбейсіз бұғып, жасып.  
Олжастың өтірігін әшкерелеп,  
Айттыңыз ақиқатты бетке басып.  
Шенедің даңғойлықты байлық шашқан,  
Кеткеннен соң тайраңдап шектен асып.  
Құдайым айырмасын қаламыңнан,  
Не демес көре алмаған өңкей пасық.  
Аман болсын өзіндей азаматтар,  
Шығатын Алаш десе майдандасып.  
Қысқаша баяндайын өзім жайлы,  
Бұрыннан жүрмесек те көп сырласып.  
Нұсқа етіп әкем айтқан өсиетті,  
Ержеттім жалтақтамай, болмай жасық.  
Босатпай тізінімді мықты ұстадым,  
Бәсекеде қатарыммен тайталасып.  
Анамның ертегісіне бойым балқып,  
Ұйықтадым Ер Төстікпен «құшақтасып».  
Жаттадым хиссаларды таңғажайып,  
Жарыса құрбылармен қайталасып.  
Ұғынып сөз мәнісін бала жастан,  
Көрмек болдым әдебиетке араласып.  
Абайды алғашқыда ұға алмадым,  
Әйгілі данышпанның мысы басып.

Түсіндім оны кейін университетте,  
Мұхтардай ғұламамен бек табысып.  
Әу бастан атқа құмар болған едім,  
Бәйге алып, тайға мініп мен жарысып.  
Сондықтан бұл қасиет қанға сіңген,  
Жүйірікті аяладым жалын қасып.  
Жаратып апта сайын Қаракерді,  
Көкпарға шабатынмын, тақым басып.  
Додаға кіретін ем желікпенен,  
Бойымда бұрқырап бір күшім тасып.  
Болған соң атым жүйрік, сенімдімін,  
Жөнелдім көкпарыңды ала қашып.  
Амал не, жазым болып ат сүрінді,  
Ұмтылды өңкей есер қиқуласып.  
Зақым кеп омыртқаға майысыпты,  
Жабыла құлағанда топырласып.  
Тәуіпті әкем дереу алып келді,  
Бұрыннан жүреді екен араласып.  
Қолы жеңіл емшінің арқасында  
Қайтадан атқа міну болды нәсіп.  
Содан бері бір Алла желеп-жебеп,  
Биікке құлаш ұрдым, белден асып.  
Кейінде сынған сүйек мазалады,  
Жол тарттым емделуге ақылдасып.  
Болмаса мұндай кезде шын қамқорың,  
Шаруаң шатқаяқтар кейін лықсып.  
Белгілі дәрігер ғой Ғалымжаным,  
Кезінде білім алған Париж асып.  
Сырқатты ауыздықтап, емін тапты,  
Өзіндей білгіштермен ол жалғасып.  
Қанекем – асыл жарым, арқа сүйер,  
Азапты бірге тартты қосақтасып.  
Жансаям Салтанатым көп қиналды,  
Қамығып, мені ойлап, көңілі жасып.



Бірақ, ол сыр бермеді қайраттанып,  
Үнемі жүргендей боп мерейі асып.  
Әлия, Арман, Ардақ – немерелер  
Зыр жүгірді атаға жаны ашып.  
Шөберем Кәрімжаным қасымда боп,  
Томпаңдар ішіп-жемді маған тасып.  
Қалтқысыз келіндерім қызмет етті,  
Ертелі-кеш аяқты ұшынан басып.  
Көрсетті құда-жекжат кісілікті,  
Үзбестен апта сайын хабарласып.  
Басқа да туыс біткен, дос-жарандар,  
Хал біліп, келіп тұрды дидарласып.  
Құдайдың мұнысына мың шүкірлік,  
Не жетсін кездескенге жайраңдасып!  
Десем де бәрі жақсы, еңсем биік,  
Тағдырдан кім құтылар безе қашып?!.

\* \* \*

Сынықтың қазақ көңлін сұрамайды,  
Елеме, тез жазылар деп ырымдайды.  
Тамыры терең кеткен зор бәйтерек,  
Дауылға жанай өткен құламайды.  
Тәубә етіп, сиынамын бір құдайға,  
Өрқашан рахымымен ол қорғайды.

**Сағат АРЫНҰЛЫ.**

*Тараз.*

*Шілденің 19-ы, 2008 ж.*

**75 келді қылмиып...****ЕРДІҢ СОЙЫ**

Ел сөзімен жатар сөзі қабысып,  
Бүгінгі ердің сойы – Ғаббас Қабышев.

Жетпіс беске жетсе де жас жігіттей,  
«Әділдік!» - деп келеді әлі алысып.  
Қара жолда қажымайтын қара нар,  
Қара тау да бөгей алмас дара нар.  
Жазғышы көп, қауқары жоқ Одаққа  
Жалғыз өзі пара-пар.  
Шындықтың да шырылдамас күні жоқ,  
Қоғамның да, адамның да міні көп.  
Бірін қорғап, бірін сынап тартысып,  
Сабаз ердің тыныш ұйықтар түні жоқ.  
Заман қиын: бірі бар да, бірі жоқ,  
Қиянаттар тиылатын түрі жоқ.  
Осындайда, біздің Ғабен секілді, –  
Кісілік қой, – сөз айту да ірі болып.  
Жазғыштар көп, құлқынның жай құлы көп,  
Жазушы аз, жүрген шындық үні боп.  
Маңдайына жазылған шын Ғабеннің,  
Сөзін сөйлеу ұлттың нағыз ұлы боп.  
Қайран Алаш арыстары айдалған,  
Зорлық күшпен бағы амалсыз байланған.  
Ал егемен ел болғанда... күн туды  
Зиялысы зияндыға айналған.  
Солардан сіз – жықпай жүрген жалауды,  
Жетпіс бесте жүрегіңіз алаулы.  
Өзіндей ер, отқа түсер ел үшін,  
Саусақпен-ақ санарлықтай санаулы.

Тура бидей айтып сөзін ағаның.  
Туралықтан таймайды сәл табаның,  
Әттең, сендей ерге дізгін тигізбей,  
Қор етеді-ау, зар етеді-ау заманың!

Шындықты айтса, қалар билік ұнатпай,  
Зая кетер көсем сөзің – бұлақтай.  
Қара нардай жүк тартатын кезінде,  
Өмір өтер қосақтағы құр аттай.  
Сөзің тура, тұлғаң да тік шынардай,  
Иілмей еш, шарт етіп тек сынардай.  
Жүгін елдің артса арқаңа нардай боп,  
Тынбас ең-ау шың басына шығармай!  
Азаматтық тұлғаң маған тақырып,  
Ұсынайын жыр қымызын сапырып.  
Зейнолла мен екеуің ең мені алғаш,  
Сынға қосқан Алматыға шақырып.  
Кешіп жүріп әдебиет айдынды,  
Сенім ақтап болғам сыншы айбынды.  
Өттең, ерте көшіп кетіп қайта елге,  
Сор кез болып, қалыңдатқан қайғымды.  
Шағаладай шақтарымда шарқ ұрған,  
Алғам үлгі азаматтық қалпыңнан.  
Тұлға тұтар зиялы жоқ кезде бұл,  
Ардақтысың, қымбатсың хәм алтыннан!  
Адалдары айрылып бақ-дәулеттен,  
Мына заман арыстарды әуре еткен.  
Могикандай көрінесің, Ғабекем,  
Қалған жалғыз «Алаш ұлы» – әулеттен.  
Шүкір дейік, Мұхтардай бар бас тұлға,  
Біздердей де керек тірек – хас тұлға.  
Қай кезде де тұрайықшы табылып,  
Әділдіктің ақ туының астында!

**Жұма-Назар СОМЖҮРЕК.**

*Астана қаласы.*

*10.01.2010 ж.*

**75 жас.** Жазушылар одағы, «Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыз» бұл жолы да үнсіз қалды. Қайтсін-ай, «опық-жегізерді» ұмыта алмайды да. Құдакең де: «Сақтансаң – сақтаймын» депті ғой. **Ғаббас.**

## МЕНИҢ ЖИНАҚТАРЫМА ПІКІРЛЕР

### «АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАС...»

*Жазушы Ғаббас Қабышұлының «Арыңның сөзін айта біл» атты кітабын оқығаннан кейінгі ой.*

Ғаббас аға «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрген жылдары туралы жазған мақаласында газеттің Бас редакторы Сырбай Мәуленовты еске алып: газеттің топтама материалдарына жақсы тақырып таба алмай қиналғанымызда Сыр-ағаң молақ қолымен мұрнын бірер үйкеп жіберіп, «Абекеңнен, Абайдан ала салмайсыздар ма, Абекеңнің әрбір жолы тақырып, айдар емес пе?» деуші еді, – деп жазған-ды. Мен де Ғаббас ағаның өзі туралы жазу үшін тақырыпты Абекеңнен алдым және осы тақырып бұл қаламгеріміздің шығармашылық та, адамгершілік те қадір-қасиетіне дәл деп ойлаймын. Ал жазуыма себеп болған нәрсе Ғаббас ағаның жаңа кітабын – «Арыңның сөзін айта біл. Скажи слова совести» деп аталған мақалалар мен хаттар жинағын оқып шықтым. Кітап дүкенінің сатушысына: «Басқа авторлардың мынадай көлемдегі кітаптары кемінде 200 теңгеге бағаланған, ал мына кітап 64 теңге ғана, бұл қалай?» деп едім, ол: «Автордың өзі бағасын 60 теңге деп тапсырды, одан қымбатқа рұхсат бермеді» деді. Бұған дейін тапсырған «Екі хикаят», «Көлденең кітап» деген кітаптарын қабылдаған дүкен қымбат бағалап қойғанына ренжіп, олардың бағаларын да екі есе арзандаттырып кетіпті. Қарапайым қаламгер өзінің қалтасынан бұрын оқырмандарының мүмкіндігін ойлаған ғой!

Жаңа жинағына назарларыңызды аудармастан бұрын бұл жазушы ағаның жұртқа жақсылық жасаудан жалықпай, зейнеткер болса да, содан шаршамай жүргені

туралы бір ой айта кетейін. Мен – Ғаббас Қабышұлымен мен Үмбетбай Уайдаұлының оқырман-жанкүйерімін. Ғаббас аға әзіл-сықақтарының он шақты жинағын шығарды, түрік әдебиетінің классигі Әзиз Несиннің сатиралық романы мен тандаулы әңгімелер жинағын (екі кітап) қазақшалап шығарды, украин әдебиетінің классигі Остап Вишняның бір томын қазақшалады, А.Чеховтан, Л.Ленчтен, С.Михалковтан, серб әдебиетінің классигі Б.Нушичтен, тағы басқалардан жасаған аудармалары газет-журналдарда жарияланған. Ал оған қоса соңғы жылдары ерекше еңбек етіп жүр. Сәбит Мұқанов атамыздың бәйбішесі Мәриям апамыздың «Менің Сәбитім» деген естелігін өзі шығарса, ат-атағы көпке жақсы мәлім: Әди Шәріповтың «Көргенім, көңілге түйгенім» кітабын, Сағат Әшімбаев туралы әуелі өзі «Күлкіңді жүрміз сағынып» деп естелік кітап шығарып, одан соң сол сыншымыз туралы «Жалындап өтті жас ғұмыр» деген, Әнуар Әлімжанов жайында «Әлем таныған Әнуар» деген, саясаткер Михаил Иванович Есеналиев жайында «Хакім. Михаил Иванович. Мәке» деген естелік жинақтар шығаруды ұйымдастырды. Ал қазір әйгілі әзіл-сықақшымыз Оспанхан Әубәкіровтің әдеби мұрасын мұқияттап шығартуға күш салып жүр деп естідім. Осының барлығына қаншама уақытын, күш-жігерін жұмсап жүр десеңізші! Және: өлінің аруағы риза болсын деп, бәрін ақы-пұл алмастан істейді екен!

«Таң-Шолпан» атты әдеби жаңа журналдың биылғы екі санында Ғаббас аға қаламдас боп қатар жүрген, бірақ бұл өмірден өтіп кеткен ақын-жазушы дос-жолдастары, аға-інілері: Сағи Жиенбаев, Сабырхан Асанов, Жүмекен Нәжімеденов, Жүсіп Қыдыров, Төлеген Тоқбергенов, Нүкеш Бәдіғұлов, Қуандық Шаңғытбаев, Марат Қабанбаев, Жарасқан Әбдірашев, сазгер Шәмші Қалдаяқов туралы сыр шертіпті, оларды оқығанда қатты

тебірендім. Осыншама еңбектері үшін Ғаббас ағаға мың бір алғыс жолдаймын!

Ал жаңа кітабы автордың соңғы жылдары жазған мақалаларынан, хаттарынан іріктеліп құралыпты. Отанын, елін, жерін, халқын, өмірді шексіз сүйетін, адалдықты, әділдікті ту етуден танбайтын ыстық жүректі, қайратты қаламгердің танымды еңбектері! Тіршілігіміздегі оңды істерге қуанғанын да, теріс істерге күйінгенін де ашық, батыл жазыпты. Лауазымы ірілерге реніші болса, оны іркілмей, жасқанбай айтқан. Адалдықтан аулақтап жүретін, әділдікке қиянат жасайтын «күштілерді» орынды сынап-мінеген. Ар-ұятын саудаға салып жіберген жағымпаздарға айтқан сөздері де өткір. Жинақта экономика, демократия, әдебиет, тіл мәселелеріне қатысты орнықты ой-пікір мол. А.Солженицынның шовинистік құлқын, М.Горбачевтың саяси сайқалдығын сынауы әсерлі, жалпылап айту емес, нақты фактілермен айту.

Мен Ғаббас ағаның осы газетте шыққан, республикамыздың мүфтиіне жолдаған ашық хатын оқып, бәріміздің дерлік көкейімізде жүрген түйткілдерді қозғағанына риза болып едім, ал мүфтиіміз Әбсаттар Дербісәлі ол хатты оқымаған ба? Оқыса, неге жауап бермейді? Содан кейін: Ғаббас аға қазір өзінің нендей шығармасын жазып жүр, басқа шұғылданып жүрген шаруалары бар ма? Оспанхан көкеміздің еңбектері неше том болады және қашан шығады, кім шығарады? Үмбетбай аға не жазып жүр, жаңадан шығатын кітаптары бар ма? Құрметті «Қас қағым сәт», менің осы сұрақтарымды орынды десеніз, көп ұзатпай жауап жариялай аласыз ба?

**Бәйкен САПАРҒАЛИ,  
мұғалім.**

*«Қас қағым сәт» гәзеті,  
2002-жыл, мамыр. №5.*

## ҚИМАСТАРЫМ...

немесе жаңа кітап және оның авторы жайлы

*Қорықпаймын түсінігі жоқтардан,*

*Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын,* – дегендей, тегі сағынып көрмеген, сап-сары сағынышпен көз ілмейтін, сағына білмейтін адамдардан қорқу керек шығар. Сағынар жаның болмаса, ол да қиын.

Ғаббас Қабышевтің енді ғана елге бет алған «Сағыныш сазы» атты кітабын қалайда қолыма аялай ұстадым. Ішінде тұнған жүрек жылуы, сартап іздеу, досты, кимасты сағыну бар екеніне шүбәм болған жоқ. Асырып айтар дәнене жоқ, тура солай екен! Былайғы шығармашылығын көріп, оқып, біліп жүретін үлкенді-кішілі қаламгерлердің тұрмыстағы, күнделікті тірліктегі тектілігін кім біліпті? Әрбірі бір-бір тұлға болған, өмірдің базарына азды-көпті аялдаған сол жолаушы-ақын, жазушылар тірлігі жайлы білгісі келетіндер іштей іздеп жүретіндер көп, тегі!

Жазушы ағамыз сонылау бұл кітабын сол бағытта шығарыпты. Оқыдық та, толқыдық. Оқыдық та ойға қалдық.

Біреу құлаған сұлулыққа біреу бұрылып та қарамауы мүмкін. Дәл солай: біреу іздейтін жанды енді біреу қажет етпесі хақ. Әркімнің өз талғамы бар. Ал, мынау кітаптағы Мұқағали, Шәмші, Жүмекен, Шона, Оралхан, Марат, Жұматай, Нұрланға, т.б. биік талант иесі деп қана емес, мың жылда қайталану-қайталанбауы екіталай тұлғалар деп қарайтындар қатары көп болар-ау. Әр қиырдың азаматтары, әр биікте із қалдырған олардың адами қасиеттерін сөз еткен жинақ сондықтан да көңіл-күй сандығы, сыр сандығы, тіпті алтын ойлар сандығы дегім келеді.

...Ойлай білмейтін, сағына білмейтін жандар аз емес. Жаныңда жүрсе де алыс, қол жетпейтін жандарды сағыну

барын кім білер? Ғаббас ағамыз сол бірге жүргендер туралы олар дүниеден өткен күні жазып қойып жүреді екен. Сағынып іздейді екен, әр қылық, әр сөзін өлместей етіп, қағазға басады екен. Бәрінің оралмайтынына кеңсірігі ашыса да, олар жайлы жақсы кезеңді тізбектейді екен. Соның жемісі – әр жастағы оқушыға жып-жылы сезім құятын осы кітап.

*Өмірді қандай сыйласаң,*

*Өлімді сондай жат көрме!* – деп Мұқағали тегі, бөлекше айтқан ғой. Тал бесікке тербелгеннің жер бесікке бармайтыны жоқ. Сол жаққа ертелеу кетіп қалатын өнер, қалам адамдарына қойылатын құлпытас көп. Ал, сөзбен қашалған, өлмес кітап болып қойылатын, қалатын құлпытастарға ие болғандар аз. Жақсының атын көп ұрпақ үлгі етер болар, соларға әр тұлға туралы бір-бір кірпіш ой салатын осы бір кітап деуге әбден хақымыз бар...

Ұлыңның жақсысы айтарға да, көрерге де жақсы! Ал, елдің бәрі біле бермейтіндер, яғни, қаламгерлер жайлы шағын-шағын, бірақ өзіндік характер жасаған, олардың «үй-ішілік» тірлігін ақиқат сөзбен айтып берген жан туралы айту бір ғанибет. Ер-азаматта белгілі үш жұрт болатынына шүбә келтірмей, «төртінші жұртым – сыйлас-сырлас аға-інілерім, құрбы-құрдастарым...» деп солар туралы: «өткеніне иман, тірісіне тәңірден ұзақ ғұмыр тілеп, бұл қолжазбасы сағымды сағынышқа толы» екенін келтірген ағамыздың кітабы шынымен де оқыған жан өкінбес жинақ екен!

Әрине, әруақты салыстыруға болмайды. Ғаббас аға бұл кітабында ертелеу кеткен сыйластарының қасиеттерін салыстырмаған, оларға өз биігінде қалар тұлғалар деп баға берген. Сонысымен-ақ қалам ұстап өткен, көкірегін ән билеп, жыр буып, құдіретті қара сөз сызда-тып өткен ақиқаттың аласармас шыңындағы қазақтың біртуар азаматтарын олардың өздері сүйіп өткен елге жеткізіп салған! Ендеше алдағы айшықты күндерде іші



жайсаң, сырты тұйықтау қаламгер ағаның жалпы жазары, тудырар дүниесі сірә да көп болғай! Өйткені, оның жазғанын тосар Ел бар!

Өткен айда белгілі ғалым Сәрсен Аманжоловтың 100 жылдығы атап өтілген-ді. Сол дүбірлі жиынға арнайы келген Ғаббас аға Қабышевпен аз ғана сұхбаттасудың сәті түскен еді. Ендігі әңгіме арқауы – сол сұхбат...

**– Аға, елге келудегі басты мақсатыңызды түсіндік. Оның өту барысын байқап тұрсыз, алдымен сол жайлы пікіріңізді білсек.**

– Той-томалақ деп кеп қалдық, бір жақсылық болды. Сәрсен ағаның мынау үлкен шаңырақ – университетке аты берілгені қаншалық. Ол кісінің мына бір мектепке (Шымқорадағы) есімі берілуіне ұйтқы болғанымды абырой санаймын. Қазіргі мектеп директоры Майра Қажанқызы ол кезде мұғалім, сол осы жақтан «Сәрсеннің атын мектепке берсек» деп телефон соқты. Оған құптайтынымды білдіріп, Шығыстан шыққан ақыны бар, ғалым, жазушысы, батырлары бар дегендей, бәрінің тізімін жасап, сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Ұ. Қарамановқа тікелей хат жаздым. Ондағылар бір-екі аптадан кейін: «бізге жергілікті жерден ешқандай ұсыныс түскен жоқ, сол жағын қарастыруларыңыз керек еді» деген жауап жіберіпті. Ал, елдегі аудан басшыларының құлағына тиген соң олар тез-ақ өздері тарапынан мектепке есімін сұрап хат жіберген екен. Сонымен әйтеуір сәті түсіп, Сәрсен ағаның атын мектеп иемденді. Бұл үлкен іске септігім тиіп, дәнекер болғанымды өз басым мақтаныш тұтам, бір жағы ағаның әруағы риза болсын, деп іштей риза болып жүрмін. «Сәрсен ағаның ғалым ретіндегі, адам ретіндегі еңбегі өте мол ғой. Анау университетке аты берілуінің өзі де сол еңбегінің көрнектілігі. Тіл біліміндегі ғалымдарымыздан санап-санап айтатындар бар, соның бірі осы Сәрсен ағамыз.

Ал, енді мына той әрқалай болып жатыр ғой, тегі

қазақ той-томалақ дегенде оның жетістігі де, кемшілігі де болады дегенді ескергені ғой. «Осы Ағаның атын беруге ұйтқы болып еді» деп біреуі «сөз берейік» деп ескерер деген ой бар еді, бірақ ондай нәрсе ешкімнің ойына келмеді. Тегі, бізде жоғарыдан біреу тапсырмайынша, төмендегілердің, өз қатарындағылардың еңбегін ескермейді. Мен жалпылап айтты демесін, осылардың бойындағы бір сырқат осы. Расы сол, мен басшылардың бейшаралығын көп көрген кісімін, сондықтан олар елеп-ескермеді деп өкпе де артпаймын. Егер жұрт, мына мектепте жүрген шәкірттер ескерсе, білсе, бір уақ рахметін айта жүрсе, Сәрсен ағаның әруағы риза болса, маған одан басқа ештеңенің керегі жоқ.

**– Сәті келгенде Сіздің еңбек жолыңыз жайлы біраз білгіміз бар.**

– Мен бұрынғы «Коммунизм туында» 10 жыл істедім. 1956 жылдан 1966 жылға дейін, корректордың көмекшісі, корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болдым. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқып жүргенде Шәмші, Сабырхан, Жүмекен, Сағи сынды көп жолдастар тауып, араласып кеттік.

Кәкімжан Қазыбаев деген азамат «Жетісу» газетінде жауапты хатшы екен (кейін Орталық Комитетте идеология хатшысы болды) сол бізге «Газеттің техникалық көркемделуінен» сабақ берді. Содан ол бір сабақта бізге макет жасатты. Мен жауапты хатшы болып жүрген соң макеттің жағдайын жақсы білуші едім. Содан менің макетім 1-ші орын алып, ол кісі мені «Жетісуға» шақырды. Алайда, сөйтіп сол газетке барайын деп жүргенде Жүмекен жолығып қап: «Өй, ол «Жетісуды» қайтесің, бір облыстық газеттен екіншісіне келіп не табасың, бір қазаннан екіншісіне түсіп қайнайсың ғой. Анау аптасына бір рет шығатын «Қазақ әдебиетінде» орын бар, соған барсаң рахат, уақытың көп, әңгіменді жазып, ортамызда жүре-

сің» деді. «Жарайды, оны да көрейін» деп кіріп шықтым. Нығмет Ғабдуллин деген редактор екен. Жақсы, мықты, өзіміздің прозаик жазушымыз ғой. Ол жымыып қойып: «Орын бар, бірақ, араққа қалайсыз?» деп сұрағаны. Мен: «Арақты ең шірігенде жүз грамм ішемін» деп ағымнан жарылдым. «Шыныңыз ба?» дейді ол. «Сенсеңіз осы, сенбесеңіз қайтем енді» дедім. Содан 1966 жылдың 11-сәуірінде бұйрық беріліп, қызметке орналастым. Сол күйі Алматыда қалдым. Ол кезде «Коммунизм туының» редакторы М. Әбуғалиев болатын, ол бұлқан-талқан боп «мен босатпаймын» деп, әйтеуір бір үлкен адамдарға айтқызып жүріп, босадық. Сонымен Алматыда қалдық. Жазушылар одағының хатшысы, «Ара» журналының редакторы, тағы басқа қызметтер істеп, кітаптар шығарып дегендей, тірлік еттік, қазір зейнеткермін.

– **Кітапқұмар ел талай туындыңыздан сусындағаны рас. Жалпы елге қанша дүние бердіңіз?**

– Дұрыс сауал екен. Өзімнің төл туындымнан 14 кітап шықты. Сондай-ақ, атақты түрік жазушысы Әзиз Несиннің екі томын, молдаван сатиригі А.Пучеектің бір хикаясын аударып, кітап етіп шығардым. Украин әдебиетінің классигі Остап Вишняның таңдамалы әңгімелерін аударып, шығардым. Чеховтан, Ленштен, Михалковтан және басқалардан аударған дүниелерім баршылық.

– **Соңғы кездегі кітабыңыз осы «Сағыныш сазы» ғой.**

– Иә, сол кітаптың бүгін осы мектепке онын, университетке онын бердім. Қимастарым туралы сырсандық кітап болғасын ба, ол маған өте ыстық. Ондағы замандастарымның бәрін сағынам қазір, қатты ойлаймын. Солай, қалқам, осылай ептеп-септеп, ел үшін еңбек етіп жүрміз.

– **Рахмет, аға! Жақсы кездеріңіз, елге арнаған дүниелеріңіз көп болсын!**

**Ғафура СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ,**

*«Дидар» гәзеті, 4 қараша, 2003 ж.*

## ОҚЫҒАН ЖАН ӨКІНБЕС

Арсызсың деп ажалды мұқата алмайсың, опасыз деп өмірді ұялта алмайсың. Өмір болған соң, өлім бар. Қиылған ғұмыр орны толмас өкінішке ұрындырады. Осылай ерте көз жұмған әр пенденің болмыс-бітімі қатар жүрген құрбыластарының есінде. Олар бір сәтте көзден кетсе де, көңілден кетпейді.

Жазушы Ғаббас Қабышұлының «Сағыныш сазы» кітабы алды-арты мен қатары сиреп, әзіл-қалжыңы мен күлкісі азайған адамның өзінің төртінші жұрты – сыйлас-сырлас аға-інілері мен құрбы-құрдастарына деген сағынышына арқау болған. Мына жарық дүниенің қызығы мен қуанышын бірге бөлісіп, өкініші мен қайғысына ортақтасқан талай ғұмыр жайында сыр шертеді. Кітаптағы әр кейіпкер халқына қалаулы, еліне елеулі азамат атанған белгілі адамдар. Олардың көпшілік біле бермейтін ізгі қасиеттері мен құдай берген таланттарының ерекшеліктері қайыра бір қағазға түскен. Күні кеше ғана арамызда жүргенде байқалмаған, не біз аңғармаған қасиеттеріне қанығамыз. Қайсыбірінің жасы алпысқа, қайсыбірінің жасы елуге жетпепті. Алпысты артқа тастағаны бірен-саран... О, тағдыр-ай!

Ауызын айға білеген атақты сатириктер Шона Смаханұлы, Оспанәлі Иманәлиев, Оспанхан Әубәкіров, Алаштың ардақты ақыны Мұқағали Мақатаев, Сағи Жиенбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Сабырхан Асанов, қазақ вальсінің атасы, сазгер Шәмші Қалдаяқов, жазушылар Балғабек Қыдырбекұлы, Төлеген Токбергенов, Рамазан Сағымбеков, Оралхан Бөкеев және тағы басқа да көптеген азаматтармен қоян-қолтық араласқан жылдарын сағынып еске алады. Кітаптағы әр естелік халқы жоқтаған әр азаматқа арналған аңыраған аза сөзге толы. Біреуі фәниден ерте, біреуі кеш өтті деуге аузы бармайтын қатарластарын, кешегі өмірдің сан қилы сәттерін еске алады, орындары ойсырап қалғаны жан жүрегімен жы-

лап отырып жеткізеді. Жазушы өзі араласқан, қызметтес болған әр күнін естелік кейіпкерлерінің өмірімен және тірлігімен шебер қиюластырады. «Жақсыда жаттық жоқ» деген аталы сөздің мән-мағынасын өз кейіпкерлерінің көпшілікке үлгі, тағылым боларлық мінез-құлықтары арқылы тәптіштеп бергеніне иланасыз.

Кітаптағы әр естелікке жеке-жеке тоқталу мүмкін емес. Олардың бәрі де жеңіл оқылады, көңіл түкпіріндегі сағыныш жайында сыр шертеді. Әрқайсымыздың осы бір аяулы азаматтарға деген сағынышымызды да оятады. Оқыған жан өкінбейтін бұл жинақ Алматыдағы «Нұрлы Әлем» баспасынан жуырда ғана 1000 дана таралыммен басылып шықты. Бәріміз сағынып іздейтін тұлғалар жайында білгіміз келсе, осы жинақты оқып шығайық, ағайын! Әруақтардың рухына бағышталған пенделік борышымыздың бірі болар еді бұл!

Дәулетбек МАҚАШ.

*«Орталық Қазақстан» гәзеті,  
29 қараша, 2003 жыл.*

### ІІІ КӨТЕРМЕГЕНДІ ТІЛ КӨТЕРЕДІ

*«Қыранмын деме, жаяулы тұрған тор бар,  
Жүйрікпін деме, қазулы тұрған ор бар».*

Халық даналығы

1997 жылдың соңғы маусымында «Жазушы» баспасынан сатирик жазушы Ғаббас Қабышұлының жаңа кітабы жарық көрді.

Осы баспаға директорлық қызметке келгелі талай-талай ақын-жазушылардың батасын алып, уыз дұғай алғысына бөленіп отырған ер мінезді Есенғали Раушанов мырза көлемі 36 баспа табақтан тұратын аталмыш кітап «Жетім жиналысты» да таңдаулы мұқабамен тартымды етіп шығарыпты. Болмысы ісінен көрініп отырған соңғы

директорды мақтап-марапаттамай-ақ, оның есесіне әлдекімдердің «кұлағына алтын сырға» десек? Сол жеткілікті болатын тәрізді. Хош, енді негізгі ойымызға оралайық. Мен өз басым Ғаббас Қабышұлының мерзімді баспасөз беттерінен оқыған әдебиет мәселелеріне арналған жазбаларынан басқа 1983 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Күлеміз бе, қайтеміз?», 1986 жылы шыққан «Халіңіз қалай?» аталатын ащы мысқылға толы сықақ кітаптары барын білетін едім. Ал жалпы Ғабекен оншақты сықақ-әңгімелер жинағының авторы екенін, оның сыртында біраз шетелдік әйгілі сықақшы жазушыларының, атап айтқанда, Антон Чеховтың, Ион Друценің, Сергей Михалковтың әңгіме, пьесаларын аударғанын, молдаван келемежшісі Аурелю Бусуйоктың бір кітабын, Туркия, Украин әдебиеттерінің классиктері Әзиз Несиннің екі кітабын, Остап Вишняның бір кітабын қазақ тіліне аударып шығарғанын кейінгі кезде білдім. Иә, сөз төркіні кітаптар жайлы. Ғаббас Қабышұлының жоғарыда аталған екі кітабы мен мына «Жетім жиналысына» қарап отырып ойға қаласыз. Оның осы жанрды еншілеген себебін, кейіпкер-авторымызды түп қазық болып байланған түрткі не екенін бір сәт зерделеп алғыңыз келеді. Тіпті әдебиет өлкесіне сонша қажет бола тұра сықақ жанры кейде сыншылардың, зерттеушілердің назарына дер кезінде іліне бермей, автор үшін ең қажетті жерінде, оның еңбегі нағыз көзге көрінер ұрымтал тұста «төрешілердің» сырт бергіш, салғырт құлықсыздығынан қақас қалып көмескіленіп отыратын осы саланың бейнетіне көндірген не?..

Жазушылардың соңғы құрылтайында сықақ жанрының көшбасшы ақсақалы Темірбек Қожекеев сөзге шығып, дауысы қарлыққанша жар салғаны баршамыздың есімізде. Қанша дегенмен садақ жебесіндей түйреп түсер жанрдың кәрі шораяқ, боз тарланы емес пе, ол өте орынды дау көтерген-ді.

Сөзімізге арқау болып отырған Ғаббас Қабышұлының шығармашылығы жайлы ой толғар алдында бір кез қосымша түйсік дәйектеме аңғарта өту артық болмайтын тәрізді. Өмірде әрбір адамды өз болмысымен тартып, өз тұлға – бейнесімен сүйгізіп қызықтыратын бір кісілер болады. Алдыңғы аға буынды қайдам, өзінің ізін басып келе жатқан орта буын біздер үшін Ғабекен сондай жеке басының пәк, түзулігімен дара екшеліп танылатыны бар. Жаралыс табиғаты астарлы да, қатпарлы, тек өз жандүниесін ғана серік еткен, іші сыр, астарлы ойлар иесі болып көрінеді. Маңына жұрт үйірілгіш «иті үреген, аты жүреген» боп кәдеге жарай бастаған біреулерді жағалауға жаттықпаған, ондайды місе тұтпайтын, әсте қажетсінбейтін, кірпияз адам. Кейбір сырт көзге сүркей-сүмең көрінетінімен ісі болмай, тек жұмысын бітіріп алғанын ғана олжа көретін сыртқы «мырза», іші жұтаң «жақсылардың» пендешілік ысқаяқтығын ар санайтын, сол намыскер пейілден сірә да бұлжымайтын, сірескен қайсар адам. Жасамыс шағында бұндай, жас бозбала бұла дәуренінде қандай болды екен дегіңіз келеді.

Сатириктердің тілі қыршаңқылау келетіндіктен біз де айтулы көкеміздің өзіне ұқсап тістеуіктеу тілмен меңзесек «қарысқан» бойы ержетіп, сол баяғы қалшиған бойы кеудесін тік ұстап келе жатқан Ғабекеннің ең осал, жанды жері әділдікке ғана мыңқ етпей бас иетіндігі. Бірақ, қашанда жолы ауыр әділдік жетіп үлгіргенше пендешілік пен жалғандық жайлап болатыны таңғаларлық жай емес. Оны айтасыз, күш есіктен кірсе, әділет шаңырақтан шыға тұратыны тағы бар. Өйткені қолында билік барға қолпаштаушы табылады, әлдекімдердің әзілдеп айтқаны да бұйрық... Олар ондай кезде ойнап айтқан болып-ақ шындап істетеді. Амалдарын ыдыратып, қамалдарын бұзып көр! Сондайдан торығып көңілі қалған, тумысынан бір сөзді сатирик жазушы біреумен жақындасу үшін өзгелердің де заттылық, тектілігіне қарап қадам басатын

секілді. Билікке қолы ілінгенімен, жақсылық өз басынан артылмайтын, азаматтығы шамалы кейбір лауазым иелері «бектің ісі тынады, бейшара шыдай тұрадының» керін келтіріп? Алдымен өз бастарын, өз айналасын жарылқауға машықтанғандықтан Ғабекең «байыған қайыршы жаңа қайыршыға зекет бермейтінін» есте ұстайды да, бойжеткен қыздай бойын күтіп жүре береді. Қаламгер атаулының ең басты жұмысы кітабын шығарып алу болса, сол үшін де ешкімге бас ұрып жүгірмейді. Егер осы жайлы сыр тартып байқасаң, сатирада өзіндік даңқы бар, тілі уытты, аз сөзді жазушы тежемді ғана тіс жарып:

– Ішмерездің ішінде ит өліп жатса білмейсің... Шынайы бір құдайшылығы барлар болмаса, аялаған басыңды арзандатып өзгеге бет салу да қиын. Оның үстіне, ешкім ешнәрсені тектемейтін, әр мырза өзінше шіреніп, әр ақсақ өзінше ақсап, ешкім ешнәрсемен санаспай, бет-бетімен өктеп кеткен дай-дай заман орнады. Ең бір сыралғы кісің болмаса әркімге сенім артамын деп жүріп жүрегіне зіл түсіріп аласың. «Қалпақтың қапысы жоқ, қалпақты киген басты айт» демекші, қызмет-лауазым, атақ-даңқының қапысы жоқ «жақсылар» деп жүргендердің өзі дер кезіне тірелгенде суайттығы көрініп, топырағы суып шыға келеді. Кісіге әуелі «бөрік» киер бас керек емес пе?!» – деп сөзді сараң доғарып қояды. Айтар уәжің қалмайды. Содан кейін барып «е, е, бұл кісі көбінше үнсіз жүріп әлгі қоқсықтарды жүрек сүзгісінен өткізе отырып, өзі сүйген сықақ әңгіме қоржынын толғатудан өзгені бұйым көрмейді екен-ау» деген байламға келесің.

1997 жылы «Жазушы» баспасы шығарып берген «Жетім жиналыс» кітабы жоғарыда меңзеп отырғанымыздай, Ғаббас Қабышұлының іште тұншығып, шымырлап қайнап жатқан, өз жан сарайының айна-қатесіз көрініс болмысы екеніне көзің жеткендей боласың. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, оның қалам қуатын, жан-сезімін мүлтіксіз түсіне алатын әдебиет қамқорлығына, шынайы



пікірлес көзі қарақты, әріптес қаламгерлерге ғана емес, әсіресе айласы жоқ, хайласымен күн көріп, қолындағы күрегімен маңдай теріне сенген, есе-теңдік атаулыға мұқтаж миллиондарға жасаған қызметі екеніне көз жеткізесіз. Әрі ол алған бетінен қайтпас, сертінен танбас қайсар, қаламгер рухының көркем көрінісі. «Қайғылының алдында қарқылдап күлмес болар» дегендей, кеудесіне тартса бөксесіне жетпеген бүгінгі нарық заманындағы қарапайым халық тек бала-шаға бағудың ғана қамында уайым кешіп отырғанда, шіренгенде шап тартпаса үзілдердей мығым, төрт тұрманы сай кей мырза басқан жері солқылдап қос-қос машина мінеді. Ал саудаға жаттығып болмаған ұлтымыздың көп санды өкілі «ұн сатқанда желдетіп, тұз сатқанда селдетіп» ісі ілгері баспайды. Ақ қар, көк мұз аязда дірдек қағып базар жағалаған небір аяулы қыз-келіншектер буыншақ-түйіншек сөмкелерін үйіп алып арба сүйресе, байланған жібі үзіліп, артқан жүгі шашылып көрінгенге көз түрткі болып күнелтеді. Мұның қарсы жағында «сұм байыса үйі тар, қатыны қар көрінеді» демекші, қалтадағы доллардың буымен қос қатын алып, қос-қос үйге қойып олар жүр. Рас, малай байды таңдамайды, бай малайды таңдайды. Кейбір еті тірі, елгезек жігіттеріміз ел билейтін басымен тері илегеннің керін келтіріп, әлгі мырзалардың базардағы жаяу арбасын айдап жүр. «Құлдың құны жұмыспен» десек, адам абыройы тек дене қуатпен ғана өлшенген жерде оларда қаншалық рухани намыс болмақшы. Айтқалы отырғанымыз сатира жанры болғандықтан Ғаббас Қабышұлының шығармашылық ауқымында осы аталып жатқанның барлығы ұшырасып отыратындығы. Оны оқыған жаны жәбірлі есесіздер рухани нәр табатындығы. Өздеріне бұл өмірде іздеушісі барын білетіндігі. Айтпақшы, әр нәрсеге бір зауал, «мыстанды мыстан ғана арбай алады» дегендей, әлгі аталмыш доллардың соңына түскен іскерлер мен биік лауазым таласындағы мырзалардың да тартатын тауқыметі

ешкімнен кем емес. Бұрын шетел киноларынан көретін аты жаман атысып өлу, бәсеке-бақталастық та шаң беріп отырғаны жасырып-жабатын жай емес. Тобығынан май кешем деп, қабырғалығынан қан кешіп, жер құшқан бейбақтың да артында бала-шағасы бар емес пе. Балаға алтын сарайдан гөрі әке ыстық, әке қымбат еді ғой. Ғаббас Қабышұлының сатирасы міне осының бәрін қамтиды. Отыз жыл бойы осы жанрдан жалықпай қалам тербеп келе жатқан шегінбес қайсар автордың жалпы тақырып аясында не жоқ дейсіз. Жаңа шындық жасамыс өтіріктен соққы көретіні де, асқан өзімшілдіктен барып бұзақылық туатыны да, зомбылықпен көркейген қарғыстан күйрейтіні де, аса қу алқымынан ілінетіні де, не қазынасы, не биік қызметі есінде тұрған кісінің тәкаппарлығы қалмайтыны да, қарау байдың жиюлы қазынасы да бір, үюлі жатқан топырақ та бір екені де, тәубеге келмей дардайып кетсең көзің ойылғанша жылайтының да, ойсыздар өркөкірек болатыны да, атақты сұм ақыр түбі азаптан өлетіні де, өзі бақытты болуға арзымайтындар өзгелерді де бақытты болуға қимайтын, біреудің бағына сұқтанғыш, күншіл сорлылар екені де, пәлекор мен паракорды байытсаң, қағынғанға қанжар ұстататыны да, арамзаның арқанымен құдыққа түссең, түбінде шіритінің де, өз мәртебесінен биікке ұмтылушылар мазаққа қалатыны да, дүниені өліп-өшіп көп жиятын кісінде ізгі ниет болмайтыны да, қошеметшінің тілінде балы, жүрегінде зәрі жататыны да, қызметте өсуден өзгені ойламайтын немесе көше алмастай баюдан өзгені көздемейтін даңққұмар – қараниеттер аузын ашса көмейінен көр көрінетіні де, қысқасы айдай ажарыңды иттей нәпсің тоздыратыны, бәрі-бәрі көз алдарыңнан тізіліп өтеді.

«Күлеміз бе, қайтеміз?..» кітабындағы «Шіркін, сыйлық-ақ!», «Творчестволық тілеуім», «Шашбаушы», «Тарихта қалудың төте жолы» тағы-тағы әжуа-мысқал әңгімелері «Жетім жиналыс» кітабындағы жүзден артық

сайқы-мазақ сықақтары сырттай дәріптеп, жалаң уағызбен айтудан гөрі, жетім қозы телігендей, ауызша телігеннен гөрі әдебиет жанашырлары оқып тұшынып барып ой толғауды қажет етеді. Тіпті болмағанда «мылқауды саудан гөрі керең тез түсінеді» демекші, бұл кітап Ғабекеңнің өз сөзімен айтқанда, мақтайтын кісілерінің тізімі өз қойын дәптерінде жүретін кей сыншылардан гөрі жай, қарапайым оқырманның қолына тисе сол игі. Бұл кітаптағы «Мен бар... Мұхаң бар...», «Жетім жиналыс», «Әке-шешесі бар жиналыс» сияқты толып жатқан санап алғысыз сықақ әңгімелері бір оқыған кісінің есінде таска басқан таңбадай қалып қояды. Қыруар еңбекпен жазылған бұл кітаптар тақырыптық жағынан ешқашан ескірмейтін, мән-мағынасынан айырылмайтын дүниелер. Әрі адамзат баласы жасап отырған қай түкпірге, қайсы қоғамға апарсаң да онда жұрттың рухани үндестігіне орай түлеп жаңғырып отыратын түбегейлі еңбек деуге болар еді.

Мәселен, кезінде Кеңес өкіметі өзінің саяси-әлеуметтік мүддесіне орай әртүрлі елден: Түркиядан Әзиз Несинді, сонау Чилиден саяси қайраткер ретінде Корваланды, анау коммунист бикеш Анджелла Девисти, тағы-тағыларды шыжымдап тартып, шырғалап баурап өз қолына асыранды құстай қондырғаны жұртшылықтың есінде. (Тіпті, жеке адамдар ғана емес, қай жерде капиталистік елдерден қаққы-түрткі, құқай көрген, жағрапиялық орны жағынан кеңестік саясатқа пайдалы саналған кішігірім республикаларды шөре-шөрелеп бауырына басып отырды). Айталық, Кеңес Одағы орынды, дұрыс дәріптеген Әзиз Несинді қандай жазушы деп түркиялықтардың келіп-кетіп жатқан кейбір өкілдерінен сұрай қалсаңыз, одан ат-тонын ала қашады. «Иманы жоқ адам» дейді. Ол – инанымы, сенімі жоқ адам дегендері. Неліктен деп ойлайсыз. Ал ол жөнінде Ғабекеңнен – Ғаббас Қабышұлынан сыр тарсаңыз:

– Маған саясатшы Несин емес, әзіл-сықақтың хас

шебері, әйгілі Несин керек. Ол жайлы өз жерлестері айтатын әлгі сөздің түп-тамыры бірталай алыста жатқан, өз алдына бір сала гәп қой, – деп сөзді қысқа қайырады. Расында да солай, Түркия өкілдері әрине өз үкіметінің қалыптастырған көзқарасымен сөйлейді. Біраз халық қайтсе де соған бейімделмей тұрмайды.

Бұны қозғап отырған себебіміз, Ғаббас Қабышұлының өмір бойы тер төгіп, бастан-аяқ шындық іздеген еңбектерін лайықты көрегендікпен қамқорлыққа алған көсем дәріптеушісі табыла кетіп, шетел тілдеріне аударылып шығарылса қандай озық саналған жұрттың бәріне де мәлім болар еді деген қарапайым ұғым тұмақ.

Ал енді мақаламыздың басында шөлкемдеп өткеніміздей, әңгіме бетін тағы бір ауната өзгертіп Ғабекеннің өзінен ой аулап бағайық.

Бұл уақытқа дейін әр түрлі лауазымды қызметтер атқарып келген сықақшыдан лебіз күтіп іс басында тізгін ұстап отырғандардың біразы жорта сырбазсып, нығызданып ірге бергісі келмей отыратын себебін сұрасаң:

– Атаң қазақ «басыңа бақ қонғанда елден асқан «данысың», басыңнан бақ қайтқанда қалыбыңа барасың» дегенді неге айтқан? Қабілет жағынан ешкімнен мықты емес, бірақ билік басындағы кейбіреулердің алдына барғаныңда бір кесім безін ішіне сақтаған азбандай бар сырын ішіне бүгіп, өзіңнен қайткенде де биік көрінуге тырысып отырады. Оның шын аты тыраштану, пендешілік қой. Бұрынғылардан қалған «өзінде қасиет болмаса, ата даңқымен бұлданады» дейтін бір сөз бар. Ал ендігілердің кейбірі өзінде талант болмаса әрі қолындағы билігімен, әрі айналасын оранып алған бес күндік беделімен бұлданатын болды. Қысқасы, қорқатынын ғана шын сыйлайды! – дейді Ғабекен. Тамағына тағы бір сұрақ кептеліп:

– Бетінен ешкім қақпаған соң, олар мұнан былай да таланттардың көңіліне дақ салады, кірбің түсіреді, іштей жирендіреді. Демократия заманы ғой, ішінара ұшырап

қалып отыратын сондай ұрықойын: алақол, аланиеттерге өз мінін ептеп сездіруге?.. – деп күмілжисің. Ғабекен жауап қайтаруға асықпай отырып:

– «Дауға жақын күйеді – қорқақ деген дұрыс». Кесірлімен кеңеспеген абзал. Ит төлеуі бір күшік қана емес пе... одан түгің кетпейді. Онан гөрі сөз тілінен іс тілі шешен дегенді бетке ұстап қай-қашан жұмыстан ұтқан артық. Жасыңда атқарғаның қартайып халің кеткенде осыны шынымен мен істедім бе деп, таңырқауыңа жақсы. Ал билікке алданғаннан басқа өнер атаулыда артында жылт етіп қалар түк бітірмей қартайсаң қайрарға тісің болмай, қызыл иегіңмен кемсеңдеп отыратынына сене бер... Мыңды айдаған бай бірді ғана мінеді, таудай байлық жинаған обыр бұйырғанын ғана жеп өледі. Солай емес пе? – деп бетіне бір қарап қояды.

– Бүгінгі кезеңге: «бай қабағым деп, кедей тамағым деп жылаған» алпарыс заманға не айтар едіңіз?

– Иә, доға белді доңыз тоқ, қыпша белді арыстан аш... Бұрынғы кеңес өкіметінен қалған ұжымшар, кеңшарлардағы жұғындының өзі талауға түспей, қатаң тәртіппен дұрыс жолға қойылып екшелеген болса, халық мұншалық күйзелмеген болар еді. «Асқа талау түссе антұрғанның тілеуін бередінің» керін келтіріп шаруашылық басындағы әкімдердің біразы бүйірлерін шығарып алды. Солардың ішкен-жегені бойларына «құт» болсын дегеннен өзге не айтамыз!

Ғабекенді мұнан ары сөйлету қиын. Қорытып айтқанда, Ғаббас Қабышұлының бұл кітаптары қыл-қыбыр, жүн-жыбыры болмай тұрмайтын әкімдіктен гөрі, әділдік күшті екенін мазақтап отырып әйгілей түсетін әжуаға толы туындылар түзілісі дейміз.

**Жанат АХМАДИ.**

*«Жас қазақ», №28 (142),  
12.07-18.07. 2003 ж.*

## ҒАБАҢНЫҢ САҒЫНЫШЫ – НАҒЫЗ САҒЫНЫШ

Бүгінде жер басып жүрген бәзбір пенде мынау келте дүниенің бір күні болмаса бір күні кілт тоқтап, қап-қара тас түнектің тұңғиығына тарта жөнелетінін пайымдай бермейтін-ақ шығар деп ойлаймын кейде. Кейде дейтінім мұның өзін оқта-текте, бірдемені қауіп қылғанда, бас ауырып, балтыр сыздағанда дегендей сәтте ойлаймын. Бұл жолы сыйлас, ниеттес-көңілдес, бірталай замандардан бергі, сонау Оспанхан заңғардан кейінгі іздеп жүріп оқитын идеялас ағам Ғаббас Қабышұлының «Сағыныш сазын» оқыған бір демде ояладым. Әлгі тұңғиыққа тарта жөнелгенде айтарыңды түгін қалдырмай айтып, сұрайтыныңды түгел сұрап, ақтаратыныңды түптеп ақтарсаң ғой, бірақ оның миллионнан бірін істей аласың ба? Жоқ қой. Соңғы қас-қағым сәтте ардақ тұтқан аға-абзалдарына, көңіл төрінен орын алған жан дос, жолдас-жораларына, қаламдас жақсы інілеріне, Ораштай кіндіктес бауырларына, Жұматайдай от ауыздауылдарына, баласындай Абайына, данасындай Қуанғайына айтып үлгере алмаған жан сырын, ақтық сөзін артынан ес жиғаннан кейін сарылып, сарғайып отырып сағына жазыпты, ең асылы өзіне тән көлтек-көлгірусіз, боямасыз, адалын, әділін жазыпты: «Жаңылмасам, екінші хатшы Шерхан Мұртаза болар, ол: Әбеке, (Әбділда Тәжібаев) министрлікпен сіз сөйлесіңіз. Сіздің сөзіңіз өтеді ғой, деді... Төте телефонмен жалғадық. Министр Мүсілім Базарбаевқа: «Мұқағали Мақатаев кешегі Ілияс Жансүгіровтен артық болмаса, тіпті де кем ақын емес. Оған бермеген оркестріңді енді кімге бересің, сөйт, бер оркестріңді».

Осыны есітіп тұрған бір ақын ағамыз: «Тірі Тәжібаев өлі Ілиястан есесін әлі қайтара алмай жүр екен ғой, –

деп назалы мырс етіпті де: Ілекең кезінде бұның теріс қылықтарынан түңіліп, аса уытты сықақ өлең жазған, оны білесің бе? – депті. Мағжан Жұмабаев ағамыз да бұған сұмдық әжуа өлең шығарған көрінеді. Ал Мүсілім Базарбаев домбырашылар оркестрін берген жоқ. Сірә, Тәжібаевпен «достығы» тежеген шығар.

О жалған!.. О, пендешілік, – дейді автор Ғаббас Қабышұлы. Мұны оқып отырып, мана айтқанымдай, ойланасың. Шақшадай басымыздан күнде өтіп жатқан осынауи әнтектіктерден арыла алмай жүрген пұшайман хал, пендеауи білместіктен тазармаққа әлгі қас-қағым сәт араша бола алар ма?! Сол екі арасын айыра алмай бұ дүниеден бала да өтті, дана да өтті. Сондай сәтті тап басып, дөп айттып отыр автор. Былайша айтқанда, бұл арылу – көңілде қылауы кеткен асыл ағаларды күнәдан арылту. Әсілі, мұнысын өзіне парыз санаған Ғаббас тәлімі оның өзінен гөрі, бүгінгі һәм келер ұрпаққа керек уәж, орынды ескерту. Адамдар келте ғұмырын тарылтпай, жүрегін жайып («жас жүрек жайып саусағын») кеңірек өткізулері керек екен-ау. Кең болсаң – кем болмайсың, демеуші ме еді.

Марат Қабанбаев өзінің «Кентавр» романын жазуға уақыт таппай, қызметтен уақытша кетуге мәжбүр болғанынан біздің де хабарымыз бар-ды. Бірақ өлшеулі тағдыр оған жіберді ме, артынша көп ұзамай қаралы хабарын естігенбіз. Сол-ақ екен «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінен ол туралы жайсыз жәйтті де оқып, таңырқап қалғанбыз. Бірақ мұндай әдепсіздікке біздер көнгенмен, Ғабаң көнер ме? «Қазақ әдебиеті» газетіне хат жолдады: «Марат батыл, адал, әділ, турашыл жазушы болып жалпақ жұртқа танылды, ешқашан, әу-бастан-ақ ешкімнің құлы болған жоқ, ар-ұятын жалғандыққа сатқан жалдамалы сорлы болған жоқ. Заманындағы жамандық атаулыға қарсы күресіп өтті, жас жүрегінің жұлынып түскені де содан. Марқұмның қырқы өтпей жатып, қабірін тепкілеу не сұмдық! «Қазақ әдебиетінің» негізін қалаған арыстары-

мыз, ағаларымыз осындайды өсиет етіп пе еді?» деп жан дауысы шыға, бар дауыспен қаһарлы сұрақ қойды. Міне, өліге де, тіріге де ұмытылмас тәлім осы. Бүгінге де, келешекке де керек тәмсіл.

Тұжыра қайырсақ, Ғабекең әр сәт өзі жанынан табылатын асқар ағалары мен әрдайым мұның маңында жүретін Нұрлан секілді жұмсақ жымиған балаларына дейінгі кимас 30 арысқа жоқтау-арнау жазып, үлгілі, ізгілікті іс істепті. Жоқ, жоқтау-арнау емес, 30 арысқа 30 ескерткіш орнатыпты. Алла разы болсын!

Тағы бір ауыз сөзіміз қалып барады: кітаптағы «Балалық шағымнан байғазы және...» деген естелік-әңгімесі бір повестің жүгін көтеріп тұрған құнды дүние екен. Аса тұшынып, түймедей дүниені түйедей еткен жазушының шеберлігіне риза көңілмен кітаптың соңғы бетін жаптық.

**Мәтен БИЖАНОВ.**

*«Бұқпа» газеті,  
5 ақпан, 2004 жыл.  
Көкшетау.*

## ӘДЕБИЕТИМІЗГЕ ЕНГЕН ЖАҢА ЖАНР

Жан қартаймағанымен, тән, шіркін, тоза бастады: көздің көруі, құлақтың естуі азайды. Аяқ алысқа апара алмайтын болды. Өйткені сексеннің етегіне іліндік қой.

Сонда да сығалап отырып, тағы бір тамаша кітапты тауысқанымға қуандым. Ол кітаптың аты «Сағыныш сазы». «Нұрлы әлем» баспасынан биыл шыққан. Кітаптың авторы белгілі жазушы Ғаббас Қабышұлы. «Белгілі» деп ескі әдегіммен айтып отырмын. Әйтпесе, жазушының бәрі белгілі ғой. Ал Ғабекең (Ғаббас Қабышұлы) қай қырынан белгілі? Ол осы күнге дейін жиырмаға жуық кітап шығарды. Олардың он төрті өз туындылары, төртеуі әдеби аударма. Бұл – өз алдына бекем бір белгі.



Ғабекеннің оған қосарлық екінші «белгісі» және бар. Ол белгі – өлген замандастарын «өлтірмеуге» тырысуы. Бұл не деген сөз? Тірі күнде көп адамдар өзара қарым-қатынаста боламыз: дос, жолдас, сырлас, сыйлас өмір сүреміз. Бірақ, өлгеннен кейін оларды ұмытып кетеміз. Есімізге алмаймыз, естелік жазбаймыз.

Ғабекен Қазақстан Жазушылар одағы деп аталатын қасиетті қарашаңырақ астында отыз жыл қызмет етті. Көп жазушыларды көрді. Көбімен сыйлас, сырлас болды. Әсіресе, ұзақ жылдар бойы КСРО әдеби қоры қазақ бөлімшесінің директоры болып тұрған кезінде көптеген қаламгерлерге көмек көрсетті. Солардың мінез-құлықтарын терең түсініп, жақсы қылықтарын жадында сақтап қалды. Өлген қаламгер замандастарын «өлтірмеудің» қамын ойлады. Сондықтан да ол жоғарыда жиырма шақты өз кітаптарынан тысқары белгілі жазушы, қоғам қайраткерлері туралы естеліктер жинақтарын құрастырып, жеке-жеке кітап етіп шығарды. Атап айтқанда Әнуар Әлімжанов, Сағат Әшімбаев, Әди Шәріпов және М.И.Есенәлиев туралы төрт кітапты халықтың қолына ұстатты. «Ұлағатты ұлдарың еді, ұмытпаңдар!» деген ишарамен ұсынды.

Бұлай ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Келмеуінің әртүрлі себептері бар. Соның бірі – қаламақы. Бұрын белгілі бір жинаққа естелігі кірген жазушыға қомақты қаламақы төленетін. Қазір ол үрдіс жойылды. Қаламақы болмаған соң тектен-текке ешкімнің естелік жазғысы келмейді. Жазбайды да. Естелік құрастырушының әркімге жалынып-жалпаюына тура келеді. Иmandылық білдіріп, уәде еткендерге: «Біттің бе?», «Болдың ба?» деп ерінбей-жалықпай үнемі телефон соғып отыру және қажет.

Сөйтiп, өлдім-талдым дегенде әркімнен естеліктер жинап алғаннан кейін, оларды өңдеп-жөндеп, компьютерге көшіресің. Содан кейін ол естеліктерді кітап етіп шығару

үшін демеуші іздейсің. Ал демеуші табу қасқалдақтың қанындай қымбат. Әркімге барып: «Әке! Көке!» дейсің. «Бұл кісі қазақтың біртуар ұлдарының бірі еді. Осы кісіні ел есінде қалдыру үшін естеліктер жинағын құрастырып едім. Жарыққа шығуына көмектес» деп жалынасың.

Бұрын жинақ құрастырушыларға арнайы қаламақы төленетін еді. Қазір ол да жоқ. Мұндай жағдайда өзінің жақыны, не туысы емес, өлген біреулер үшін кім соншама бейнеттенеді? Өзіне бір тиын пайда түспейтін іске кім аяқ басады? Ондайлар қазір жоқтың қасы дерлік...

Осындай жағдайда Ғаббас Қабышұлының бұл жанкештілігін рухани ерлік, ұлтжандылық, адамды құрметтеп, азаматты ардақтай білудің кісілік үлгісі деп ұғыну абзал. Кейбіреулер Ғабекеннің бұл елеусіз ерлігін өзінің бас пайдасын білмейтін рухани Дон Кихоттық деп білуі мүмкін. Десе дей берсін. Қаламнан өзге қаржысы жоқ жалаңтөс жазушыдан басқа қазіргі қалталы кәсіпкерлер арасынан осындай «Дон Кихоттар» көбірек шықса, мәдениетіміздің өркендеуіне қосылған елеулі үлес болар еді. Әрине, ондай азаматтар бірен-саран бар да. Сол «бардың» бірі осы кітапты өз ақшасына зор ықыласпен шығарып берген жазушы-баспагер Жарылқасын Дәулет ініміз.

Мінеки, сол жанкешті автор көңіл аударарлық және бір кітап шығарды. Көңіл аударарлық дейтінім, бұл оның өзімен қатар өсіп, қатар қалам сілтеген, сыйлас-сырлас болған, әзіл-қалжыңдары үйлесіп, әдеби жандары жарасқан, заман мұңын бірге мұндасқан 30 жазушы жайындағы естеліктер жинағы.

Ғабекеннің өзі қандай ұстамды, тиянақты, тұрақты болса, шығармалары да сондай өнегелі. Оның бар шығармасы адамгершіліктің, азаматтықтың, адалдықтың, жұрт көзіне іліне бермейтін тұрмыстағы қарапайым ерліктердің әнін шырқайды.

Сондай «әнші» кітаптарының бірі осы «Сағыныш са-

зы». Мұнда автор өмірден өткен отыз жазушының адами, азаматтық, ақындық келбеттерін көз алдына әкеледі. Олардың әрқайсысы қасында тұрғандай әсер етеді. Олардың өз үндерін естіп, тұр-тұрпатын көріп тұрғандай боласың. Олардың күлген күлкісі құлағыңа келіп, солармен қоса күлгендей әсерде қаласың. Жылы жымыған Сағи (Жиенбаев), екі көзі күлімсіреген Жұмекен (Нәжімеденов), қабағы қатулы Мұқағали (Мақатаев) қасында тұрғандай көрінеді. Басқа жазушылардың бәрі де өздеріне тән даралықтарымен танылады. Автордың естелік кітабына жеке-жеке тарау боп кірген Балғабек Қыдырбекұлы, Шона Смаханұлы, Оспанәлі Иманәлиев, Оспанхан Әубәкіров, Сабырхан Асанов, Жүсіп Қыдыров, Төлеген Токбергенов, Рамазан Сағымбеков, Оралхан Бөкеев, Нүкеш Бәдіғұлов, Марат Қабанбай, Рамазан Токтаров, Қуандық Шаңғытбаев, Жарасқан Әбдірашев және басқалар өз бастарынан өткен алуан түрлі тағдырларымен танылады. Кітап осы жазушылардың бастарынан өткен жұрт біле бермейтін қиындықтар жөнінен сыр шертеді. Сыр шерткенде олардың өмірін тегіс тізбектеп жатпайды. Автор әр жазушының өнегелі өмірінен қысқа-қысқа детальдар ғана береді. Сол шағын детальдардың өзі жан тебіренеді. Бұл кітапты оқып отырып кейде күлесің, кейде кіжінесің, кейде көзіңе жас келеді. Өкінесің. Өкінетінің солардың бәрі кеше ғана қасымызда жүрген замандас інілер еді. Бойларындағы асыл таланттарының жемісін халықтың алақанына толық салып бере алмай, отыз бен қырықтың, қырық пен елудің арасында өмірден өтіпті. Автор қай жазушының қай жаста қайтыс болғанын көрсете келіп, «Шіркін, пәлен ағам-ау, түген інім-ай» деп жиі күрсініп отырады. Бұл миниатюралық естеліктер бірінен бірі асады. Мынау артық, мынау кем дей алмайсың.

Мен автор пәленше туралы былай жазыпты, түгенше туралы былай депті деп тізбелеп жатпаймын. Оқыр-

ман оларды өз көзімен оқып, өз жанымен түсінуі керек. Айтарым: автордың өмірден ерте өткен замандас інілері туралы жүрегі елжіреп, жаны жылап отырып жазғаны! Айтарым: бұл кітаптың ішінде баяндалатын қаламгерлердің бала-шаға, үрім-бұтағына ғана қымбат қазына емес, қазақ әдебиетін қастерлейтін әр отбасының төрінде тұруға лайық дүние екен!

Кітаптың ең соңында автордың өмірден өткен құрдасы, жазушы Кеңесханның әйелі Гауһарға жазған хаты бар. Бұл хат құрдастықтың ғажап үлгісіндей! Зиялы адамдар арасындағы қимас құрдастық, адал достық жыры. Олардың өзара әзілі қандай! Жан тебіренерлік. Мұндай адал достық, асыл әзіл, шексіз сыйластық қазақтан басқа кімде бар дейсің? Жоқ шығар. Бұл хат та адал достықты, тату құрбылықты, тамаша дәстүрді жоқтау. «Жоқтау» демекші:

Бұл кітаптың жанры жайында да бір ауыз сөз айта кеткен жөн сияқты. Латын тілінде реквием деген сөз бар. Қазақша мағынасы жоқтау. Адамзат басынан өткен ұлы заманды, ұлы адамды, ел үшін еңбек еткен ерен батырды жоқтау. Жоқтау бұрын музыка үнімен, поэма тілімен айтылып келді. Мәселен, Австрия композиторы В.Моцарттың «Ақыл патшалығы» аталған Ағарту заманын жоқтауға арналған «Реквием» атты атақты шығармасы дүниежүзілік классикалық музыка туындысының ең ұлы үлгісіне айналды. Сол сияқты И.Брамс та «Неміс реквиемін» шығарды. Бұл музыка саласындағы реквиемдер.

Ал қазақ поэзиясындағы реквиемнің үздік үлгісі атақты Мамай батыр өлгенде оны анасы Қаратілектің жоқтауы мен ежелгі «Елім-ай!» ән-өлеңі. Кейініректе де жоқтау шығарған ақындар болған. Қазір бұл жырмен М.Әлімбаев айналысып жүр. Бірақ, прозамен жазылған реквием жоқтаулар жоқ. Ал Ғ.Қабышұлының отыз жазушыны жоқтап жазған бұл кітабын прозалық реквием деп атауға әбден болатын сияқты. Бұл естеліктер кітабының

тағы бір ерекшелігі мұқабаның алдыңғы және артқы айдарына, кино лентасы тәрізделініп, естелік арналған 30 жазушының тегіс суреттері берілген.

Арнайы әдеби сыншы болмасаң да, арттағы інілердің кейбір еңбектері туралы пікір айтып қою да – ағалық парыз. Өз басым ешқандай пікір білдіре алмаған іні жазушылардың бірі осы кітаптың авторы екен. Сәті түсіп, бұл еңбегіне аз да болса пікір білдіруді жөн көрдім. «Ештен кеш жақсы!» деген де сөз бар ғой. Аздап мақтап та отырған болармын.

Ал мақтау мен марапаттау – өнер адамының қос қанаты. Екеуі де өнерпазды алға ұмтылдырады, жаңа жеңістерге жетелейді. Көмбеге тақап қалған бәйге аттары «Қыю» деген көтерме дауысты естігенде екпінін одан сайын үдетіп, алға ентелей ұмтылады. Сол «Қыюды» өнер адамдары өз замандастарынан ғана емес, өз шығармашылық ұйымынан да, өз мемлекетінен де естілері келеді. Естулері керек. Ол – өнердің өрісін кеңейтеді. Ал «Сағыныш сазы» мақтауға да, марапаттауға да тұратын еңбек екені рас.

Осы арада айта кететін бір сөз, жиырма шақты кітап жариялап, жазушылар жайында төрт-бес естелік жинақтарын құрастырған осы қаламгер туралы жұрт назарын аударарлық бірде-бір мақала жазылмапты, бірде-бір марапат көрсетілмепті. Әрине, ол жазушының өте кішіпейілдігінен: менің кітабымды мақта немесе маған сыйлық бер деп жалынып, ешкімнің алдына бармайтындығынан болар. Автор ешқашан өзін-өзі ұсынбайды. Ал, мен бұл кітаптың қандай да сыйлыққа лайық екенін көпшіліктің құлағына жеткізуді жөн көремін.

**Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,**  
**Қазақстанның Халық жазушысы,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың иегері.**

*«Қазақ әдебиеті» гәзеті,*  
*19. 03. 2004 ж.*

## САҒЫНЫШ САЗЫ

Халқымызға танымал сатирик жазушы Ғаббас Қабышұлының жаңа шығармасының жанры жоқтаунама (реквием) десе болады. Кітапта бірдің мұны емес, мыңдардың мұны, миллиондардың санасында сарғайып арнасы толмастай жоқтайтын тұлғалардың ғасырларға қалдырған ой мұрасы, асыл-пікірлері. Тот баспайтын алтынға бергісіз сөздері мен өнері жөнінде айтылады.

Кітаптың беташарының кейіпкері – Еркеболат Бекмұхамбетов... Ол ақсақал Сәкен Сейфуллинмен қызметтес, Ғабит Мүсіреповпен, Сәбит Мұқановпен қарым-қатынаста болған. Арап, парсы тілдерін зерттеуші. Екеуміз 1973 жылдың басында «Қазақ әдебиетінің» редакциясында танысқанбыз. Ерекең «Сәкен отырғызған ағаш» деген суреттеме жазып әкелген. Ақмола қаласындағы паркінде сол ағашқа ескерткіш тақтайша ілдіріпті... ағаштың фотосуретін қоса ұсынды. «Ұлылықты, дара тұлғаны, қалың қазақ пір тұтқан көшбасшысының әрбір жақсы ісін ұрпаққа жеткізудің орыны бөлек десек, Ерекеңнің өз еңбегінен гөрі замандасын дәріптеуші еді. Заманнан оза ойлап ой тастауына сүйсінесің. Оның қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың «Парсы-қазақша түсіндірме сөздігінің» қолжазбасын қарап, ақылшы болғаны да бүгінгі көрегендікпен болжағаны тәрізді.

Сол Ерекеңнің бойына жараспайтын бір әдеті темекішіл екен. «Темекіге он үш жасымда үйір болдым. «Сәкен Сейфуллиннің құйыршығы делініп, «халық жауы» статьясымен Сібірде өткізген сегіз жылдан басқа уақытта үзбей тартып келемін» – деген Ерекең темекі қымбат па, жанындай жақсы көретін іні қымбат па? Кәне, таңдап көр, Ғаббастың талабы қатал. Зылиха апай екеуміз көк түтіннен өлер болдық, темекіні таста, аға?! – дейді. Ерекең жаны қиналса да темекісін тастайды, іні қымбат, жөн ақылды, өтінішті тыңдамаса даналығы қайсы, адамдығы қайсы?..

Ал, енді қазақ сатирасындағы биік шыңдардың бі-

регейі өзіндік жаңалықтарымен сатираның жапырағын жайқалтқан Шона қақындағы толғауда, «батыр» атанған Смаханұлы кездескен сәтте:

– Мырза, хал жаман! – дейді. Онысы «үш әріп» шақырыпты. КГБ-ны жұрт «комитет глубокого бурения» деп үрейленетін кез ғой. Ал, Шона болса Қонаевқа дейін барып, Алматыда қазақ мектебін көбейте алмай, үш қазақ мектебі ашылса да аз деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей түнде ұйқысы бұзылып, күндіз күлкісі бұзылып, денсаулығын ойлап, күтінуді ұмытқалы қашан! Сөйтіп, қажыған Шөкеңді ойлы сөз емдемей ме? Ғаббас астарлы, жылылығы мол сөзбен тіл қатып: «Шақырса бар» бірдеме бар», дейді, не барын білмейді» – дегенді айтып, қазақтың шақырса бар, шаққаннан қаш дейтінінің төркінін білдіреді. Бала мінезді Шөкең көңілденіп, жасын ұзартқандай қуанады. Бірін-бірі туғанындай көретін екі сықақшының бұдан басқа да ой бөлістері оқушысын елең еткізіп, ағалардың биік тұлғасын ашады.

Сықақшы қаламгерлер жасының үлкен, кішісіне қарамай, көбіне қалжыңдаса береді. Басқа жанрдағы әдебиетшілерден тағы бір айырмашылығы – татулықтары ерекше. Шығармада сатира сарбаздарының бірі – Османәлі Иманәлиевпен бір жолсапардағы оқиға қызықты баяндалған.

Жинақта қазақ халқының ұлы ақындарының бірі Мұқағали Мақатаев тірлігінің адами оқиғалары да бар. Тік жүріп, тік сөйлеп дүниеден өткен ақын:

*«...Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,*

*Сынауға тіптен құмар кім көрінген.*

*Бірақ та,*

*Білесің бе, ей, кім көрінген,*

*Айтсын деп ақиқатты тіл берілген»,* – деп заманынан озып, асқақ үн тастап кеткен ақиық ақын бүгінгіні көрсе:

– Ей, біз өтірік өлдік. Өйткені, өлмес сөз – өнеріміз қалды. Ал, бүгінгі демократияның жөнін білмейтіндер шын өлді, – дер ме еді, не дер еді?..

Сатирада төбе басына кетіп қалғандар жетерлік, қойын-қонышы фельетон деректеріне толып жүретін, оқ пен

оттан тайсалмайтын, халқының ғана қорғаны болу арманына айналған Нүриден Мұфтах, Тоқтархан Шәріпжанов, Жұматай Сабыржанов шындық үшін арпалысып, ақиқатты армандаумен арамзалардың төбесінен қиқу ойнатып өте шықты. Қорғансыз, әлсіз халық қанша жоқтағанымен, олар енді келе қоймайды. Орындары үңірейіп қалды.

Басқаны айтпағанда, отырған төрт бұрышы толған Гоголь мен Оспанханның кейіпкерлері тіріні жеп тауысып, өліге де ауысқандық байқалады. Түнгі ойнақханаларда адамның кескін, келбетін Америкаша тонап жатқан топалаң әкені де атуды, баланы да сатқан кезде сатираның ақ алмастарын жоқтайсың. Амал қанша, сатираның тыртық маңдайына шындық айту жараспайтын кезеңді пенде көрсін дегені шығар. Інілеріне «айттым-қайттым» тез Балғабек, әрбір сөзі анекдот боп халқына тараған Садықбек қазақ сатирасының заманында өркенін өсіріп, менен қалған сөзді ұрпақ өздерің айтыңдар деп кете барды.

Қазақ поэзиясының дүлдүлдерінің бірі Сағиша:

*...Жалаңаш қырдың шаңдағы бұрқырап,*

*Үстінен ызың жеп есіп,*

*Жас топырақпен жан-жағын қымтап,*

*Жатты бір қоңыр төбешік,* – дегеніндей, Ғаббастың «Сағыныш сазы» кітабында халқымыздың аяулы қаламгерлері Сабыржан, Жұмекен, Шәмші, Жүсіп, Төлеген, Рамазан, Марат Нұрқалиев, Оралхан, Талаптан, Кеңесхан, Нұрахмет, Нүкеш, Марат Қабанбай, Рамазан, Жарасқан және басқаларының адами өмірінің қызықты да, қымбатты сәттері айтылып, оқушысын ойға қалдырады. Қуандық Шаңғытбаевтың мәңгілік мекеніне аттанар алдында:

*Өмірдің біз өкінеміз несіне,*

*Өтелді ғой бізден барша несие.*

*Адал еді, ақ еді деп еліне,*

*Алар, мүмкін, біреу ертең есіне,* – дегені кім-кімді де ойлантады.

**Табыл ҚҰЛИЯС,**  
сатирик жазушы.

«Арқа ажары» гәзеті, 29. 07. 2004 ж.



## ЮМОРЫМЕН ЖАН ЖЫЛЫТҚАН

Қазақ әдебиетінің барлық жанры сияқты сатира жанрының да бүгінгі таңда дамып, шыққан биігі бар. Әрине, сатира жанрын ілгері дамытып, оны мүмкіндігінше жандандырып, бойына күш-қуат беріп шоқтығын көтеріп, беделін арттырып келе жатқан қаламгерлері ат төбеліндей-ақ санаулы. Десе де, саусақпен санарлық сол сатириктеріміздің қарасы аз болса да, тындырып отырған туындыларының басым көпшілігі оқырман жүрегіне жол тартқан тартымды дүниелер екенін біз жақсы білеміз.

Сатиралық жанрдың сапасын арттыруда біздің ойымызға оған елеулі үлес қосып, көп еңбек етіп келе жатқан көрнекті қаламгер Ғаббас Қабышевтың есімі оралатыны сөзсіз.

Ғаббас Қабышевтың «Тарихта қалғың келе ме?» атты кітабын оқып болған соң, көңіліміз серпіліп, әзіл-сықақ әңгімелердің шынайы жазылғандығынан болар, жақсы әсер алып отырмыз. Пікіріміз дәлелді болуы үшін қазақ сатирасының белгілі өкілі – Ғаббас Қабышевтың әңгімелерінің ерекшеліктеріне тоқталып өтелік. Жинақ «Әркімнің бір ауруы бар» деген әңгімемен ашылған екен. Бұл әңгімеде Масал Майөкшенов пен дәрігер Төкен деген жігіттің диалогтары арқылы автор оларды кітап оқушыларына әртүрлі қырынан көрсетіп береді. Мәселен, Масал Майөкшенов өзі атқарып жүрген қоғамдық жұмысынан басын бұқпалап, дәрігерден ебін тауып, Масалдың өз сөзімен айтқанда, «бүллитөн» алып өзінің жеке басының қамы үшін іс тындыруға құмар. Масалдың ісі, сөзі, тіпті алдың-дұлдың жүріс-тұрысының барлығы оқушының көз алдына келіп үйіріліп тұра қалады. Бұндай адамдардың қылығына неге күлмеске? Жазушы оңтайын тауып Масалдың қандай жан иесі екенін, оның өзін сөйлетіп, оқырман қауымға ой салып отырады. Дәрігер Төкен осы Масал Майөкшеновке екі рет «бүлли-

төн» беріп құтылған еді, енді міне, ол үшінші рет тағы келді. Бұл жолы олай болмады. Дәрігер Масалды әңгімеге тартып, Дұғай мен Ғұбайлар туралы өзінің төрт бөлмелі үйінің барлығын, оның бір бөлмесінде тоғыз студент пәтерде тұратынын, оның әрқайсысынан жамбасақы алатынына дейін білдіріп отырады. Ақыры, бір талы төрт сом тұратын Аргентина жерінен алынған гүлдің тұқымының бар екендігін, ол гүл сатып отырған кемпірлер де бар екендігін айтып, Масалды соларға жіберіп, Төкен эзер дегенде құтылады. Сөйтіп, дүниеқұмарлыққа берілген, арынан жұрдай болған Масалдың бейнесін, кескінін тамаша суреттеп, нанымды жазған. Ал, «Ол, мен, келіншек және малақай» атты әңгімесінде қалалық сүт комбинатының директоры Шақан Шоқпыновтың басынан өткен жәйттері, әсіресе басына ондатр малақай іздеп базарға барып қайтқаны өте қызықты баяндалады. Оқушы еріксіз езу тартып күледі. Ғ.Қабышевтың әңгімелері өткір сатиралық сынға бай. Басты кейіпкерлерінің барлығы ойдан, қиялдан емес, өмірден алынған. Жазушының әңгімелеріндегі басты кейіпкерлердің барлығы дерлік сатиралық бейнелер болып келеді. Шығарманың құрылымы, бүкіл сюжеті кейіпкерлердің іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан туындап, дамып отырады. Қаламгердің әңгімелерінің шым-шытырық тартысы, сюжеті, оқиғасы тек қана сатиралық образдардың әрекеттерімен бірге көпшілік ортасында өзінің адал еңбектерімен құрметке бөленіп жүрген ақ пейілді пәк жандар мен адал еңбек, биік мақсат пен ізгі мұрат иелерінің де күнделікті тұрмысы, тыныс-тіршілігі, тағдыры жан-жақты айтылып отырады.

Автордың сықақ әңгімелерінде сықақ әңгімелерге тән пафос, сықақтық интонация, сықақтық леп бастан-аяқ толық сақталып, сатиралық уыт, өткірлік барынша арта түседі.

Жазушы әрбір әңгімесінде мағынасы бар ой айтуға мейлінше көңіл қойып, және де сол қағиданы іс жүзінде асыруға тырысады. Ғаббастың әңгімелерінде бұл қа-

сиеттердің барлығы сақталып, оқушысын бей-жай күйінде қалдырмай елітіп отырады. Біздің ортамызда торсандап жүрген кейбір кертартпа адамдардың керенау мінездерін ашық сынға алып, өзі жазып отырған әңгімелерінің мазмұнын тереңдетеді және айтайын деген ойын философиялық тұрғыдан қорытындылайды.

Автордың әңгімелеріндегі адамдар бейнесі бір-біріне мүлде ұқсамайды, қайта өзіндік мінез-құлықтарымен дараланып, жылы юморлығымен еріксіз езуіңізге күлкі әкеліп, тосын комедиялық эпизодтармен ерекшелене түседі.

«Тарихта қалудың төте жолындағы» Құлақов Күшекен, Жұмырбаев Желкен, «Хикаяға бергісіз хабардағы» Сақан, «Әр тауыққа бір әтештегі» Майшекен, «Әңгіме қалай жазыладыдағы» теміржолшы Дұғай, «Мен бастық болған күндегі» Қозыбақ, Шолтыбектер, тағы басқа да әңгімелердің кейіпкерлері оқырман есінде есімі жатталып, олардың кескін-келбеті көз алдында қалатыны рас.

Жазушы кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесінің сырын, мінезін баяндамай, диалог үстінде, іс үстінде көрсетіп, характерін ашып береді.

«...Азып-тозған актілер мен ақпарларды ақтара-ақтара миым айналып, әйтеуір адаспай келіп, мейманханалардағы бөлмеде мыж-мыж боп жатыр едім, есікті ептеп қағып біреу енді.

– Кеш жарық, Төке, – дейді.

– Ешкіңіз арық, – деймін.

Бірақ шырамыта алмаймын. Нағашы-жиен, бөле, құда әулетінде, қайын жұрт жағымда мұндай кескін сиық жоқ. Ол он екі мүшемді атап-атап аман-есендігін сұрап болды да:

– Төке, сіз мені танымадыңыз ба? – деді.

– Танымадым.

– 1970 жылы Алматыда болдыңыз ба?

– Жылына екі-үш рет барып тұрамыз.

– Сол жылы академик Көбен ақсақалдың тойы болды ғой, жасы жетпіске толып, театрда, соған қатыстыңыз ба?

– Қатыстым, – дей салдым. Жалған мақтан жанға қас келетінін кейін білдім».

Бұл сөйлемдер кітаптағы «Іштарлықты қойсаңшы...» атты әңгімеден алынып отыр. Төкенді іздеп келген Қуат деген қу жігіттің көрінісі. Ол Төкенді қонаққа шақыра келген. Автор осындай үйбің-күйбің шаруаның «пысықтарын» суреткерлікпен жазады.

Жалпы, бұл кітаптағы сықақ әңгімелер – республикамыздың түкпір-түкпіріндегі қызу еңбек майданында қарқынды жұмыс істеп, қоғамға елеулі үлес қосып жүрген мыңдаған жұмысшылардың, құрылысшылардың, шопандардың қолына тиіп, оларға рухани азық болатын нәрлі туындылар десе болады.

**Сейілғазы ӘБДІКӘРІМОВ.**

*«Әдебиет айдыны» газеті,  
23.06.2005 ж.*

## **БҮЙЕКЕҢ ПҮШПАҒЫ**

*Күлкісі келіп жүргендерге  
сужаңа «серьезный» сыйлық*

Кешегі қарасирақ кезімізде Қожанасырдың қияңқы әңгімелерін тындап, бергін Оспанханның «Сүзеген сөзінің» қайқы мүйізін қызықтап өскен ұрпақпыз ғой. Әрісі сол Қожекеннен тарайтын ұрпақ, үрімбұтақ бар ма? Берісі Оспанханның сарқытын ішіп, батасын алғандар ма? Деген сұрақ мазалайды кей кезде күлкінді қытықтап. Әрине, бар! Сын-сықақтың құдайға шүкір, жеті атасын жүйелейтін сияқтымыз. Атасақ былай: арғы атасы – Қожанасыр, одан – Сатира, Сатирадан – Әзіл, Әзілден – Әжуа, Әжуадан – Оспақ, Оспақтан – удай Уыт, осы Оспақ пен Уытты тел емген – Оспанхан мен Ғаббас. Әрине, бұлармен ағалас-інілес Асқар Тоқмағанбетов пен ірілі-ұсақты әзілкештер тағы бар. Кезінде Би-ағаң да (Бейімбет) «күлегеш» болғанын білеміз. Енді қазіргі саны бар, сапасы жоқ сатириктердің (ойын-шыны аралас) сапынан

өзгелерден бойы да ұзын, ойы да ұзын, уытты туындыларымен ерекшеленетін егде сатирик Ғаббас Қабышұлын біреу білсе, біреу білмес. Ал біз «Бұқпалықтар» бұл кісімен баяғыдан доспыз. Мен өзім Оспанхан мен Ғаббасты сүйсіне оқысам, біздің редакторымыз ол кісілермен студент кезінен дос екен ғой. Сосындағы соңғы жылдары жыл сайын сиясы кеппеген су жаңа туындысының алғашқы данасын Ғабекең бізге қарай сәлемдеме салып жіберіп жүргені. Онысы енді сатираның салмағын арттыра түсіп, Асылзат Арыстанбекқызы айтқандай, әзілкештер «әулетін» көбейтуге зор үлес қосуға ат салысқаны да. Екі бөлімнен тұратын (хикаяттар және әзіл-сықақ) бұл кітабының да мұқабасының «мақамы» қызық енді. «Гүл аңсаған бір ғұмыр» деп әп-әдемі айшықтайды да, әрі қарай айқыш-ұйқыш әріптермен «Айғыр кемпір» деп азынатады. Ал ішін ашып оқысаңыз, бір ғажап дүниеде жүргендей боласыз. Тіпті кейбір кейіпкерлерін күнде көріп жүргендейміз бе, немене! Иә, оқып отырып кейіпкерлер өз алдына, осы күнгі фельетонистердің азайып бара жатқандығына анық көзіңді жеткізесіз. Бар фельетонистеріміздің өзі тер төгуге ерініп, зеңбірекпен торғай атқандай ұсақ-түйек кемшіліктерді қаузап, мәселенің майын да, маңызын да айранға айналдырып жіберетіндігі шындық қой енді? Анада бір баспасөз бетінен Ғаббас Қабышұлының «Алпысқа толған соң жастар істесін деп орнымды босатып, зейнетке шыққаныма тоғыз жыл болды. Жұмысбасты болып жүріп өзімнің жеке шығармашылығым да көңіл бөлмеппін» дегенін көзім шалғаны бар еді. Енді, міне, жыл сайын бір туынды! Ғажап! Соңғы қолымыздағы су жаңа туындысын оқысаңыз, соңғы он-он бес жылдың бедеріндегі «қызықтарға» тоймайсыз. Анау «Айғыр кемпірде» ауласындағы кемпірлердің ортасындағы азынап отырған, шалының тірлігіне мәз болған кім десеңіз, кәдімгі «Ат-тандап» ағаш басына шығып кететін атақты қажының бәйбішесін бірден танысыз. Сонау 1993 жылдардағы «сабан» ақшаның кезінде екі жигулиге жететін ақшасына (2 «жигули»... 1 белесепед) велосипед алып мінгеннің пұ-

шайман халін көріп өзіңнің де соның кебін кигенің есіңе түсіп, еріксіз есінейсің. «Солженицынды «таныған» қазақ қызы» атты шап-шағын шығармасындағы заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовты танымаған бейбақтың «білімін» көріп жерге кіріп кете жаздайсың. Қысқасы, бәрін айтып қойып, қаймағын қалқып жұтып қойсақ сізге не қалады, құрметті «Бүйекең пұшпағының» оқырманы! Сондықтан сіздерге де Ғабеннің кітабынан тәбәрік ұсынайық. Егәрки әзіл-сықаққа шөлдеп бара жатсаңыз хабарласыңыз. Қалауыңыз бойынша тағы да бірер уытты әңгімелерін жолдайық.

**ХАФИЗ.**

*«Бұқпа» газеті,  
15 желтоқсан, 2005 жыл.  
Көкшетау.*

## **КӨҢІЛДЕН ШЫҚҚАН КӨРІМДІК**

Соңғы жылдардағы газет-журнал беттеріндегі мақалалар мен зерттеулерде «Жаппай жәбірлеу мен қыспақты қуғын-сүргіндердің кеңестік кезеңінде алаш азаматтары, біздің жұртымыз әбден жасып қалды, бас көтере алмады» деген сияқты жер бауырлаған, жігерсіз түйін-тұжырымдар төбе көрсетіп жүр.

Осы шындық па?!

Соғыстан кейінгі зерттеулеріндегі Ермұқан Бекмахановтың азаматтық әрі ғылыми қаһармандығы, ұлы жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезовке қатер төнгенде студент Әнуар Әлімжанов бастаған бір топ оғланның батыр кірісіп, батырларша құтқарып қалуы немесе қазақ жастарының 1986 жылы Қазақстан дербестігін ту ғып көтеріп, дүниені дүр сілкіндіруі сияқты ашық ақиқатты Отан тарихынан қай дұшпанымыз сызып тастай алады?! Ол мүмкін емес. Өйткені ежелгі елдік дәстүріміздің белі ешуақытта үзіліп кеткен жоқ!

Әулие талант Абайдың ұлылығын әлемге паш етіп, қазақ ұлтының рухани қанаттылығын қалам күдіретімен таныта бастаған Мұхтар Әуезовті тастай қатты тағдыры аялаудың орнына, тағы да аямауға бекінді. Таяуда ғана фольклор проблемасына арналып өткен конференцияда баяндамашы да, сөйлеуші сәуегейсымақтар да Мұханды буржуазияшыл ұлтшыл деп айыптап бақты.

Күні кеше Қазақ университетінің ректораты профессор М.Әуезовті оқытушылық қызметінен босатылсын деп арнайы бұйрық шығарды. Классик жазушымыз ол жайында әлі бейхабар. Ол ол ма, КГБ алқа мәжілісі ертең Әуезовті тұтқындауға шешім қабылдапты...

Міне, осындай жағдайда студент Әнуар Әлімжанов бастаған оғандар тобы ұлы кемеңгерді құтқарып қалуда көзсіз тәуекелге барып, бел байлайды.

Мұхтарды Ленинградтан келген меймандарын аэропортта ұзатып салу кезінде қалың жұртшылықтың хабарсыз сәтінде тұтқындамақ екен... Оған санаулы сағаттар ғана қалған...

Дара туысты данышпанды дар тұзағынан аман алып қалудың үш бірдей жобасы қаралған екен. Бірінші жол – Алматының өзінде, бірінің Тастақ селосындағы үйіне жасыру... Екіншісі – Фрунзе қаласына жедел жеткізіп, қырғыз достарына табыстау немесе Ташкентке, өзбек достарына апарып салу.

Үшінші жол – Мәскеуге аттандырып жіберу... Ақырында соңғысы Әнуардың тәуекелі құпталған.

Әнуар өз вариантын, тек осы жобасын басшылыққа алуға мықтап бекінеді. Мұның шын аты – өлімге бас тігу!

«Мұханды атақты, аса беделді досы Фадеев қана қорғап қала алады. Мәскеуге аттандырып жібермесек, Мұханнан айрыламыз, жауыздар жоқ қылады, құртады», – деген Әнуар әріптестеріне:

...Профессор М.Әуезов аудиторияда сабағын енді ғана бастар сәт. Сол тұста тыңдаушылар арасынан көтеріліп қасына барған Әнуар:

– Мұха, кешіріңіз, мына газетті сізге табыс ет деп бір ақсақал беріп еді, аты-жөні мынау запискасында болар, – деп, төрт бүктелген газетті ұсынды. Мұхаң Әнуарға қасын кере қараған. Таныды. «Орыс бөлімшесіндегі Әлімжанов қой». Профессор газетті, оның үстіне қойылған бүктеулі жарты парақ қағазды алып, ырғала жайғасты да, қағаздың бүктеуін ақырын жазып, маңқия қарап, асықпай оқыды. Іле өз дәрісін асықпай-саспай бастап, жалғастыра жөнелді.

Дәріс аяқталып, қоңырау қағылды. Мұхаң орнынан қозғала қоймаған. Залдағылар ұстаз ойын бөлмейін дегендей, тысқа беттеген еді.

Жоқтан күйбең тауып, топтың ең соңында әдейі қалған Әнуар қасынан өте бере кідіріңкірегенде Мұхаң оған көз қиығын тастап: «Мақұл!» – деді де, газетіне қайтадан үнілді.

Ары қарайғы қимыл-әрекет Әнуардың қас-қабағына орай жүзеге асты...

КСРО халық депутаты, әлемге әйгілі әртіс Қалибек Қуанышбаевтың үйіне барып, депутаттық куәлігін алып келген Абдолланың (Әнуардың туған ағасы) пысықтығымен Мәскеу ұшағына билет алынды. Бір жеке меншік эмкамен Мұхаң аэровокзалға жеткізілді. Жігіттердің бірінің аэропортта қызмет істейтін әпкесі билетті өзі тіркегіп, ұшаққа жазушыны өзі шығарып салды. Ұшақ бөге-ліссіз көкке көтерілді... Сөйтіп қатерде қалған қаламгеріміз «өлдім-талдым» дегенде, «Үһ!» – деп Мәскеуге жетті.

Жаңа ұрпақтың жайсаң өкілдері – Әнуар мен оның сенімді серіктері ежелгі ерлік пен елдік дәстүрді ерен қимылмен жалғастырып, абыз ақсақалымызды ырзалап қана қоймай, өздері де аңыз-әпсанаға айналды. Әуезов Мұхтар мен Әлімжанов Әнуар есімдері кейіннен қаз-қатар аталуға айналды.

Салт-дәстүр сабақтастығы деп осындайды айтар бо-лар!

Жазушы Ғаббас Қабышұлының «Сайыңнан саяқ құр-лы сая таппай» атты сәтті хикаяты осы сабақтастықты тебірене жырлаған екен.



Қазақ халқының маңдайға тұтар мандаты Мұхтар Әуезовке көк найзаша қадала төнген тажалға құрамай қаптырған жастар ерлігі жамағатқа қазір жаппай аян! КГБ-ның қызыл көздерін аттан түсіріп, құмға аунатып, мат қылу ол жылдарда теңдессіз ерлік саналатын.

Кітаптағы ең көлемді де, ең көркем туынды «Гүл аңсаған бір ғұмыр» хикаяты оқырманның мойнын бұрғызбай, уысынан шығармай, емірентіп алға жетелейді де отырады. Орта мектеп оғланды Өртұлға көрші ауылдың көрікті қызы шәкірт Айкүміске шын ғашық болады. Екеуі жоғарғы оқу орнын ойдағыдай аяқтайды. Отау тігеді... Санатқа қосылады, бас қаһарман жас қаламгер Өртұлға кең танылған кемел жазушыға айналады. Ерлі-зайыпты екеуін қатарлас құрбы-құрдастары қызыға құрметтейді. Мұндағы мұнарадай биік фактор – Жастарымыздың айнадай таза, адал махаббаты, көлеңке-кірбіні жоқ, мұң-мүдірісі жоқ пәк махаббат! Екі жастың басындағы айт-қыссыздай ауыр трагедия – перзентсіздігі, сегіз жыл отасқанда бір жас иіске зар болып, азап шегеді. Сол үшін кейбір көргенсіз сілімтіктер көзге де шұқиды... Айкүмістің көрінбеген дәрігері, қаралмаған ғалым-профессоры қалмайды. «Мен сенің әке атанар бағынды байламайын, екеуміз айрылысайық, сен өнегелі бір жас қызға үйлен», – деп қиылады Айкүміс. Оған Өртұлға иілмейді:

«Сенен бөлек тірлік мен үшін бір тиын» дегендей, сергек сезімін алға жайып отырады. Ақырында Айкүмісті Өртұлға Мәскеуге апарып, аты әйгілі гинекологтарға қаратады. Олар да жан жұбатар жылы сөз айта алмай, қайтарады. Хикаяттың ең соңында өзінің өлімімен ғана жан жарының бағын ашпаққа бекінген аяулы Айкүміс автокөлік астына түсіп, көз жұмады... ойлы оқырман: «Мұнысы ақылдылық емес!» – дей алмайды.

Жазушы Өртұлға да, оның жұбайы да – нағыз қазақтар, қазақы жаратылыстар, нені болсын, тек қазақ көзімен көріп, бағалайды, қандай құбылысқа да қазақ мүддесін ойлай қарайды...

Өртұлға – өз заманының үлкен білімді азаматы екенін сөзімен де, ісімен де сыпайы түрде дәлелдейді.

Қысқасы, «Гүл аңсаған бір ғұмыр» – жас толқын үшін жақсы ғибраты бар хұсни туынды.

Бұдан соң автордан кең тынысты романдар күтуге болатынын аталмыш хикаят растай түседі. Қалам құдіреті осыған сендіреді.

Көптің көңіліндегі күмәнсіз шындықтың жайын күмілжусіз, көлгірсіз-ақ айтсақ: Ғаббас Қабышұлы – сатира жанрының саптағы саңлақ сарбазы ғана емес, нағыз сардарының бірі! Төл жанрына табан тіреген сәтінде Құлагеріне қуана қауышқан Ақан серіше арғымағын арқыратып шыға келеді. Кітаптың көркемдікпен көз суарар бір бөлігі осы жанрдағы туындылары. Мұнда езу жиғызбас еркін күлкі, мықты мысқыл, уытты әжуа – бәрі де табылады.

Сатирик жазушы осы заманның боямасыз сиқын танытар сорақыларға шүйілгенде айызыңды қандыра сөйлейді. «Айта түссе екен!» деп емінесің.

Осы бағамдауға өзгеше мысал дерліктей туынды «Мен де... болсам, шіркін!» деп аталады. Мұны да хикаяттар қатарынан көреміз. Үйреншікті әдебиет теориясына қайшы келсе де, өзінің қиыннан қисынуы менің тұжырымымды растайды.

Обләкім болып жаңа ғана тағайындалған Қосықбай Қасқанов (қурай басын сындырмас қуыс кеуде, көк бет безер-бекер, бездельниктің нағыз өзі!) кеңсесінің есігін ашысымен телефонға жармасады. Негізгі тіршілік қарекеті – тек телефон арқылы тілдесу ғана... Сеніп тапсырылған өз облысын аралап көру, қарауындағы халықпен қоян-қолтық қауышу, сырғақсыз сұхбаттасу, еңбеккерлердің мұң-мұқтажын сұрап білу сияқты қайраткерлік үрдіс оның қаперіне кіріп те шықпайды. «Қосықбай Қасқанов» деген аты-жөнін енді ықшамдап «Қосықбай Қасқа» деген түрге көшіртеді. Ол ол ма, өзін «Қоқан» деп атандырады. Бағыныштысымен сөйлескенде оның «екі аяғын бір етікке тығып», есін шығарады.

– Обләкім тыңдап отыр, бұ қайсысың?! Кім? Манапқұл Сабанқұлов? Шымды ауданының әкімі болсаң қайтейін, не жұмысың бар?!. Менің осы сала бойынша орынбасарыммен сөйлес, менің уақытымды алма, түсінікті ме?!

Мұндай сөздерден кейін бағыныштының иманы қасым болмай ма?! Ал мойымай көр!

Сыбайлас, табақтастармен сөйлесуі тіпті басқаша:

– Король преферанца, қалайсың?.. Жақсы, жақсы, Сүке, анау бөлменді жылулатып қойшы! Біз біраз сызып тастайық...

Қызмет сағаттарын ала қағазға қия салуға қымсынып жатқан Қоқан тағы жоқ!

Биліктің биік сатысындағылармен сұхбатының астары әлдеқайда айрықша:

– Ә, Ореке! Ассалаумағалейкүм! Мен, иә, мен, жаман ініізіз... Рахмет, рахмет, көп-көп рахмет!.. Жо-жок, Ореке, сізге ренжитіндей не көрініпті маған, құдай сақтасын!.. Рахмет, рахмет! Телефон шалғаныңыздың өзі қаншалық... білем ғой, білем... Жеңешем қалай, балалар қалай?..

Міне, осылай жалбақтағанда жарлының түндігіндей жалп-жалп етеді... Не деген жексұрындық!

Облаппаратты санаулы күндерде түгел жаңартқан Қоқан өзінен кейінгілерге арамзалығын әсте бүкпестен ақтарылып салады:

– Решительный бол дегенім қайда? Билік дегенің – амал-айла. Мен саған оны да түсіндіргенмін, есінде ме? Қолайыңа жақпауға айналғандарды, өзіңе бағынышты болса да, өзіңмен тең санаған болып отырып, ол сұмдарды сырттай біріне бірін айтақтап, жұлыстырып, шайнастырып қойсаң, не, олар айналып сенің алдыңа келмегенде қайда барады? Саған келеді, төрелік айтуынды сұрап...

Байқадыңыз ба, қандай қатыгездік? Мына секілді сұрқия сайқалдарына назар аударсаң, дені дұрыс, жібі түзу, жаратылысы жарасымды деген қызметкерлердің өзін де ұзаққа жібермей-ақ бұрып, қысастыққа бастап, бүлдіруі оп-оңай ғой деп, жағанды ұстайсың.

Тоғыз ай ғана тақта отырған Қоқан әкім докторлық диссертациясын біреуге жаздырып, қорғамақ та болады.

Аз уақытта қазынаға белшесінен батқан Қоқаң «Қасқа-Банк» деп аталған банк ашып мээ-мәйрәм...

Жауыздық жазаланбаушы ма еді?! Әлі сазайын тартар!

Қазіргі қоғамдағы бұзықтарды аяусыз әшкерелейтін шығармалар қатарында аталары да баршылық («Айғыр кемпір», «Бір генерал, төрт тері және бал», т. б.).

Айтқыштық жаңа оралымдар, тың эпитет, соны теңеулер сүйсіндіреді:

«Жетім желше елеусіздеу іліп қалады»;

«Үй үстіне отын үйіп, сіреңке іздеген сорақылық»;

Тағдыр жұптастырған екі жүрек кеудеден шығып кетердей тулады. Лүпілдері лапылға айналды»;

«Ол жеңген расында қарапайым, орнықты, бірақ... менің байқауымша, екі бөлек қан жыл өткен сайын біріне бірі суық бола береді екен. Жасың ұлғайған сайын өз қаныңды, өз тіліңді, өз жаратылысыңды аңсайды екенсің»;

«Бұ біздің қазақ қазірде отыз күнде қырық той жасауға жүдә машықтанып алған да, қызыл тілмен аспанды қақ жарып жіберіп, қайтадан жамай салу деген шаруаң оған тісін шұқығандай ермек болып қалған».

Жазушы тіліндегі дәлділік сипат осындай, дәріхана-ның безбеніндей, ауытқымай дәл өлшейді. Әсер сондай...

«Бір күні» деп аталатын топтама естеліктер өз шыннайылығымен, шыншылдығымен, намысшыл азаматтың нарлығымен қызықтырады, әрі замандастарының портретін жасағанымен құнды. Үлкен ағалардың өркөкіректікке бой алдырып, өзіншілдікке өзін жеңдіріп, аяғын шалыс басқандарын да бүркемесіз-бүкпесіз айтуы, орайы келгенде Ғаббастың өз намысын жықпай, тойтарыс беруі де оқырманды иландырады.

Ж.Саин мінезі, Ө.Қанахин шыншылдығы, И.Қарақұловтың ақжарқындылығы, С.Мәуленов аңғырттығы, С.Шаймерденов шамшылдығы, Ғ.Қайырбеков қиястығы, Ә.Дүйсенбиевтің балалыққа бергісіз еркелігі, Ә.Әлімжановтың теңдессіз кішіпейілдігі әрі психологиялық сезімталдығы, Қ. Найманбаевтың көңілшектігі, т. б. – бәрі де қызықтырады.

«Езуінді еркін жіберсей» деген бөлімді өзің оқысаң да, жодас-жораларға айтып оқытсаң да, үйдегілерге шай үстінде еске алып қайталай айтсаң да, өкінбейсің.

Автор пәлсапалық ойларды байыптағыш. Оның нәрлі нақылдары осыған уәж:

«Керең тағдыр, күбір тұрғай, айқайды да естімейді»;

«Алакөлеңкеде ала-құла ой жағалайды»;

«Бұ өсек иттің үрмейтін кезі, қаппайтын кісісі бол-сайшы!»;

«Адам атаулының тәні де, жаны да – жұмбақ»;

«Әртиссіз өмір көңілсіз»;

«Тән төзбес алапатқа жан төзер, бірақ төзімнің де шегі, жанның да мүжілуі бар»;

«Ұстар иесі болмаса, алтын қалам ағашпен тең»;

«Басында еркі жоққа кекіру де – «ситуация»;

«Тағдыр тарынғанда дауа табылған ба?!».

Екі тармақты нағыз өлең!

Тап осындай тапқыр да асқақ ойларды түю үшін тым биікке көтерілу керек шығар! Әйтпесе, елдегі екінің бірі, зейнеткер ағалардың кез келгені нақылшыл болып тақылдай бермей ме?

Республикалық Мемлекеттік сыйлықтар комитетіндегілердің балалар әдебиеті мен сатира саласындағы саңлақтар еңбегін мүлде ескермейтіндері қалай осы?

Ұсынылғанның бәрі емес-ау, ұмсынғанның бәрі дерлік омырауларына белгісін тағып жатқан сыйлықтардан да сырт қалып жүрген Ғаббас бауырымның аса кішіпейілділігіне қайран қалмасқа лажың жоқ-ақ.

Талантты жазушы Ғаббас Қабышұлының «Гүл аңсаған бір ғұмыр. Айғыр кемпір» кітабының, адал көзбен қарап, әділіне жүгінгенде, Мемлекеттік сыйлығымызға әбден лайықтылығы – күмәнсіз шындық дегім келеді.

**Мұзафар ӘЛІМБАЕВ,**  
**Қазақстанның Халық жазушысы,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың иегері.**

*(«Әдебиет айдыны» газеті, 08. 09. 2005 ж.)*

## МЫСҚЫЛДЫҢ МАҢҒАЗ САРБАЗЫ

Ғаббас Қабышұлының жазушылықты уақытша кәсіп қылмай, жандүниесіне азық етуі бірден-бір заңды құбылыс. Оған әңгімелері болсын, памфлеттері болсын, немесе фельетондары болсын өзінің барынша ықшамдылығымен, шынайылығымен дәлелденіп жатқандығы. Оған біздің қосып-алар ештеңеміз де жоқ.

Сатира сарбаздарының біздің дәуірге берген жан азығы аз болған жоқ. Күлкісіз дүние дегендей, қанша жерден қысылымшылықтың қыр соңынан еріп, қырық жерден қыспаққа алса да, талайды иін қандыра илеп бергені аян. Алдарында сол уақытта тірі көзден Асқар, Сейділда, Садыбек, Жүсіпбек, Қалтай және басқа да аға сатириктер тым осал емес еді. Әрине, олардың әр қайсысының өзіндік таңдап алған жолдары да әрқилы еді. Біреуі сын садағын ашық сілтесе, енді бірі жатып атарлыққа салынды, тағы бірі тақым-бұраулатып талдыратынды үйренген. Тіпті бірі ақырындап үндемей шымшып алып шырылда-тып жатса, кейбіреуі мысық табанға салып мысын бастын мысқылдың мерейін үстем етті. Осы бір мысық табан мысқылдың үндемей күлдіретін де, бүлдіретін де күрделі көрінісін біз, әсіресе Ғаббас Қабышев ағамыздың шағын әңгімелерінен көбірек ұғынған сияқтымыз. Бұрын өлең, очеркпен әбден шыңдалып келген Ғабекен, бірте-бірте осы сатира жолына түскен, яғни «жын да өзіне бейімді соғады» дегендей, онысы да бүгінгі таңда біздің әдебиетіміздің сатира саласына оңай олжа болмағандығын дәлелдейді. Ә дегенде өзінің жолын мінездеме беруден бастаған сатирик, өзінің қорғасын дінгегін дөп басқан. Оған әркімнің өзіне лайық ауруы барлығын да өмір оқытқан болу керек. Сондықтан да дәрігер кейпіне енген жазушы бір мазасыз науқаспен былай кетіседі.

«...Ол сойдиып барып қарсы алдымдағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Кірпігі қатқан кішкене көзі стол

үстіндегі зат атаулыны шетінен тінтіп түгендеп өтті де, қаламсаппен қатар жатқан қол сағатына қайта қайырылып, «сен мұнда екенсің ғой!» дегендей, кідіре қалды. Мен де сол сәтті кәдеме жарата қойып:

– Бізде бір кісіні қарауға бес-алты минут қана кетеді, ал... айтпақшы, ол өзі, ескі ақшамен есептегенде, елу-алпыс минут екен-ау! – деп әзіл айттым.

Масал еңсесін оқыс көтеріп, мұздана қалған көзімен мені бір шолып, содан соң кабинетті тез-тез шола бастады. Оның дудыраған шашына, шодырайған шекесіне, үшкір ұзын мұрнына, дүрдиген оң жақ ұртына қарап отырып, неліктен екенін тіпті білмеймін, Масакең мен мылжам-мылжам шыққанға дейін мықындасып қалжың соққым келді...». Былай қарағанда күлкі шақыратындай ештеңе жоқ сияқты. Бар болғаны алдына келген адамның іс-әрекетін, қылығын, жаратылысын айтты дей салуға әбден болады. Бірақ сол жаратылысындағы қозғалыс екінші адамның, яғни дәрігердің мінезін өзгертіп, осы жерде екеуі бірдей әдептіліктің аңғарынан шығып кеткендігін аңғармай қалғандығы сөз жоқ, оқып отырған өзінді іштей мырс еткізіп бір қозғалтады. Одан әрі қыршаңқы сөздің құшағында екеуі де бір-бірінен қалыспай егесіп отырып, бүкіл қоғамның әрқилы саласындағы кемшіліктердің көбесін ақтарып, оның үстіне аурудың өзінің көп нәрсені аңғара бермейтін топастығына дейін жайып салғызады. Бұл деген жазушының ішіне кіріп, бар сырын сыртқа ақырындап шығару деген сөз. Демек, таптырмайтын тәсіл. Жазушының бұл «Әркімнің бір ауруы бар» деген әңгімесі еді. Жалпы күлкі деген дүниенің бір сәттік қырқып түсетін қыры да болады, сосын жайымен тұла бойыңа біртіндеп сіңіп, күрделі қозғалысқа өзінің көтерілісін салып жіберетін де қасиеті баршылық. Осы жөніне келгенде біздің Ғабекен ақырындап ашыла береді. Аптығу деген бұл кісіге онша жараса бермейді. Ғаббас Қабышұлы өзінің күлкі межесінің төңірегіне өзі түк те білмейтін бей-

күнә қалыпта енетін ғажап. Былай қарағанда жүзіндегі жылылықтың өзі жұтынып, жылылықтан әрі аспайтын тұңғық дүниенің торына түсетін өз кейіпкерлерін әр уақытта жылымға жұтылғандай үн-түнсіз күй кешіретіні және сондай күй кеше отырып, өзінен-өзі көлеңке болып жоғалатынын білмей де қалатын сияқты. Болмаса автордың «Мен бар... Мұқаң бар...», «Жып-жылы терезе», «Жетім жиналыс», «Жиналыс үстіндегі жиналыс», «Қарын мен Құмырсақалар» тағы басқа жеп-жеңіл мысық табан мысқылдар ес жиғызбайды. Ес жиғызбайды дегенге сіздер бәлкім жеңіл күлкіге кенеледі екенбіз деп ойлап қалмаңыздар, тіпті де олай емес. Езу тартып оқисың да, құмарың тарқамай ойға батып отырып қаласың. Көңілің көксеген жерден шыққандай көк мылжың күлкіге емес, көкейіндегі құбыжықты әлсін-әлі қытықтап қоздырып отыратын мысқылға зілді миықпен мән бергізуге мәжбүр боласың. Баяғыда Ғабен «Сөйлемейтін шешен» деп айтты деген әңгіме бар. Дәл сондай қарқылдатпай тұншықтырып өлтіретін күлкі десек жаңылыспаймыз. Енді біз сөзіміз дәлелді болу үшін бас-аяғы шап-шағын «Жып-жылы терезе» әңгімесінен үзінді келтірейік.

«Түлекең кабинетінің терезелері Құсекеңе жыл бойы жып-жылы боп көрінеді де тұрады: шілденің шыбын қанатын күйдірген аптабында да, қаңтардың құс қанатын қатырған аязында да жып-жылы боп көрінеді. Өйткені, ол терезелерге жыл бойы бір кісінің, яғни Құсекеңнің (Құсмұрынның) ғана өзі қадалады, ал қандай көздің болсын қадалған нәрселеріне әсер етуі көз иесінің пиғыл-ниетінің терезелеріне көшенің бергі жағындағы бес қабат үйдің үшінші қабатындағы Құсекеңнің жаман оймен қарамайтыны өз-өзінен түсінікті болса керек. Айтпақшы, терезелерін былай қойғанда, Түлекеңнің өзі де Құсекеңе тіптен ып-ыстық боп көрінеді: кейде Түлекең балконына шығып шылым шегіп тұрады, (күн жылыда, әрине). Сонда ол Құсекеңе ақ көйлекті, ақ костюмді адам емес, сонау



аңыз әңгімелеріндегі ақ киімді әулие, ақ қанатты періште болып елестейді. Көзі жасаурай қараған Құсекең: «Ғұмыр – жасыңыз ұзақ болғай, Түлеке!.. Абыройыңыз арта бергей, Түлеке!.. – деп күбірлеп отырады. Столын терезеге тақап қойып алғаны талайдан бергі бір табылған ақыл болғанына күн сайын іштей қуанып, шүкіршілік етеді...», – дейді сатирик жазушымыз. Осынша көз сүзілген сөздің астарында бір романға бергісіз уақиғалар жатқанын әрбір көкірегі ояу жандар тез аңғарса керек. Өйткені мысық табан мысқылды сөздердің астарында адамның жүрегі айни отырып жұтқыншақтан жұтатын улы-зәр жатқанын кім-кімде білсе керек. Әңгіменің аяғы осылай қиялға шомылғандай болып тұрған Құсекеңнің телефоны шырт ұйқысынан оятқандай шырылдап қоя береді. Автордың түйіні: «Техниканың пайдасы да бар, зияны да бар деушілер бірдеңе сезіп айтатын болса керек. Ішіне қырсық ұялай қалған қызыл телефон тағы шыр-р еткен кезде Құсекеңнің жүрегіндегі терезенің шынылары шытынап-шытынап кеткендей болды...» – дейді. Бұл жерде ұзын-сонар ештеңенің де керегі жоқ екендігі өзінен-өзі түсінікті. Жазушының бұл әңгімесі, өзіміз тамсанып айтып жүрер классикалық форманың дәл өзі демеске хақымыз жоқ. Айтар ойы жұп-жұмсақ. Жетер жеріне жеткізіле айтылған.

Бірақ безілдеген телефонның хабарын естімей-ақ, болған оқиғаның бүкіл болмысы мысқылдың қайталанбас ажарын ашып кетті ме, ашып кетті. Оқырманға, қала берді жазушылыққа бұдан артық не керек. Ештеңе де керегі жоқ, осы да жетеді. Әңгіме арқауы көркемдік пен ойынның өзін сүйретіп әкеліп, құл ғып жұмсап отырса жазушының табысы емей немене.

Ғабекең қай әңгімесін болмасын өзінің ой елегінен әбден өткізіп алатын сияқты. Содан кейін барып қолға алатындай әрбір сөйлем немесе тұтас ой жүйесі бір нәрсенің болатынын мегзеп немесе сол болатын оқиғаның бір мүшесі болып қызмет атқара бастайды. Мысалы, біз

автордың «Қыран мен Құмырсқалар» атты әңгімесінен бірер мысалдар келтіре кетейік: «Қос қоржынға бергісіз қоңыр портфелімді сүйреп есік алдына шыққаным сол еді, – көрпесі қат-қабат төсектей төрт текше бір дөй қара мен ошаған бас оқтау қара қарсы ұшыраса қалды. Дөй қараның басында шып-шып шыққан терден өзге дәнеңе де жоқ болса да, оның ошағын баспен тіпті ары кеткенде ауылдас, әйтпесе аталас екенін қалай да аңғара қойдым. Себебі: тап-тайқы екі маңдай, шеп-шегір төрт көз, жап-жалпақ екі мұрын «Біз мұндаймыз!» деп-ақ тұр еді» немесе тағы бір мысал: «Үшеуміз жиылып қарап, ол аттестаттан не бір «4», не бір «5» таба алмадық. Сосын күлдік: айтпақшы, мен: «Ылғи ғана құмырсқа екен!» – дедім, үшеуміз соған күлдік. – Айналайын деканым, егер сен осы құмырсқаларды мал қылып берсең, менің мына дудар басымды оқуыңа алсаң, онда мен саған дача салып берем! – деді Сиырбаев». Осы екі сөйлемнен-ақ бүкіл әңгіменің арқауынан хабардар боламыз. Жазушының аңғарымпаздығы мен және оны жан бітіріп ұқсата қоюы шеберліктің шеберінен хабар берсе керек. Көз алдына елестеп шыға келетін сөзден жасаған тұлғалар бір-біріне ұқсамай, әрқайсысы өзінше сөйлеп жатады. Және әрқайсысы өзінің дйттеген мақсатына ғана қызмет жасайды. Жазушы да тосын теңеулер мен тоспа тәсілдердің сан айласы ұстатпай жұтынып, жып-жылмағай жұп-жұмсақ болып отырып-ақ, айтар ойдың өңезе өрісін қолмен ұстатқандай етіп бере салады. Шығарма шырайын беретін сөз тіркестері Ғабекенде, құдайға шүкір, жетіп артылды. Жоғарғы әңгімедегі құлқын құмарлықты «Сиырбаевтан Жылқыбаев тумасы аян...», немесе «Оның үстіне саусағыңның таңбасы түскен меншікті ойындардың үйіріне оралып жатпаған соң, қиын екен. Кім күніне бес тиын, он тиын сіңбіріп жүр» немесе «Біреудің өзіңнен сескенгенін сезу жақсы екен, езуім қыши бастады» тағы да осы тақылеттес жазушының да оқырманның да ойына

ажар, көңіліне көрік беретін сөйлемдерден тұратындығы және оған қоса автордың әр әңгімесінің өнебойындағы сөйлемнен қай сөйлемді алсаң да, сол шығарманың құпия сырынан хабар беретіндігі үлкен ұтымдылық. Біз кейде біреулердің шығармасын оқығанда осының жаны қай жерінде екен, сатирик болса күлкісі қай жерінде екен деп, міндетті түрде іздейтіміз анық. Және туындының өзі де соған бейім тұрады. Ал Ғабекеннің сатираға әбден машықтанғаны сонша, жазған дүниелерінің өнебойы тұтасып, бір-біріне есе жібермей есіп шығады да, жоғарыда айтқандай, үн-түнсіз бойынды сергітіп сала береді. Сергіту деген көңілділік пен күлкінің (ащы болсын, тұщы болсын) дарақы емес, сыпайы күрделілігін білдірсе керек.

Жазушының енді бір топ әңгімелерін өзімізді, яғни жазушылар қауымының ішкі сарайына жорық жасағандықтан шыққандығы айқын. Бұл енді бәленбай жылдан бергі өзінің етене араласып, егжей-тегжейіне дейін оқып шыққан шырайы өзіміздің ішкі жан дүниемізді айнытпай түсіріп, өзімізге таратып бергендей көрініс танытады. Жағымсыз болса жоқ деп айта алмайтын, жағымды болса тоқ деп айта алмайтын құбылыстың дәл үстінен түсіп, төбесін ойып жеткізген. Бұған біз ақын, жазушы, журналистер қауымының мінез-құлқына, іс-әрекетіне құрылған «Күлеміз бе, қайтеміз?» жинағын тұтастай алып және оған өзге жинақтардағы осы сарындас әңгімелерін қоссақ, жазушы шығармашылығының дені сол тағдырлар болып шығады. Әсіресе өзімізге бір табан жақын: «Төрт мінездеме», «Тотияның тоқсан тарауы», «Егер мен ақын болсам», «Жақанның сыры» тағы тағдырларды ауызға алсақ күйінесің де, шындығына көзің жетіп күлесің де.

Өйткені бұлар сатираның тілімен түсіндірген шындық. Немесе шындықтың күлкі тілімен көркемделуі. Бірінші мінез: «Қашанда «Сау-сәлеметсіздер ме?» деп жаңа түскен келіндей сызылып кіреді де, сөзі сұйылып,

даусы бұзылып, «Қособаның басында кездесерміз!» дегенді қанталаған көзімен айтып, кердеңдей шығады». Бұл арызшылдың әрекеті. «Ол – мал табудың мандай терлемес бір соқпағына түсіп алып, табанын тілдірмей, тұяғын ілдірмей, митың жорғамен келе жатқандардың бірі. Кірпігін секундына сегіз қағып, қысық көзі төңірегін түгел шолып, һәманда сауысқандай сақ. Жирен мұртын жыбырлатып күндіз-түні кітап жазады». – Бұл романистің мінездемесі.

Жазушының тағы бір білікті жасаған күрделі жолы, ол ұтқыр памфлеттері. Халықаралық дәрежедегі әрқилы ой-пікірлерге өзінше өз тұжырымын жасаған. Әрине, онысы өте сәтті де шыққан. «Жауыздық құриды!», «Қабаған ит тұмсығынан...», «Жыл жаңарғанмен», «Құзғын бар жерде қарға бар» тағы басқа да жазушының ұтқыр да ұтымды өресін оқығанда, кейінгі кезде көзге ұшыраспай кеткен көне танысымызға кездесіп шұрқырасқандай болдық. Әрине, бұл жәйттердің бірсыпырасы тап қазір өзіміздің өзегімізге еңдей еніп, енемізді ұрудың талай зұлымдық тәсіл-жолдарын жасап жатқаны да анық. Ендігі жерде осылардың қыл өңешінен тыпырлатып, тынысын алдырмайтын жолда бәріміз болып әрекет жасау кезек күттірмейтін сөз.

Сол сияқты жазушының тағы бір ұлағаты өткенімізге көз жіберіп, «Ініден ізет» айдарымен берген үш-төрт әңгімесі кейінгіге өнегелі өрнек екендігінде сөз жоқ. Бұл жерде біз жазушының басқасын былай қойғанда, қазақтың майталман сатириктері Ілияс Жансүгіров пен Асқар Тоқмағамбетов, Оспанхан Әубәкіровтердің және аты әлемге әйгілі туысқан түрік елінің сатиригі Әзиз Несиннің өнегелі шығармашылығы жайындағы танымы мен көрсетіп берген тәлімі өте өрнекті де өнегелі шыққан. Бұл сатира алдында үлгі тұтатындай дәрежеде жазылған дүние.

Ал жазушының тағы бір ұтымды шығармаларының мерейін тасытатын скетчтер мен интермедиялар өз алдына бір төбе. Майын тамызып, майда инесін байқатпай сұғып алып емдейтін балгердей жазушы тілі бұл жерде де өз үлесін алған. Жазушының аудармасына келетін болсақ, оның да жөні бөлек әңгіме. Оған Әзиз Несиннің «Әңгіме оқи отырыңыз», О.Вишняның «Бал шіркін тәтті ғой» сықақ әңгімелерін, молдаван юморисі А.Бубуйоктың «Менің париждік нағашым» атты повесін жеке кітап етіп, бұған қоса А.П.Чеховтың, серб классигі Б.Нушичтің басқа да көптеген сатириктердің әңгімелерін және С.Михалковтың «Желкөбік» (пена), И.Друцэнің «Ең қасиеттіміз» («Святая светых») пьесаларын аударып сахнаға әзірлеп бергендігі өз алдына. Жазушы қандай аударманы қолға алса да өзінің ішкі иірімдері мол тіл шұрайлылығын өте тамаша қолдана білгендігі ақиқат. Жалпы жазушылық жолды өзінің бір сәт келіп-кетерлік жолына баламай, бойындағы бар қуатын төгіп, жан азығына балаған қай шығармасынан да салауатты жанның кейпін көреміз. Бұл түсінген жандарға үлкен ғанибет жұмыс екендігі анық. Шығарма жанын ұғыну, адам жанының ұғынудың ішкі астары десек те, немесе соның көркін тілмен жеткізу құбылысы десек те, бұл жазушы жөнінде жаңылыспағанымызды білдірсе керек. Тіпті әрбірден соң тап кеше ғана сатирик жазушымыздың «Қазықұрт» басынан жарық көрген «Гүл аңсаған бір ғұмыр», «Айғыр кемпір» сияқты жаңа мазмұндағы туындыларының басын қосатын шағын әңгімелері де, бұл жазушымыздың үзіліссіз жұмыс атқарып келе жатқанының айғағы. Оған қоса, қалың жазушыларымыздың арасында бүгінгі таңдағы өте күрделі жайда тұрған тіл мәселесіне шыбын жаны шырқырай қамқор болып, тілімізге тіл тигізіп жүргендерге өзінің ақсақалдық уытты сөзін қарсы қойып жүрген жанның да бірі екендігі елге аян. Яғни, барша ақын-жазушыларымыздың арасындағы бірегей, өзінің

қырағы жанарымен, сәулелі санасымен әрбір жөнсіздікті қалт жібермейтін сақшылығының өзі не тұрады.

Ғаббас Қабышұлының жазушылықты уақытша кәсіп қылмай, жандүниесіне азық етуі бірден-бір заңды құбылыс. Оған әңгімелері болсын, памфлеттері болсын, немесе фельетондары болсын өзінің барынша ықшамдығымен және шынайылығымен дәлелденіп жатқандығы. Оған біздің қосып-алар ештеңеміз де жоқ.

Менің бірде сонау Алтай өңіріндегі Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданында болғаным бар. «Ұланның әдемі иректеліп жатқан тауларының қолтық-қолтығында бабаларымыздың мөлдір жанарындай көлдері бар екен. Соның бір-екеуіне сол жақтағы ел мақтаны жігіттер апарып демалыс ұйымдастырған болатын. Сонда байқағаным, әрбір көлдің жағалауындағы жартастар қалап қойған алыптардың тістеріндей ақсиып тұрады екен. Бір ғажабы, сол ақсиған тістер күн шығып тұрса ақ жарқын күліп, бұлт басса тұнжырап түксигендей кейпін танытады. Қысқасы, мына өмірді маған табиғат көзімен әжуалап тұрғандай елестеді. Байқасам, Ғабекен сол өлкенің түлегі екен. Қандай ұқсастық десеңізші. Сол ғажап көріністің өзінің бір болмысымен өз түлегі Ғабекеннің астарлы мысқылдарымен сан құбылып астасып жатқандығы таңқалдырады. Иә, өзінің туған елінің табиғатын сол бойымен өз шығармаларына өрнектетіп және оған жан беріп сөйлетуі де жазушы шеберлігі екендігінде сөз жоқ. Олай болса, бүгінгі таңда 70-тің асқарына шығып отырған Ғаббас ағамыздың әмәнда туған топырағының асыл қасиетін елінің мақтанына айналдыра отырып, өзінің ылайым биіктен көріне беруіне тілектеспіз.

**Сейфолла ОСПАН.**

*«Әдебиет айдыны» газеті,*

*02.02.2006.*

## ЕСКЕРІЛМЕГЕН ЕҢБЕКТЕР

Ғабекеннің қызметі туралы ең алдымен айтарымыз – еліміздің, халқымыздың мүддесін құрметтеуші қоғамшыл белсенділігі. Қаламгердің 2001-жылы басылып шыққан «Арыңның сөзін айта біл. Скажи все по совести» атты жинағына үңілген адам оның республикамыздың бүкіл тынысын бағып, келелі мәселелердің бәріне баспасөз бетінде атсалысқанын көрді деп ойлаймын. Тарихи 1986-жылдың желтоқсанындағы оқиғалардан кейін көптеген жоғары оқу орындарымыздың басшыларын, ұстаздарын «ұлтшыл» деген себеппен қуғындау науқаны жүргізілгенде партиялық билік тобының сол озбырлығына баспасөз бетінде бірінші болып ашық та батыл қарсылық көрсеткен Ғабекеннің «Сенім сөніп қалмай ма?» деген мақаласында (аталған жинақта) мынадай жолдар бар:

«...Халықты күстәналау «Барым – халқым!» деген көпке қатты батты. Ал желтоқсан оқиғасын желеу еткен «күштілер» әлімжеттілік жасап-ақ бақты: қайсысының көкейінде нендей есеп-қисап көңірсіп жатқанын кім білсін, әйтеуір, олардан қуғын, теперіш көргендер аз болмады. Ол «күштілердің» алдынан көлденең өте берген жазушылар мен журналшылардың бірі – менмін. Тек бұл жолы мен өзімді емес, өзгелерді айтпақпын. Өзгелер деп отырғаным – Алматы жоғары оқу орындарының сол тұста қызметінен заңсыз босатылған, кейбірі партиядан шығарылған бір топ профессоры: арасында ректор да, кафедра меңгерушісі де, декан да бар жиырма шақты адам. Тағылған кінә: желтоқсан әлегін ұйымдастырған-мыс, асқындырған-мыс; жастарды жершілдікке, ұлтшылдыққа тәрбиелеген-міс. Алды қырық жыл, соңы жиырма жыл дәріс оқыған, оң ісімен өнегелі болып келген ұстаздар қасқағымда қараланып шыға берді.

Ол ұстаздар кімдер еді? Олар – Қазақ мемлекеттік университетінен: ректор Ө. Жолдасбеков, проректор А.Хұсайынов, республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А.Қасымжанов, професорлар С.Досымбеков, А.Тұрғымбаев, Н.Сәрсенбаев, Т.Сайранбаев, Т.Қожакеев, доценттер Х.Әлжанова, М.Кошляк, Ғ.Тілеуғалиев, Р. Алшанова; Алматы шет елдер тілі институтынан: ректор С.Байболов... Құдды бар-ау, отыз жетінші жылдардағыша бір шетінен тиіп, түріп шықты...».

Осымен байланысты еске салар бір факт: Ғабекен Жазушылар одағының Көркем әдебиет және әдеби байланыс жөніндегі Бас редакция алқасының Төрағасы болып тұрғанында «Алматы. 1986. Желтоқсан» деп аталған нақты деректі мақалалар жинағын қазақ тілінде 3 кітап, орыс тілінде 3 кітап етіп шығарды (1991-1992-жылдары). «Желтоқсан туралы шындық әлі толық айтылған жоқ. Біз материал көлеміне қарай екі тілде әрқайсысын 5 кітап етіп шығарып, біраз мәселені кеңінен әңгімелемек болып едік, амал не, қаржымыз жетпей қалды!» деп өкінді ол.

Ғ. Қабышұлының аса елеулі еңбектерінің бірі – қазақ тілінің хал-ах-уалына жанашырлықпен жіті ден қойып, орнықты да ойлы мақалалар жазып жүргені. «Қазақ әдебиеті» гәзетінің тігінділерін ақтарып отырып, осы басылым бетінде 1972 жылдан беріде жиырма шақты мақаласы шыққанын көрдім. Ал «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Ана тілі», «Жас алаш» гәзеттерінен, «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдарынан оқығанымыз өз алдына. Оған телерадио арналары арқылы айтқан көкейкесті сөз-сұхбаттарын қосыңыз. Көрнекті ғалым Сыздықова Рәбиға апайымыздың 1999 жылы тіл туралы жасаған баяндамасында Ғабекенді «Тіліміздің жоқшысы» деп атады.

Ғабекен 2000-жылы «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш» гәзеттерінде басылған мақалаларында: – Парижде болғанымда ол елде француз тілінің тазалығын қадаға-



лап отыратын мемлекеттік комитет барын білдім, бізге де сондай ресми қамқоршы орын керек, ақпарат құралдарымыздың тілімізді шұбарлауынан сонда ғана құтыламыз, – деді. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін биіктету, тазалығын, нәр-қуатын сақтау мәселелерінде орын алып келе жатқан олқылықтар жайында 1999 жылы «Қазақ әдебиетінде» шыққан «Қателікті түзетпеу де – қателік» атты мақаласын парламнтіміздің мәжілісінде депутат Шәмша Беркімбаева құптап, қолдап сөйледі.

Алматы қаласының көркі туралы үзбей айтып та, жазып та жүрген бірегей қаламгеріміз де – Ғабекен. Егер жаңылмасам, 1994 жылы болар, «Алматы ақшамы» гәзетінің бетінде «Алматының ажарын айт» деп бастап, кең көлемде пікірлесу жүргізді. Мақалаларында Алматы құрылыстарында Шығыс сәулетінен жұрнақ та жоқ, бірі мұржаға, бірі жалпиған қорапқа ұқсас екі жобамен егіз үйлер салу етек алып кетті деп шындықты ашып айтты. Жазушының дәлелдерін мойындаған сәулетші, «Алматыбасжоба» институтының директоры Нұрбақыт Қойшыбековтің Ғабекенге сол гәзет арқылы: – Біз сәулетшілердің қоғамдық негіздегі одағын құрмақпыз, соған Сіз төраға болыңыз! – деп қолқа салғаны, ол тілекке қаламгердің: – Мамандығым сәулетші емес қой, атақ үшін құр қойқиып отырғаным жарамас. Шақырғаныңызға рахмет! Егер одақтарыңыздың жарғысын, басқа да құжаттарын қазақ тілінде жазуға көмегім керек болса, ақыпұлсыз қызмет етуге әзірмін! – деп жауап қайырғаны белгілі. Сондай-ақ, 1996 жылдың көкек айында Қазақстан сәулетшілерінің құрылтайында сөз сөйлеп: – ...Алматыдан артылған әлгі «мұржалар» мен «қораптарды» Астанаға арқалап алып бармаңыздар, сәулетші ағайындар, олар осында қалсын! – дегеніне куәмін.

Жазушының «Есіл Алматы еңтігіп тұр» («Ара» журналы, 2004 ж.), «Көне Алматы – бүгінгі Еуропаның қаласы» («Қала мен дала» гәзеті, 2005 ж.) деп аталған өткір

мақалалары – сәулет тақырыбына соңғы бес-алты жылда жазған он шақты еңбегінің екеуі ғана.

Алматының ажарына қатысты кезекті бір мақаласында Ғ. Қабыш-ұлы: «2-Алматы» вокзалы алаңында қаңқайып тұрған Калинин ескерткіші орнына Бұқар жырауымен, батырларымен кеңесіп отырған Абылай хан ескерткіш-ансамблі орнаса, жарасымды болар еді», – деп жазды («ҚӘ», 1994 ж.). Ал кейінде ол пікіріне қала басшыларынан, сәулетші-мүсіншілерінен ешбіреу назар аудармағанына қынжылып, хан мен батырларымызды қойтормыңа мінгізіп қалқита салатын әдеттен арыла алмай жүргенімізді сынап: – Арқыратып айғыр мінуді ерсі санайтын қазақтың Абылай ханын да ұмасы бұзаудың басындай айғырға қонжита салдық, оның үстіне Мәскеудегі Юрий Долгорукий ескерткішінің сыңарындай! – деп жазды («Ара» журналы, 2003 ж. және «Ақ жол» гәзеті, 2004 ж.).

Мынадай бір «ғажапты» айта кетейін: Алматының ажары туралы жақ ашпаған бірнеше кісіге «Алматы қаласының құрметті азаматы» деген ресми атақ берген қала әкімшілігіндегі шенеуніктер Ғаббас Қабышұлының орасан еңбегін елеп-ескеруден мүлде мақрұм. «Тура сөйлеген туғанына жақпайдының» кері ме, әлде басқа есепқисаптары бар ма, оны қаланың жаңа басшылары біле жатар деп ойлаймын.

Жерді саудалауға қарсы үн көтерген Ғабекең 1999 жылы Премьер-министр К. Тоқаевқа «Халқын ренжіткен қарық болмайды!» деп ашық хат жазды да, одан бертінде «Жерімізді сатсақ – «жетісерміз» деген, т. б. мақалаларын жариялады.

Күнделікті тірлігімізде кездесе беретін келеңсіздіктердің бәрін дер кезінде ашып айтатын, жіліктеп жазатын, қалай түзету қажеттігіне өз ой-пікірін ұсынатын тынымсыз қаламгер Қазақстанның, қазағының атына нұқсан келтірген сырттайғы фактілерге де төзбейді. Мысалы, Мәскеудегі «Молодая гвардия» журналы классик

жазушыларымызды күстәналаған мақала басқанда Жазушылар одағы партия ұйымының жиналысында шовинистік солақайлыққа қарсы сөйлеп, «Литературная газетаның» тілшісіне, орыстілді ақын-жазушыларымызға: – Көпе-көрінеу қиянатқа сіздер неге көз жұмып жүрсіздер? – деп сауал тастаған болатын. Онымен де тыншымай, 1989 жылдың қыркүйегінде КОКП Орталық комитетіне, «Правдаға», «Известияға», «Литературная газетаға» хат жолдап: «Плюрализм – хорошее дело. Гласность еще лучше. Но когда они извращаются безбожно, превращаются в гнусные сплетни, как их надо называть?.. Если это будет продолжаться, журнал в недалеком будущем станет вместо «Молодой гвардии» «Белой гвардией» деген (жоғарыда аталған мақалалар жинағын қараңыз). Ал А. Солженицынның сандырағына жауабы 1991 жылы «Сұхбат», 1994 жылы «Новое поколение» гәзеттерінде басылды. «Литературная газетаның» Бас редакторы Ф. Бурлацкийге хат жазып, солженицындердің лаңы ұлтаралық араздыққа жол ашатынына бүкілодақтық әдеби апталық неге назар аудармайтынына таңданды. Немесе, Ресейдің орталық телеарнасы рейхстагқа шабуыл жасағандар мен ту тіккендер туралы арнаулы бағдарламасында Рахымжан Қошқарбаевты «ұмытып» кеткенде Ғабекен Халықаралық жазушылар одақтары қауымдастығының «Литературная Евразия» гәзетінде соларға сын айтты («Непонятный момент», сентябрь, 2000 г.).

Қаламгер ағамыздың енді бір қыры құрылыс-шаруашылық істерінде де көрінді. Қазақ Әдеби қорының директоры болып тұрғанында жазушыларымыздың шығармашылық үйін, қырық пәтерлі тұрғын үйді салдырды. Не шара, осы еңбектерін Жазушылар одағының, қаланың басшылары, үкімет адамдары елеп-ескерген емес.

**Тоқбол ЕЛЕУҰЛЫ.**

*2006 ж.*

## ҒАБ-АҒА ХАҚЫНДА БІРЕР СӨЗ

Бүгінде жұртшылыққа белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ дүниеге 1935-жылғы көкек айының 9-ы күні келген. Шығыс Қазақстан облысындағы Ұлан ауданының Ұранхай ауылында. Әкесі Қабыш (Қабдырахман) орта шаруаның баласы екен. Азамат соғысына қатысқан. Колхоз құрылысы саласында жұмыс істеген. Шешесі Зәбиға (Гүлзәбиға) колхозда сауыншы болған. Екеуі үш қыз, екі ұл өсіріпті. Қыздарының үлкені Асылхан комсомол қызметкері, журналшы болды; ортаншысы Уазипа мен кішісі Шәрбану педагогика саласында еңбек етті. Үлкен ұлдары Қадес – Мәскеудің С. Орджоникидзе атындағы Геологиялық барлау институтын бітірген геофизик.

Ғабан – бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналшылар факультетінің түлегі. Ұланның «Тарғын» орта мектебін тәмәмдағаннан кейін (1956-жылы) облыстық «Алтай большевигі» (бертінде «Коммунизм туы», қазір «Дидар») гәзетінің редакциясына жұмысқа алынды. Онда: корректордың көмекшісі, корректор, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары, жауапты хатшы болып істеді.

Ол әдеби еңбек жолын шәкірт шағында бастаған. Облыстық гәзетке мектеп, ауыл өмірінен хабар, өлең жолдап тұрған. 1954 жылы «Ізғұтты Батыр» деген ұзақ өлеңі жарияланған соң мектептің «жас ақыны» деп аталыпты. Облыстық гәзет редакциясына жұмысқа алынуына бірден-бір себеп сол ақындық талабынан үміт күттіргендігі еді. Әртүрлі тақырыпта жазылған өлеңдері гәзетте жарияланған.

Алайда Ғабан көп ұзамай прозаға бет бұрды. Өзі әдеби қызметкері болып істей бастаған Мәдениет және тұрмыс бөлімінің жоспарлы тапсырмаларын орындау үшін ауыл-селоларда, зауыт-фабриктерде іссапарда жиі болып, өмірдің күнгеі мен теріскейін көрді. Кенді Алтай-

дың тарихы, зиялы қауымы жөнінде көптеген очерк жазды. Ол, әлбетте, жетістік атаулыға сүйінген, кемшілік атаулыға күйінген. Соның нәтижесінде маңызды мәселелерді зерттеп, нақты фактілі мақалалар жазуға кіріскен. «Жақсылық ешқайда қашпайды, жаманшылықты түзету керек!» деген ұстаныммен сынға бой ұрып, газеттің «Алтай арасы» сын-сықақ бұрышында әжуа-мысқыл әңгімелері, фельетондары жариялана бастап, ақырында сатира сарбазы болып шықты.

1966-жылы Алматыға көшіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына қызметке орналасты. Онда: тілші, жауапты хатшының орынбасары, проза бөлімінің, әдеби сын бөлімінің меңгерушісі болып 1973-жылға дейін істеді. Сол жылдары бірыңғай сатирамен шұғылданды. Өзіл-сықақ әңгімелерінің тұңғыш жинағы – «Мінездеме» 1970-жылы жарық көрді.

Ғабаң 1949-жылдан комсомол, 1963-жылдан коммунист болды. 1974-жылдан Жазушылар одағының мүшесі. Оған сол 1974-жылы республика Жазушылар одағының басшылары Әнуар Әлімжанов пен Ілияс Есенберлин КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры қызметін ұсыныпты. Ғабаң онда да міндетіне ұқыпты, тыңғылықты болған. Соның нәтижесінде бөлімше КСРО Әдеби қорының жыл қорытындыларында сыйлықпен, Құрмет грамоталарымен марапатталып тұрған. Қазақстан Жазушылар одағының Шығармашылық үйі, Жамбыл көшесіндегі қырық пәтерлі тұрғын үйі Ғабаңның тікелей басшылық жасауымен салынған. Яғни қаламгерлер қауымының қамқоршысы болды.

Ол Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулысымен 1983-жылғы маусымда республикалық «Ара-Шмель» сатира журналының Бас редакторлығына бекітілді. Мұнда істеген бес жыл ішінде журналдың өмірдегі, қоғамдағы күрделі мәселелерді терең зерттеп, олқылықтарды анық та батыл жазатын ең беделді басылымға айналуына жетісті. Журналдың таралымы екі есе өсіп,

әзіл-сықақшылар, фельетоншылар, сайқымазақ суретшілер жиі-жиі бас қосып тұратын орталыққа айналғанына мен де куәмін. Журнал материалдары бүкілодақтық «Крокодил» журналында, партиялық «Правда» гәзетінде және әдеби «Литературная газетаның» әйгілі «12 стульев» бетінде жарияланды.

Ғабәң 1987-жылы кәсіби жұмыс демалысына шығып, әзіл-сықақ әңгіме жазуға ден қойды. Сол жылдары баспалардан екі жинағы жарық көрді.

1989 жылы Қазақстан Жазушылар одағы құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясының алқасына қызметке шақырылып, оның Қазақ әдебиеті редакциясын басқарды. 1990-1995-жылдары Алқаның төрағасы болды. Төл әдебиетіміздің біраз туындыларының басқа тілдерге жолма-жол да, әдеби де аударылуына ықпал жасады. Әсіресе, ұлы ақынымыз Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай оның өлеңдері мен дастандарының, қара сөздерінің: қытай, орыс, француз, неміс, ағылшын, монғол тілдеріне тікелей түпнұсқадан аударылуын ұйымдастыруы үлкен еңбек еді, бірақ, қаржының жетіспеуі салдарынан: қытай, француз, монғол, орыс тілдеріндегі нұсқалары ғана жарық көрді.

Қаламдастары алдында жоғары беделді Ғабәң Жазушылар одағы басқармасының ұйғарымымен 1994-жылы басқарманың екінші хатшысы болып сайланып, 1996-жылы зейнетке шыққанға дейін (Қазақстанға ерекше еңбек сіңірген зейнеткер) істеп, ұжым беделінің өсе түсуіне хал-қадари қызмет етті. Одақ мүддесімен: Қырғызстанда, Өзбекстанда, Грузияда, Алманияда, Францияда, Қытай Халық Республикасында болып, өзара әдеби байланыс мәселерімен шұғылданды.

Танымал қаламгер зейнетке шыққан соң тынымсыз еңбек етуін өрістете түсті. Оның қамқорлығымен бұрында: Илияс Жансүгіров туралы («Жан қайығын жарға ұрдым»), Сәбит Мұқанов туралы («Менің Сәбитім», авторы – Мұқан келіні Мәриям апай), Сағат Әшімбаев туралы («Күлкіңді жүрмін сағынып») естелік кітаптар

шығарса, енді әрі ұйымдастырып, әрі құрастырып: Әди Шәріпов («Көргенім, көңілге түйгенім»), Сағат Әшімбаев («Күлкіңді жүрміз сағынып»), Әнуар Әлімжанов («Әлем таныған Әнуар. Признанный миром Ануар»). Жазушының туғанына 70 жыл толуына арналға. 2000-жыл) және «Біздің Әнуар. Наш Ануар». Жазушының 80 жылдығына. 2010-жыл) Михаил Есенәлиев («Хакім. Михаил Иванович. Мәке») жайында естеліктер жинағын шығарғаны, Естай Мырзахметұлының Таңдамалыларын (5 кітап) құрастырғаны – ризалықпен атап айтар еңбек.

Классик жазушымыз Мұхтар Әуезов 1950-жылдан бастап қуғындалып, оған «феодал-буржуазияшыл жазушы» деген жалған айып тағылып, 1953-жылдың көктемінде тұтқындалып қалу қаупі төнген. Ол жағдайдан алдын ала хабардар болған шәкірті студент Әнуар Әлімжанов ұстазын құтқарудың жолын іздестіреді де, үш досымен ақылдаса астыртын әрекет етіп, Мұханды Мәскеуге жасырын аттандырып жібереді. Ғаббас сол оқиғаны алғаш рет зерттеп, «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...» деп хикая жазған болатын. Аталған «Әлем таныған Әнуар. Признанный миром Ануар» кітабында хикаясының қалай жазылғаны жайында деректі естелігі бар.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына көп еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, «Азат» қозғалысын, «Азат» партиясын ұйымдастырған ұлтжанды азаматтардың бірі, көсемсөз шебері болған Михаил Иванович (анығында Хакім Тілегенұлы) Есенәлиевтің мұрағат жайын зерттеумен шұғылданған Ғабаң оның жазба еңбектері 5-6 том боларын мөлшерледі. Марқұм Хакеннің жұбайы Майя Есенәлиева екеуі соның әзірше 4 томын шығарды.

Қазақ әзіл-сықағының туын асқақ көтерген Оспанхан Тұрсынәліұлы Әубәкіровті шын мәніндегі классик деп атап, шығармашылығын зерттеп, кең насихаттап жүрген Ғабаң 15 жыл қаламдас жолдасы болған Осекеннің де әдеби мұрасына қамқоршылық жасады. Оспанханның уытты өлеңдері мен әңгімелері, пьесалары кемінде 10

том екенін мәлімдей үкіметке хат жазып, ақырында 4 том етіп шығаруға келісімдерін алды.

Көп жылдар достық, жолдастық қарым-қатынаста болған, бүгінде арамызда жоқ аға-іні, құрбы-құрдас қаламдастары туралы естелік жазумен шұғылданушы Ғаббақ – «Сағыныш сазы» делінген жинақтың авторы. Қазақстанның Халық жазушылары, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Әзілхан Нұршайықов пен Мұзафар Әлімбаев «қазақ әдебиетіндегі жаңа жанрдың – прозалық реквиемнің беташары» деп әділ бағалаған бұл кітабына Жазушылар одағының халықаралық әдеби «Алаш» силығы берілген.

Сатирик Ғ.Қабышұлы көркем хикая жазуымен де танымал. «Гүл аңсаған бір ғұмыр», «Жолаушылар», «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...», «Төрт хат», «Тарғыл тағдыр» және басқалары жеке жинақ болып шықты. Автордың бұл еңбектерін Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері ақын Мұзафар Әлімбаев жоғары бағалап, «Ғаббастың тіл шеберлігі тәнті етті, көптеген сөзтіркестерін мақал-мәтел деуге әбден болады» деп жазды.

Әдеби аудармадағы еңбегі де аса елеулі. Орыс әдебиетінің классиктері: А.Чеховтың, М.Зощенконың, С.Михалковтың, Л.Ленчтің бірнеше әңгімелерін қазақшалады. Украин әдебиетінің классигі Остап Вишняның таңдаулы әңгімелерін «Бал шіркін тәтті ғой», серб әдебиетінің классигі сықақшы Бранислав Нушичтің әңгімелері мен фельетондарын қазақшалап, «Министрдің торай» деген атпен кітап шығарды. Әзіл-сықақшылар шығармаларына жарияланған халықаралық бәйгелерде топ жарып, бас жүлденің алтауын алған әйгілі түрік Әзиз Несиннің сатиралық «Футбол королі» романын және әзіл-сықақ әңгімелерін (2 кітап) қазақ оқырмандарына ұсынды. Молдаван әдебиетінің көрнекті қаламгері Аурелиу Бусуйоктың «Менің париждік нағашым» атты күлкілі хикая кітабын қазақ тіліне аударды. Өзінің бірнеше әңгімесі: араб, орыс, ұйғыр, өзбек, саха тілдерінде шықты.



Жазушы сатираға қалам тартушы жас талапкерлермен әрқашан тығыз байланыста. Олардың шығармаларына талдау жасаған мақала жазып тұрады. Ұлттық университетіміздің журналшылар факультетін бітіретін бірнеше студенттің дипломдық жұмыстарына жетекші, сарапшы болды. Болашақ әзіл-сықақшы журналшылардың біразы Ғабанның шығармашылық шеберлігін диплом жұмыстарына арқау еткен.

Әу бастан белсенді қаламгер Ғ. Қабышұлы қазірде де еліміздің әдеби, саяси өмірін саралаған мақаланы мол жазып жүр. Тақырып ауқымы кең. Қазақ ұлтының, қазақ тілінің мерейі, мәдениет, әдебиет, абайтану, шәкәрімтану, ғылым, тарих, экономика, жас ұрпақ, демократия, адамгершілік мәселелері, Алматы қаласының құрылыс сипаты және басқа жәйттер жайында жазған танымдық, сын мақалалары тартымды, тағлымды.

Көбімізге ұстаз Ғаб-ағанның ерекше атап айтуымыз керек адамгершілік бір қасиеті – өзі туып-өскен өңірдің тарихына, тарихи тұлғаларына назар аударып, насихаттап жүретіндігі. «Гүл аңсаған бір ғұмыр» хикаясында ауылын, Айыртауды суреттесе, туып-өскен жер табиғаты өзге хиссаларында да көрініс тапқан.

КСРО әдеби сыншыларының Тбилисиде 1974-жылы өткізілген мәжілісіне Қазақстаннан ұшып бара жатқан делегацияның басшысы – М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Әди Шәріпов ұшаққа кірген бетте Ғабанды жанына шақырып алып, әр тақырыпты әңгімелесулерінің бір әредігінде Әд-аған: «Саған бір қызықты айтайын. Жұрт мені Семей облысының арғыны деп біледі, сол себеппен Шығыс Қазақстан мені ішке тарта бермейді. Өмірбаянымда Семей облысының Жарма ауданындағы Мариновка селосында туғаным жазулы, сірә, соған қарайтын болар. Әкемнің қызмет жағдайымен сонда тұрғанымыз рас, бірақ негізімде Найман шалдың матай ұрпағымын, ата-бабамыз Ұлан ауданынікі, бергіміз – Қорғанбай әулеті» депті. Әд-ағанның ел алдында еңбегі хақында Ғабан көлемді,

танымды мақалалар жазған. Әд-ағаңмен алыс та болса аталас азамат, күні кеше Семей ядролық полигонын жабу-ды ашық талап ете Кремльге хат жазған, ақырында жеңіп шыққан Кешірім Бозтаев жөнінде шындықты алғаш айтқан, бірнеше мақала жазған адам – Ғаббас Қабышұлы. «Жанпида» атты көлемді, деректі толғанысында К. Бозтаевтың қарапайым да қайратты бейнесін аша отырып, «Семей полигонын мен жаптым!» деп тасынып, Кешірімнің аруағынан аттап кетіп жүрген ақын Олжас Сүлейменовке құжат негізінде тойтарыс бергені – әрқашан ақиқатқа жүгінетіндігі, азаматтық ар-ұяттың таза болуын талап ете білетіндігі. Жерлестері: Совет Одағының Батырлары Ізғұтты Айтықов, Хамза Мұхамадиев, мемлекет және қоғам қайраткері жазушы Әди Шәріпов, Халық қаһарманы Қасым Қайсенов, генерал Шәкен Жұмағұлов, журналистер – Жүніс Ыбыраев, Тоқан Берғалиев және басқалар туралы жазғандары нақтылығымен құнды.

Ғаб-ағаның енді бір, меніңше, аса елеулі еңбегі – Тарғын орта мектебіне Ізғұтты Айтықов атын, Шымқора орта мектебіне сол ауылдың түлегі, тілші ғалым Сәрсен Аманжолов атын қойдырғаны. Ол үшін қаншама тер төккенін кім білсін! Өзінен: «Бұл еңбегіңізді ұландықтар біле ме, бағалады ма?» деп сұрағанымда ақырын күліп алып: «Мен өзімді өзім насихаттамаймын, жерлестерімнің игілігіне еткен еңбегімді пұлдап көрмедім, пұлдамаймын да!» деген болатын.

«Ел құлағы елу» емес пе, Ұлан ауданының басшылары 1995-жылы Ғабаннның жасы алпысқа толуын тойлауға шақырса да, тым болмаса аудан орталығы Бозанбайдың жұртына жария етпей, әкімшілік аппаратының ғана қатысуымен жиналыс өткізгенін естіп, аудан әкімінің әсіресақтығына еріксіз таңданғанбыз. Ол ағаттықтарын ең болмаса 2005-жылы түзетер, Ғабаннның жасы жетпіске толғанын атап өтер деп күткен едік, үмітіміз ақталмады, облыс, аудан басшылары тым-тырыс қалды. Ғабаннның елде тұратын дос-жолдастарының Тоқан Берғалиев

бастаған бір тобы облыс әкімінің орынбасарын, одан соң әкімнің өзіне барып: «Ғаббас Қабышұлының жасы жетпіске толады, ресми шақыралық» деп тілек айтқан екен, шенеуніктер: «Ойбай, ол кісі билікті сынап мақала жазып жүр, шақырсақ пәлеге қаламыз!» деп азар да безер болыпты. Содан соң Ғабкеңмен хабарласып: «Атап өту керек қой, қайда, кімге жазайық?» деп едік, ол күлді де: «Ешқайда жазбаңдар, ешбір байғұстың обалына қалмаңдар! Ғаббас – облысымыздың әкім-сәкімдерін шошытқан жазушымыз деп жүрсеңдер, сол да жетеді» депті Тоқан досына.

Жақында бір хабарласқанымда Ұлан ауданына өз кітапханасынан 300 кітап жіберуге дайындап жүргенін айтты. Облыстық кітапханаға 270 кітап жіберіпті. Алматыда: Республикалық көпшілік кітапханаға, Жазушылар кітапханасына және Жамбыл атындағы, Сапарғали Бегалин атындағы, 2-Шаңырақ ауылының М. Әуезов атындағы кітапханаларға жиыны 2000 кітап сыйлады. Олардың басым көпшілігі – сол ұжымдардың қалауымен таңдап алынған кітаптар.

Ал Ғабанның шыққан жинақтары мыналар: «Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ?», «Бұл әлгі... кім ғой», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Халыңыз қалай?», «Жетім жиналыс», «Тарихта қалғың келе ме?», «Гүл аңсаған бір ғұмыр. Айғыр кемпір», «Смех и слезы», «Екі хикая», «Удай уәде», «Сағыныш сазы», «Көлденең кітап», «Арыңның сөзін айта біл. Скажи все по совести», «Адамның кейбір кездері...», «Тарғыл тағдыр», «Анау-мынауизация».

Жазушы аға екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Сегіз немеренің атасы.

**Жарылқасын ДӘУЛЕТ,**  
әзіл-сықақшы жазушы,  
сазгер.

*Алматы қаласы.*  
*(05. 02. 2009 ж.)*

## КҮЙНЕСІҢ БЕ, КҮЛЕСІҢ БЕ?

Адамға рухани шырын беретін, санаға азық болатын, біліктілікті арттыратын, кеңейтетін, тәрбиелік, үйретерлік мәні зор өнердің бір маңызды тарамы әдебиет десек, оның өзі әлденеше сала бойынша, бірнеше жанр, әдіс арқылы көрініс береді. Соның бірі сатира мен юмор да өлмейтін, өшпейтін мінез көрсетіп, мықты орын алып келеді. Әдебиеттің осы бір өткір де әсерлі саласын зерттеуге үлкен ұстаз, білгір ғалым Темірбек Қожакеевтің мән беруі тегін емес. Тимекең осы жанр бойынша арнайы зерттеу жүргізіп, 1985 жылы «Сатира – күштілер қаруы» деген үш жүз бетке жуық монографиясын шығарған болатын.

Байқайсыз ба, қару деп отыр. Алғы сөзінің басында-ақ: «Сатира, юмор. Осы атаулар аталғанда бойымызды тегеурінді күш билейді, көңілімізге әр түрлі күлкі нұры құйылады, кеудемізге болашаққа деген оптимистік зор сенім ұялайды, қолда жасампаздыққа жат нәрселерге қарсы сермер семсер тұрғандай болады, көзге сол қаруды әділдік пен теңдік, игілік пен ізгілік жолында бар жарқылымен ерсілі-қарсылы сілтей білген күштілер елестейді» – деп ой сілтейді. Ол кісінің бар кезінде Жазушылар одағында сатирашылардың бір құрылымы болып жиналып, өздерінің өзекті мәселелері мен жағдайларын талқылап, шабыттарын жанып жүруші еді. Солардың басы-қасында сатирашы екенін дәлелдеген Ғаббас Қабышұлы да жүретін. Сол кездегі олардың белсенділігі саябырсып қалған сияқты. Бірақ бұл жанрда ешкім жазбай кетті дей алмаймыз, жалғастырушылар жоқ емес. Олардың ішінде Ғаббас Қабышұлы мен Еркін Жаппасұлының аттарын көбіміз білеміз. Сатирада әлі қалам сілтеп, семсерше сілтеп келеді. Мақалаларын айтпай-ақ, Ғаббастың «Анау-мынауизация», Еркіннің

«Мыңқ етпес мыңқ етер емес» атты соңғы кезде шыққан кітаптарын еске сала кетейін.

Бұл жолы екеуінің алғашқысына назар аударсам ба деймін. Сатирашылар да барша оқырмандар үшін жазады. Солардың бірі ретінде Ғаббастың кітабын оқығаннан кейін қандай әсер алдым, соны ортаға салмақпын.

Сатирашылар негізінен қоғам дамуындағы және болмысындағы, адамның мінезі мен тәртібіндегі, ісі мен әрекетіндегі кемшіліктерді, жағымсыз құбылыстар мен қайшылықтарды өткір тілмен де, әзіл-қалжыңмен де сынап, мінеп, қағытып, күлкі етіп, келешекте қайталанбауына, тіпті жойылуына ат салысады. Екіншіден, жағымды, тәлімді, өнегелі қасиеттерді, үлгі боларлық істерді жеңіл күлкі, жылы юмормен насихаттау да кездеседі. Бұл ретте тәрбие құралы да бола алады екен. Енді осы тұрғыдан Ғаббастың «Анау-мынауизация» атты кітабына келейік.

«Әзіл-сықақ әңгімелер және аудармалар жинағы» екені көрсетіліп, 2008 жылы «Көшпенділер» баспасынан шығарылыпты. Он төрт жинақ шығарған екен, сонда мынадай ат кездестірген емеспіз. Оқыдық та мына қойған атына күле қойған жоқпыз, езу тартып, еріксіз ауыз ашып қалдық. «Анау-мынау» десе де болмас па еді деген ой миға сап ете қалды. Әрине, қырын кетіп, өзінше айтпаса сықақшы бола ма.

Қандай кітап болмасын оқитын әдетім бойынша беттерін құр парақтап қоймай, жатып кеп оқын. Сөйтсем, «...изация» дегенді тіркеп жазған әзіл-сықағы аз емес екен. Әсіресе, сол сықақтары, бұрын ондайларды кездестірмегендіктен, бірден назар аудартты. Міне, қараңыз, «Мәселеизация», «Шапанизация», «Батаизация», «Акимизация», «Қырсықизация», «Ақылизация», «Естелікизация», «Беделизация», «Есепизация», «Алтынизация», «Ышқыризация», «Шүкіризация» деген бір сарында сықақтары ерекше көзге түсті. Тегі бір құбылыс, бір іс, бір мәселе оңтайы келіп өрістей берсе, «изацияны»

қосу жайлап бара жатқанын көрсететін еді. Бір кезде ауылшаруашылығында техникалар көбейіп, механизатор кадрларын дайындау кең қолға алынып еді. Сонда «механизация» деген сөз туған болатын. Қазір «глобализация» деген жиі естіліп жүр. Әлемді жайлап бара жатқан аждаһадай көріп, қарсылық шерулерге шығып жүргендер аз емес. Ендеше, қауіп бар болса керек.

Кітаптағы «Дей салдым...» деген мақаласында коллективизация, мобилизация, индустриализация, химизация, приватизация, капитализация, и-и-и-зация... Оллаһи дейінші, осыларды онша ұнатпадым да, жинағымды «...ИЗАЦИЯ» дей салдым!» деп күліпті Ғаббас. «Анау-мынауы» қайда түсіп қалған дейсің.

Ғ.Қабышұлының әлгі сықақтарын оқысаңыз келеңсіздіктердің етекке оралып, жақсы нәрсенің қадір-қасиетін түсіретіндерге ренішпен қарайтын сезім бойыңды баурап алады.

Кадр мәселесі қашан да маңызды екені белгілі. Гәп қалай шешілді деген өткір мәселе де бар. «Мәселеизация» дегені осы жөнінде. «Топыр» деген совхозды басқарған Қожыр «өсіп» кетіп, орнына кімді қою керектігі үлкен мәселеге айналады. Кімді қойса дұрыс болады деген талқы кезінде бірінің жасы ұлғайған, бірі мақала жазып аудан, облыс әкімдерін «қып-қызыл» ғып сынаған, бірі жас қойшы, әйтеуір ондайлардың бір де бірін облыс әкімі бекітпейтінін сезіп, тұйыққа тіреледі. Ақыры ауылшаруашылығынан хабары жоқ, спортшы Сыпақ жіберілетін болады. Осы мәселені әзіл-қалжыңмен келеке ете отырып, соңында «Сыпақ – Қожырдың қарын бөлесі болса, Қожыр – әкімнің бірінші әйелінің жиен ағасының құрдасы, әне, мәселе қайда! – деді Қырлы, даусы жарықшақтанып». Автор «Түсіндім, – дедім», – дейді көңілі жайланып. Біз де түсіндік, бұрын да, қазір де бұл мәселенің қалай шешілетінін білетінбіз. Совхоз ғана ма, ірі мекемелерде де әлгіндей әділетсіздіктердің бар екенін меңзейді.

«Шапанизация» сықағында бір бірлестіктегі демократия мен делдалдық сыйық-сықпытын келемеждеп күліп отырғандай болады. «Біздің Бірлестікте демократия гүлдеп тұр: үлкен-кіші мәселені бұйырып-куырып шешетін әдет бізде жоқ, оның иін әбден қандырғанша ой-пікірімізді сүтше сауып, айрандай ұйытып, ірімшікше ірітіп, сүзбеше сүзіп, құртша қайнатамыз. Бастығымыз бастап береді де, одан арғысын өзіміз біліп жатамыз» деуі демократиямызға сын емес дей алмаймыз. Сондай демократия болса деген емеурін сезіледі. Делдалдардың шапанға қарық болып қалғаны да соған саяды. Ондай болмаса, Көке делдалдың он шақты шапанды «Таңдағандарынды алып киіндер, сыйладым сендерге!» – деп, кең пейілді бола қалуын қай жерден көрдіңіз. Таласып-тармасып шапандарды киіп алған делдалдарды «алты шапан қалғып-мүлгіп отырмыз» деп қағытады. Тек бір адам шапансыз, ол жайлап шығып кетеді. Шапан таратудың осындай әдісі бола ма екен? Алайда кім көрінгенге шапан жауып, екі езуіміз құлағымызға жеткенше мәз болатынымызды қайтерсің.

«Баталы ұл арымас, батасыз ұл жарымас» деген қағидалы сөзді берік ұстанып, салтымыз еткен халықпыз ғой. Бірақ кейде артық кетіп, асыра сілтеп жіберушілік сыр беріп қалады. Сондайды мысқыл ететін «Батаизация» сықағы шұбыртпалы ұзақ екен, толық келтірудің реті болмас. Негізгі түйіні күштілерге қарсы келме дегенге саяды. Соған орай мына үзіндісін алайық: «Күштілердің тырнақтары – найза, тістері – қанжар, демдері – от, сөздері – оқ екенін білген, көрген, сен де сөйт, күштінің отына жылын, ық жағына жат, рахатқа бат, ол «отыр» десе – отыр, «тұр» десе – тұр, «кет» десе – кет, ол «кел» десе – кел, ол «өл» десе – өл, ол «тіріл» десе – тіріл, ол құйрығына тепсе – қыңқ етпе, қатты болса құймышағың сынар, ол желкелесе – желпілдеп жүр, екі тізең шыдар...» деп жалғасқан небір қиямет-қайымды төндірген бата не жақсылық бе-

рер дейсің. Бұл аузына келгенін көпіртіп, аузына келгенін «төгілтіп» бата бергіштерді масқаралау. Қасиетті салттың мән-маңызын, мазмұн-мағынасын түсірмей, беретін батанды жөнімен, дұрыстап бер деген талап та жоқ емес.

Жоғарыда айтылғандармен орайлас «Акимизация» сықағында жаңадан әкім болып келген Қосықпай Қасқановтың жұмыс әдісін, әрекет, тәсілін, өз аузымен десе де болады, сілейте сынға алады. «Аумағы ат қорадай бөлмеде», бастықтардың кабинеттерінің үлкендігі ғой, терісіне симай тырсылдап отырған жаңа бастық есік алдындағы қызды шақырып алып, мынадай бұйрықтапсырма береді: «біріншіден, мені анау простой телефонмен іздегендерге: «Әкім мырза объектілерді аралап кеткен» де. Мен шақырмағандар келсе, оларға да солай де! Екіншіден, ішкі шаруашылыққа ие кісілеріне айт: менің мына кабинетімдегі мебельді де, басқаны да, бәрін, естіп тұрсың ба, бәрін срочно жаңартсын...» Онымен қоймай, қызды тұқыртып, оған бір аптада өзіне басқа жақтан жұмыс тауып ал деп, кадрларға шұқшиятын мінез көрсетті. Автор әкім күнін сипаттаған екен. Күні бойы өз тамыр-таныстарымен сөйлесіп, қара басының қамын шешумен болады. Жұрт мұндай бастықтан қандай жақсылық көре алады. Көріп, естіп жүрміз, қолында билігі барлардың ғана емес, олардың көмекші-жәрдемшілерінің өзімен барып сөйлесудің өзі мүмкін емес. Телефон деген не тәйірі, жайлаған бюрократтыққа тап болып, зар қағып жүрген қарапайым жұрттың не жаны шыдап жүр екен. Әр адамның заңды құқы қорғалады дегенге сенейін десең, кері әсерін көресің де ішің ашиды. Сонда сықақта жазылған әкімдей адамдардан не күтеміз. Ондайға сенімнің оты да өшіп қалмай ма. Ғаббастың сықақтары сондай ойларға жетелейді. Кейіпкерлердің «Миллионерлердің қайсысы әкесінен қалғанды сатып байыды, бәрі де халықтікін сатып, халықтыкін арендаға беріп, қарық болып жүр, сен екеуміз де сөйтеміз!»



Зымияндығын, арам пиғылын көрмейсің бе. Жерлерді сатып алып, зәулім коттеждер салып, айналасын темір құрсаумен немесе биік қабырғалы қоршаулармен қымтап алған миллионерді жұрт білмейді емес. Өкелерінің қай байлығына жасатты екен соларды. Ел көргенді сықақшы ашына жазса, жаны ашығандық емес пе.

«Сол әкімнің жиырма бесінші күні» деген бөлімінде сол Қосықпайдың бар бітіргені докторлық диссертация қорғамақ еді. Бірақ, басына заманақыр келсе де, банк ашып, соған президент болып алады, ал оның әкімдік орнына балдызы, тарих ғылымының кандидаты Жорға Торпақ бола қалады. Мұның бәрі бармақ басты, көз қыстымен іске асатынын сықақтан айқын аңғарасың. Сонда демократиялық жолымызға кедергі әлі күшті болып тұр-ау.

Парақорлық, жемқорлық туралы «Қырсықизация», ақылшысымақты «Ақылизация», естелік жазғыш жазушыны «Естелікизация», не істесе де есеппен ойластыратынды «Есепизация» деген әзіл-оспағы аралас төлтумаларында қанын шығара шымшылап алыпты.

Сықақшының айтуларынан жағымды, жағымсыз алуан түрлі бейнелері сопайып көрініс береді. «Беті майлы қағаздай жылтырап, қақырық басты қалт» етпейтін әкімді де, шетел дүние-мүлігі музейге айналған, «май тыққан бүйендей жып-жылтыр министрді де, кісі тапқыш көріпкелді де, қажылыққа бара бергіш ептілерді де, «удай уәде» бергіштерді де, арты диірмен тартатын күштілерді де, өтпелі кезеңде «дәмхана, дүкен, сарай, дүңгіршек, мейманхана, кешен, сырахана, дәретхана дейсің бе...» – әйтеуір пара алғыштар да «Топайбас тамада» да, «емхана, аурухана дейтіндерді казиноға айналдырып, дәрігерлерді гиппократтарын іздетіп, көшеге шығарып, арақ пен темекі, сағыз бен жалаңаш сурет сатып күн кешу туралы қаулы қабылдануға бар-жоқ құқымды жұмсар едім!» дейтін қуыс кеуде сенатор болғысы келетінді де, ғалым-

дығы жоқ ғалымды да – қойшы әйтеуір, қоғамымызда өмір сүріп, не еліне, не ұлтына қайырымды жәрдемі жоқ, кері кеткендердің бет-жүзін көріп, ішкі пиғылын байқап, қаншама кемшіліктердің бет пердесін сыпырыпты-ау деген ойға қаласың. Кеселдердің, мерездердің қандай түрі жоқ деп не күлерінді, не күйінерінді білмейсің.

Қай сықағын алсаң да көктен түсіріп, жерден суырып шығарды дей алмайсың. Көрген-білгенін, құлағымен естігенін зерделеп, зерттеудің, ойын оятып түйгенінің нәтижесінде сатиралық үн-тілмен эпизодтарды, образдарды, қимыл-әрекеттерді, мінез-қылықтарды тігісін жатқыза сипаттап, шынайы суреттеу арқылы оқырманның көзін жеткізе жазған.

«Езуінді еркін жіберсей» деген тақырыппен берілген қысқаша бір қақпайларын оқысаң, шынында езу тартып қана емес, күлетінің де бар. Мысалы: «Қазақы бизнес деген не? – Әке-шешеннің үйін сыртынан сатып жіберсең де қалтанды қалыңдат» дегені жеңіл күлкі үйіреді. Ал:

– «Шөке, ертең Төкенді жерлеуге барасың ба?

– Маған одан енді не қайыр?» – деген қайырым ашуынды болмаса күлкінді келтіре қоймайды. «Сайтан сұрақ» деген тақырыптағы сұрақ-жауаптарында да бүйректі бүлк еткізіп, бойыңды селт еткізетін тапқырлықтар өмірден алынғанғ. Сонымен Ғ.Қабышұлының анау-мынау деп олтырғаны ұсақ-түйек емес, өмірімізде кездесіп жүрген кеселдер жыртылып айырылады екен. Сондайлардан арылмасақ, көсегеміз көгермейтінін ашық көрсетіп берген. Алғы сөзін жазған белгілі сықақшы жазушы Үмбетбай Уайдаұлының «Ғабеннің туындыларының оқырман қауымға әрқашан қажет екеніне дау жоқ», – дегенінің дұрыстығына көзіміз жетті.

**Тоқтар БЕЙІСКҰЛОВ.**

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
21.08.2009 ж.*

## СҰХБАТ-ӘЗІЛ

**ТЕНТЕК ҚОҢЫРАУ**

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫН мазалау:

– *Әлеу, ассалаумағалейкум, Ғабекең бар ма екен?!*

– Уағалейкумассалам, дәл өзімін!..

– *Ғабеке, осы сіз күліп жүрсіз бе, әлде, күлдіріп жүрсіз бе?*

– Кімнің күлдіріп, кімнің күліп жүргенін «жыға тану» түлкіні тырнақпен сойғандай бүгінгі қысаң тұста мынау мұздай (әлде, қайнап тұрған судай) сұрағыңызбен мені қинамай-ақ қойыңызшы!

– *Кейінгі кезде қалжыңдарыңыз кісінің басқа жерлерін қытықтап жүрген жоқ па?.. (мәселен, күлдірудің орнына жүйкесіне тиіп, жынын келтіреді-ау деп ойламайсыз ба?)*

– Әзіл – садақ десек, сықақ – зеңбірек (мысалы ғой). Бір мың теңге қымқырғанды – зеңбірекпен, ал миллион теңге қылғытқанды – садақпен (тигізбей) ататын қазіргі кезде біздің қытықтың өзінде қытық қалмады емес пе?!

– *Өлмейтін туынды болмаса да, жаны иттен де сірі өлермен дүние жаздым дей аласыз ба?*

– Жазғандарымның жаны сірі ме, сірке ме, – оны келер ұрпақ анықтар, мен дәл соны ойламадым-ақ!

– *Сатира өлді! – деп, басқа емес, «мүйізі қарағайдай» сықақшылардың қайсыбірі айтып жүр. Егер, бұл рас болса, қабырғамды қаусатып отырып, сізге көңіл айта беруіме бола ма?..*

– Сатира: қылдұзақты дарға асылған, қара мылтықтың қарауылына байланған, тілі кесіліп жер аударылған, көзі ойылып зынданға тасталған, желкелеп комсомолдан қуылған, тепкілеп партиядан шығарылған замандар болды, бірақ, САТИРА өлген жоқ, жасыған жоқ, өршелене түсті! «Қарағай мүйізді» қайсыбіреулер: – Қазақ сатирасы өлді! – деп бетін сипайды екен, е, мейлі, қара әйнек-

терезелі «Мерседес» мініп жүріп қайыр сұраушылар пайда бола бастаса, оған да таңданбалық.

– *Осы, «қарағайдай мүйіздеріңіз» – Сафуараны қызғанудан шықты ма, болмаса, Сатираны ма?..*

– Қызғанышпен жиылған мал қызыл итке бұйыратын.

– *Жуырда, толғатып-толғатып, сықақ жанрының бір «тастандысын» біздің Әзіл-оспақ отауымыздың босағасына тастап кете аласыз ба?*

– Сықақта «тастанды» болмайды. Басымнан қаламыма, қаламымнан қағазыма түсе қалатындарымның кейбіреуін Әзіл-оспақ отауыңызға сыйлауыма болады, ай жаңарған күні келіп алып тұрыңыз.

*«Ақ жол» газеті, 30.08.2002 ж.*

## ДОСТЫҚ ӘЗІЛДЕР

### Қаламгерлер кафеcінде

#### *ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫНА*

«Ер» дегендер бұқты дағы,  
Ез бен қу боп шықты бәрі.  
Мысын құртып сондайлардың,  
Мысқылымен ықтырады.  
Мін таппайсың бір ісінен,  
Турайды тек ірісінен.

Көлгірлік жоқ мінезінде,  
Көрсетпейді жаман қылық.  
Көмектескен бір өзіндей  
Көп мықтыны «адам қылып».  
Кезде де ұран «ура!» болған,  
Кеткен емес тура жолдан.

Келсе қайтып демес саған,  
Кешегі өткен кеңес заман.  
Бар ғибратлы позициясы,  
Оппозиция емес Ғабаң.

Ойы да еркін, сөзі еркін,  
Жақсы көрсең – өз еркін.

Қазағымның ер данасы,  
Қашық жүрер малай-бақтан.  
Қаламгерлік көзқарасы –  
«Қаны қара» Абай жақтан.  
«Ұлы сия, ащы тіл,  
Жек көрсендер – өзің біл!»

**Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ,  
ақын.**

*«Сын» журналы,  
№1-2. 2009 ж.*

### **САТИРИК ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫНА**

Кейде Одақтан көресің,  
Кейде ол жақтан көресің:  
Көк тіреген найзадай,  
Ғабаңның бурыл төбесін.

Одақтан оны көргенде,  
Дөкейдің өзі ме дерсің!  
Ол жақтан оны көргенде,  
Алаштың көзі ме дерсің!

Нар тұлғасын көргенде,  
Димаш-аға ма, дерсің.  
«Фигурасын» көргенде,  
Бозбалаға теңерсің.

«Мысыққа сақал шыққанша»,  
Ғабаңа Алла дем берсін!  
Тым «наглейт» етпейік,  
Жүз жастың бірін кем берсін!..

**Төлеу-хан АЯЗБАЕВ.**

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
04-10/VIII. 2006 ж.*

**КӨҢІЛ КӨРІНІСТЕРІ**

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА

**ҒАБЕКЕ!**

Аманбысың, ақсақалым,  
Қартайдың-ау, жоқтаумен елдің қамын.  
Анда-санда көргенде келбетіңді,  
Пана табам – сүйеніш, асқар тауым!  
Жер-көктен іздеп едім тең теңеуді –  
Хантәңір де басыңа тең келмеді!

Аман бол,  
Аман жүрші, асқар шыңым,  
Амандыққа ештеңе тең келмейді.  
Туған ағам болмады, сондықтан ба,  
Ағаладым жасы үлкен жолыққанда.

Керегі – тұлға еді,  
Аға рухы –  
Демеу берер шаршаған-шалдыққанда.  
Көк тіреген Көкшемнің шыңындай боп,  
Қысы-жазы шырайын баспаған тот:  
Тұрады көз алдымда тас қамалым –  
Ақиық жазушыдай – Ғабандай боп!

**Қуаныш МҰҚТАЙ.***Алматы.**21.11.2009 жыл.*

**АЗАМАТ АҚЫН ІНІМ ҚУАНЫШ МҰҚТАЙҒА**

«Жақсы сөз – жарым ырыс», Қуан інім,  
 Қуат ап құдіретінен Өлеңнің,  
 Желпініп жетпіс төртте жігіт болып,  
 Шыңына Алатаудың шықтым бүгін!

Бұл шалға Өлең арнап асқақтаттың,  
 Ініден мұндай Сөзді аңсамас кім?!  
 Аман бол, бала-шағаң қызығын көр!  
 Жүз жаса, Мұқалмайтын Алмас Ақын!

**ҚУАН!**

Жігіт шақта өлең жазып бұлғалақтап, есейе келе  
 сатираға «сатылып кетіп» едім, сенің Арнау Өлеңің сол  
 кезіммен қайта кездестіріп, міне, екі шумақ алғысымды  
 жолдадым, қабыл ал.

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

22.11.2009 ж.

**ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫНА**

Уа, Ғаба!  
 Түбі осы не боламыз,  
 Уланғанда:  
 Ақыл-ой,  
 Ес,  
 Санамыз!?  
 Мына билік энекей,  
 Жазым басқан –  
 Сұрақ боп – не боламыз,  
 Не болмаймыз...

Шынымды айтайын ба –  
 Қалжырадым,  
 Тіршіліктен түңіліп – қан жыладым.

Ұлтымның мұнын жазып, жоғын жоқтау –  
Бұл менің тағып алған – қарғыбауым.

Түн бойы көз ілдірмей, ұйқым қашты,  
Кеудеме мініп алған бір «албасты» –  
Тыржалаңаш алдымда талтайып ап,  
Бұтын қағып, мазақтап, сиқын ашты.

...Беті ыржиып жау билік,  
Сиқын ашты!

Амалымды қураған күйкі басты.  
Сақ-сақ күліп, «албасты» бұлтындайды,  
Басымызға шығарып қара басты!

Жиырма екі жыл бұл қазақ не көрмеді –  
Шығынына ештеңе тең келмейді!  
«Елім-айлап» қазақша күңіренген,  
Қара жер енді неге теңселмейді?!

Билесін, бірі келіп, бірі кетсін,  
Қолдан келер айтарым – «қараң өшсін!»  
Алладан тек өтініш –  
Харам билік,  
Ұрпағыма көлеңке түсірмесін!

Қара қазақ қан жұтып – күркілдеген,  
Билік эне – ақ саусақ үлпілдеген.  
(Бөлек бізден сауығы, күлкіменен)  
«Кек ал!» деп,  
Тап жүректің түкпірінде,  
Бір пәле кетпей қойды түрткілеген...

Иә, Ғаба,  
Мүшкіл халым осы енді,  
Бұныма біреу сенбей, біреу сенді.  
Өмірге деген отты құлшынысым,  
Қарайлап үмітіме бірге сөнді.

**Қуаныш МҰҚТАЙ.**

*Алматы. 28. 10. 2013 жыл.*



### *Қуаныш МҰҚТАЙҒА*

#### **Қадірлі інім ҚУАНЫШ!**

«Айта-айта Алтайды Жамал апай қартайды» деп жүргеніміз, басқаларды білмеймін, маған, әлгі пародия емес, өмірдің өзегінен шыққан нақыл іспетті сөзтіркесі сияқты. Мынау бетпақ билікті шамамның жеткенінше тек дерек тілімен сынай бастағаным 20 жыл. Ана тіліміздің мәртебесін сыйлау дегеннен бастап, мақтанғаным емес, мен қалам тартпаған тақырып жоқ деуге болады. Ал нәтиже қандай? Басқаларды айтпағанда әріптестерім – журналшылар мен жазушылар – тарапынан бірде-біреу ресми түрде не мақтамапты, не боқтамапты. Сайттарда биліктің құлдары ғана бүркеншік аттың «арқасында» сандалбайлықпен кекеп-шалып мәз болып жүреді. Ол байғұстарға жауап қатпаймын, қайта жаным ашиды: інілеріне, балаларына итаршылықтың үлгісі болады ғой! Сонымен, қысқасы, қадірлі Қуаныш, мен ақыл айтуды қойып жүрмін, сенің сауалдарыңа нақты жауап бере алмаймын. Саясиы, саяси емесі бар партия, қозғалыс... басшыларыма: «Тарбиып тұрған бес саусақ болмаңдар, жұмылып жұдырық болыңдар!» деуден шаршадым. Тіпті айтар да қалмады емес пе? Оппозицияның аты бар да заты жоқ. Басқалардың бірігуіне үміт қалмады, құрылтай, т. б. әрекеттерінен не шығады, – білмеймін. Осындай халде мақала жазуды да сиреттім. Бұным қате де болар, бірақ тығырық деген бар ғой...

**ҒАББАС.**

*29. 10. 2013 жыл.*

## **80 келді сықсиып...**

*Өзіммен сұхбат:*

- 80 деген қу қандай екен, ә?..
- Білмеймін. Әйтеуір, 70-тей емес сияқты...
- Ал 70 қандай еді?..
- 60-тан садаға кетсін!..

### *Өмірбаяным*

Бұл дүниеге 1935-жылғы көкек айының 9-ы күні Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Ұранхай ауылында келіппін. Әкем – Қабыш (Қабдырахман) Қыржыбайұлы, шешем – Зәбиға (Гүлзәбиға) Баянбайқызы колхозшылар екен.

1956-жылы «Тарғын» орта мектебін тәмамдап, облыстық «Алтай большевигі» гәзетінің (бүгінгі «Дидар») редакциясына жұмысқа орналастым. Шәкірт кезімде гәзетке өлең, мақала жазып жүргенмін.

Редакцияда корректордың көмекшісі, корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болдым. Жауапты хатшы кезімде, 1966-жылы, «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясына (Алматы) жұмысқа алынып, онда: штаттағы тілші, жауапты хатшының орынбасары болдым. Сын бөлімінің меңгерушісі кезінде Жазушылар одағы басқармасының шешімімен КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімінің директоры (1973-1983 ж.), ҚКП Орталық комитеті бюросының шешімімен «Ара-Шмель» журналының Бас редакторы (1983-1987ж.) болдым. Одан кейін: Жазушылар одағы құзырында Көркем аударма алқасының төрағасы; Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы. Соңғы жұмысымнан 1996-жылы

зейнеткерлікке шықтым («Қазақстанға еңбегі сіңген зейнеткер»).

1949-1963-жылдары комсомол, 1963-1991-жылдары компартия мүшесі болдым.

1959-жылдан Журналшылар одағына, 1974-жылдан Жазушылар одағына мүшемін.

Ең алғашқы әдеби еңбегім – «Ізғұтты Батыр» өлеңім 1953-жылы облыстық «Алтай большевигі» гәзетінде жарияланып, одан беріде очерк, өлең, әңгіме, хикаят жинақтарымның 14-і жарық көрді. Әдеби аудармам – 4 кітап: украин әдебиетінің классигі Остап Вишняның фельетон-әңгімелер жинағы, – «Бал шіркін тәтті ғой»; әлемге танымал түрік қаламгер Әзиз Несиннің әңгімелері (екі том); молдова әзіл-сықақшысы Аурелиу Бусуйоктың хикаялары, – «Менің париждік нағашым»; серб әдебиетінің классигі Бранислав Нушичтің әзіл-сықақ әңгімелер жинағы, – «Министрдің торайы». Орыстың ұлы жазушылары – А. Чеховтың, Н. Гогольдің, М. Салтыков-Щедриннің бірнеше әңгімелерін қазақшаладым.

Сатирамен шектелмей, көркем хикая жаздым. Олар: «Гүл аңсаған бір ғұмыр», «Жолаушылар», «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...», «Төрт хат», «Тәлкек тағдыр», «Тәуекел» және басқалар.

Зейнетке шыққан соң «күшім тасып», жалақысыз қосымша жұмыс істеуге кірістім: Илияс Жансүгіров туралы («Жан қайығын жарға ұрдым») естеліктер жинағының шығуына жәрдемдестім. Әдебиет сыншысы болған Сағат Әшімбаев туралы «Күлкінді жүрмін сағынып» деп аталған естелігімді, 1930-1950 жылдардағы фельетоншыларымыздың біраз еңбектерін құрастырып, «Май мұрынға – май шелпек» делінген жинақты шығардым.

Менің ұйымдастыруыммен шыққан кітаптар:

«Менің Сәбитім» (Сәбит Мұқанов хақында, авто-

ры – Мұқан келіні Мәриям апай); «Көргенім, көңілге түйгенім» (Әди Шәріпов туралы).

Әнуар Әлімжанов жайында: «Әлем таныған Әнуар. Признанный миром Ануар» (туғанына 70 жыл толуына арналған. 2000-жыл), «Біздің Әнуар. Наш Ануар» (80 жылдығына. 2010-жыл), «Ғибратты ғұмыр. Яркая жизнь» (85 жылдығына. 2015-жыл)

Михаил Иванович (Хакім Тілегенұлы) Есенәлиев шығармаларының 4 томы және Хакең туралы естеліктер жинағы («Хакім. Михаил Иванович. Мәке»);

Естай Мырзахметұлының 5 томы;

Оспанхан Әубәкіровтің 4 томы.

Әзірше кітапқа айналмаған, мұрағатымда жатқан мақалаларымның саны 300 болып қалар; аудармаларым – 200 шамасы.

Халықаралық әдеби «Алаш» сыйлығының иегерімін, Қазақстанның Құрметті журналшысымын. «Қазақ әдебиеті» гәзетінің, «Алтынбек Сәрсенбайұлы атындағы Қордың» сыйлықтарының, «Аңыз адам» журналы дипломының иегерімін.

Зайыбым Зада Мүкәрәмқызы – дәрігер: терапевт-кардиолог және ультрадыбыспен емдеудің маманы.

Төрт баламыз, он шақты немереміз, бес-алты шөбереміз бар.

## МАЗМҰНЫ

Көз жүгірттім жолыма жүріп өткен.....	3
Хаттар.....	5

### 50 мен 80 арасы

#### 50 келді елілден

<i>О.Әубәкіров.</i> Басыңды қасыма!.....	116
<i>Т.Қызықбаев.</i> Аяулы Ғаба!.....	117
<i>Ғ.Байбатыров.</i> Сатираның сардары.....	118
<i>Б.Кірісбаев.</i> Сындарлы сөздің салмағы.....	121
<i>Ү.Уайда.</i> Күлкі езуін жимасын.....	125
<i>Т.Қожакеев.</i> Сындарлы сықақшы.....	130

#### 60 жетті аяңдап

<i>Т.Шарипжанов.</i> Отблеск внутреннего света.....	138
<i>Т.Қызықбай.</i> Көзіме танылады дара тұлған.....	141
<i>Ә.Табылды.</i> Қабышұлы Ғаббас ініме.....	143
<i>М.Рашев.</i> Алпысың – талтүсің.....	143
<i>С.Кенжеахметов.</i> Дос ниетті жақсы аға!.....	145
<i>Н.Бәдігұлов.</i> Биік кісі.....	146
<i>Ә.Дастанұлы.</i> Қашанда еліне жаның ғашық.....	147
<i>С.Ғабдуллин.</i> Ғабаңның 60 жылдығына.....	148
<i>Т.Қожакеев.</i> Бұл қай Ғаббас?.....	151
<i>Р.Алтынбекова.</i> Сыршыл сықақшы.....	156
<i>Е.Жаппасұлы.</i> Күлкімен «ұрып» қылжитқан.....	159
Алпыстың әсем көгіне ер салдыңыз, аға!.....	167
<i>Ү.Уайдин.</i> Жолдас. Сырлас. Тағдырлас.....	169
<i>А.Егеубаев.</i> Жазушы парасаты.....	174
100 жасаңыз!.....	185
<i>Ж.Дәулетов.</i> Тілі мірдің оғындай.....	186
<i>С.Еркебай.</i> Сынның сындарлы сардары.....	189

### 65 келді алақтан

<i>Т.Қызықбай.</i> Алтын шам әкеп бердің, аға, маған. Алтын жеңгем.....	191
<i>Ә.Айтбайұлы.</i> «Мысықта сақал неге жоқ?».....	193

### 70 жетті жылмиып

<i>С.Арынұлы.</i> Алла қолдап, аруақ жебесін! Тағдырдан кім құтылар безе қашып?!	196
--	-----

### 75 келді қылмиып

<i>Ж.Н.Сомжүрек.</i> Ердің сойы.....	202
--------------------------------------	-----

### **Менің жинақтарыма пікірлер**

<i>Б.Сапарғали.</i> «Ақырын жүріп, анық бас...».....	204
<i>Ғ.Сәрсенбайқызы.</i> Қимастарым.....	207
<i>Д.Мақаш.</i> Оқыған жан өкінбес.....	212
<i>Ж.Ахмади.</i> Піл көтермегенді тіл көтереді.....	213
<i>М.Бижанов.</i> Ғабанның сағынышы – нағыз сағыныш.....	222
<i>Ә.Нұршайықов.</i> Әдебиетімізге енген жаңа жанр.....	224
<i>Т.Құлияс.</i> Сағыныш сазы.....	230
<i>С.Әбдікәрімов.</i> Юморымен жан жылытқан.....	233
<i>Хафиз.</i> Бүйекең пұшпағы.....	236
<i>М.Әлімбаев.</i> Көңілден шыққан көрімдік.....	238
<i>С.Оспан.</i> Мысқылдың маңғаз сарбазы.....	246
<i>Т.Елеуұлы.</i> Ескерілмеген еңбектер.....	255
<i>Ж.Дәулет.</i> Ғаб-аға хақында бірер сөз.....	260
<i>Т.Бейісқұлов.</i> Күйінесің бе, күлесің бе?.....	268
Тентек қоңырау.....	275
<i>Е.Дүйсенбайұлы.</i> Достық әзілдер.....	276
<i>Т.Аязбаев.</i> Сатирик Ғаббас Қабышұлына.....	277
<i>Қ.Мұқтай.</i> Көңіл көріністері.....	278
<i>Ғ.Қабышұлы.</i> Азамат ақын інім Қуаныш Мұқтайға.....	279
<i>Қ.Мұқтай.</i> Ғаббас Қабышұлына.....	279

### 80 келді сықсиып

Өмірбаяным.....	282
-----------------	-----

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**  
**БЕЛ-БЕЛЕСТЕРІМНІҢ БІРАЗЫ**

*Редакторы*  
**Талғат АЙТБАЙҰЛЫ**

*Дизайнері*  
**Дархан ТАЛҒАТ**

*Беттеген*  
**Әсем НАУАН**

Басуға 04.04.2015 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Шартты б.т. 17,9.  
Есептік б.т. 18. Таралымы 100 дана.

Баспаның Алматы қаласындағы мекен-жайы:  
Қожамқұлов көшесі 128-39.  
Тел.: 233-62-23, 390-41-03. E-mail: ToganayT@mail.ru

## **ПІКІР УШІН**